

ISSN 2306-7365

1996 жылдың қарашасынан бастап екі айда бір рет шығады

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

А.Yesevi UKTÜ Bülteni
№1 (80)



Вестник МКТУ им. А.Ясауи
Қаңтар-ақпан



Bulletin of IKTU named A.Yasawi
2013

Қоғамдық ғылымдар сериясы



БАС РЕДАКТОР

техника ғылымдарының докторы, профессор
ЛЕСБЕК ТӘШІМҰЛЫ ТӘШІМОВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

ЕРГӨБЕК Құлбек Сәрсенұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор

-Бас редактордың орынбасары

ӘБІЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы

-аға редактор

БАЙҒҰТ Мадина Жүсіпқызы

-көркемдеуші редактор

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

А Қ Ы Л Д А С Т А Р А Л Қ А С Ы

| | |
|------------------|---|
| Айнурал С. | - профессор, доктор (Түркия) |
| Ақбасова А.Ж. | - техника ғылымдарының докторы, профессор |
| Байдәулетов И.О. | - медицина ғылымдарының докторы, профессор |
| Байжігітов Қ.Б. | - биология ғылымдарының докторы |
| Бахтыбаев А.Н. | - физика-математика ғылымдарының докторы, профессор |
| Беркімбаев К. | - педагогика ғылымдарының докторы, профессор |
| Вурал И. | - доцент, доктор (Түркия) |
| Дениз Б. | - профессор, доктор (Түркия) |
| Еңсегенұлы Т. | - филология ғылымдарының докторы, профессор |
| Жолдасбаев С. | - тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Жұмабаев М.Ж. | - физика-математика ғылымдарының докторы, профессор |
| Исмаилов А.И. | - тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Кенжетай Д. | - философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Керімбаев Е. | - филология ғылымдарының докторы, профессор |
| Коч К. | - доцент, доктор (Түркия) |
| Мұхамеджанов Б. | - педагогика ғылымдарының докторы, профессор |
| Мырзалиев Б.С. | - экономика ғылымдарының докторы, профессор |
| Накипов Б. | - заң ғылымдарының докторы, профессор |
| Нұсқабаев О. | - социология ғылымдарының докторы, профессор |
| Раимбердиев Т.П. | - техника ғылымдарының докторы, профессор |
| Тәукебаева Р.Б. | - филология ғылымдарының кандидаты, профессор |
| Тұртабаев С.Қ. | - техника ғылымдарының докторы, профессор |
| Тузун И. | - профессор, доктор (Түркия) |
| Сейдинов Ш.М. | - медицина ғылымдарының докторы, профессор |
| Шалқарова Ж.Н. | - медицина ғылымдарының докторы, профессор |

*Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, №232 куәлік берілген.*
Индекс №75637

*Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы
ISSN орталығында тіркелген.*
ISSN 2306-7365

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, ОҚО, Түркістан қаласы,
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29, 131-бөлме
☎ (8-725-33) 6-39-07 (133), E-mail: islam2006-82@mail.ru

*Журнал Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
«Тұран» баспаханасында көбейтілді.*

Көлемі 70x100 1/6. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 13.7. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 425. ©

ӘОЖ 400. 89:419.992 71

Қ.МОЛДАБЕК

педагогика ғылымдарының докторы,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

М.ДУЙСЕНОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің PhD докторанты

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА ӘДІСІМЕН ЗЕРТТЕУ

Мақалада қазақ тіліндегі сөз тіркестерін математикалық лингвистика әдісімен зерттеу мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі сөз тіркестерін зерттеуде математикалық лингвистика әдісін синтаксиспен тығыз байланыстыра қарастыру керек. Бұл ғылыми мақалада И.А.Бодуэн де Куртенэ, М.А.Казем-Бек, П.М.Мелиоранский, А.Н.Кононов, Е.И.Убрятова сынды шет елдік ғалымдардың және де Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, С.Исаев, Қ.Аханов, Т.Сайрамбаев, Ә.Әбләков, Е.Ағманов, Р.Әміров, М.Серғалиев, А.Айғабылов сияқты қазақ ғалымдарының еңбектері талданды. Олардың зерттеулерінде мәтін лексикалық бірлік жүйесінде алынып, адамның ойлау, сөйлеу әрекетінің жемісі екендігі нақты айтылған. Осы ғылыми мақаланың негізінде қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің лексика-статистикалық мәліметтері анықталды. Ізденіс барысында нақты мысалдар келтірілді.

Кілт сөздер: синтаксис, аффикс, тілдік единица.

Синтаксис - грамматика саласының негізгі бір бөлімі. Қазіргі уақытта қазақ тілінің синтаксис саласы сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі болып жеке-жеке өз алдына зерттеліп, олардың іштей байланысу жолдары, түрлері анықталып келеді.

Тілдің синтаксистік құрылымын зерттеу – олардың құрылуы, ішкі құрылымы, байланысу жолдарын қарастыруды айтамыз. Синтаксистің ең маңызды бөлігі – сөз тіркесі деп білсек, соның ішінде сөз тіркесінің түрлері мен ерекшеліктерінің зерттелуі – өз алдына бір ғылым.

Қай ғылымның даму тарихына көз жүгіртсек оның пайда болу, басталу, даму кезеңдері болады. Олардың іштей әр салаға бөлініп, сараланып, зерттеліп, тармақталып өз алдына ғылымның бір бөлшегі болып қалыптасатыны даусыз.

Сөз тіркестері жайында ең алғаш рет он тоғызыншы ғасырдың 50 жылдарынан бастап айтыла бастады. 70-жылдары орыс әдеби тілінде И.А.Бодуэн де Куртенэ алғаш рет аналитикалық элементтер жайында пікір білдірген. Сонымен қатар лингвист ғалым М.А.Казем-Бек «Общая грамматика

турецко-татарского языка» атты еңбегінің синтаксиске арналған бөлімін «Сөз тіркестері» деген атпен бастап, онда сөздердің байланысу, тіркесу амалдарына тоқталып өткен. 1894-97 жылдар аралығында орыс тілінде жарық көрген «Қазақ-қырғыз тілдерінің қысқаша грамматикасы» атты еңбекте П.М.Мелиоранский де синтаксистің біраз мәселелерін сөз етеді.

Лингвист ғалым А.Н.Кононов, сөз тіркесінің байланыстары туралы да бірқатар тұжырымдамалар жасаған. Ол «Түрік тілінің синтаксисі» жөнінде жазған еңбегінде сөз тіркестерінің байланысу түрлерін меңгеру, қиысу және қабысу деп бөледі және олардың сөз таптарына қатысы туралы айтылады. Тілдегі зат есім, сын есім, үстеу сөздер ешқандай морфологиялық көрсеткіштердің қатысынсыз-ақ синтаксистік байланысқа түседі және бұл өте жиі қолданылатын тәсіл ретінде қарастырылады. «Синтаксическая связь в таких словосочетаниях основывается на местоположении этого, по существу, аморфного слова, а потому любой определитель (определение, обстоятельство, придаточное предложение) и в определенных случаях дополнение занимает строго определенное место перед определяемым или, соответственно дополняемым» [1, 374 б.]. Ғалымның бұл еңбегінде сын есімдердің анықтауыштық қызмет атқаруы арқылы өзі анықтайтын сөздің алдында тұрып, орын тәртібі, яғни аналитикалық тәсіл арқылы байланысуы көрсетілсе, кей жағдайларда септік жалғауларының, нақтырақ айтқанда, табыс септігінің түсірілуі арқылы аналитикалық жолмен байланысады делінеді. «Имена, служащие для обозначения объекта, в функции прямого дополнения выражаются формами основного падежа (синтаксические отношения выражаются способом примыкания) или винительного падежа (синтаксические отношения выражаются способом управления)» [1, 377 б.].

Түркі тілдеріндегі сөз тіркесінің байланысын жан-жақты қарастырып, зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі – Е.И.Убрятова. Е.И. Убрятова сөйлем құрылымына кіретін сөздер арасындағы байланыстар түрлі амалдар арқылы жүзеге асады дей келіп, «Форма словосочетания образуется с помощью показателей синтаксических отношений: аффиксов принадлежности, аффиксов сказуемости, падежных аффиксов, некоторых словообразовательных аффиксов и служебных слов. Отсутствие специальных оформителей синтаксических отношений также может служить признаком формы словосочетания» [2, 27 б.], – деп сөз тіркестерін байланыстырудағы әртүрлі тәсілдердің қатысатынын саралайды.

Аталған еңбекте сөз тіркесінің байланысу тәсіліне сәйкес якут тіліндегі келесі түрлері ажыратылады: қабысуға құралған сөз тіркестері; изафеттке құрылған сөз тіркестері; меңгеруге құрылған сөз тіркестері; қиысуға құрылған сөз тіркестері; басқа тәсілдермен байланысқан бірыңғай мүшелер сөз тіркесі. Қабысудағы сөз тіркестерінде негізгі байланыс түрі олардың орын тәртібі делінсе, изафеттік құрылыстағы сөз тіркестері меншіктілік мәнді аффикстер көмегімен жасалатынын атап өтеді. «Этот особый синтаксический способ связи слов играет очень важную роль в тюркских, монгольских,

тунгусо-маньчжурских и некоторых других языках. Уже одно такое широкое распространение требует выделения изафета как особого способа связи слов в предложении» [2, 38 б.].


Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің зерттелуі туралы айтқанда, оны зерттеушілердің қатарында Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, С.Исаев, К.Аханов, Т.Сайрамбаев, Ә.Аблақов, Е.Ағманов, Р.Әміров, М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкенова, т.б. атаған болар едік.

Қ.Жұбанов 1930-40 жылдар аралығында «Ауыл мұғалімі» журналында қазақ тілінің грамматикасына қатысты бірнеше мақала және ғылыми еңбектер жазды. Ол өз еңбектерінде көмекші етістіктер, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі мәселелерін қарастырған. Онда айтылған ғылыми болжамдар мен деректердің сөз тіркесіне де қатысы бар. Сондай-ақ, Қ.Жұбанов өзінің қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде сөз тіркестеріндегі байланыстар туралы сөз қозғай отырып, сөздің орын тәртібі арқылы байланысы өзге тәсілдерден гөрі ертерек пайда болғанын тілге тиек еткен.

Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінің маңызы бұл еңбектен қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібі арқылы байланысының көптүрлілігін мына бір мысалдан да байқаймыз: «... наличие сочетания *күн ұзаққа* позволяет полагать, что в казахском языке некогда имел место чуждый теперешним нормам порядок слов, по которому определение не предшествовало определяемому, как это делается теперь, а следовало за определяемым, пережитком чего и является данное сочетание» [3, 414 б.]. Зерттеуші осы тәріздес «Елден безіп, адам тағы болып кетіпті, таң жарық», т.б. мысалдарын келтіреді. Профессор Қ.Жұбановтың (1930 жылдары) сөйлем құрылымына қатысты зерттеулерінде сөйлем ішіндегі әрбір сөз тұлғалар мен сөз тіркестеріне араб сандарымен нөмір беріп, олардың арасындағы байланысты түзу сызық ретінде танбаланған. Ғалымның «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты мақаласынан келесі мысалды келтіруге болады. «*Біздер мектепке келдік*» деген сөйлемді: «...бұл үш сөз матастырылмаған. *Біздер* деген мен *мектепке* деген екеуі жиналып *келдік* деген бір сөзге арқандалған. Мысалы:

1 2 3
Біздер → *мектепке* → *келдік*.

Мұның арқандалу ретін сызықпен көрсетсек, мынандай болады:



Сөйлем ішіндегі сөздер бір-біріне ере де байланысады.

Біздер келдік.
↓ ↓
ертуші еруші
↓ ↓
мектепке келдік
↓ ↓
ертуші еруші».

Еруші сөзді жетек сөз, ерітуші сөзді жетекші сөз дейміз. Енді қай сөз, қай сөзді жетектеп тұрғанын да сызықпен таңбаласақ, мынандай болады [3, 160-161 б.].

Сөз тіркестері жөнінде алғашқылардың бірі болып келелі пікір айтқан ғалым С.Аманжолов болатын. Ол «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» атты еңбегінде сөз тіркестері, олардың арасындағы байланыс туралы келесі тұжырымдарды білдіреді. «Кейбір сөз басқа сөзді я сөз тізбегін анықтап, толықтап, пысықтап немесе түрліше қиюласып, бірін-бірі керек ету жолымен байланысады. Мұндай байланыстарды сөйлемдегі сөздердің тіркесі дейміз» [4, 54 б.], – дей келіп, тіркес құратын сөздер белгілі бір заңдылықтарға бағынатынын, сонымен қатар сөйлем мүшелерінің өзара қарым-қатынасы ретінде жанасу, қабысу, меңгеру-меңгерілу және сөйлем мүшелерінің орын тәртібі қарастырылады. «..., бастауыш пен баяндауыш ара қатынасы – қиысу, толықтауыш пен толықтанатын сөз ара қатынасы – меңгерілу, меңгеру, анықтауыш пен анықталатын сөз ара қатынасы – қабысу, пысықтауыш пен пысықталатын сөз ара қатынасы – жанасу деуіміздің бәрі тілдің ішкі, сыртқы құрылысын талдап білуге қажет болғандықтан алынған шартты категориялар» [4, 56 б.].

Жоғарыда көрсетілген байланысу формаларын С.Аманжолов сөз тіркестерінің емес, сөйлем мүшелерінің байланысы ретінде қарастырады. Алайда бұл қазақ тілінің синтаксисін зерттеудегі алғашқы қадамдар еді.

Бүгінгі күнгі қазақ тіліндегі сөз тіркестері ерекшеліктері мен заңдылықтарын тануда елеулі еңбек еткен ғалымның бірі – профессор Т.Сайрамбаев: «Сөз тіркесіндегі сөздердің көмекші етістіктер арқылы байланысуы дегенде көмекші етістіктер тілімізде көп емес екені белгілі. Бірақ саны аз болса да олардың сөз бен сөзді байланыстыруда өзіндік орны бар. Әрине, сөз бен сөзді байланыстыру көмекші есімдер сияқты актив құбылыс емес. Дегенмен, тілімізде кездесетін бұл да бір құбылыс екені даусыз» – дей келіп, дәлел ретінде келесі мысалды алға тартады. «Мысалы, *Оның не екенін жүрегін сезіп тұр*. Ә.Нұрпейісов» [5, 60 б.].

Т.Сайрамбаев өзінің «Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі» атты еңбегінде ілік жалғаулы сөз тіркестерінің ерекшеліктерін айта келіп, «Кейде ілік жалғаулы сөздер үнемі өзі басыңқы сөзімен сөз тіркесін құрауға қатыса бермейді. Мысалы: *Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп, жақсы көріп тұрып елге келсе, әрберден соң қайта қашқандай*

қылатұғыны қалай. (Лениншіл жас) деген сөйлемдегі ілік жалғаулы *ел* зат есімі *іші* көмекші есімімен байланысып сөз тіркесін құрай алмайды. Ондай кездегі ілік жалғауы көмекші сөздермен түйдектік тіркес құрауға қатысты» [5, 51 б.], – дейді. Ғалымның бұл пікірі орынды. Сөз тіркестеріне берілген ережеге сүйенетін болсақ олар сөз тіркесінің бір сыңарында қызмет атқарады. Сондықтан бүгінгі күні қазақ тіл білімінде сөз тіркестеріне қатысты негізгі ұғымдар мен заңдылықтар, сөз тіркестерінің түрлері мен ерекшеліктері Т.Сайрамбаевтың атымен тығыз байланысты.

Кез келген тілдік единица мен оның элементтері сан жағынан шектеулі және белгілі шамаға тең деуге болады. Белгілі бір сөйлемдегі сөз тіркестерінің саны оның сапасына ықпал етсе, сапа өзгерісі де оның санына әсер етеді. Лингвистикалық статистика – тіл біліміндегі сан мен сапаны біріктіретін және сандық тұрғысынан сапалық заңдылықтарды нақты дәлелдейтін математика мен лингвистиканың арасынан туындаған ғылым.

Математикалық лингвистика жөнінде алғашқы пікір білдірген Бодуэн де Куртенэ. Ол 1904 жылы Брокгауз бен Ефронның «Энциклопедиялық сөздікке» арнап жазған мақаласында: «Тіл білімінде мөлшерлік ұғымдар болғандықтан, математиканы, соның ішінде элементар математиканы ғана емес, жоғары математиканы да білген жақсы болар еді», – деген пікір берген болатын. Сонымен бірге ол: «Ғылымда сипаттайтын фактілерді қысқа, әрі дәл жеткізу үшін ерекше таңбалар қажет», – деген ой білдірген. Бодуэн өзінің лингвистикалық еңбектерінде де шағын белгілер мен формулаларды қажеттілікке орай жиі қолданып отырған [6].

Қазіргі кезде ғалымдардың пікірлерінше, математикалық лингвистика тілді талдау (анализдеу), жинақтау (синтездеу) әдістерін қолданатын келесі бөлімдерге жіктеледі:

а) сөйленісті жинақтау және оны туындату;

ә) синтаксистік талдау және генерация – бұл кез келген сөйлемді «бөлшектеу» немесе кез келген сөйлемді «жинау» қабілеті;

б) машиналық аударма.

Тілді математикалық тұрғыда сипаттау барысында Ф. де Соссюр табиғи тілді механизм ретінде қарастыруды, ал оның қызметін тек сөйленісте ғана байқауға болатындығын айта келе, математикалық лингвистикаға қатысты ойлары Бодуэннің көзқарастарымен жанасып жатыр [7]. Белгілі ғалым Й.Йордан: «Соссюрден басқа тіл фактілерін терең әрі тура зерттеген адамды атаудың өзі қиын. Оның пайымдаулары негізінен математикалық тұрғыда дәл және дәлелді», – деген пікір айтқан [8]. Мысалы, Ф. де Соссюр өз лекцияларында тіл жүйесі образдар саны түрінде ұжымның әрбір мүшесінің ойында қалып, барлық уақытта спецификалы тілде оны іске асыру тәсілдерімен байланысты емес, өйткені жеке адамның еркімен және жағдаят түрімен анықталатынын айтқан. Сөйтіп тіл жүйе ретінде және оның көмегімен іске асырылатын тіл қабілеті Ф.де Соссюр Langue деп атаған тіл қызметін қамтамасыз етеді.

Алғашқы болып синтаксисті математикалық тұрғыдан таңбалаған американ ғалымы У.Сепир болды. Оның «Тіл» атты кітабы 1921 ж. жарық көрді. Онда автор: «Тіл – ойын, көңіл күйін, қалауын түйсіксіз, арнайы шығаратын таңбалар жүйесінің көмегімен жеткізетін, тек адамға тән тәсіл», – деген еді [9, 31 б.].

Ғалымның пікірінше, жеке сөз біз қарастырып отырған қарапайым мәнді элемент болуы не болмауы мүмкін. Енді біз мына *айт*, *айтыс*, *айтпа*, *айтасың*, *айтамыз*, *айтса* деген сөздерге назар аударсақ, олар белгілі бір мағына мен идеяға ие болып тұр. Бұл идея еш нәрсемен байланыссыз, сондықтан оның функционалды практикалық құндылығы жоқ. Аталған сөздердің екіұшты мағынада екенін аңғаруға болады. Бірінші *айт* етістігі арнайы белгілі іс-әрекет туралы түсінікке сәйкес келетін біртұтас дыбыстық бірлік, ал басқаларында осы негізгі мағына сақталған. Дегенмен, ол сөздерге әртүрлі дыбыстық элементтердің жалғануынан кейбір өзгерістер пайда болған. Бұл сөздер негізгі мағынадан дамыған күрделі мағынаға ие болып тұр. Сондықтан аталған сөздерді құрамында негізгі немесе мазмұндық (*айт*) және басқа мағыналары бар, екі мүшелі қалыптасқан сөз ретінде талдауымызға болады [9, 44 б.]. Егер *айт* сөзін «**A**» деген, ал қосымшаларды «**B**» деген алгебралық таңбамен белгілесек онда *айтыс*, *айтпа*, *айтасың*, *айтамыз*, *айтса* сияқты сөздерді «**A+B**» формуласы арқылы өрнектеуіміз керек. «**A**» элементі не тұтас, не жеке сөз (*айт*) болуы, басқаша «түбірлік элемент» деп аталатын не түбір, не негіз сөзі базалық бірлік (*айт*-) болуы мүмкін. «**B**» элементінің (-ыс, -па, -асың, -амыз,-са) қызметі қосымша абстрактілік түсініктің көрсеткіші болады. Егер «**B**» кең мағынасында «тұлға» терминін қабылдаса, онда бұл термин негізгі мағынаға формальді шектеу қояды деп айтуға болады. Ал «**B**» элементін «грамматикалық элемент» немесе қосымша ретінде қабылдауымыз қажет [10].

Сөз тіркесінің синтаксистік единица екендігіне ешкім талас туғызбайды, дегенмен сөз тіркесі мен сөйлемнің арасында қандай айырмашылық бар деген сұрақ - әлі де шешімін таппай, талас туғызып жүрген мәселенің бірі. Мысалы, В.В.Бабайцева, В.В.Виноградов, А.С.Смирницкий, К.Аханов Н.А.Баскаков сөз тіркесіне номинативті қасиет тән десе, Ю.В.Фоменко, А.Моисеев, М.Балақаев сөз тіркесінің номинативтілігін жоққа шығарады.

Көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде сөз тіркестерінің ең өзекті, маңызды жақтарына көңіл бөліп, соларды ашуға талпынуда. Бұл сөз тіркестерінің күрделі де сан қилы синтаксистік құбылыс екендігін танытады.

Л.Теньер «Основы структурного синтаксиса» еңбегіндегі мысалмен өрнектесек, онда келесі жағдайды көруге болады [11, 40 б.]. Сөйлемнің құрылымын (синтаксистік құрылымын) талдау үшін біртұтас синтаксистік бірлік ретінде қызмет атқаратын сөз тіркестері тобын немесе тікелей бағыныңқы сөздердің әрқайсысын көрсету керек.

«*Лошади кушают овес*» сөйлемінде бірінші тәсіл бойынша сөйлемді құраушы: тұтас сөйлем I, әр жеке сөз және сөз тіркесі C= «*кушают овес*»:

I → C

↓↓↓

Лошади кушают овес;

Екінші тәсіл бойынша келесі сызбаны береді:

Лошади → кушают, кушают → овес.

Сөйлем құрылымы мұндай талдауға математикалық объектілер құраушы қада (1-тәсіл) және синтаксистік бағыну қадасы (2-тәсіл) деп аталады.

Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектері сөз тіркестерін математикалық жолмен танудағы алғашқы еңбектер еді. Сонымен қатар ғалымдардың еңбектерінен сөз тіркестері белгілі бір заңдылықтарға бағына байланысатынын аңғаруға болады.

Кеңестер Одағында және егемен елімізде математикалық лингвостатистика әдісін жетілдіруде Р.Г.Пиотровский, П.М.Алексеев, А.В.Зубов, А.И.Цапля, Р.М.Фрумкина, Қ.Бектаев, М.Р.Львов, А.Жұбанов, Ж.Аралбаев, Қ.Молдабек, С.Мырзабеков, Ә.Ахабаев, Д.Байтанаева, А.Зекенова, М.Ермекбаев, А.Белботаев, Б.Қалыбеков, Н.Нұрлыбаев, т.б. өз үлестерін қосты және қосуда.

Қ.Бектаев - қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тілінде алғаш рет математикалық лингвистика әдісінің ғылыми негізін қалаған ғалым. Қ.Бектаевтың лингвистикадағы математикалық әдіс жөнінде «Математические методы в языкознании», «Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігі», «Статистика и лингвистика» т.б. көптеген еңбектері жарық көрді [11].

А.Жұбанов «Статистическое исследование казахского текста с применением ЭЕМ». На материале романа М.Ауезова «Абай жолы» тақырыбында кандидаттық, «Основные принципы формализации содержания казахского текста» тақырыбында докторлық диссертацияларын қорғады. Бұл еңбектерінде ғалым мәтіндерді ЭЕМ-не салу жолдары мен мәтіндегі сын есімдерді және олардың шырайларын анықтады [12].

Қазақ тіл білімінде сөз тіркестерінің сандық тұрғысын алғашқы болып таныған ғалым – Қ. Молдабек. Ғалым мәтіндердегі сөз тіркестерін санауды әдістемелік тұрғыдан пайдалы жағын ғана қарастырған. Дей тұрсақта ғалымның еңбегіндегі мәліметтер қазақ тілі мәтіндеріндегі сөз тіркестерінің қолданылуы жөнінде толықтай мағлұмат береді [13, 40 б.]. Ғалымның «Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың әдістемесі» атты монографиялық еңбегінде бастауыш мектеп оқулықтарын негізге алып, оқулықтарда қолданылған сөз тіркестері жөнінде мынадай мағлұмат береді. «Зерттеу көрсеткендей анықтаушы мағынадағы есім сөз+есім сөз A+N моделі «Әліппеде» (I сынып) 37,15%; II, III, IV сыныптардың «Қазақ тілі» оқулығында, тиісінше 48,53%; 38,02%; 37,21% қамтылған.

Сын есім+зат есім (Ad L +S) формасындағы сөз тіркестері «Математика» оқулығында тиісінше 52,25%; 46%; 26,04%; 35,68% кездесе, сан есім+зат есім (NUM+S) формасындағы есімді сөз тіркестері де «Математика» оқулығында

көп қолданылған (65,76%; 69,79%; 46,17%; 69,51%).

Есімдік+зат есім (PRON+S) формасындағы есімді сөз тіркестері «Әліппеде» 21,34%; «Математикада» (II сынып) 43,42%; (III сынып) 14,55%; «Қазақ тілі» (IV сынып) 9,41% оқулықтарында жиі кездесе, үстеу+зат есім (ADV+S) формасындағы сөз тіркестері «Әліппе» (37,15%); «Математика» (II сынып – 43,75%); III сынып – 14,08%; IV сынып-14,86%) оқулықтарында көп қолданылған.

Есімше + зат есім (V+S) формасындағы сөз тіркестері «Әліппе» және «Математика» (II, III, IV сыныптар) 23,95%; 10,79%; 9,66% көбірек кездесті. Мұның себебі анықтаушы мағынадағы сөз тіркестерінің «Әліппе» және «Математика» оқулықтарының мазмұндық құрылымына, оқулықтардың өздеріне тән ерекшеліктеріне байланысты. Оған бұл форманың тек IV сыныпта ғана «Қазақ тілі» оқулығында басқалардан сәл көбірек (9,41%) қолданылғандығы дәлел.

Ал, етістікті тіркестердің оқулықта кездесу жиілігі төмендегідей:

1. Толықтауыштық қатынастағы меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері (O+V) «Математика» (I с.) (4,41%), «Қазақ тілі» мен «Математика» (II с.) теңдей шамада (7,87%; 7,04%), «Математика» (III с.) 17,70%, «Қазақ тілі» (IV с.) 7,85%.

2. Қабыса, меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері (C+V) I сыныпта «Дүниетану» 58,47%, II сыныпта 70,30%; «Математика» (III с.) 58,33%, IV сыныптың «Дүниетануында» 65,32% қолданылған. Байқалғанындай толықтауыштық қатынастағы меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері, қабыса және меңгеріле байланысқан сөз тіркестеріне қарағанда өте аз қолданылған. Қабыса және меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері «Дүниетану» оқулығында өте көп кездесті, қолданылымның жартысынан астам.

Анықтауыштық қатынастағы шылаулар арқылы байланысқан есімді сөз тіркестері I, III сыныптарда «Математика» (12,61 және 17,70%), II, IV сыныптарда «Қазақ тілі» (7,69 және 9,55%) жиірек қолданылыпты. Аталған үш түрлі сөз тіркестерінің барлығы да «Ана тілі» оқулығында аз және алақұла (әр оқулықта әр түрлі) кездеседі. Демек, ғылыми стиль мен көркем стильде сөз тіркестерінің қолданылу жиілігі әр қилы. Бұл олардың стильдік ерекшеліктерін көрсетеді».

Жоғарыда аталған еңбектерді қорытындылай келсек, ғалымдардың еңбектерінде сөз тіркестерінің негізгі ұғымдары мен ерекшеліктері айқындалып, бүгінгі күнде оның сандық тұрғыдан қарастырылып, яғни қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің құрылымдық-статистикалық моделін құруда статистикалық мәліметтерді тиісті жүйеге келтіруде өз рөлін атқарады деп ойлаймыз. Сондықтан сөз тіркестерінің қандай компоненттерден тұратыны, олардың ұзындығы, қолдану жиілігі, қалай құрылғаны біздің келесі жұмыстарымызда сөз тіркестерінің моделін құрастыруға итермелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кононов А.Н.* Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.-Л.: Изд. Академии наук СССР, 1956. – 59 с.
2. *Убрятова Е.И.* Исследования по синтаксису якутского языка. –М.-Л.: Изд. Академии наук СССР, 1950. – Т. 1. – 200 с.
3. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1999. –581 б.
4. *Аманжолов С.* Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. –Алматы, 1950. – Т 1. –120 б.
5. *Сайрамбаев Т.* Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.
6. *Бодуэн де Куртенэ И.А.* Избранные труды по общему языкознанию. – М.: Академия наук, 1963. – Т. 1. – 384 с.
7. *Соссюр Ф. де* Курс общей лингвистики. / Под редакцией и с примечаниями Шор Р.И. – М.: УРСС, 2004. – 272 с.
8. *Йордан Й.* Романское языкознание. Историческое развитие, течения, методы. – М., 1971. – 334 с.
9. *Сепир Э.* Избранные труды по языкознанию и культурологии. Язык. Введение в изучение речи. / Перевод А.М.Сухотина (исправленный и дополненный А.Е.Кибриком). – М.: Прогресс, 1993. – 655 с.
10. *Теньер Л.* Основы структурного синтаксиса. – М.: Прогресс, 1988. – 250 с.
11. *Бектаев Қ., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.* М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. – I том. Алфавитті-жиілік сөздік. – Алматы-Түркістан, 1995. –128 б.
12. *Жұбанов А.Қ.* Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. –209 б.
13. *Молдабек Қ.* Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың әдістемесі. – Шымкент: Жебе, 2008. –153 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы исследования казахских словосочетаний методом математической лингвистики. Для исследования казахских словосочетаний методом математической лингвистики надо рассмотреть его в тесной взаимосвязи с синтаксисом. Основываясь на этом в научной статье рассмотрены методы выявления лексико-статистических данных казахских словосочетаний.

(Молдабек Қ., Дүйсенова М. Исследование словосочетаний методом математической лингвистики)

SUMMARY

The article deals with the study of the Kazakh collocation method of mathematical linguistics. To study the Kazakh phrase by mathematical linguistics need to watch it closely with the syntax. Based on this scientific article describes methods to identify lexical statistics Kazakh phrase. Given concrete examples in the article.

(Moldabek K., Duysenova M. Researches phrase by mathematical linguistics)

ӘОЖ 811. 512. 122' 374

А.Ж. БАЙНИЯЗОВ

филология ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

Ж.Т. БАЙНИЯЗОВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

СӨЗДІК ЖАСАУДЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ

Сөздіктерге негіз болатын дереккөздерді жинақтау, жүйелендіру, кем-кетігін түгендеу – сөздік түзу ісіндегі басты, негізгі назарда ұстанатын мәселе. Лексикографиялық жұмыстарды жүргізуде, реттеуде және оны жүзеге асыруда картотекалық жұмыстардың дұрыс жобалануы шарт. Мақалада қазақ лексикографиясында дереккөздерді жинақтау мен бастапқы материалдар мәселесін көтерген, сөздік түзу ісінің алғышарттарын жасаған тілші-ғалымдардың еңбектері мен пікірлеріне тоқталады. Сонымен бірге дереккөздердің қандай әдебиеттерді сұрыптай отырып жиналатыны және қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне дереккөз болатын негізгі әдебиеттер жайында да баяндалады. Авторлар картотекалық қордың қанишалықты маңызды екендігі туралы тұжырымдар жасайды.

Кілт сөздер: қазақ лексикографиясы, картотекалық қор, түсіндірме сөздік.

Сөздіктердің дереккөздері жөніндегі, сөздікке негіз болатын бастапқы материалдарды жинақтау мен сақтаудың формалары мен әдіс-тәсілдері жөніндегі мәселе – сөздік түзу жұмысындағы келелі мәселелердің бірі. Қандай лексикографиялық шығарма болса да, оның түзілуі картотека мәселесінің оңды шешілуімен тікелей байланысты екендігі анық. Жобаланып отырған сөздікке алынатын дереккөздер корпусын анықтау, басқа сөздіктерді дереккөз ретінде пайдаланудың сипаты мен ерекшеліктерін белгілеу, жалпы ғылыми, жалпы әдеби, жалпы тілдік шығармалардан, сонымен бірге, арнаулы салалық бағдарлы шығармалардан материал жинақтаудың әдіс-тәсілдерін сипаттау, ауызекі сөйлеу тілі негізінде даярланған жазбаларды пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен қолданым шектерін анықтау, тиісті тілдік бірлікті ұсынатын мәтін бөлшегінің сипаты мен ұзындығын белгілеу, тілдік бірліктің қолданымын дәйектейтін мәтін бөліктерінің жалпы санын айқындау – материалды дайындауға қатысты іс-шаралардың қысқаша тізбесі осындай. Оның үстіне сөздік материалдарды жинақтайтын картотекалардың түрлері, оларды толтырудың әдістемесі, сонымен бірге, материалды сұрыптап алудың инструкциясы, картотека жасау ісін механикаландырудың, автоматтандырудың жолдары, т.б. – лексикография теориясында қарастырылуы тиісті мәселелер.

Бастапқы материалдар мәселесін көтеру қазақ лексикографиясында С.Жиенбаев еңбегінен басталады. Қазақ тілінің басталып, аяқталмай қалған академиялық сөздігіне арналып түзілген инструкцияның екінші бөлігінде

«Сөздік картотекасына цитат теру жайындағы инструкция» және «Жазу техникасы» атты тақырыпшалар бар. Түсіндірме сөздік алғаш рет жасалып отырғандықтан қандай сөзге қай шығармадан қандай мысал алу, қандай мысалдарды алмау, алынған мысалдарды карточкаға қалай жазу мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Ғалым: «Сөздің толық мінездемесі осы карточкалардан айқын көрінетін болады. Қай жерде қандай мағынада қолданылатынын, тура мағынасы мен бұрма мағыналары қандай екендігі, сөздің стильдік, көркемдік қасиеттеріне тән қандай арнаулы тізбектер бар екені, сөздің дыбыс құбылысында, тұлғасында, емлесінде қандай ерекшеліктер бар екені - осындай жақтарының бәрі де цитат карточкаларынан байқалатын болады», – дейді [1,116]. М.Малбақов қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінің картотекалық базасы туралы төмендегідей деректер келтіріледі: «Он томдық түсіндірме сөздіктің жалпы редакциясын басқарушы профессор А.Ысқақов қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне қажетті дәйектеме материалдарды жинастыру ісінің 1937 жылдан бері жалғасып келе жатқандығын жазады. Демек, алғашқы түсіндірме сөздікке мысал теру осы кезден басталған болу керек» [2]. Сөз болып отырған инструкцияның алғашқы бөлігінің өзі 30 баптан тұрады. Ғалым мысалдардың екі түрлі қордан алынатыны туралы жазады. Бірі – сөздіктер болса, екіншісі – қазақтың жазба әдебиеті. Жазба әдебиет ретінде ғалым көркем әдебиетті, кәсіп түрлері (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, аңшылық, балықшылық, қолөнер) бойынша жазылған еңбектерді, әдет-ғұрыпқа байланысты материалдарды, түрлі пәндер бойынша жазылған оқу құралдары мен қосалқы оқу материалдарын, диалектологиялық экспедициялардың материалдарын, газет, журналдарды, қазақ тілінде жазылған ескі мұрағаттарды атайды. Ғалым мысал алынуға тиісті сөздіктер қатарында жалпытүркілік Л.Будагов, В.В.Радлов сөздіктерін келтіре отырып, олардан мысал жазып алудың үлгісін береді. Жалпылама қолданылатын лексикаға жататын сөздерге мысалдарды негізінен көркем әдебиеттен алудың қажеттілігі сөз болады. Ғалым сөздікке мысалдарды Бұхар жыраудың, Махамбеттің, Шәңгерейдің, Абайдың, Сұлтанмахмұттың шығармаларынан, батырлар жырынан көбірек алуды жөн санайды. Инструкцияның 23-42 беттерінде келтірілген сөздік мақала үлгілерінде, шынында да, арғы дәуірдегі Асанқайғының сөздерінен бастап, өткен ғасырлардағы Дулат, Махамбет, Абай, Сұлтанмахмұт, М.Сералин тәрізді ақын-жазушылардың шығармаларынан, әсіресе «Бозжігіт», «Есімхан», «Гүлкәшима», «Гүлжәмила», «Мұңлы Мәриям» поэмаларынан, «Едіге», «Бөгембай», «Кенесары», «Ер Ағыбай», «Наурызбай», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Шора» батырлар туралы қисса, дастан, тарихи жырлардан, «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар», «Қобыланды», «Ер Сайын» тәрізді батырлық жырлардан, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Айман-Шолпан» тәрізді лиро-эпостық жырлардан, «Біржан-Сара», «Әсет-Рысжан», «Шортанбай-Орынбай», «Жүсіп қожа-Жекей қыз» айтыстарынан, Ы.Алтынсариннің 1879 жылғы хрестоматиясынан, 1920-30 жылдары қойылған драмалық шығармалардан алынған дәйектеме материалдардың молдығын

байқауға болады. А.Ысқақов: «Ертеректе (революциядан бұрын да, кейін де) араб, латын әріптерімен жарияланған әдебиеттен (кітап, журнал, газет, т.т.), сондай-ақ, қазіргі әріппен шыққан кейбір әртүрлі себептермен қолайсыз танылған әдебиеттен де мысалдар тіпті алынған жоқ», [3.505] – деп жазады. Б.Қалиев «Қазақ тілінің қазыналы сарайы» атты мақаласында түсіндірме сөздікке дәйектеме материал жинақтауда 1950-жылдары карточка саны 586 мыңға жеткені, осы қордың негізінде екі томдық түсіндірме сөздіктің жасалғаны, он томдық сөздікті жасауға кірісер алдында карточканың саны 2 миллионға таяу болғаны, оның қазіргі кездегі санының 4 жарым миллионнан асқаны туралы жазады.

Қазақ лексикографиясы бойынша жаңа зерттеулердің бірі – Г.Көбденованың «Қазақ тілінің тарихи лексикографиясы: құрылымы мен ұстанымдары» атты еңбегі [4]. Автор картотекалық қордың сипаты, маңызы мен рөлі туралы айта отырып: «Картотекалық қор – кез келген лексикографиялық бастаманың, сөздіктер жасаудың негізгі базалық қоры. Лексикография саласының ең өзекті саласы болып саналатын картотекалық қорда карточканың саны, олардың тіл байлығын көрсете алуы, сөздер мен сөз тіркестерін қаншалықты жинай алуы, жазылған мысал-дәйексөздердің сол сөздер мен тіркестердің барлық мағынасын қамти алуы, қамтыған жағдайда сол мағыналарды саралауға, жіктеуге және дәлелдеуге олардың мүмкіншіліктерінің жетуі, мысал-дәйексөздерге алынатын авторлар мен деректемелер т.б. мәселелердің дұрыс шешілуі оның сапасын айқындай түседі», – дейді.

Зерттеуші картотекалық қордың лексикографиялық жұмыстарда, сөздіктер жасауға ғана пайдаланылып қоймай, әртүрлі теориялық, лексикалық, грамматикалық зерттеулерге де кеңінен пайдаланылатынын жазады. Автор картотекалық қордың тіл дамуымен бірге дамып, үнемі, үздіксіз толықтырып отыруды қажет ететін сөздің қазыналық қоры екендігін, оның ұлттық, мәдени құндылық болып табылатынын айта келіп, картотекалық қорлар туралы мынадай тұжырым жасайды:

1) Жалпы картотекалық қорда жалпы тілдік материалдар жинақталады. Бұнда сөздің белгілі бір топтары жүйеленбеген түрде орналасады.

2) Арнайы бағыттағы картотекалық қор белгілі бір сөздікке бағыттталып, сол сала бойынша дереккөздерден сұрыптап алынады. Бұл тарихи сөздіктер жасаудың бірден-бір дереккөзі, материалдық базасы болады.

3) Қосымша картотекалық қорға тіл жанашырлары, зерттеушілердің жинақтаған карточкалары, ғылыми ізденістерден алынған үзінділер, еңбектерден алынған дәйексөздер, көптеген сөздіктер мен анықтағыш құралдары, лексика, грамматика, стилистика, этимология т.б. бойынша мақалалар т.б. жатқызылады.

Қорыта келгенде, картотекалық қорды қоғамдық пікірлер жиынтығы десе де болады. Картотекалық қор сөздік жасау үшін ғана емес, сонымен бірге ғылыми-зерттеу және ғылыми кеңестер беру жұмыстары үшін де

пайдалы. Картотекалық қор мәселесінің әлі де күн тәртібіне енбеген мәселелері жеткілікті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Жиенбаев С.* Сөздіктің мақсаты мен жасалу принциптері // ҚазССР ҒА Хабарлары. 3-шығуы. –Алматы, 1945. –3-11 бб.
2. *Малбақов М.* Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. –Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
3. *Бісқақов А.* Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – 10 том. – 505 б.
4. *Көбденова Г.* Қазақ тілінің тарихи лексикографиясы: филол. ғыл. канд. ... автореф.:10.02.02. – Алматы, 2008. – 24 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос важности и значения картотечного фонда в определении отборе источников словарного лексического запаса при составлении словаря. Кроме того автор уделяет особое внимание способам и путям расширения словарного запаса путем правильного использования материалов источников.

(Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Об источниках создания словарей)

SUMMARY

In article the question of importance and value of card-index fund in definition selection of sources of a dictionary lexical stock by drawing up the dictionary is considered. Besides the author pays special attention to ways and ways of expansion of a lexicon by the correct use of materials of sources.

(Bainiyazov A.ZH., Bainiyazova ZH.T. About sources of creation of dictionaries)

ӘОЖ 419. 992 71:405

Қ. МОЛДАБЕК

педагогика ғылымдарының докторы, профессор
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

М. ДУЙСЕНОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің PhD докторанты

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ МОДЕЛЬДЕРІ

Бұл мақалада қазақ тіліндегі сөз тіркестерін модельдеу мәселесі қарастырылған. Модуль терминін анықтау үшін С.И.Архангельский, В.А.Штофт, М.Вортофский, В.В.Ермилова, Д.Ю.Ермилов, М.К.Мамардашвили, т.б. ғалымдардың зерттеулері талданды. Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірінің негізінде лингвистикалық модель терминінің анықтамасы берілді. Сонымен қатар қазақ ғалымдары Н.Құрманов, Қ.Молдабек, М.Ермекбаевалардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің моделі құрастырылды. Осы құрастырылған «модель» қазақ тіліндегі сөз тіркестері түрлерінің және олардың статистикалық мәліметтерінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туғызды.

Кілт сөздер: модель, өлшем, тип, бөлшекті, бейнелі, пішін, эмпирикалы, идеал модельдер.

«Модель» мазмұны мен типі, мақсаты мен міндетіне байланысты әртүрлі. Олар зерттелетін заттық ортаның түп нұсқасының мазмұнына, оның қоршаған ортаға әсеріне де байланысты өзгеріп отырады. Модель айтылу, қолдану ретіне қарай заттық ортаны айқындайтын білім туралы ұғым ретінде; белгілі топтасқан өзара байланысты сөйлем жиынтығы қорытындылар түрінде; объектінің негізгі жақтарын, элементтерін, байланысын айқындайтын физикалық графика – схема түрінде; сондай-ақ негізгі сыртқы және ішкі байланыстары мен қатынастарын анықтайтын математикалық формулалар немесе сандық кестелер түрінде де болуы мүмкін. С.И. Архангельский өзінің еңбегінде модельдеуді төрт түрге бөледі:

1. Қарапайым.
2. Күрделі.
3. Схемалы.
4. Бөлшекті.

Модельдеу түрлері бір-бірімен үйлесіп, толықтырылып отырады. Кез-келген модельдеуді әсіресе, күрделі модельдеудің мақсаты мен міндетін, іс-әрекетін және құралдарын таңдау әрі бұл құралдарды, әрекеттерді негіздеу үшін арнайы даярлық қажет [1].

В.А.Штофт модельдерді түрлі белгілері бойынша екіге бөлінеді:

- сезімдік-бейнелі элементтерден құралатын бір жақты идеал модельдер.

Мұнда сезімдік-бейнелі элементтер модельденетін нақты құбылыстың тиісті элементтерімен ұқсастықта болуы көзделеді;

- идеал модельдер. Таңбалық жүйелерді көрсетеді, өйткені олардың элементі арнайы таңбалар болады [2].

М.Вортофскийдің тұжырымы бойынша «Модель – бұл жоғары дәрежеде мамандандырылған, бізді техникалық жаратқандырудың бір бөлігі, оның ерекшелігі де келешектегіні құруда... модель деп тек қана жеке мәнді емес, осы мәнді ұсынатын іс-әрекеттің тәсілін айтамын» [3].

Философиялық сөздікте «Модельдеу (фр. modele – үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту... Зерттеушіні қызықтыратын объекті мен оның модельінің арасында белгілі бір ұқсастық болуы керек» [4].

В.В.Ермилова мен Д.Ю.Ермилова өздерінің еңбектерінде «Модельдеу – бейнелеу, яғни тұтас объектіні (объект жүйесін), ситуацияны немесе процесті сипаттау немесе ұсыну» [5], - деп түсіндіреді.

Дегенмен, әдіснамалық тұрғыдан американдық философ М.Вортофскийдің көзқарасының маңызы жоғары. Ол модельді болашақ әрекетке бағдарланған прототип деп атауды ұсынады. «Ең алдымен менің есептейтінім, модельдер – біздің техникалық жабдықтауымыздың жоғары мамандандырылған бөлігі, олардың өзіндік функциялары болашақты жасауда тұрады... модель ретінде мен кейбір мәнді ғана емес, осы мәнді анықтайтын әрекет тәсілін көремін. Бұл мағынада модельдер – мақсаттарды іске асыру және сонымен қатар осы мақсаттарды іске асыратын инструменттер... Модель бір мезгілде мақсатты ескереді және оның жүзеге асуын кепілдейді» [6], - дейді.

М.К.Мамардашвили: «Модельде эмпирикалық түрде байқалатын шындықтың барлық толып жатқан қасиеттері мен байланыстары тізілетін сияқты, олар бұл жағдайда тек ғылыми жолымен алынады; адам оларға қатысты зерттеуші болады», - деп атап көрсетеді [7]. Дегенмен, зерттеудің мақсаттарына неғұрлым сәйкес келетін «модель» ұғымын И.Дыдина анықтаған. Бұл «ойша елестетілген немесе материалды жүзеге асырылған жүйе, ол зерттеу объектісін бейнелей отыра немесе қайта жаңғырту арқылы оның орнын басуға қабілетті болады, бұл жағдайда оны қарастыру бұл объект жөнінде бізге жаңа ақпарат береді» [8,73 б.]. Бұл зерттеу жұмысы тапқан және баяндаған модельдің болуы жөніндегі керекті және жеткілікті шарттарына негіз бола алады. Атап айтқанда;

- модель мен түпнұсқа арасында ұқсастық қатынастығы болады, оның формасы айқын көрсетілген және дәл анықталған (бейнелеу және ұқсастықты анықтау шарттары);

- модель ғылыми таным үдерісін зерттелетін объектінің орнын басатын болады (репрезентативтік шарты).

Қорыта айтқанда, қоршаған ортамен араласып, қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде адам өз танымына қарай модель құрайды.

Лингвистикалық модель зерттеу нысанының қасиеттерін бойына сақтай алуы қажет. Теориялық жағынан алғанда модель мәтіннің ұзындығына да, сөйлемдер санына да шек қоймайды. Сондықтан да лингвистикалық модельдің формальді пішінде болуы, оның мүмкіндік шегін барынша ұлғайтуға жағдай жасайды. Кез келген лингвистикалық модель математикалық терминдермен, ал оның түсінігі тілдік терминдермен бейнеленеді [9,73 б.].

Лингвистика мен математиканың жақын келетін тұстары да кездеседі. Сондықтан табиғи тіл құрылымын сипаттауда қолданылатын математикалық әдістің негізгісі де осы модельдеу әдісі. Сонымен бірге құрылымдық лингвистикада басқа да әдістер молынан қолданылады: аксиомалық, формальдау әдістері мен жиындар теориясы және функциялар теориясы, т.б. [9, 256].

Хоккет: «Айқындалған ережелер жүйесі грамматикалық сипаттау модельін құрайды және бұл модель тілдің грамматикасын зерттейді, нәтижелерін тұжырымдайды. Қанша түрлі мағынадағы сипаттау болса, сонша түрлі модель болады...», – дейді [10, 210 б.]. Хоккеттің «Екі модель» атты мақаласы және Хомскийдің «Тілді сипаттаудың үш моделі» деген мақалалары тілдік құрылымдарды модельдеудің түрлеріне арналған аса құнды ғылыми еңбектер деуге болады. Профессор Н.Хомский ол жөнінде сол 1956 жылғы конгресте «Лингвистикадағы түсіндіру модельдері» деген баяндама жасаған [11, 210 б.].

Модельдеуді қолданудың тиімділігі адамның санасында сөз тіркестерінің заңдылықтарын жинақтауын. Сөз тіркесі модельінің оның дыбыстық алгоритмі мен нақты мағынасына тәуелді емес. Мысалы, мына модельді алайық: Ad j + S (сын+зат). Бұл модель бойынша жүздеген сөз тіркесі жасалатын болғандықтан, олардың әрқайсысының жекелеген мағынасы мен айтылу ерекшеліктеріне осы модельдегі сөз тіркесі үшін мағыналық жағына үйлесімділік тапқан сын есім мен зат есімнің тіркесі жасалады. Мысалы, көк аспан, алтын сағат және т.б. Мұндай сөз тіркестері синтагмалық қатынаста жасалады. Сөз тіркестерінде сөздер белгілі бір байланысу тәсілі арқылы өзара байланысқа түсіп, одан синтаксистік қатынас туындатады. Мұның барлығы синтагмалық тізбекке енген сөз тіркесінің өзіндік бір жүйе сияқты құрылатынын көрсетеді. Жүйені үйлесімді орналасқан бөлшектердің өзінен жоғары деңгейдегі тұтастық құрауы деп танитын болсақ, онда формасы мен мағынасы жағынан үйлескен екі сөздің синтагмалық тізбекке еніп, сөз тіркесі деген жаңа деңгейдегі тұтастық құруы соның дәлелі болады. Төмендегі модельдер Н.Құрманова, Қ.Молдабек, М.Ермекбаевтардың еңбектерінен алынды. Мұны мынадай жолмен көрсетуге болады. N + N (есім сөз + есім сөз) формасындағы есімді сөз тіркестері

1. Анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестері - A+ N(анықтаушы мағынадағы есім сөз + есім сөз) модельі

2. ADJ + S (сын есім + зат есім) формасындағы есімді сөз тіркестері

3. NUM + S (сан есім + зат есім) формасындағы есімді сөз тіркестері

4. PRON + S (есімдік + зат есім) формасындағы есімді сөз тіркестері
 5. ADV+ S (үстеу + зат есім) формасындағы сөз тіркестері
- Етістікті сөз тіркестері
6. V(есімше) + S формасындағы сөз тіркестері
 7. V(меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері) модельіндегі толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркестері
 8. C+ V (қабыса, меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері) модельіндегі пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркестері
 9. III + V шылаулар арқылы байланысқан сөз тіркестері

N- есім сөз

ADJ - сын есім

S - зат есім

NUM – сан есім

PRON - есімдік

ADV үстеу

V – есімше

Мысалы: алтын сағат сөз тіркесін қарастырайық.

Мұндағы синтагмалық тізбекте екі сөз орналасқан: алтын + сағат. ADJ - сын есім+ S - зат есім

- Олардың байланысу тәсілі - орын тәртібі.

- Байланысу түрі - қабысу.

- Туындайтын мағыналық қатынасы - анықтауыштық. Өйткені, басыңқы мүше –не? - сағат, бағыныңқы мүше - қандай? - алтын. Бұл түстің сағатқа тән болатыны белгілі. Ендеше мағыналық байланыс бар, формалық жағынан жалғаусыз, қабыса байланысып тұр.

Тағы да сөз тіркестерінің сөзжасамдық моделін көрсетейік. Морфологиялық тұлғалар төменде көрсетілгендей символдар арқылы таңбалаған: *N* – кез келген есім сөз табы; *S* – зат есім; *Adj* – сын есім; *Num* – сан есім; *Pron* – есімдік; *Adv* – үстеу; *Inf* – тұйық етістік; *Adv_{lok}* – мекен үстеу; *Adv_{temp}* – мезгіл үстеу; *Adv_{mod}* – қимыл-сын үстеу; *N₁-N₂-N₃* – есімді компоненттердің септік тұлғалары; *V* – етістік; *V_{pas}* – ырықсыз етіс тұлғасы; *N_p* – шылау не көмекші сөзді есім сөз.

Біздің зерттеуімізде әр стиль бойынша алынған сөз тіркестеріне 38 морфологиялық дерек белгі-код тағайындалды. Бұл моделдер А.Жұбановтың еңбегінен алынды. Модельдің негізі – сөз тіркесі (СТ): S – бастауыш; P – баяндауыш; At – анықтауыш; Ob – толықтауыш; Ad – пысықтауыш. Сөйлем мүшесінің (СМ-ның) дәрежесіндегі келесі сандар мен шартты белгілер мына деректерді білдіреді: 0 – *жасырын зат есім*, 1 – *зат есім*, 2 – *сын есім*, 3 – *сан есім*, 4 – *есімдік*, 5 – *етістік*, 6 – *еліктеуіш сөздер*, 7 – *шылау*, 8 – *үстеу*, 9 – *одағай*, 10 – *модаль сөздер*, 1⁺ – *көмекші есім*, + – *туынды*, ++ – *қосарланған, біріккен*. Сол сияқты, сөйлем мүшесінің индексі де мынадай ақпараттарға ие: Ø – *жалқы есім*, 1 – *жекеше түрі*, 2 – *көпше түрі*, I–III – *тәуелдік жалғау* (көптік жалғаудан кейін), б\р – *бұйрық рай*, ш\р – *шартты*

рай, к\р – қалау рай, > – етіс категориясы, < – болымсыздық категориясы, е – есімше, к – көсемше (баяндауыштан кейін, соңында тұрады), а – атау септік, і – ілік септік, б – барыс септік, т – табыс септік, ж – жатыс септік, ш – шығыс септік, к – көмектес септік (орны екінші индекс), і\ – жасырын ілік септігі, т\ – жасырын табыс септігі, I – III – жіктік жалғау.

Мысалы, Құртқа сөзін өткізді (ҚБ). Құртқа + өткізді $At^1_{\emptyset,i} + P^5_{\emptyset,\emptyset,III}$

Моделі: сөзін өткізді $Os^1_{I,m} + \text{өткізді } P^5_{\emptyset,\emptyset,III}$

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Архангельский С.И.* Учебный процесс в высшей школе, его закономерности, основы и методы. –М.: Высшая школа, 1980. –368 с.
2. *Штофф В.А.* Моделирование и философия. –М.: Наука, 1996. –301 с.
3. *Вартофский М.* Модели. Репрезентация и научное понимание. / Пер. с англ., общ. ред. и послесл И.Б. Новика и В.Н. Садовского. –М.: Прогресс, 1988. –507 с.
4. Философиялық сөздік. / Ред. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбілдин және т.б. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. –525 б.
5. *Ермилова В.В., Ермилова Д.Ю.* Мастерство. –М.: Изд. центр «Академия», 2001. –184 с.
6. *Вартофский М.* Модели. Репрезентация и научное понимание. / Общая редакция Новика и Садовского, перевод с английского. –М.: Прогресс, 1988. –510 с.
7. *Мамардашвили М.К.* Как я понимаю философию: Сборник / Составитель и ответственный редактор Ю.П. Сенокосова. –М.: Прогресс, 1992. – 414 с.
8. *Дыдина Б.С., Никитина Е.Д., Каргаполов Е.П.* Методология и методика моделирования при решении проблем физкультурного образования. –Методические разработки. – М.: ГЦОЛИФК, 1986. – 36 с.
9. *Дешериева Т.И.* Языкознание и математика. – Алматы: Наука, 1972. – 84 с.
10. *Hockett C. F.* Two models of grammatical description. // *Word*, 10 (1954), –№2-3. – s. 10-234.
11. *Хомский Н.* Три модели описания языка. // Кибернетический сборник. – Вып.2, ИЛ. – М., 1961. – С. 237-266.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы моделирования словосочетаний в казахском языке. Для определения термина модуль проанализированы работы многих ученых. На основе высказывания ученых дано определение лингвистическому термину модель. (Молдабек К., Дуйсенова М. Модели словосочетаний)

SUMMARY

The article deals with the modeling of phrase in the Kazakh language. To define the term module analyzed the work of scholars. Based on the above statements scientists a definition of the term linguistic model. Drafted us "model" can enable accurate detection of Kazakh phrases and their statistical data to determine characteristics of Kazakh phrases. (Moldabek K., Duysenova M. Model of combinations)

ÜOS 378.125:420.1

E-D.ÖZDEMİR

Süleyman Demirel Üniversitesi Yüksek Lisans Öğrencisi

YARATICILIĞI ETKİLEYEN FAKTÖRLER

Yaratıcılık kavramı Batı ülkelerinde özellikle seksenli yıllarda önem kazanmaya başlıyor. Öğretimde çağdaş bir anlayış çerçevesinde özgün olana ve yaratıcılığa her şeyden çok önem veriliyor. Gençlerin yalnız bilişsel becerilerinin değil, duyuşsal becerilerinin de geliştirilmesi amaçlanıyor. Amerika'da ve Avrupa'daki bir çok ülkelerde okullarda ve üniversitelerde yaratıcı yazma dersleri veriliyor. Burada amaç, yazar yetiştirmek değil, insanın kendi içindeki yaratıcı gizil gücü bulgulamasını sağlamak. Başarılı olma, insanın kendini keşfetmesine, kendi olanaklarını, sınırlarını ve ilgi alanlarını görmesine ve kendine güvenmesine bağlı. İşte yaratıcı yazma çalışmaları bu olanağı sunuyor.

Son yıllarda bizde de eğitim ve öğretim alanında yeni arayışlar başladı. Demokratik sivil örgütlerin de desteği ile yürürlükteki eğitim ve öğretim sistemi sorgulanırken, yıllardır gelenekselleşmiş, kabuk bağlamış olan öğretmen merkezli ve ezberci öğretim anlayışının dışına çıkan alternatif modeller geliştirilmeye başlandı. Makalede yaratıcılığı etkileyen önemi faktörler sıralanarak üzerinde durulacaktır.

Anahtar Kelimeler: Yaratıcılık, Yaratıcılık ve Motivasyon, yaş grubu.

Енисей жазба мұралары. Олардың бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылуымен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия, Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Енисей жазбаларының жалпы саны - 85 шамалы. Олардың ішінде кішігірім жазбалармен қатар ірі мәтіндер кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы. Бұл жазу біртіндеп Орхон өзені, одан Талас өзені өңіріне тарады. Бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеушімен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді [1].

Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын. VI ғасырдың ортасында қазіргі Солтүстік Моңғолия жерінде бас құраған түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне, шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты алып жатқан ұлы империяға айналды. Кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі. Солай бола тұра, V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың жиегі, түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі - 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға, ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер. Тоныкөк туралы Копенгагиндік профессор В.Томсен мен Клеменц ханымның еңбектерінен мынадай мағлұмат ала аламыз: Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей, Тоныкөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білгеқағанның құдасы болған адам. Қытай жазбаларында Тоныкөк жайлы 716 жылы айтылған. Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үлесі туралы Қытай және Тоныкөк жазбаларында толық көрсетілген. Көне түркі жазбаларын кейде «руна» жазулары деп атайды. Оның себебі: Сібірде айдауда жүрген швед офицері Страленберг пен неміс ғалымы Д.Г.Мессершмидт кездестірген

құлпытастардағы өзі түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде «руна» жазуы деп атаған еді. Бұл сөз термин ретінде бергін келе кеңінен таралып кетті [2].

Орхон ескерткіштері оқиғалар мерзімі, жазу стилі жағынан ескі түркі жазуының соңғы – жаңа дәуірін танытады. Оның бер жағында Орхон жазуы, сірә, халық арасына кеңінен тараған болу керек. *Күлтегін ескерткіштерінде* мынадай сөйлемдер кездеседі: «Түркі салтын тиып, ел еткендерінді де мұнда бастым, жаңылып кеткендерінді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап түркінің қазіргі халқының бектері» - дейді.

Орхон жазбалары осы жағдайлардың тамаша көрінісін берген. Бұл жерде бұрын өз мемлекеті болған түркілердің қытайлардан жеңіліп, шамамен 50 жыл бойы қытай билігінде болып, кейбір князьдар қытай титулдарын қабылдап, түркі бектері болудан қалғандығын айтады. Сонда жай халық: «Менің өзімнің ханым бар, мемлекетім бар халық едім, енді менің мемлекетім қайда, халқым қайда?» - дей ойсырап, қытайларға шығады. Бұдан біз олардың арасындағы күресті, ханның халық өкілі ретінде күрес жүргізгендігін көреміз.

Орхон жазбаларында әскери күш және әскери рух қаншалықты дәріптеліп отырғанына қарамастан одан адамшылыққа жат пиғыл кездеспейді, мәдениетті деген халықтардан шыққан басқыншылардан кездесетін қатыгездік және қатыгездіктен ләззат алу элементтері мұнда атымен жоқ. Жазба ескерткіште империяның құралуы – халыққа көрсеткен қызметін, келтірген пайдам деп түсіндіреді [3].

Ал, әскери тұрмысқа келетін болсақ, әрбір, жауынгер соғыста ғана емес, күнделікті өмірде де ержүрек әрі ақылды болуы керек екенін ескертіп отырады.

Жазба ескерткіштегі *Білгеқаған* – үлкен ел басқарушы, Күлтегін - өз заманының даңқты батыры, Тоныкөк – әрі батыр, әрі шешен, жырау, әрі кеменгер ақыл иесі. Тастағы жазбада Тоныкөк мемлекет қамын ойлайтын басшы түрінде суреттелсе, Күлтегін өз ағасы Білгеқаған кезінде әскербасы болған, оның батырлығы сол кездегі ерліктің дара үлгісі ретінде беріледі. Сол жазбалардың ішінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған шешендік сөз үлгілері мен өлең ұйкастары, мақал-мәтелдер, арнаулар мен жоқтаулар молынан кездеседі. Мысалы: «Көрур көзум көрмес тег бопты, білер білігім білмес тег бопты, «Түн қатып» деген сияқты қолданыстар аздаған дыбыстық ерекшеліктері болмаса, күні бүгінге дейін тілімізде сол күйінде қолданылып келеді.

Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тонына, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жыраулардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данағой білімдарияры өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсірді.

Орталық Азия мен Қазақстан жерлерінен табылып жатқан руникалық түркі жазбалары Орхон таңбаларынан өзіндік ерекшелігімен дараланады.

Мұнда Орхон немесе Енисей өзендері аңғарларынан табылған, жазулардағы барлық таңбалардан бөлек өзгеше жазылған көне әріптер кездеседі. Мұның өзі түркі жазуы жүйесінің ертеден қалыптасқан, жүйелі әліппе, жазу мәдениетіміздің тереңде екенін аңғартады.

Ежелгі түркі туралы Орхон материалдарынан басқа да табылған археологиялық материалдар баршылық. Бұл материалдарды оқып білу әлі күнге дейін кешуілдеп, нақты тарихи деректерді көрсететін мәліметтердің көбінен әлі басы ашылмай келеді. Оған мына жағдай да себеп болды.

X ғасырда исламды уағыздаушылар өздерінің исламға дейінгі жазбаларына қарсы шығып, бұрын жасалған түркі мәдениетін ислам дініне құран етті-құбыжыққа айналдырды, ақыры ұмыт болды. Бұл саясат кеңес үкіметі, кезінде де толастамады. «Пантюркизм» деген желеумен Түркі мәдениеті қуғындалды. Ол саясат тіпті қазір де ұшырасады. Мысалы, Мәскеуден шығатын «Молодая гвардия» журналының (1990-№12, №-256 бетінде) жамбылдық А.Хмелов Қазақстандағы тіл саясаты туралы сынаржақ пікір айтты: «Мектеп, техникум, жоғары оқу орындарында бұл тілді (қазақ тілін) қалаңыз, қаламаңыз зорлап оқытады» деп жазды. «Өзімнің сұлу орыс тілім тұрғанда, қазақ тілінің не керегі бар?» деп қана қоймай, жалған айтып, «қазақ, қырғыз тәрізді көшпелі халықта жазу, сызу атымен болмаған» - деп бұл халықтарды кемсітеді. «Қарап отырсам, өзбек, қырғыз, қазақтардың әрпінің бәрі орыстардан алынған. Ендеше ондай тілді үйретудің не мәнісі бар, - деп қорытады [4].

Көшпенділер өз тарихын VI ғасыр да Орхон-Енисей бойындағы қабырға ескі түркі әріптерімен ойып жазғанда, орыс халқы әлі тарих сахнасында жоқ еді. Орыс жерінде кириллицаның келіп тууына әлі 300 жылдай уақыт бар еді. Осыларды А.Хмелев мырза білсе «көшпенді халықта әріп деген қайдан болсын» деп айтпас болар ма еді.

Тасқа жазылған ескерткіштерде негізінен Түрік қағанаты, оны билеген қағандар, олардың ерлігі жайында сөз болады. «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өткен дәуірден нақты мәлімет беруге арналған тарихи деректер. «Күлтегін» жырының басты идеясы – Күлтегін батырды Түрік қағанатының құдіретті тұлғасы етіп көрсету. «Күлтегін» жырының авторы – Йоллыгтегін Түрік қағанатының күш қуаты артты, жері барынша кеңіді, ел тұрмысы түзелді. Түрік қағанаты тарихында Тоныкөк тұлғасы ерекше орын алады.

Ол Елтеріс қаған, Бөгі қаған және Білге қағандарға кеңесші болған. Тоныкөк ел қамын ойлаған ақылгөй, дана қарт. Түрік қағанатына төрт жағынан жау қаптағанда, Тоныкөк ақыл-кеңесімен де, тапқыр сөзімен де, батырлық істерімен де қағандарға көмектесіп отырады. Орхон жазба жәдігерліктері ішінде «Тоныкөк» жыры ерекше орын алады. Бұл жырдың авторы бөлек, оны Тоныкөктің өзі жазған деген болжам бар. Екіншісі – руна жазуындағы бұл жәдігерліктерді поэзиялық туындыға тән барлық белгілері бар, ежелгі түркілердің өзіндік әдеби дәстүріне негізделген көркем туынды деп таныды.

Орхон жәдігерліктерінің ерекшеліктері туралы соңғы кезге дейін өзара қарама-қайшы екі түрлі көзқарас орын ала келді. Бірі – Күлтегін және Тоны көк жәдігерліктері көркем әдебиетке, соның ішінде поэзияға ешбір қатысы жоқ, Түрік қағанатының дәлме-дәл жазылған тарихы деп қарады [5].

Орхон жазба жәдігерліктерінің ішінде «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өзінің идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, көркемдік бейнелеуі жағынан ерлік пен елдікті жырлаған қаһармандық жырларының алғашқы үлгілері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әдеби жәдігерлер: 20 томдық. –1-том. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. / Құраст. Ш.Ахметұлы, А. Әлепбекұлы, Н. Базылхан, т.б. –Алматы: Таймас, 2007. – 504 б.
2. Байелі Ф. Күлтегін жазуының рухани жанашыры. Мұра // Мәдениет. – 2009. – №3. – 59-60 б.
3. Ескеева М.Қ. Орхон ескерткіштері тіліндегі концептілер тоғысы. // Қазақстанның ғылыми әлемі. 2007. – №3-4. –10-14 б.
4. Зәкенұлы Т. Күлтегін ескерткішіндегі Қытайша мәтіннің зерттелуі. // Қазақ тарихы. – 2006. – №1. –12-15 б.
5. Молгаждаров Қ.К. Орхон ескерткішіндегі бол, ет және ер тұлғаларының қолданыс ерекшелігі. //ҚазҰУ-нің хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – №8 (116). – 139-142 б.

РЕЗЮМЕ

Орхон-Енисейские памятники являются древнейшими памятниками, расположенными в бассейнах рек Орхона и Енисея и написанными на древнетюркском языке. Надписи созданы известными тюркскими правителями Билге-каганом, Культегином и Тоньюкуком. Орхон-Енисейские письма являются древними тюркскими письменными историко-культурными памятниками. Орхон-Енисейские памятники написаны на древнетюркском языке, являющимся общим древним литературным языком для всех тюркоязычных народов и являются их общим культурным наследием.

(Нақыпбаева Б. Орхон-енисейские письменные памятники)

SUMMARY

The article is about Orkhon-Enisei inscriptions, which were written by Old Turkic alphabet and found among Orkhon and Enisei rivers. Especially mentioned about the most famous inscriptions on stones Bilge Kaghan, Kultegin, Tonykok. Orkhon-Enisei inscriptions are historical and cultural memorials of Old Turkic inscriptions. The Old Turkic heritage Orkhon inscriptions were written in Old Turkic literary language which is common for nowadays Turkic nations.

(Nakupbayeva B. Orkhan Enisei Inscriptions)

ӘОЖ 372.652 104 4: 420.1

Р.А.УРАЗБЕКОВА

АӘИУ-нің магистранты

З.Р.ТАСАНБАЕВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ
СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Тілі, ділі, мәдениеті, дүниетанымдық көзқарасы әр түрлі ағылшын және қазақ халықтарының тұрақты сөз тіркестері жан-жақты, құрылымы, ішкі форма, аялық білім, жалғаса туындаған ауыспалы мағына, концепт, лингвомәдени тұрғысынан зерттеу нәтижесінде тіл-тілге тән ортақ заңдылықтар, жалпыхалықтық рухани дүниелер, ұлттарға тән танымдық ерекшеліктер т.б. жөнінде бірқатар жаңа мағлұматтар жайында сөз етіледі.

Кілт сөздер: Қазақ тілі, ағылшын тілі, тұрақты сөз тіркес.

Тіл ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс екені баршаға белгілі. Бір тіл бір ұлтты танытады. Яғни, кез-келген халықтық ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Тіл қазынасына жататын көкейге қонымды, бейнелі, алуан түрлі тұрақты тіркестер, олардың тілдік табиғаты, заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлемдік тілдердің көпшілігінде зерттеліп келе жатқаны белгілі. Себебі, олардың шығу төркіні, көнеленуі, мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан және стильдік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар. Осы көркем, мазмұны терең, көлемі шағын-қабат тіркес, тізбектердің танымдық мәні ерекше. Уақыт өте келе ықшамдалып, өңделіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан-саналы тізбектерді жинақтап, бір ізге түсіру, олардың мазмұн мәжесіндегі кодқа салынған әр түрлі ақпараттарды айқындау тіл мамандарын ерекше қызықтырып отыр.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ертеден бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл тұрақты тіркестер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған құндылығының бірі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне

ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі етістікті фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Осыған орай ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің қалыптасуын айқындауда әр ұлттың дүниетанымын, ой-парасатын және рухани парасатымен байланысты пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді саралап, олардың тілдік қатынаста қалыптасуын негіз етіп алдық.

Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдары – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі екені даусыз.

Фразеология – «phrasis» – орам, сөйлемше «logia» – ұғым, ілім деген грек сөздерінен жасалған термин. Бұл атау негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тиянақты тұрақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімнің бір саласы дегенді, екіншіден – белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен тұтастығымен ерекшеленеді.

Соңғы жылдары халықаралық, тіларалық қатынастың дамуына байланысты құрылымы жағынан да мүлдем алшақ тілдерді салыстыра зерттеу тіл ғылымында дәстүрге айналып келе жатыр. Салыстыра зерттеу барысында екі тілдің өзіндік құрылымдық және жүйелік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалады. Сондай-ақ, тіл табиғатында осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан шет қалған кейбір құбылыстардың сыры ашылып, осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырымдар басқа қырынан зерделенуі, тілдің өзіндік сипаты айқындатуда. Әр типтес тілдердегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу де өзіндік тұңғыш сыры бар қиындығы да мол күрделі жұмыс.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуге деген құлшыныс академик І.Кенесбаевтың «Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегінен етек бастаған. Бұл құнды еңбек тек қана қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тануға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері» бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологиялық теорияның мәселесін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Қазақ тілінің фразеологизмдерін зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл еңбекті

қолданатыны айдан анық [1].

Фразеология тану ғылымында фразеологизмдердің басты белгілері, релеванттық қасиеттері ретінде үш ерекшелігі аталады:

- а) даяр қалпында жұмсалыу белгісі;
- ә) мағына тұтастығы;
- б) тіркес тиянақтылығы.

Фразеологизмдердің дайын қалпында жұмсалыу белгісі – тұрақты тіркестер қарым-қатынас процесінде, сөйлеу кезінде жасалынбайды, даяр қалпында біртұтас (бүтін, бірлік) единица ретінде жұмсалады. Фразеологиялық етістіктің бұл қасиеті оны еркін сөз тіркесімен салыстырғанда анық көрінеді. Мысалы: тамақ ішу, қолды жуу, үй тазалау және to love music, clever man, to build houses деген еркін сөз тіркестері қарым-қатынас процесінде, сөйлесу кезінде бір-бірімен емін-еркін тіркесіп айтылуынан жасалса, ас адамның арқауы, түймедейді түйедей ету, қой аузынан шөп алмас және mare's nest, small hours, husband's tea, т.б. тәріздес сөз тіркестер тіркескен күйінде, бүтін күйінде жадымызда айна қатесіз сақталады да, сөйлеу кезінде олардың сыңарлары (сөздер) сөйлеушінің қалауы бойынша тіркеспейді, бүтіннің бөлшектері тәрізді бұрыннан тіркесіп қойған қалпында, өлеңдегі қайырма тәрізді бұлжымай бір тұтас күйінде қолданылады. Мұндай қасиет тұрақты тіркестерге ғана емес, сонымен қатар лексикалық бірлік (единица) сөзге де тән. Мысалы: әдемі, жылдам, үндемеу, talk, laugh, smile деген сөзде және бұларға белгілі дәрежеде синонимдес болып келетін «үріп ауызға салғандай», «көзді ашып жұмғанша», «жұмған аузын ашпау», get a talk with, give a laugh, give a look, force a smile тәрізді фразеологизмдер дайын қалпында жұмсалыу қасиетімен сипатталады. Мысалы, қазақ-ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерді салыстырсақ:

- kill two birds with one stone- екі қоянды бір оқпен өлтіру;
- cat and dog life- ит пен мысықтай өмір;
- to pick up one's ear- құлақ түру;
- to abound in courage - жүрек жұтқан болу;
- to meet adversities with - бәлеге шалдығу, қырсыққа іліну;
- to take advantage of something – бірдеңенің пайдасын көру;
- justify somebody's confidence - біреудің сенімін ақтау;
- talk nonsense, talk rubbish, talk rot – аузына түскенін оқтай;
- take revenge, to cook one's goose – алдына келтіру;
- to judge by appearances – сыртына қарап тон пішу;
- aggress against a country - баса көктеп кіру;
- to go ape (over, for) - торығу (күйзелу) [2].

Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі бір жүйемен орналасқан. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажырамай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөзбен алмастыруға я болмаса, тұрақты орын тәртібін өзгертуге келмейді.

Мәселен, мұрнын көкке көтерді дегеннің орнына қолын көкке көтерді десек, мән-мағынасын мүлде өзгертіп жібереді, тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді. Ал көк сөзін оның синонимі аспан деген сөзбен алмастырсақ (мұрнын аспанға көтерді), мағына тұтастағы онша бұзылмағанмен стильдік мәні солғындап, үйлесімі кемиді, құлаққа жағымды тимейді. Көтерген деген етістікті көтермеді, көтеріп тұр, көтермекші деп өзгерте беруге көнбейді. Тек өзінің сіресіп қалыптасқан қалпында қодануды талап етеді [3].

Сондай-ақ red tape, kick the bucket деген тұрақты тіркес құрамындағы red, kick деген сөздердің орнына blue, give немесе tare, the bucket дегеннің орнына radio, the ball деген сөздер қолданылмайды: егер бұлай етіп өзгертсек, олар тұрақты тіркес болудан қалады, немесе тіптен мағынасыз, түсініксіз, кей жағдайда сөз тіркесі болып мағына тұтастығынан айырылып қалады. Н.М.Шанский сөздің морфемалық құрамының тұрақтылық сипаты қалай болса, фразеологизмнің құрамынан және сыңарынан (компоненттерінің) орын тәртібінің тұрақтылық сипаты да сондай деп есептейді. Кейде тұрақты тіркес құрамындағы бір сөздің әр түрлі тұлғасынан әлденеше фразеологизмдер жасала берілуі де мүмкін [4, 72 б.]. Мысалы: жамбасы жерге тигенше (өле өлгенше), жамбасы жерге тиді (өлді, жер тастады), жамбасы жерге тимеген (ешкімнен жығылып көрмеген күшті). Кей ретте жалғыз дыбыстың бір өзі-ақ тұрақты тіркестің мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді.

Бұл жағынан қарағанда фразеологизмдердің орын тәртібінің тұрақтылығы сөздің морфемалық құрамының тұрақтылық сипатымен бірдей деп есептеуге болады. Жоғарыда аталған үш түрлі белгі (тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық) арқылы фразеологизмдер тілдің өзге категориясынан оқшауланып, өзіндік бітім бейнесімен өмір сүрді.

Фразеологизмдердің түрлері - фразеологизмге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірімен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы, біреуінен ап-айқын көрінсе, екіншісінен көмескі, үшіншісінен өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді түр-түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірінен саналады.

Зерттеушілердің бір тобы тұрақты тіркестердің біртұтас мағынасы мен солардың құрамындағы сыңарлардың ара қатынасына қарай жіктеп бөлсе, екіншілері құрылым-құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырады.

Сонымен, қазақ тілі фразеологизмдеріне терең, әрі жан-жақты сипаттама жасаған және болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар берген І.Кеңесбаев фразеологизмдердің үш басты белгісіне (тұлға тұрақтылығы, мағына тұтастығы, қолдану тиянақтылығы) сүйене отырып ең негізгі үлкен екі топқа бөледі [5]:

1. фразеологиялық тұтастық;
2. фразеологиялық тіркес.

Бұл еңбектерде фразеологизмдердің негізгі белгілері анықталып, оларды семантикалық және грамматикалық тұрғыдан талдап топтастыру қаралады.

К.Аханов қазақ тілі фразеологизмдерін В.В.Виноградов классификациясына сүйене отырып, семантикалық тұрғыдан:

1. фразеологиялық тұтастық;
2. фразеологиялық бірлік;
3. фразеологиялық тізбек;
4. фразеологиялық сөйлемше деп топтастырады [6, 60 б.].

К.Аханов: «Фразеологиялық тұтастық деп бөлініп ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сынарладың мағынасымен мүлдем байланыспайтын, әбден бітісіп, тұтысып кеткен томаға тұйық тіркестерді айтамыз» – дейді. Мәселен, *мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді* дегеннен қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады дегенді немесе ағылшын тілінде: *to let the cat out of the bag* дегеннен сыр шашу, немесе аңдамай сөйлеу дегенді түсінеміз [6, 458 б.].

Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық бірлікке К.Аханов мынандай анықтама береді: «Мағынасы жағынан ажыратылмай, тұтасымен бір бүтін мағынаны білдіретін, бірақ сөз тіркестерінің бір бүтін мағынасы лексикалық сынарлардың мағыналарының бірігіп тұтасуынан тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері». Бұлардың лексикалық мағынасы толық сақталған сөздерден бірігіп, тіркестің бүтін мағынасы сөз тізбегінің мағынасымен астарлас, образды, астарлы болады. Мәселен, *ескі жараның аузын ашты* дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Ал ағылшын тілінде: *to give a person a blacklook* – ашулы немесе ала көзбен қарау. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына, сөз жоқ, ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған [7].

Кейде фразеологиялық тұтастық пен арасында айырмашылық байқалмай тұратын фразеологизмдер бар. Мұндағы ескертетін нәрсе тұрақты тіркес мағынаның тек көнелуіне байланысты түсіну керек. Мысалы: *ит басына іркіт төгілу* – «ағыл-тегіл, молшылық». Сырт тұлғасы жағынан фразеологиялық бірлікке ұқсас, мағынасының тым көмескіленуінен фразеологиялық тұтастыққа да ұқсас. Жалпы алғанда фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктер сөздерге жанамалық қатыста жұмсалыуына орай, көбіне бір топқа біріге береді. Мәселен, орыс тіл білімінде мұндай құбылысты Н.Шанский *идиомалар* немесе *орамдар* деп атайды. Қазақ тілінде де фразеологияның бұл екі тобы бір-біріне өте жуық тұрақты сөз тіркесі деп қарастырады. Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктер фразеологиялық тізбектерден семантикалық табиғаты мен құрылымы жағынан өзгелешеленеді [4, 85 б.].

Фразеологиялық тізбектер - мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып, тіркесу тұрғысынан орнығып тұйықталған сөз тіркестері болып табылады. Тілде сөздердің тіркесу қабілеті бірдей десем, қайсы бірі кез келген сөзбен тіркесіп, белгілі бір ұғымды білдіруге бейім болса, енді бірі аз ғана сөздермен одақтасып, сонымен ғана тіркеседі. Тұрақты сөз

тіркестерін сөздер тобы ғана жасайды. Кез келген сөз тұрақты сөз тіркестерін жасай алмайды. Мысалы: *бота көз, қоян жүрек, тоң мойын, жел аяқ*, т.б. Ағылшын тілінде: *white crow, a bosom friend*, т.б.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынадағы сөз сан алуан сөздермен тіркесіп жұмсалыу қабілеті болса, фразеологиялық туында мағынадағы сөз бірді екілі сөзбен ғана шектеліп қолданылады. Мысалы: *көк бет, қысыр көз* деген фразеологиялық тізбектің құрамындағы бет (жалпы бет, сопақ бет) сөз (аз сөз, бұрыс сөз, көп сөз) деген қыруар сөздермен тіркесіп қолданыла берсе, фразеологиялық мағынадағы көк сөзі бет сөзімен, сөз қысыр сөзімен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық тізбектің сыңарларының бастапқы мағынасы онша ашық та айқын болғанымен, солғын тартып сезіліп тұрады. Мысалы: *көз ұшында, көз жеткісіз, көзін тырнап ашқалы, көзі тірісінде*, т.б.

Қорыға келе, халықтық сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс тарихын бейнелейтін фразеологизмдерді оқып танымайынша, тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Халықаралық және тіларалық қатынастар дамыған осы кезеңде шет тілін ана тілімізбен салыстыра зерттеу тіл білімінің әрбір саласы үшін маңызы айрықша.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 632 б.
2. *Смағұлова Г.* Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 420 б.
3. *Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Г.* Қазіргі қазақ тілінің лексикалогиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 187 б.
4. *Шанский Н.М.* Фразеология современного русского языка. 3-е изд. – Москва: Высшая школа, 1985. – 462 б.
5. *Кеңесбаев І.* Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1954. – 706 б.
6. *Аханов Қ.* Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1969. – 416 б.
7. *Аманжолов С.* Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 624 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются об оснований фразеологических единиц в английском и казахском языках. Фразеологизмы конкретизируют и дают образно-эмоциональную оценку предметам, явлениям, действиям, качествам, уже названным в языке.

(Уразбекова Р.А., Тасанбаева З.Р. Основание фразеологических единиц казахского и английского языков)

SUMMARY

This article deals with the base of phrasiological meaning of English and Kazakh languages. Idioms specify and provide image-emotional evaluation subjects, events, actions, qualities, already mentioned in the language.

(Urazbekova R.A., Tasanbayeva Z.R. Formation of Phraseological Units in the Kazakh and English Languages)

ÜOS 417.01: 405

E.HİSARCIKLILAR

Arş. Gör. Atatürk Üniversitesi

O.SEVİM

Arş. Gör. Atatürk Üniversitesi

KÜLTİĞİN YAZITI'NDAKİ BAZI İFADELERİN GÖRÜNTÜ DÜZEYLERİ

VIII yüzyıl eseri olan Orhun Yazıtları bir devlet yöneticisinin milletine karşı sorumluluklarını, milletin de birlik ve bütünlük için üzerine düşen görevleri anlatması bakımından dikkat önemli bir eserdir. Bu çalışmada Bilge Kağan'ın Kültiğin Yazıtı'ndaki sözleri, var olan anlam tabakaları da göz önünde bulundurularak incelenmiştir.

Anahtar Kelimeler: Orhun Yazıtları, İfadelerin Görüntü Düzeyi.


Toplumsal kişilik, aynı kültür içerisindeki insanları birbirinden ayıran bireysel niteliklerin tersine, aynı kültürün birçok üyesince paylaşılan kişilik yapısını anlatır [1]. İnsan toplumsal bir varlıktır ve bu yüzden toplumsallık, insanlar arasında kurulmuş ortak bir yapıyı gerektirir. Bu yapı içerisinde bütün işler paylaşılmıştır; hiçbir şey ve hiç kimse diğerleri olmadan var olamaz. Bu yapıda ancak sorumluluk alan yaşamaya devam eder [2]. Sorumluluk alma bilinci bireyde olması gerektiği ölçüde var olduğu zaman, sağlıklı ve düzenli bir toplum olma yolunda atılması gereken adımların çoğu atılmış demektir. Aynı ölçüt, toplumu yönetmekle görevli olan liderler için de geçerlidir. Lider, toplumun ilerlemesi için gereken çabayı gösterdiği, vatandaşlarının ihtiyaç duyduğu güven ortamını, ülkesinin ve vatandaşlarının refahını sağladığı ölçüde milleti tarafından kabul görür.

Bu bağlamda düşünüldüğünde İkinci Göktürk Devleti'nin hakani Bilge Kağan'ın, kendi toplumunu inşa ederken işe öncelikle en yakınından başladığı ve çalışmalarını en uzak boyuna kadar devam ettirdiği görülür. Nitekim Bilge Kağan'ın Kültiğin Yazıtı'ndaki şu cümleleri onun merkezden çevreye, özelden genele ve tümevarımcı bir anlayışa sahip olduğunun en açık göstergelerinden biridir:

“Tanrı gibi gökte olmuş Türk Bilge Kağanı, bu zamanda oturdum. Sözüümü tamamiyle işit. Bilhassa küçük kardeş yeğenim, oğlum, bütün soyum, milletim, güneydeki Şadpıt beyleri, kuzeydeki Tarkat, buyruk beyleri, Otuz Tatar....” [3,3 s.]

Cümlede görüldüğü üzere Bilge Kağan, halkına yönelik nutkunda önce en yakınından yani yeğeninden ve oğlundan başlamış, bütün soyuyla devam etmiş ve en sonunda Türk milletini oluşturan diğer Türk beylerine seslenmiştir. Bilge Kağan'ın bu seslenişinin görüntü düzeyi Şekil 1'de gösterilmiştir:

1-Şekil. Kültigin Yazıtı'nda Tümevarımcı Anlayış



Bilge Kağan'ın bu sözleri Türk kültüründe aile kavramının önemini de vurgulamaktadır. Şekil 1 incelendiğinde yeğen ve oğul aslında toplumun en küçük yapı taşı olan ailedir. Aile toplumun temelidir. Nasıl ki bir binanın uzun yıllar sağlam bir şekilde ayakta kalabilmesini temelinin sağlamlığı belirliyorsa aynı şekilde bir milletin ya da devletin asırlarca varlığını devam ettirebilmesini de aile kurumunun sağlamlığı belirler. Bunda da millî ve manevi değerlerin toplumu oluşturan bireyler tarafından tam olarak özümsemesi etkilidir.

Nihal Atsız [4], bir milletin kağanlanıp devlet kurmak için yeniden ayaklanışını övülmeye değer bir hadise olarak görmekte, yazıtta bundan gayet tabii bir hadise olarak bahsedilmesini Türk ruhunun ferdiyetçi değil, cemiyetçi oluşuna bağlamaktadır. Ferdiyetçilik bir milleti bölünmeye, cemiyetçilik ise bir arada tutmaya yarayan unsurdur. Bu yazıtta da Türk devletlerinin başındaki kağanların milleti bir arada tutmak için verdikleri mücadeleleri görmekteyiz. Bir devleti iç ve dış tehditlerden korumak için öncelikle yapılması gerekenin milletin birlik ve bütünlük içerisinde hareket etmesini sağlamak olduğu anlaşılmaktadır.

Türk hükümdarlarının milletin babası olmak sıfatı ile onun hesabına çalışmayı millî ve dinî bir vazife saydıklarını görmekteyiz [5]. Bilge Kağan'ın:

Türk milletinin adı sanı yok olmasın diye, babam kağanı, annem hatunu yükseltmiş olan Tanrı, il veren Tanrı, Türk milletinin adı sanı yok olmasın diye, kendimi o Tanrı kağan oturttu tabii. Varlıklı, zengin millet üzerine oturdum. İşte aşsız, dışta elbisesiz; düşkün, perişan milletin üzerine oturdum. Küçük kardeşim Kültigin ile konuştuk. Babamızın, amcamızın kazanmış olduğu milletin adı sanı yok olmasın diye, Türk milleti için gece uyumadım, gündüz oturdum [3, 17-19 s.].

sözlerinden milleti koruma, onlara huzurlu bir yaşam alanı sağlama görevinin öncelikle hükümdara düştüğü anlaşılmaktadır. Bilge Kağan'ın bu sözleri aynı zamanda bir devlet başkanında bulunması gereken özellikleri de yansıtmaktadır.

Bilge Kağan içte ve dışta zengin, güçlü bir devletin başına geçmemiş; aksine çok zor bir durumda olan, yok olma tehlikesi yaşayan bir devleti yönetme görevini üstlenmiştir. Bilge Kağan, geçmişe dönük olarak bir durum tespiti yapmakta, o zamanki şartların vahametini halkının gözleri önüne sermektedir. Özellikle onun dikkatleri bu noktaya çekmek istemesindeki amaç, devleti ve milleti için gerçekleştirdiği faaliyetlerin büyüklüğünü halkına göstermek ve hissettirmektir.

Yıllar sonra tarih tekerrür etmiş, iç ve dış saldırılarla Türk adı bir kez daha tarih sahnesinden silinme tehlikesiyle karşı karşıya kalmış, bu büyük buhranda Türk milleti Göktürkler zamanında olduğu gibi kendi içinden ileri görüşlü ve cesur bir lider çıkarabilmeyi başarmıştır. Göktürklerin yeniden dirilişi ile Türkiye Cumhuriyeti'nin doğuşunu birbiriyle benzer kılan sebepler, Mustafa Kemal Atatürk'ün Nutuk'taki şu sözlerinden çıkarılabilir:


“Farkında olmadığı hâlde, başsız kalmış olan millet, karanlıklar ve belirsizlikler içinde olup bitecekleri beklemekte, felâketin dehşet ve ağırlığını kavramaya başlayanlar, buldukları çevreye ve alabildikleri etkilere göre kendilerince kurtuluş çaresi saydıkları tedbirlere başvurmakta...” [6].

Hür ve müstakil olarak yaşama ve dünyaya hâkim olma iradesi, Türklerin en belirgin özelliğidir [7]. Türkler, bağımsızlıklarının ellerinden alındığı günü kıyamet olarak kabul etmişlerdir. Başka bir deyişle Türkler için Türk töresi ve devleti ancak kıyametin kopuşuyla ortadan kalkabilir. Böyle bir çıkarıma ise Kültigin Yazıtı’ndaki şu ifadelerden ulaşılabilir:

“Türk, Oğuz beyleri, milleti, işitin: Üstte gök basmasa, altta yer delinmese, Türk milleti ilini töreni kim bozabilecekti?” [3,17 s.]

Bilge Kağan’ın bu sözleri, o dönemdeki Türklerin kıyamet algısının belirgin bir dışavurumudur. Türk milleti için kıyamet, bağımsızlıklarının ellerinden alınması ve Türk adının yok olmasıyla eş değerdir. Kuran-ı Kerim’de geçen kıyametle ilgili ayetler incelendiğinde, yazıttaki kıyamet tablosuna benzer bir tabloyla karşılaşırız:

2-Şekil. Kültigin Yazıtı ile Kuran-ı Kerim’deki Kıyamet Tasvirlerinin Görüntü Düzeyleri



İşbara Kağan döneminde ikiye ayrılarak zayıflayan I. Göktürk devleti Çin esaretine düşmüş; İltiş Kağan’ın Çin’e karşı verdiği bağımsızlık mücadelesi sonunda yeniden kurulmuştur [8]. İltiş Kağan’dan sonra II. Göktürk Devleti’nin yönetimini devralan Bilge Kağan ve Kültigin döneminde ise Göktürkler en parlak dönemlerini yaşamışlardır. Bilge Kağan, kardeşi Kültigin ile birlikte dağılan devleti toparlamış, aç olan milleti doyurmuş ve zengin kılmayı başarmıştır. Tüm bu gelişmelerden sonra sözünü taşın üzerine kazıtarak ebedi kalmak isteyen Bilge Kağan’ın “Türk, Oğuz beyleri, milleti, işitin: Üstte gök basmasa, altta yer delinmese, Türk milleti ilini töreni kim bozabilecekti?” sözü şekil 2’de olduğu gibi incelendiğinde Kuran’daki kıyamet tasviriyle benzer özellikler taşıdığı söylenebilir. Aşağıda Kuran’dan kıyametle ilgili alınan ayetlere bakıldığında bu benzerlik daha çarpıcı bir şekilde dikkati çekmektedir.

“Tek bir nefhâ ile sûra üfürüldüğü zaman, toprak (yer) ve dağlar kaldırılıp herşey dümdüz olduğu zaman (veya, çarpıldıklarında), işte gerçekleşecek kıyamet, o gün olacak. Gök yarıılır. O gün, zayıf ve sarkıktır.” [9, 13-16 s.]

“O gün, kitap tomarlarını dürer gibi göğü düreriz. İlk sefer yarattığımız gibi,

yeniden yaratırız. Bu, üzerimize aldığımız bir vaaddir. Şüphesiz onu yerine getireceğiz.” [9, 104 s.]

Bu ayetlerde geçen ifadeler -özellikle toprağın ve dağların yerinden oynaması, göğün yarılması ve dürülmesi ifadeleri- yazıttaki “*Üstte gök basmasa, altta yer delinmese*” ifadesine anlam bakımından gösterdiği yakınlık dikkat çekmektedir.

Cumhuriyet dönemi şairlerimizden Behçet Necatigil, “Türklük Atatürk” adlı şiirinde, yazıttaki “*Üstte gök basmasa, altta yer delinmese, Türk milleti ilini töreni kim bozabilecekti?*” ifadesine modern şiir vasıtasıyla şu şekilde göndermede bulunmuştur:

O’ ydu Mete’lerde, Oğuz Kağan’larda

*O’ ydu Orhun Yazıtları’ndaki destan
O’ ydu doludizgin şanlı ilgarlarda
O kurtardı bizi her mutsuz çağda
Karşısında onu buldu her düşman.*

*Çökmedikçe üstümüzde mavi gök
Göçmedikçe altımızda yağız yer,
Durdukça evren uzar gider uzayda
Türklük,
Atatürk [10].*

Necatigil, bu şiirinde Atatürk’ü Orhun Yazıtları’ndan, Mete Han’dan, Oğuz Kağan’dan gelen Türklük ruhunun ölümsüz kahramanı olarak görmektedir [11]. Ayrıca mavi gök çökmedikçe ve yağız yer göçmedikçe Türklüğün sona ermeyeceğini ve Atatürk’ün unutulmayacağını söylemektedir.

Türk milletinin millî kültüre verdiği ehemmiyet, Bilge Kağan’ın sözlerinden de anlaşılmaktadır. Bozkır hayat şartlarını devam ettirmek, Türk yaşayışına elverişli bölgeleri el altında tutmak, il dâhilinde idari birliği korumak, askerî gücü daima zinde bulundurmak, törenin sürekli geçerliğini sağlamak, Türk kültürünü yozlaştırabilecek dış etkilere karşı hassas davranmak siyaseti, eski Türk ilinde dikkat çeken hususlardan bazılarıdır [12]. Türk hükümdarlarının ve beylerinin bu siyaseti gütmeleri, onların devletin ve milletin bütünlüğünü koruma görevlerinin gereklilikleridir. Bu bağlamda Bilge Kağan’ın yazıtlarda sıklıkla milletini uyardığı görülmektedir. Bilge Kağan Türk milletini uyarırken farklı üslup özelliklerine de başvurmuştur. Bunlardan biri, geçmişe bakarak hâlde yaşanan olaylar hakkında sert, keskin ve kesin ifadeler kullanmaktır. Kültigin Yazıt’ından alınan aşağıdaki bölüm bu sert ve kesin üslup özelliğine güzel bir örnek teşkil etmektedir:

“Çin milletinin sözü tatlı, ipek kumaşı yumuşak imiş. Tatlı sözle, yumuşak ipek kumaşla aldatıp uzak milleti öylece yaklaştırmış. Yaklaştırap, konduktan sonra, kötü şeyleri o zaman düşünürmüş. İyi bilgili insanı, iyi cesur insanı yürütmezmiş. Bir insan yanılrsa, kabilesi, milleti, akrabasına kadar barındırmazmış. Tatlı sözüne, yumuşak ipek kumaşına aldanıp çok çok, Türk milleti, öldün; Türk milleti, öleceksin!” [3,5 s.]

Bilge Kağan bu sözleriyle uyanık olmayıp, dış güçlerin oyunlarına kanan Türk milletinin her an yok olma tehlikesi yaşayacağını belirtmektedir. Bilge Kağan’ın “*Öldün*” ve “*Öleceksin*” uyarıları ise hâlde yaşananların gelecekte de yaşanma olasılığının bir ifadesi olarak değerlendirilebilir. Aslında Bilge Kağan’ı ebediyete taşıyan özelliklerin milletini iyi tanınması, olayları iyi çözümlemesi, yerinde ve isabetli tahminlerde bulunması, ileri görüşlülüğü gibi yetenekleri olduğu söylenebilir. Bilge

Kağan'ın, milletini Çin olgusuna karşı uyarması ise tarihin çeşitli dönemlerinde farklı isimler ve görünümde olsa bile Türk milletinin her zaman önünde buna benzer tehlikelerin yer aldığına ve alacağına işaret eder. Aslında Türk töresini veya devletini yenen, bölen, parçalayan Çin olgusu değildir; Çin olgusunun başarıya ulaşması için fırsatlar sunan Türk milletinin bazı zaafıdır. Bilge Kağan, Çin'den korkulması ve çekinilmesi gerektiğini söylerken daha geniş bir anlam dünyasına göndermede bulunmuştur. Bu uyarının köklerine inildiği zaman Bilge Kağan'ın Türk milletini zaafı hususunda uyararak istediği anlaşılmalıdır. Yani Bilge Kağan'ın hareket noktası Çin olgusu değil, Türk milletinin kötü sayılabilecek hasletleridir. Zira Bilge Kağan'a göre Türk milleti bu kötü özellikleri neticesinde töresinden ve devletinden olmuştur. Bunlardan vazgeçmediği müddetçe de yok olma tehlikesiyle her zaman karşı karşıya kalacaktır.

Bilge Kağan, bir milletin, liderine olan bağlılığının, devletin varlığını, birlik ve bütünlüğünü nasıl etkilediğini şöyle anlatır: “Çin milletine beylik erkek evladı kul oldu, hanımlık kız evladı cariye oldu. Türk Beyler Türk adını bıraktı. Çinli Beyler Çin adını tutup, Çin kağanına itaat etmiş” [3, 11 s.]. Çin kağanının sözünü dinleyen Çin beyleri sayesinde milletleri dağılmaktan kurtulmuştur. Buna karşılık Türk beyleri kağanlarının sözünü dikkate almadıkları için Türk milleti yok olma tehlikesiyle karşı karşıya gelmiştir. Devlet yöneticisinin, milletinin menfaati için aldığı kararları yerine getirmenin ve birlik olarak hareket etmenin önemi Bilge Kağan'ın bu sözlerinden de anlaşılmalıdır.

Bir millet ne zaman ki düzen ve disiplinini kaybederse, felaketler de peş peşe devletin arkasından gelmektedir: “Türk milleti, vazgeç, pişman ol! Disiplinsizliğinden dolayı, beslemiş olan bilgili kağanınla, hür ve müstakil iyi iline karşı kendin hata ettin, kötü hâle soktun.” [3, 17 s.]. Disiplin, bir arada yaşama gayretinin olmazsa olmaz unsurlardandır. Devlet içerisinde kuralların düzenli bir şekilde işleyişi ve bunun sonucunda da toplumun huzur içerisinde yaşayışı ancak buna bağlıdır. Bir milletin düzenini ve disiplinini sağlamada en önemli görev, devletin başında bulunan idareciye düşmektedir. Türk milleti ne zaman ki disiplinini kaybetmiş ve birlikte hareket etmemişse, o zaman bağımsızlığını tehlikeye düşürmüştür. Orhun Yazıtları'nda da Bilge Kağan'ın, milletinin başına gelen felaketleri ortadan kaldırmak için geçmişte atalarıyla ve Türk beyleriyle birlikte verdiği mücadeleyi görmekteyiz.

Önemli bilim adamlarımızdan Dilaver Cebeci, Anadolu Türklüğünün Türk dili ve İslam dini etrafında halkalanmış, ortak bir tarihi olan homojen bir bütün olduğunu söyler. Ayrıca millet olarak zaaflarımızı da belirtir ve Türk aydınlarının, erdemlerimizle beraber millî zaaflarımızı da iyi bilmeleri gerektiğini ifade eder: “Türk milletinin ecnebiye meraklı, kültürlere ve iklimlere kolay uyan, asimile edilmeye müsait, kendine fazla güven sebebi ile yabancılaşmaya karşı tedbir alamayan, devlet kuran fakat bir müddet sonra onun idaresini elle kaptıran, tehlike büyüyüp dağıluncaya kadar seyreden karakteri bulunduğunu ona sık sık hatırlatmalıdırlar.” [13] Orhun Abideleri'nde de Türk milletinin dış güçlerin oyunlarına aldandığı, disiplinini kaybettiği, kendi kültürü başka kültürlerin etkisinde kaldığı vakit, parçalanma tehlikesiyle karşı karşıya kaldığı ifade edilmektedir: “Beyleri, milleti ahenksiz olduğu için, Çin milleti hilekâr ve sahtekâr olduğu için, küçük kardeş ve büyük kardeşi birbirine düşürdüğü için, bey ve milleti karşılıklı çekiştirdiği için, Türk milleti il

yaptığı ilini elden çıkarmış, kağan yaptığı kağanını kaybedivermiş.” [3, 11 s.]. Burada aynı zamanda da düşman devletlerin birbirine karşı kullandığı, ülke içerisinde karışıklık çıkarıp, yöneticileri birbirine karşı kışkırtarak devleti bölünmeye doğru sürüklemek gibi bir siyaset sergilediklerinin de farkına varıyoruz. Dolayısıyla millet dış güçlerin vatan toprağı üzerindeki oyunlarına karşı dikkatli olmak hususunda, özellikle devletin başındakiler tarafından tedbirli olmaya teşvik edilmeli ve milletin her zaman uyanık olması sağlanmalıdır.

Ünlü düşünür Jung, tüm kitle hareketlerinin, büyük sayılardaki kalabalıkların oluşturduğu düzlemde aşağı kolay kaydıklarını söylemektedir:

Kalabalığın olduğu yerde güvenlik vardır; çoğunluğun inandığı şey tabii ki doğru olmalıdır; çoğunluğun istediği şey peşinden gitmeye değer, gerekli ve dolayısıyla iyi olmalıdır [14].

Jung kalabalığın çıkarttığı gürültüde istekleri kaba kuvvetle elde etme gücünün yattığını düşünür. Ancak hesap dengesi daha üst politik ve sosyal otoriteye bırakılmıştır. Yazıtta da görüldüğü üzere Türk milleti kağanlarının sözlerine uymayıp, kendi fikrine göre hareket ettiği zaman dış güçlerin oyununa gelmiş, bir bakıma kendi sonunu elleriyle hazırlamıştır. Burada siyasi otoriteyi temsil eden kağanla milletin ortak hareket etmesinin ne derecede öneme sahip olduğu açıkça görülmektedir.

Tarih şuuru, milleti oluşturan insanların kendi tarihleri hakkındaki düşünceleridir. “Bu düşünce bazen gerçek tarihe uygun olabilir, bazen olmayabilir. Fakat millet fertlerinin millî şuur sahibi olmaları gerçek tarih ortaklığından daha çok bu tarih şuurunun herkeste veya büyük çoğunlukta bulunmasına bağlıdır” [15]. Bu sebeple tarih şuuru tarih birliğinden ve eskiliğinden daha önemlidir. Bu sebeple Türk milleti tarihini Orhun Kitabeleri ve onun gibi yazılı belgelerden öğrenerek, geçmişte milletin başından geçen tehlikeleri görmeli, Bilge Kağan’ın sözlerinin o gün olduğu gibi hâlihazırda da geçerli olduğunu aklından çıkarmamalı ve bu tehlikelere karşı her zaman ve her hâlükarda uyanık olmalıdır. Bu da ancak milleti oluşturan bireylerdeki tarih şuurunun sağlam bir şekilde inşa edilmesine bağlıdır.

Türk adının geçtiği ilk tarihî belge olan Orhun Yazıtları, bir devlet adamının, milletine karşı sorumluluklarını ve bir milletin de atalarından devraldığı vatanına karşı sorumluluklarını, tarihte Türk milletinin başından geçen olayları da misal göstererek anlatması bakımından dikkatle incelenmesi gereken bir metindir. Kültigin Yazıtı bu dikkatle incelendiğinde, Bilge Kağan’ın, milletine karşı yükümlülüklerinin farkında olan bir devlet adamı olarak, Türk milletinin, başlarına gelen felaketlerden nasıl ders alması gerektiğini, çeşitli nasihatlerle dile getirdiğini görüyoruz. Türk milleti ne zaman ki başındaki devlet büyüklerinin sözünden çıkıp, disiplinini kaybederse; o zaman düşmanın sözüne kanıp parçalanma tehlikesiyle karşı karşıya kalmaktadır. Parçalanmanın diğer bir mühim sebebi de millî kültürünün başka kültürlerin tesiri altında kalmasına göz yummasıdır. Ayrıca, Kuran’daki bazı ayetlerle Bilge Kağan’ın bazı sözleri arasında benzerlikler bulunması, o dönemde henüz Müslüman olmamış ancak Gök Tanrı inancına sahip olan Türk milletinin İslami inanç ve kaidelere hiç de yabancı olmadığını bir göstergesidir. Bu söylemler arasındaki benzerlikler Türk milletinin dünya görüşüyle İslami yaşam tarzının örtüştüğünü göstermektedir. Bu durum neticesinde Türk milleti İslam dinini kabul etmede sosyolojik, kültürel ve dinî açılardan herhangi bir sıkıntı yaşamamıştır.

КАЙНАҚҒА

1. *Fromm E.* Сағлықлы Toplum çev. Yurdanur Salman-Zeynep Tanrıseven. –İstanbul: Payel Yayınevi, 2006. –4. Baskı. – S. 81.
2. *Karakaya T.* Jean-Paul Sartre ve Varoluşçuluk. –Ankara: Elis Yayınları, 2004. –S. 95.
3. *Ergin M.* Orhun Abideleri-İnceleme. –İstanbul: Boğaziçi Yayınları, 2011. –45. baskı. –S. 3, 5, 11, 17, 19.
4. *Atsız H. N.* Türk Edebiyatı Tarihi, İrfan Yayınevi. –İstanbul, 1997. –S. 122.
5. *Turan O.* Türk Cihân Hâkimiyeti Mefkûresi Tarihi. –İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2003. –14. baskı. –S. 122.
6. *Atatürk M.K.* Nutuk, Mavi Yelken Yayıncılık. –İstanbul, 2005. –S. 26.
7. *Kaplan M.* Kültür ve Dil. –İstanbul: Dergâh Yayınları, 2007, 23. baskı. –S. 35.
8. *Güven İ.* (editör), Uygurlık tarihi. –Ankara: Pegem Akademi Yayınları, 2010. –3. baskı. –S. 252.
9. *Yazır E.H.* Kurân-ı Kerim metinsiz meali. –İstanbul: Kardelen Yayınevi, 2008.
10. *Tanyeri A., Yavuz H.* Behçet Necatigil Şiirler. –İstanbul: Yapı Kredi Yayınları, 2009. –4. baskı. –S. 196.
11. *Tarım R.* Kültür Dil, Kimlik Behçet Necatigil'in Şiir Dünyası. –İstanbul: Özgür Yayınları, 2004. –2. baskı. –S.127.
12. *Kafesoğlu İ.* Türk Millî Kültürü. –İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2005. –26. baskı. –S. 280.
13. *Cebeci D.* Türk'e Dair. –İstanbul: Bilgeoğuz Yayınları, 2009. –S. 22-23.
14. *Jung C.G.* Keşfedilmemiş Benlik, çev. Barış İlhan-Canan Ener Silay, Barış İlhan Yayınevi, 2010. –2. baskı. –S.76-77.
15. *Güngör E.* Kültür Değişmesi ve Milliyetçilik. –İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2010. –16. basım. –S. 79.

ТҮЙІНДЕМЕ

VIII ғасырдың туындысы болып саналатын Орхон жазбалары бір ел билеушісінің ұлтына деген жауапкершілігін, ұлттық бірлік пен ынтымақ жолында көрсеткен қайсарлығын айтып жеткізген шығармалардың бірі. Бұл мақалада Білге Қағанның Күлтегін жазбаларындағы сөздері осы күнге дейін жеткен мағыналары ескеріле отырып зерттелген.

(Хисаржыклылар Е., Севим О. Күлтегін жазбаларындағы кейбір сөйлемдердің көрінісі)

РЕЗЮМЕ

Орхонские письменные памятники являются произведениями VIII века, которые рассказывают о правителе нации и его ответственности, национальном единстве и мире. В этой статье рассматриваются смыслы слов, которые сказаны Білге каганом. Его слова до сих пор используются тюркским народом.

(Хисаржыклылар Е., Севим О. Виды некоторых предложений в письменном памятнике Күлтегін)

SUMMARY

Orhon writings are creation of a VIII century which expresses the responsibility of a ruler of a country for his nation, and an effort on national unity and their friendship. This article was studied according to Білге Kagan's words in Kulteğin's works and their meanings that reached to the present.

(Hisarjklilar E., Sevim O. The Appereance of Some Expressions in Kulteğin's Inscription)

ӘОЖ 419. 99 272: 400. 141

А.Г.ҚҰРБАНОВ

филология ғылымдарының кандидаты,
ОҚМПИ-нің доценті

Ж.А.МЕЙІРБЕКОВА

АӘИУ-нің магистранты

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Қоғам өмірінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер тілге әсер етіп отырады. Әсіресе, оның лексикасы өзгеріске барыпша бейім және сезімтал болып келеді. Кеңес үкіметі кезінде тілші-ғалымдар сөздік құрамның өзгеріске ұшырауын бірнеше топқа бөліп қарастырғанын көреміз. Біз де бұл мақаламызда лексиканың қолдану жиілігіне қарай актив және пассив сөздер болып екі салаға бөлінетінін және сөздік құрамдағы сөздердің қолдану сипатына қарай бірнеше топқа бөлінетінін баяндадық.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қазақ халқының тарихымен қатар дамып қалыптасқандығы баршаға аян. Сондықтан да сөздердің пайда болуы әртүрлі себептерге және тарихи дамуларға байланысты болады. Кезкелген тілдің өзіне тән төл лексикасы мен грамматикалық құрылысы болады. Осыған байланысты қазіргі қазақ тілінің төл сөздерінің жасалу жолдарын, оның ішінде, семантикалық, фонетикалық және синтетикалық, аналитикалық тәсілдеріне қарай бөліп қарастырдық.

Кілт сөздер: лексика, синтетикалық тәсіл, неологизм, актив, пассив, семантика, фонетика.

Кез келген стилистикалық коннотация прагматикалық салмаққа ие болғанда таңбаның «іс-әрекетінін» мәнділік сипаты анық көріне алады. Егемендік алған жылдарда публицистикалық стильде *жаңа қазақ, бай қазақтар* деген сөздер қолданысқа енді. *Жаңа қазақ* сөзіндегі стилистикалық коннотация стилистикалық фреймдер арқылы адамның ассоциативті теориялық ойлау жүйесінен туындаған. *Жаңа қазақ* тіркесінің прагматикалық мәні тарихи-элеуметтік жағдайдан пайда болды. *Жаңа қазақ* таңбасын адресант адресатқа төмендегідей прагматикалық мақсаттың нәтижесін бере алады: кез келген стилистикалық коннотация прагматикалық салмаққа ие болғанда таңбаның «іс-әрекетінін» мәнділік сипаты анық көріне алады. Егемендік жылдарда публицистикалық стильде *жаңа қазақ, бай қазақтар* деген сөздер қолданысқа енді. *Жаңа қазақ* сөзіндегі стилистикалық коннотация стилистикалық фреймдер арқылы адамның ассоциативті теориялық ойлау жүйесінен туындаған. *Жаңа қазақ* тіркесінің прагматикалық мәні тарихи-элеуметтік жағдайдан пайда болды. *Жаңа қазақ* таңбасын адресант адресатқа төмендегідей прагматикалық мақсатта бере алады: жаңа

қазақ – ақылды, білімді, жаңа мемлекет өкілі. Жаңа қазақ - қазіргі кәсіпкер, жаңа заманның зиялы өкілі, сөйлеу жағдаяттарына және контекске байланысты адресант *жаңа қазақ* сөзін қоғамдық-рухани құндылықтарын жоғалтқан, тек дүниеге қызығушы, ақшалы адам ретінде айтуы да мүмкін. Осы секілді әлеуметтік құбылысқа, интеллектуалдық мәдениетіне байланысты пайда болған сөздердің қолданылу аясын меңгерту барысында тілші ғалымдардың дәлелденген тұжырымдамалары келтірілген.

Қоғам өмірінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер тілге әсер етіп отырады. Әсіресе оның лексикасы өзгеріске неғұрлым бейім, неғұрлым сезімтал келеді. Сөздің ішкі семантикалық байланысы оның мағынасы мен ұғымының арақатынасынан көрінеді. Лексикалық тіл білімінің негізі – сөз және оның мағынасы. Сондықтан оқушыларға лексика туралы, оның ерекшеліктері мен түрлері туралы мәлімет игертіледі. Ал оны игертудің негізі мағына мен ұғым. Көптеген оқулықтарда: “Сөз – мағына мен дыбыстардың бірлігі” деген анықтама берілген. Ой елегінен өткізе зерделесек, шындығында сөздің құрамында мағына мен дыбыстың болатыны даусыз. Дыбысталусыз сөз болмайтын сияқты, мағынасыз да сөз болмайды. Бірақ бұл анықтама сөздердің барлық қасиеттерін анықтап бере алмайды. Өйткені, бір сөздің мағынасы тіл-тілдерде әртүрлі сөз арқылы беріледі. Сондай-ақ бұл анықтама сөздердің көп мағыналық қасиеті мен синоним, антоним сияқты тілдік құбылыстардың басын ашып бере алмады. Тіл адамның барлық жұмыс саласындағы іс-әрекетімен түгелдей байланысты болғандықтан, сөздік құрам қоғам өмірде не бар соны дереу және тікелей көрсетіп отырады. “Сөз – дыбыстар мен мағынаның тұтастығы, ақиқат заттың, құбылыстың жиынтық бейнесі”, “Сөз дыбысталу мен мағына бірлігінен тұрады. Әрбір сөз – белгілі бір құбылыстың аты”, – деп сөздің мағынасын сәл күрделендірген анықтама да кездеседі. Тілдің негізгі қызметі адамдардың қатынас құралы болу екендігі анық. Сондықтан да тілдің белгілі бір адамзат қоғамына танылған сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымы да болуы керек. Бұлардың барлығы да дыбыстар арқылы өмір сүреді. Бірақ мағынасыз дыбыстардың жалаң өздері қатынас құралы қызметін атқара алмайды. Осы негізде жүйелі дыбысталудың барлығы да сөз бола бермейтіндігі анық. Қатынас құралы болатын тілдің негізгі қызметі – адамдардың пікір алысуы. Бұл үдеріс сөзсіз адамдарға тәуелді болмаған табиғи құбылыстар мен шындық дүниедегі түрлі жағдайлармен байланысты болады. Сөзге «мағына мен, дыбыстың бірлігі, не мағына мен дыбыстың және грамматикалық категориялардың бірлігі» деп берілген анықтамалардың қазіргі тілшілерімізді қанағаттандыра алмайтындығы анық.

Тіліміздегі сөздердің ең үлкен тобы заттар мен құбылыстарды, олардың негізгі қасиетін білдіретін толық мағыналы, дербес сөздер болып келеді. Лексикалық мағынаға ие болатын негізінен осы сөздер. Грамматикалық тұрғыдан алғанда оларға зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу сөздер жатады. Бұлардың ең маңызды қасиеті – заттар мен құбылыстарды, іс-

әрекеті, олардың белгілерін атап білдіретіндігінде. Сондықтан бұлар лексикологияда қарастырылады. Ал шылау, одағай, көмекші сөздер, модаль сөздер шындық болмыстағы зат, құбылыстарға тікелей қатысты болмағандықтан, олар әдетте лексикологияда емес, грамматикада зерттелетіндігі жоғарыда ескертілді.

Балаға тіл үйреткенде дайын сөздерді (мағына мен дыбыстар бірлігін) үйретеміз де, оған біртіндеп мағынаны ажыратуды көрсетеміз. Екінші сөзбен айтқанда, тіл үйренгенде әр адам жаңа тіл не жаңа сөз жасамайды, ертеден келе жатқан, ата-бабадан мұра болып берілетін даяр форманы қабылдайды, біртіндеп оны үйренеді. Тіл үйренгенде үйренуші бала сөздің жеке фонемалық элементтеріне, сөздердің грамматикалық формаларына назар аудармайды. Сөйлем құрап оның ең жоғарғы формасына келтіргенде ғана сөздердің тұлғасына, байланысу тәсіліне, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібіне, т. б. көңіл аударылады.

Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Егер белгілі бір зат туралы ұғымымыз болмаса, оның мағынасын да білмейміз. Ұғым бар жерде мағына бар. Демек, ұғымның болуы сөз мағынасының ең маңызды шарты болып табылады. Бірақ сөз мағынасының қалыптасуына ұғымнан басқа да себеп болатын жайттар бар. Сөз мағынасы заттық-логикалық ұғымнан басқа айтушының ақиқат дүниеге көзқарасын, әр түрлі көңіл-күйін, сезімін және сөздің грамматикалық сипатын да білдіре алады.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қазақ халқының тарихымен қатар дамып қалыптасқан. Сондықтан да сөздердің пайда болуы әр түрлі себепке және тарихқа байланысты, тіл-тілдің өзіне тән төл лексикасы және грамматикалық құрылысы болады. Бірақ онымен шектеліп қалатын тіл жоқ. Халықтар қашан да тұйық өмір сүрмейді, өзге халықтармен экономикалық, саяси, мәдени байланыста болады. Ал бұл қатынас тілге әсерін тигізіп отырады. Соның ішінде тез қабылданатын, тез өзгеріске енетін лексика болады. Қазақ халқы да әр дәуірде әр түрлі халықтармен байланыста болып, сөздік құрамын байытып отырған [1; 5, 18 б.].

Қазіргі қазақ тілінің төл сөздері. Төл сөздер тек қазақ тіліне тән және түркі халықтарына ортақ сөздерден тұрады. Түркі тілдеріне ортақ сөздердің көпшілігі қазақ тілінің де төл сөзі болып келеді. Мысалы: *бас, су, тіл, қол, аяқ, көз, жер, бала* (зат есім), *ақ қара, көк, сары, жақсы, жаман* (сын есім), *бір, екі, үш, төрт, жүз, мың* (сан есім); *мен, сен, ол, қаниша, қандай* (есімдік), *кел, кет, отыр, тұр* (етістік), *тез, ерте, кейін* (үстеу), т.б. Түркі тілдеріне ортақ сөздердің қазақтың өз сөздерінен ешқандай айырмашылығы білінбейді. Тек кейбір сөздерде ғана фонетикалық өзгерістерге ұшырағаны немесе көне формасын сақтағаны білінуі мүмкін. Мысалы: *сары* сөзінің көне түркі тілінде *сарығ*, үлкен сөзінің *ұлұғ* болып айтылғандығы Қазіргі қазақ тіліндегі *сарғай*, *ұлғай* формаларынан аңғарылады. Сондай-ақ, көне фразаларда да сақталуы мүмкін. Мысалы: *Ұлық болсаң, кішік бол*. Қазақтың төл сөздері жаңа зат, жаңа ұғымдардың пайда болуына байланысты өз қатарын байытып отырады.

Қазіргі қазақ төл сөздерінің жасалу жолдары төрт түрге бөлінеді:

1. Семантикалық;
2. Фонетикалық;
3. Синтетикалық;
4. Тіркесу тәсілі.

1. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөз жасау жолдары сөздердің сан жағынан емес, сапа жағынан баюын көрсетеді.

Фонетикалық (морфологиялық) жолмен жасалған сөздер әуелі дыбыстардың алмасуы, қосылып айтылуы және түсіріліп айтылуы арқылы вариантты сөз ретінде қолданыла келіп, жеке-жеке мағынаға ие болу арқылы қалыптасады. Мәселен, *өкімет* (власть) - *үкімет* (правительство) болып тілімізде қолданылуы дыбыстардың (ө-ү) алмасуы арқылы пайда болған. Ал *қақсауық*, *сыздауық*, *тырнауық* сөздерінде *қақса*, *сызда*, *тырна* етістіктеріне *-ық* жұрнағы жалғану үшін екі дауысты дыбыс тым арасына у дауыссызы қойылып айтылған. *Ұста* сөзінің *уыста*, *моншақ* сөзінің *мойыншақ* сөздерінен ықшамдалып жасалғаны белгілі.

2. Синтетикалық тәсіл. Синтетикалық сөз жасау тәсілі үш түрлі жолмен жасалады:

а) Қазақтың төл сөздеріне, осы тілдің өз қосымшалары жалғану арқылы жасалған сөздер. Мысалы: *сүзбе*, *сыпырғы*, *бірік*, *қысқы*, *қатынас*, *шегеле*, *орақша*, *малшы*, *заттай*, *киімшең*, *сөйле*, т.б.

ә) Басқа тілден енген сөздерге қазақтың *-ши* қосымшалары жалғану арқылы жасалған сөздер. Мысалы: Иран тілдерінен енген *дос*, *гүл*, *шәкірт*, *шырын*, *кем сөздеріне* қазақ тілі қосымшалары қосылып, *достық*, *гүлден*, *шәкірттік*, *шырыншыл*, *кемшіл* сөздері жасалған. Араб тілінің *ауқат*, *қаһарман*, *әдеб*, *хат*, *сауат* сөздерінен *ауқатты*, *қаһармандық*, *әдепшіл*, *сауатсыз*, т.б. жаңа төл сөз жасалған. Орыс және орыс тілі арқылы енген сөздерден *партиялық*, *спортшы*, *бетондау*, т.б. сөздер жасалады.

б) Қазақтың төл сөзіне басқа тілден енген қосымшалар жалғанып та сөздер жасалады. Мысалы: *іскер*, *тыңгер*, *әсемпаз*, *түйекеш*, т.б. Сондай-ақ қосымша да, негізгі морфема да басқа тілден енген, бірақ олардың сөз жасау мүмкіндігі қазақ тілінің ішкі мүмкіндігіне сай туса, ондай сөздер де қазақ тілінің төл сөзіне жатады. Тәлімгер сөзі қазақ тілінде орыс тіліндегі *наставник* мағынасында жасалды. Бұндағы *тәлім де*, *гер (гердан)* де араб-парсы тілінен енген. Бірақ сөздің жасалуы, қазақ тілінде қалыптасқан.

Бұған майдангер сөзін де жатқызуға болады. Бірақ тілімізге дайын келген *тракторист*, *спортсмен*, *мердігер*, *өнерпаз* сөздерін төл сөзге жатқызуға болмайды.

3. Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөздер. Күрделі сөздер негізінен бірігу, қосарлану, тіркесу жолдарымен жасалады.

а) Бірігу арқылы жасалған сөздерге *қолғап*, *қарақат* (зат есім), *әжептәуір* (сын есім) *сексен*, *тоқсан* (сан есім), *ешқандай*, *ештеңе* (есімдік) *әкел*, *апар*, *әкет* (етістік), *өйткені*, *сөйткені* (шылау), *анағұрлым*, *бірқыдыру* (үстеу), т.б.

жатады.

ә) Қос сөздерге *аяқ-табақ, құрбы-құрдас* (зат есім), *пішіні-пісілі, үлкен-кіші* (сын есім), *бір-екі, бес-алты, жиырма-отыз*, (сан есім), *үзіліп-созылып, қақтыққан-соқтыққан, ойнап-күліп* (егістік), *у-шу, шаң-шұң* (еліктеуіш), *қысы-жазы, күні-түні* (үстеу), т.б.

б) Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөздер. Мысалы: *аяқ киім, қой жуа, кәрі жілік* (зат есім), *ат жақты, көк ала* (сын есім), *он бес, жиырма алты* (сын есім), *бауыр басу, арқа сүйеу* (егістік) [2; 6].

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам немесе лексика деп аталады. Сөздік құрам белгілі бір халықтың тұрмыс жағдайын, күнкөріс-тіршілігін, кәсібін түгел қамтып көрсетеді. Белгілі бір халықтың қоғамдық, шаруашылық, мәдени тұрмысы неғұрлым күрделі болса, соғұрлым сол тілдің сөздік құрамы да бай болады деген сөз. Өйткені қазақ тілінің лексикалық құрамында ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер де, кірме сөздер де, кейін пайда болған неологизмдер мен термин сөздер де, әдеби сөздер мен ауызекі тілге тән қарапайым сөздер де, диалектизмдер мен кәсіби сөздер де, қысқасы, тіліміздегі барлық сөздер кіреді. Осыншама мол сөздің қолданылу жиілігі, қалыптасу тарихы, атқаратын қызметі де бірдей емес. Соған байланысты сөздік құрам өз ішінен бірнеше топқа бөлінеді. Сөздік құрамдағы сөздер қолдану жиілігіне қарай актив және пассив сөздер болып екі салаға бөлінеді [3].

Күнделікті әлеуметтік қажеттілігі мол, қарым-қатынас жасауға жиі қолданылатын байырғы сөздер, олардан өрбіген туынды сөздер мен сөз тіркестері, көп мағынада жұмсалатын сөздер – полисемия, омонимдер, синонимдер, антонимдер, мақалдар мен мәтелдер құрамындағы лексика, кірме сөздер мен терминдер және неологизмдердің тілге әбден сіңісіп кеткен түрлері, т.б. тілдің актив лексикасына жатады.

Мұндайлар қарым-қатынас жасау, пікір алысу, өзара түсінісудің күнделікті құралдары ретінде тіл стильдерінің бәрінің де дерлік құрамында және сөйлеудің ауызекі де, жазбаша да түрлерінде жиі кездеседі.

Сөйлеу процесінде сирек қолданылатын сөздер пассив лексика қатарына жатқызылады. Пассив лексика сөздері жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті бола бермеуі де мүмкін; кейде ғылым мен техниканың арнаулы бір саласына ғана тән болуы ықтимал; кейде белгілі бір әлеуметтік топ, мамандық, кәсіп иелері арасында ғана, кейде белгілі бір аймақ тұрғындарының тілінде ғана ұшырасуы мүмкін. Мәселен, жаңадан пайда болған кездегі неологизмдер және архаизмдер мен тарихи сөздер, диалектизмдер, профессионализмдер, варваризмдер, арголар, әр түрлі жаргондар мен пиджиндер, креольдар лексика т.б. тілдің пассив лексикасына кіреді. Бірақ көп жағдайда мынау – тілдің актив лексикасы, мынау – пассив лексикасы деп, екеуінің шекарасын дәл айқындап, қолмен қойғандай айта қою қиын [4].

Оны мынадай жәйттан-ақ аңғаруға болады: дифтонг, лексика, фонема, жанр, сюжет, морфема, сөз тіркестері, сөйлем мүшесі деген сияқтылар – филологтар үшін актив лексика; мұндай сөздер мен сөз тіркестері және

солардың ұғымдары – медиктер мен биологтар және басқа да мамандық өкілдері үшін пассив лексика; сондай-ақ медиктер мен биологтарға өз мамандықтарының сөздері мен терминдері – актив лексика.

Сөздердің актив және пассив қабаттарға бөлінуінде белгілі бір дәрежеде шарттылық бар. Бір заманда актив қолданылған сөздердің бірқатары келесі бір заманда пассив қабатқа ауысуы ықтимал. Мысалы, жаугершілік заманда жиі қолданылған *атой салу, қорамсақ, адырна, кіреуке, сауыт, дулыға, шерік, қол*, т. б. сөздер сол кездегі лексиканың актив қабатында болды. Әлеуметтік құрылысқа байланысты *хан, ханзада, ақсүйек, төлеңгіт, жатақ, болыс, жүзбасы, қарашығын, барымта, шабарман*, т.б. сөздер XVIII-XIX ғасырлардағы лексикада жиі қолданылған сөздер. Бірақ бұлардың бәрі де қазіргі қазақ лексикасының пассив қабатындағы сөздер болып табылады. Бұл кезде халық тілінде актив қолданылған ай, жыл аттарын (наурыз, көкек, маусым, тышқан, қой, жылқы, т.б.) Кеңес өкіметі жылдарында халықтың көпшілігі қолданбайтын бұл сияқты сөздер қайтадан лексиканың актив қабаттарына ауысты.

Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді: 1) сөздің әдеби және әдеби еместігіне қарай: әдеби лексика мен диалектілік лексика болып, 2) әдеби тілдегі сөздердің халыққа таныс және онша таныс еместігіне қарай жалпыхалықтық лексика мен арнаулы лексика болып, 3) тілдегі сөздің жұмсалыу аясы мен көркемдік мәніне қарай бейтарап сөздер мен экспрессивті сөздер болып бөлінеді.

Тіл-тілдердегі сөздердің табиғаты мен түрлі қасиеттерінің сәйкес келе бермейтіндігі кей ғалымдарымыздың жалпы сөзге тиянақты анықтама беруге болмайды деген қорытындыға келуіне себепші болған Кеңес өкіметі жылдарында қазақ тілінің сөздік құрамында мынадай басты өзгерістер болды [5, 110 б.].

1. Қазақ тілінің лексикасы қаншама жаңа сөздермен толығып байыды. Бұлар өндіріс, ауыл шаруашылығы, техника мен ғылым салаларындағы жаңалықтармен байланысты еді. Соның нәтижесінде қазақ лексикасында неологизмдер, терминология салалары пайда болды.

2. Ескі салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты, көне құрылыс жүйесіне байланысты бірқыдыру сөздер күнделікті қолданыстан шығып қалды. Олар пассив сөзге айналды.

3. Сөздік құрамдағы бірқыдыру сөздердің мағыналары түрлі өзгеріске ұшырады:

а) көптеген сөздер бұрынғы мағынасының үстіне жаңадан үстеме мағына қосып, көп мағыналы болып қалыптасты. Мәселен, *тап* деген сөз революциядан бұрын *ел, ру, ата (тек)* ұғымында ғана жұмсалатын еді. Бұл сөздің бұрынғы тар мағынасы кеңейіп, орыстың *класс* деген термин сөзінің қазақша баламасы болумен бірге, тіл біліміндегі сөз *табы* деген терминді жасауға негіз болды. Сонымен *тап* деген сөз актив көп мағыналы сөзге айналып кетті.

ә) Бұрынғы мағынасынан қол үзіп, басқадай мағынаға ие болған сөздер де кездеседі. Мәселен, бұрын *ұран* деген сөз ел мен ру, ру мен ру жауласқанда, ат жарыстырып, балуан күрестіргенде ата-бабасының аруағын шақырып рухтандыруды білдірген сөз болса, кейін қоғамдық мәні бар *үндеу*, *шақыру* дегенді білдіретін болды. Сөйтіп, бір дәуірдегі жаңа сөз көнеге, көнесі жаңаға, аз мағыналы сөз көп мағыналыға, актив пассивке, пассив сөз активке, бейнелі сөз қарапайым сөзге, жай сөз бейнеліге ауысып отыру заңдылығы тілдің сөздік құрамына тән нәрсе. Бұлар үздіксіз дамып, үнемі толығып өзгерумен болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Аханов Қ.* Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1969. – 600 б.
2. *Айғабылұлы А.* Қазақ тілінің морфологиясы мен лексикологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 272 б.
3. *Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф.* Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
4. *Жапбаров. А.* Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері: п.ғ.д. дисс. – Алматы: Санат, 2004. – 139 б.
5. *Хасенов Ә.* Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. – 416 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются особенности и виды лексики казахского языка, влияние открытий и изменений, которые происходят в общественной жизни языка. Речь идет о том, что изменения в лексике стали более сентиментальней и способней.

(Курбанов А.Г., Мейирбекова Ж.А. Лексический состав современного казахского языка)

SUMMARY

This article touches upon the peculiarities and types of lexics of the Kazakh language. Impact of news and changes in social life on the language shows that change of lexis is more sentimental and flexible.

(Kurbanov A.G., Meyirbekova Zh.A. The Types of Lexics of Kazakh Language at Present)

УДК 370.7: 123.491

А.С.КАРПЫКБАЕВА

кандидат педагогических наук
МКТУ им. А.Ясави

М.К.ЖОЛДАСБАЕВА

преподаватель МКТУ им. А.Ясави

ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ОРФОЭПИЧЕСКИХ НАВЫКОВ У ШКОЛЬНИКОВ

В статье дается подробная характеристика процесса формирования орфоэпических навыков у школьников. Акцентируется внимание на том, что навыки – это автоматизированные компоненты сознательной деятельности. При этом учитывается, что слово, «автоматизированный» означает способ образования навыка как действия, вначале основывающегося на сознательном применении определённых правил и лишь затем в процессе упражнений подвергающегося автоматизации. Подчеркивается, что нужно обратить внимание на следующее обстоятельство: автоматизированный навык позволяет на каждом шагу, в частности при затруднениях, вновь становиться сознательным. Таким образом, навыки формируются на базе умений, т.е. умения по мере автоматизации становятся навыками. Умения, в свою очередь, связаны с усвоением знаний и их применением на практике, т.е. в устной речи.

Ключевые слова: язык, процесс, психология, педагогика, навык, умение, орфоэпия, произношение, звук, слово, кодификация, автоматизация, действие, речь, упражнение, контроль.

Развитие речи - большая и сложная область методики языка.

Правильность речи - это фундамент языковой культуры. Без нее нет ни литературного мастерства, ни искусства живого и письменного слова.

Безусловно, каждый учитель-словесник стремится воспитать в своих учениках умение правильно, логично, последовательно излагать свои мысли в связной форме; каждый желает развить живой дар слова у детей. Не было ни одного заметного в истории методики педагога, ученого, который оставался бы равнодушным к вопросам развития речи.

Развитие речевой культуры, как происходит процесс порождения восприятия высказывания интересовало и других русских ученых: Ожегова, Виноградова, академика Щербу, Пешковского и других. Их труды помогают сохранить важнейшую закономерность культуры языка и мышления, значение культуры речевого поведения в жизни, формирование чувства уместности высказывания.

Речевая культура - один из компонентов общей культуры человека. Она требует постоянного совершенствования. В основе культуры речи лежит

существующее в сознании человека представление о «речевом идеале», образце, в соответствии с которым должна строиться правильная речь. Правильная с точки зрения ее соответствия современным языковым нормам.

Основной задачей культуры речи является кодификация языка, т.е. официальное признание и описание норм в грамматиках, словарях, справочниках. И пока словарь или грамматика отмечают ту или иную форму, только она считается верной. Любые отклонения от нормы являются речевой ошибкой. Орфоэпические нормы фиксируются в орфоэпических словарях и на них учитель должен опираться в своей работе по формированию правильных произносительных норм.

В учебном процессе обеспечивается ускоренный темп познания явлений действительности. Процесс обучения строится с учетом возрастных особенностей учащихся, в связи с чем соответственно изменяются формы и методы познавательной деятельности. Многие виды знаний приобретаются учащимися не путём созерцания изучаемых объектов, а опосредованным путем, т.е. через рассказ учителя, описания, различную информацию. Русский язык – один из самых трудных школьных предметов в казахской школе. Это сложная школьная дисциплина, требующая большого труда, источник бесчисленных неудач и огорчений. Чтобы хорошо усваивать правила русского языка и быстро и точно применять их, школьник должен овладеть целым рядом общих умений и навыков. В педагогической психологии, общей дидактике и частных методиках много внимания уделяется проблемам формирования у учащихся навыков и умений. В связи с требованиями подготовки детей к труду, к жизни, к активному участию в ней этот вопрос в современной школе приобретает особую актуальность [1].

Что же называется навыком? Навыки – автоматизированные компоненты деятельности, которые входят в ту или иную целенаправленную активность человека как средство достижения этой деятельности. По мере выработки навыка лишние движения и операции устраняются, отдельные операции и движения сливаются в одно сложное действие, сознание все больше направляется не на способы действия, а переносится на его результаты, операции (двигательные, интеллектуальные) начинают осуществляться быстрее, улучшается самоконтроль.

Особой разновидностью речевого навыка является орфоэпический навык. Орфоэпический навык – это навык устной речи. Когда человек произносит слово, он задумывается над содержанием того, о чём говорит, а не над правилом произношения каждого слова. Актуально осознает то, что находится в светлой точке сознания, т.е. является целью деятельности. Говоря о психофизиологической природе орфоэпического навыка, нужно иметь в виду не только слуховые ощущения и представления, но и речедвигательные (артикуляционные). Говорящий всегда отправляется от слышимого слова, различает в нем основные звуки (фонемы), правильно их произносит, и это в значительной мере обеспечивает правильный графический образ слова. То есть, если ученик хорошо слышит слово, то и правильно его пишет. Собственное произнесение слова учеником помогает пишущему: проясняет звуко-буквенный состав слова, регулирует процесс записи, содействует самопроверке написанного

[2]. Создавая текст, мы начинаем сознавать орфоэпическую форму того или иного слова, когда затрудняемся его произносить. При этом сознательно проконтролировать можно только то, что первоначально формировалось как целенаправленные способы действия с данным материалом. Возможность контролировать как раз и отличает сознательно сформированные операции от операций, возникших путём «прилаживания» действия к определённым образцам. Обратимся для простого доказательства к принципу из другой области. Навык ходьбы осваивают без каких бы то ни было теоретических оснований. Но если спортсмен, занимающийся спортивной ходьбой, захочет улучшить свои показания, ему понадобится тщательно проанализировать все операции, входящие в действие ходьбы. То же следует сказать о методах совершенствования навыков правильного произношения. Нельзя забывать о возможности становления на чувственной, интуитивной основе. В одних и тех же условиях: в одном классе, у одного учителя, при примерно одинаковом уровне развития – дети достигают разных результатов. Разве можно отрицать так называемую природную грамотность некоторых учащихся? Им достаточно однажды услышать слово или один раз почувствовать его в движении руки (прописать), чтобы никогда не допускать ошибок в этом слове. Автоматизация действия, понимаемая как отсутствие преднамеренности и сознательности при его выполнении, не означает невозможности при определённых условиях и в случае необходимости вновь сделать его сознательным. Это положение полностью относится к орфоэпическому навыку. Орфоэпические действия автоматизируются медленно. Время автоматизации зависит от сложности правила правильного произношения. Автоматизация сознательных действий включает: во-первых, постепенное уменьшение роли осознания своих действий, во-вторых, свёртывание умственных операций за счёт обосновывающих, а затем и оперативных суждений, в-третьих, объединение и обобщение частных действий в более крупные действия, в-четвертых, усовершенствование приёмов выполнения действий, отбор более рациональных способов решения орфографических задач и в конце концов автоматизирование действий, при котором учащиеся пишут по правилу, не осознавая самого правила, т.е. без всяких рассуждений [2, 99 с.].

Как уже было сказано, навыки – это автоматизированные компоненты сознательной деятельности. При этом нужно учитывать, что слово, «автоматизированный» означает способ образования навыка как действия, вначале основывающегося на сознательном применении определённых правил и лишь затем в процессе упражнений подвергающегося автоматизации. Важно еще обратить внимание на следующее обстоятельство: автоматизированный навык позволяет на каждом шагу, в частности при затруднениях, вновь становиться сознательным. Навыки формируются на базе умений, т.е. умения по мере автоматизации становятся навыками. Умения в свою очередь связаны с усвоением знаний и их применением на практике, т.е. в устной речи.

- Условия, необходимые для формирования орфоэпических навыков, таковы:
- высокий научный уровень преподавания орфоэпии;
 - связь между формированием орфоэпических навыков и развитием речи;

знание орфоэпических правил;

- упражнения, отрабатывающие умения применять орфоэпическое правило.

Причём следует подчеркнуть, что упражнения и правильно понятая тренировка – это не повторение одного и того же первично произведённого движения или действия, а повторное разрешение одной и той же задачи, в процессе которой первоначально движение (действие) совершенствуется и качественно видоизменяется [3].

Как формируются навыки? Как организовать быстрое, безошибочное и прочное овладение учащимися навыками? Умения и навыки формируются на основе выполнения определенной системы упражнений, совершенствуются и закрепляются в процессе творческого их применения в изменяющихся ситуациях. Что же следует понимать под термином «упражнение»? В психологии упражнением называют многократное выполнение определённых действий или видов деятельности, имеющее целью их освоение, опирающееся на понимание и сопровождающееся сознательным контролем и корректировкой. В этом определении подчёркивается целенаправленность упражнений, которые осуществляются на основе понимания и тщательно продуманного педагогического руководства. Стихийное, неуправляемое повторение действий может не привести к их усовершенствованию или приведёт к механической тренировке в применении действий в стандартных условиях. Педагогическое руководство упражнениями учащихся предполагает применение определённой методики занятий и научно обоснованных пособий и руководств для учащихся. Сначала учащиеся неуверенно владеют изучаемыми действиями, при затруднении пытаются вспомнить соответствующее правило. По мере совершенствования действия потребность в припоминании правила или способа отпадает. Постепенно действия автоматизируются, переходят в навык. Внимание учащихся при этом переключается на процесс получения необходимого результата и на качество выполнения действия или операции. При этом контроль человека над автоматизированным действием никогда не прекращается. Например, ученик автоматически повторяет слова, которые диктует учитель. Ему не приходится вспоминать правила, как произносить отдельные буквы. Но как только при чтении встречается труднопроизносимое слово, в процесс включается память, мышление и другие психологические процессы.

Осуществляя функцию «скрытого контроля», сознание как бы находится всегда в резерве», включаясь тогда, когда выполнение автоматизированных действий наталкивается на какие-то препятствия, немедленно включается «главный контролер» – человеческое сознание. Оно осуществляет анализ затруднений и определяет путь преодоления препятствий. В результате такого контроля и устранения затруднения функционирование выработанного навыка продолжается.

Показателями успешного формирования навыка являются: увеличивающаяся быстрота выполнения отрабатываемых движений;

повышение их качества, точности, согласованности; падение физического и нервного напряжения у самого работающего человека. Нетрудно вспомнить, что взрослый, обучая ребенка писать, прыгать, играть на рояле, не только показывает ему образец автоматизируемого действия. Учитель объясняет, как его надо воспроизвести, какие ошибки и почему допустил ученик, находит средства побудить ребенка к новой пробе. Давая оценку выполненного действия и приложенного учеником старания, приводит обоснование высказанного им оценочного суждения. Одним словом, в процессе выработки навыка у человека огромную роль играет речь и те меры социального воздействия людей друг на друга, которые связаны с многообразными формами межлюдского общения. Следует особо подчеркнуть важное значение в выработке навыка осознания ребёнком цели автоматизированных действий и его собственное желание овладеть соответствующим навыком.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Селевко Г.К.* Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
2. *Ипполитова Н.А.* Русский язык и культура речи: учебник. / Н.А. Ипполитова, О.Ю. Князева, М.Р. Савова. – М.: Проспект, 2007. – 439 с.
3. *Горбачевич К.С.* Нормы современного русского литературного языка. – М.: Просвещение, 1987. – 240 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада орфоэпиялық дағдыларды мектеп оқушыларында қалыптастыру жолдары көрсетілген.

(Қарпықбаева А.С., Жолдасбаева М.К. Орфоэпиялық дағдыларды мектеп оқушыларында қалыптастыру жолдары)

SUMMARY

This article describes ways of formation of pronunciation skills among school children.

(Karpikbayeva A.S., Joldasbayeva M.K. Ways of Forming Pronunciation Skills Among School Children)

ӘОЖ 419.992 71: 405

Ш.НҰРМЫШЕВА

№23 жалпы орта мектебінің мұғалімі

ҚАЗАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕР

«Қазан» және оның түрлеріне байланысты лексика деп аталатын бұл мақаладағы ғылыми материалдар филолог-студенттерге, магистрлер мен докторанттарға, сондай-ақ, туған тілінің этимологиясын, семантикасын, тарихи даму жолдарын білуге талпынатын көпшілік қауымға арналған. Ғылыми мақалада тарихшылар мен этнографтарға да құнды болып табылатын ғылыми деректер мол, өйткені қазақ халқының мәдени-рухани тұрмысында қазан сөзінен туындаған мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, антропонимдер, топонимдер мол ұшырасады.

Кілт сөздер: қазан, газан, қазған, авхат қазан, елим қазан, патило қазан.

Қазан – тамақ пісіру немесе су қайнату үшін мыстан, шойыннан істелген ыдыс атауы.

Қазан ежелгі, тарихи сөз ретінде жазба ескерткіштер тілінде *қазан* [1, 418 б.], *қазан* [1, 443 б.], *казан* [1, 210 б.], *газан* [1, 241 б.], *қазан* [1, 17 б.], *қазған* [1, 96 б.] тұлғаларында қолданылған.

Кейінгі кездегі сөздіктерде *қазан*, *қазған* тұлғасында кездеседі [2].

Қазіргі түркі тілдерінде: қазақ: *қазан*; ұйғыр: *қазан*; қарақалпақ: *қазан*; қырғыз: *казан*; түркімен тілінде *газан* тұлғасында қолданылады.

С.Ибрагимов өзінің «Фергона шевазининг Касб-Хунар лексикасы» атты еңбегінде жасалуы мен қолданылуына қарай *авхат қазон*, *хаммом қазон*, *туй қазон*, *елим қазон*, *патило қазон*, *кир қазон*, жасалу ерекшеліктеріне қарай *екі құлақты қазан*, *үш құлақты қазан*, *төрт құлақты қазан*, *тайпақ қазан* сияқты түрлерін атап өтеді. Өзбек тілінде қазанның сыйымдылық мөлшеріне байланысты *дошқозон*, *туй қозон*, *төрттилик қазон*, *чайраки қазон*, *ярим чаураклик қазон* (жарым ширектік қазан), *хиштоқи қазон*, *шиши қазон* – алты қадақ күріш кететін қазан, *чакса қазон* – 14 қадақ күріш сыятын қазан сияқты түрлері қолданылады.

Көлемі үлкен той, жиын қазандары Орта Азия түркі тілдерінде төмендегідей аталады: қазақ: *қара қазан*, *тайқазан*; өзбек: *дошқазон*, *махалла қазон*; ұйғыр: *баши қазан*; түркімен: *улы гара газан*, *пайыз газан* сияқты атаулары бар. Қырғыз тілінде қазан сөзінің негізгі мағынасынан басқа *қара қазан*, *ташқазан* сияқты ойын түрлері бар.

Қазан атауы басқа үй бұйымдарының атауларымен тіркесіп келіп, жаңа мағынаға ие болған: қазақ: *қазан-аяқ*, *қазан-ошақ*, *қазан жаппа* (тамақ атауы); өзбек: *қозон-товақ* – ыдыс-аяқ; ұйғыр: *қазан-қомуши*, *қазан-айнақ* – қасық мағынасында қолданылады.

Қазан сөзі ас, аш сөздерімен бірігіп, тіркесіп келіп, адамның немесе тірі жануарлардың ас қорыту мүшесінің атауы ретінде қолданылады: *асқазан* (қазақша), *ошқозон* (өзбекше), *аш қазан* (ұйғырша), *аш газан* (түркіменше), т.б.

Орта Азия түркі тілдерінде қазан сөзі мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерге негіз болып, бейнелілік қызмет атқарады: қазақ тілінде: *жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Азансыз молда болса да, қазансыз қатын болмас. Қарның ашса қазан ас, ет болмаса, сазан ас* (осындағы қазан ас тіркесі метонимиялық қызмет атқарып тұр), өзбек тілінде: *қозонга яқин юрсанг қороси юқар, емонга яқин юрнанг балоси юкар*, ұйғыр тілінде: *Шундоқ қазанға шундоқ чөмүч, Қазанға нима салсаң чумишкиму шу чикуду, Қазан алсаң чекип ал, хатун алсаң, бекип ал, Нәгә барсаң қазанның күлиги төрт*, қырғыз тілінде: *Казанга жақын жүрсө, көөсу жугат; Элуу жылда эл жаңырат, жуз жылда қазан*, қазақта: *елу жылда ел жаңа, жуз жылда қазан, Қазанышының еркі бар, қайдан құлақ шығарса*, қарақалпақ тілінде осыған ұқсас *«Қозончининг эрки бор, қайдан құлөк шығарса»* деген мәтел бар, аталған мәтел өзбек тілінде: *козончининг эрки бор, қайдан құлоқ чикарса*, түркімен тілінде *газани газан атарсын, одуни йығанан яқсын, Галның газани гайнамаз, гайнаса да голямаз* (Сараңның қазаны қайнамас, қайнаса да құйылмас).

Қазан сөзі түркі тілдерінде ауыспалы мағынада да мол жұмсалады. Қазақ тілінде: *Қазан асты, қазан көтерді* – тамақ пісірді; *Қазан асып, қымыз әкелмейсіңдер ме?*; өзбек тілінде: *асмоқ, қайномоқ* етістіктерінің көмегімен *қазон осмоқ* формасында ыстық тамақ пісірмек мағынасында қолданылады.

Қазан сөзі қазақ тілінде басқа түркі тілдеріне қарағанда өте кең қолданыста болады. *Еңбек қазаны қайнады* – халық еңбекке құлшына кірісті; *Еңбек қазанында қайнады* – еңбекпен шынықты, жетілді; *Ешкімнің қазанын сындырған жоқ* – біреудің арасына жамандық қылмаған, жанжалдасып араздаспаған, ұрыспаған; *Қазан аузынан бөліп ішті* – тамақты бөліп ішті, ортақтасты; *Қазан бұзар* – бұзық, тентек, басбұзар; *Қазан құлағын ұстады* – қызметте болды, дүниенің басында отырды; *Қазан күн көрді* – біреудің несібесінен күн көрді; *Қазаны басқа* – бөлек үй, енші алды, дербес отбасылы; *Қазаны майланды* – бала-шағасы тойып тамақ ішті, қазанына береке кірді; *Қазаны оттан түспейді* – қонақжай, берекелі отбасы; *Қайнаған қазаны бауырына төгілгір* – қарғыс, лағнет айту; *Қара қазан* – қасиетті қазан, көптен бері берекелі қазан; *Қу қазан* – үйінен тамақ бермейтін сараң отбасы; *Қырық қазанның құлағын тістеген* (адам) – қыдырымпаз, ел аралап әр үйден тамақ ішетін адам; *Орта қазан* – адамдар бірігіп тамақ ішетін жер; *Өмір қазаны* – күнделікті тұрмыс [3]. Қырғыз тілінде де қазан сөзінен туындайтын лексикалық бірліктер мен қолданыстар мол кездеседі. *Жол қазаны* – жолға алып жүретін кішкене қазан; *Жөн қазандай башы бар, жатқан иттей қашы бар* [4]; *Қазан ас, қазан қарма* – тамақ ас; *Өз алдынча қазан асты* – дербес

отау құрды, енші алды; *бир қазандын ас ичет* – отбасы бір; *Казан очогун артына кеткен бекен* – үйінен тамақ бермейтін сараң адам; *Қуу қазан* – кембағал, кедей адам, ал қазақта *қу қазан* – үйінен тамақ бермейтін сараң адам; *Қызыл қазан* – дала қосындағы ортақ, көпшілікке тамақ беретін қазан. *Қазаны оттан түсіуіп қалды* – бәлеге душар болған отбасы; *Казанын сууга салып коюптур* – үйінде тамақ істемейтін адам; *Казаны майлуу* – меймандос адам, отбасы; *Катындан қазан талашқан* – әйелдің жұмысына орынсыз араласқан еркек. Қазақта мұндайды *қазанға қарайды* – дейді; *Қазан аштуу* – бай, тоқ адам; *Кара қазан* – доппен ойнайтын ұлттық спорт түрі; қазақта азан-қазан болды деп, аяқ астынан шыққан жанжал, дау шығып, даурығып айқайласу [5]. Қазақ тілінде қазан-аяқ, аяқ-табақ ыдыс-аяқтың жалпы атауы ретінде қолданылады [6, 20 б.].

Орта Азия аймағындағы түркі тілдерінде қазан сөзіне сөз тудыратын аффикстер қосылып, жаңа сөздер жасалады: Қазақ: *қазанша*, өзбек: *қазонча*, ұйғыр: *қазанчә*, түркімен: *газанча*, *газанжык* кішкене қазан ұғымын береді. Қазан сөзіне –шы аффиксі қосылу арқылы қазан жасайтын ұста, мамандық атауын білдіреді: қазақ: *қазаншы*, *Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса*, өзбек: *қозончи*, қырғыз: *қазанчы*, т.б. Қырғыз, қарақалпақ тілдерінде бұл сөздің мамандық иесі деген мағынадан басқа аспаз, асхана қызметкері деген қосымша мағынасы бар, қырғыз тілінде осы сөздің *қазанкеш* деген синонимдес варианты бар.

Қазан сөзі бір есімімен бірігіп, түркі тілдерінде құс атауын білдіреді: қазақ: *бірқазан*, өзбек: *бирқозон*, ұйғыр: *бирқазан*, қырғыз: *бир қазан*, түркімен: *биргазан*, т.б.

Қазанқап қазақ тілінде түпнұсқада біріккен сөз ретінде қолданылса осы форма қырғыз тілінде қазан+бақ болып метатеза процесімен өзгеріске түскен. Қазақ тіліндегі қазанқап киіз үйлерді бір жерден екінші жерге көшіргенде қазан салып қоюға арналған киізден жасалып, сырты түрлі түсті жіптермен өрнектелген қап түрі [7, 16 б.], қырғыз тіліндегі *қазанбақ* ағаштан жасалған ыдыс түрі [7, 504 б.]. Қазақ тіліндегі *қазан құйрық*, қырғыз тіліндегі *қазан құйрық* қазандай үлкен қойдың құйрығы мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде *өкпесі қара қазандай* деген фразеологизм мен қырғыз тіліндегі *өпкөсу қазанбактай болду* деген тұрақты сөз тіркесі бір нәрсеге қатты ренжіген, қатты қапа болған адамға қаратылып айтылады [8, 504 б.].

Жоғарыдағы мысалдардан басқа да қазан сөзіне әр түрлі аффикстер қосылып, жаңа мағына беретін бірліктер пайда болады. Ұйғыр тіліндегі *қазанчук* – балықтың кішкентай шабағы ұғымын білдіреді. Қазақ тіліндегі қазан сөзі –дай аффиксімен қосылып төмендегідей мағына береді. 1. Қазан сияқты домалақ жұмыр жер; 2. Үлкен, дәу мағынасында; 3. Басы қара қазандай болды деген тіркесте – көп ойлап басы қатты; 4. Бөркі қазандай болды – бір көтеріліп қалу, мәз болу, риза болу; 5. Қазандай қайнады – опыр-топыр боп, бірі кіріп, бірі шығып, абыр-сабыр болды, қазандатқыр – қарғыс сөз мағынасында қолданылады. Өзбек тілінде *қазан кебаб*, қазақ тілінде *қазанжаптай* деген нан түрі бар [9, 16 б.].

Қазан сөзі түркі тілдерінде қала, жер-су, атауларына да қойылады. Татарстанның астанасы Қазан деп аталса, Өзбекстанның Бұқара облысында Қазан деген ауыл бар.

Қазан сөзінің этимологиясы туралы В.Г.Егоров қазу, қазған шұңқыр сияқты ұқсатудан шыққан деген тұжырым айтады [9, 58 б.]. Қазан сөзіне –ған аффиксінің қосылуы арқылы қазған > қаз(ғ) ан = қазан тұлғасында қалыптасты деген негіз бар, ал өзбек тіліндегі дошқозон сөзі этимологиялық жақтан до – парсы тілінде үшкен аш – ас, тамақ, қазан сөзінен жасалғандығын байқауға болады, демек аталған сөз үлкен ас (пісіретін) қазан деген мағынада шыққан [9, 249 б.]. Тай қазан туралы И.Исмаилов тай сыятын қазан десе, Әбіласанов өзінің «Көне жазудың құпиясы» еңбегінде жай –тәңірдің лақап аты, тәңірге ас берген қазан деп тұжырым жасайды. Өзбек тілінде кішкентай қазанды *декча* деп атайды. Мұны Будагов сөздігінде парсыша *сапал қазан* деген сөзден алынғандығы айтылады [9, 77 б.]. *Декча* сөзі өзбек тілінің Ташкент, Уйчи шеваларында *қазанша*, қырғыз тілінің Зомин сөйленісінде *декче* – кішкентай мағыналарында қолданылады [9, 287]. Өзбек тілі шеваларында қазан мағынасында қолданылатын *потила* сөзі бар. Потила сөзін патил деген үлкен мыс қазан ұғымын беретін парсы тілінен алынған деген пікір айтады [9, 85 б.]. М.Қашқари сөздігінде мыс қазан *чозин ашич* деген тұлғада қолданылған [7, 249 б.]. Чозин сөзі з мен й дыбысының ауысуының, алмасуының нәтижесінде шойын тұлғасына ауысқан [8, 169 б.].

Шойын сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен нұсқасымен түркімен тілінде *чоюн газон*, ұйғыр тілінің күмүл сөйленісінде (шеवासында) *чайун*, *чугун* фонетикалық нұсқалары қазан сөзі мағынасында жұмсалады.

Қақпақ (тувак) – қазанның қақпағы. Түркі тілдерінде қақпақ сөзі *қақпақ* *тувақ* деген екі синонимдес сөздер арқылы айтылады. М.Қашқаридің III томында *той ашич* тұлғасында қолданылса, I томында қақпақ тұлғасында ұшырасады [7, 249 б.]. Қазіргі қазақ тілінде М.Қашқари сөздігіндегі *қапақ* – метатезаға ұшырап қақпақ, түркімен тілінде к-г дыбыс алмасуы арқылы *гапақ*, (к) дыбысының түсуі арқылы *гапақ* тұлғасында қалыптасқандығын байқауға болады, ал өзбек тілінің Шахрисәбз шеवासында (сөйленісінде) *қақпақ* тұлғасында қолданылады. Қақпақ сөзі өзбек тілінде *тувоқ*, ұйғыр тілінде *тувақ*, өзбек тілінің Түркістан сөйленісінде *тувәк* – тандырдың аузын жабатын лайдан жасалған қақпақ ұғымында қолданылады. Бұлардан басқа қақпақ сөзі өзбек тілінің Бұхара, Қашқадария сөйленістерінде (шеваларында) *сарпош*, Паркент сөйленісінде *тизоқ* [8, 257 б.], ұйғыр тілінің Хотан сөйленісінде *тулғақ* [9, 161 б.], Курля сөйленісінде *тувақ* [9, 162 б.] тұлғасында қолданылады. Қырғыз тілінде *тубак* сөзі қазан қақпағы ұғымынан басқа жалпы үй ыдыстарының қақпағы деген ұғымды да білдіреді. Өзбек тілінде *қақпақ*, *қапақ* деген сөздер жалпы аузы жабылатын ыдыстардың ашылып-жабылып тұратын бөлігі мағынасында қолданылады.

Таба – қуыратын, пісіретін тағам түрлерін пісіретін, жабатын кейде ұстайтыны бар ыдыс түрі. Тарихи жазба ескерткіштерде *тава* [9, 251 б.], *това* [9, 610 б.], *таво* [9, 327 б.] сияқты фонетикалық нұсқаларда ұшырасады. Аймақтағы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ, қырғыз тілдерінде *таба*, өзбек тілінде *това*, ұйғыр тілінде *тава*, қарақалпақ, түркімен тілдерінде қазақ тіліндегідей *таба* тұлғасында қолданылады. Парсы тілінде *таве* тұлғасында айтылады [8, 104 б.].

Көне жазба ескерткіштерде *таба* сөзі *сач* [6, 479 б.], *сач* [7, 161 б.], *сач* – темір таба [8, 111 б.], *сач* (сковород) тұлғасында кездеседі. Түркі тілдерінің

ішінде көне түркілік *сач* сөзі қазіргі тілінде ғана *сач* – тава мағынасын беріп, байырғы тұлғасын сақтаған [7, 569 б.]. Таба сөзі мағынасында Аттухфа ескерткішінде *қовурлуқ* сөзі қолданылған. Таба сөзі қарақалпақ тілінде *бақырғыш* [9, 81 б.], өзбек тілінің Түрк-қалтатай сөйленісінде (шевасында) *дейча* [8, 80 б.], Базарқорған сөйленісінде *таппа* [7, 80 б.] сөзі таба сөзінің орнына қолданылады.

Қасқақ – сөзі қазақ тілінің әдеби нұсқасында қолданылмайды, тек қана Алматы, Жамбыл облысы тұрғындары тіліне тән сөйленістік ерекшелік саналып келеді, ал әдеби тілде *манты пеш* үлгісінде қолданылып келеді. Бұл зат атауының өз тіліміздің сөйленістері мен көпшілес өзбек, қырғыз, түркімен тілдерінде бұрыннан бар тарихи сөз екенін ескерсек, әдеби тілде *қасқақ*, *қасқан* тұлғасын терминология мен орфографиялық сөздікке толық енгізуге болады деп тұжырым жасауға болады. Енді аталған тұрмыс техникасының атауының Орта Азия түркі тілдерінде қалай айтылатынына келсек, өзбек: *қасқон*, ұйғыр: *қасқан*, қырғыз: *қасқан*, өзбек тілінің Ферғана сөйленісінде *манты қазан*, мантыны қоюға арналған қасқақтың ішкі бөліктері ұйғыр тілінде *жембил*, Турфан сөйленісінде *жембил* [8, 110 б.], өзбек тілінің Наманган сөйленісінде *джумбул* [8, 111 б.], Ош сөйленісінде *жумбула* [8, 67 б.] фонетикалық нұсқалары кездеседі. Бұл зат атауы тарихи жазба ескерткіштерде кездеспейді, сондықтан кейінгі кезеңде шыққан тұрмыстық зат атауы болса керек. Бұл сөздің этимологиясы *жам* – түптеу деген ұғымды білдіретін сөз, бөл – бөлу ұғымында, сонда *жамбол* сөзі ыдыстың түбіне қалау, орналастыру ұғымына сай келеді, өйткені мантыны бөліп-бөліп, қатарластырып қалап шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Будагов Л.З.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – СТБ.: Наука, 1869. – Т. 1. – 420 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Білім, 1974-1985. – Т. 2. – 400 б.
3. Қырғыз тилинің түшіндірме сөздугу. – Фрунзе: Илм, 1984. – Т. 1. – 416 б.
4. Түркімен дилинің сөзлуги. – Ашгабат: Илим, 1962. – 550 б.
5. *Фармонов И.* Узбек тили Уш-Узган диалектининг бьази лексик хусусиятлари. – Тошкент: Илим, 1983. – 243 б.
6. Русско – уйгурский словарь. – М.: Наука, 1956. – 300 б.
7. *Малов С.Е.* Уйгурский язык (Хаминское наречия). –М.–Л.: Наука, 1954. – 600 б.
8. Туркмен дилинің ғыскача диалектолик сөзлугу. – Ашгабат: Илм, 1977. – 500 б.
9. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – А.: Ғылым, 1969. – 320 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены лексические единицы, связанные с названием «котел». Название «котел» воссоединяясь и сочетаясь с другими названиями принадлежностей домашнего быта приобрело новое название в казахском языке и в других тюркских языках Средней Азии. **(Нурмышева Ш. Котел и лексические единицы, связанные с их видами)**

SUMMARY

The name “cauldron” joining with the names of other household things gets news names in Kazakh language: *kazan – leg*. **(Nurmishева SH. Cauldron and the lexical units connected to its types)**

ӘОЖ 419.992 71: 405

С.ТАШИМОВА

№23 жалпы орта мектебінің қазақ тілі мұғалімі

ОШАҚ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ БҰЙЫМ АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЛЕКСИКА

«Ошақ және оған қатысты бұйым атауларына байланысты лексика» деп аталатын бұл мақала филолог студенттерге, магистрларға, докторанттар мен тілші-ғалымдарға арналған. Сондай-ақ аталған мақаланың материалдары туған тілін тереңірек білгісі келетін көпшілік қауымға, этнографтарға да құнды материал бола алады, өйткені мақалада ошақ сөзінен туындаған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ономастикалық атаулар оның этимологиясы мен семантикасына негізделіп жазылған.

Кілт сөздер: ошақ, отчу, очуғ, очақ, ачак.

Түркі тілдеріндегі тұрмыстық терминдерді білу, оның ішінде үй тұрмыс заттарын зерттеп, ғылыми теориялық жақтан қыр-сырын ашу – қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Адамзат еңбек құралдарын жасау барысында үй тұрмыс заттарына да нақты атаулар беруге талпынып келді. Адам баласының ойлау жүйесі дамып, техникалық прогресс дамыған сайын тұрмыстық заттардың да түрі көбейіп, сан түрлі атаулар пайда бола бастады. Тұрмыстық заттардың атауы болатын терминдер лексикалық сөздік қабатына жатады. Аталған лексикалық қабат салыстырмалы-тарихи тұрғыдан әлі күнге дейін толыққанды зерттелмей келеді.

Академик Ш.Ш.Сарыбаев [1, 165 б.], О.Нақысбаев [2, 147 б.], Т.Айдаров [3, 97 б.], С.Иброхимов [4, 45 б.] сияқты тілші ғалымдар қазақ және өзбек тілдерінің ауызекі сөйленістеріндегі тұрмыстық лексиканы этимологиялық, тарихи қалыптасу, пайда болу ерекшеліктері жағынан зерттеп, көптеген материалдар жинақтады. Аталған ғалымдардың материалдары әлі де лингвистикалық мәнін жоғалтқан жоқ, сондықтан тарихшылар, этнографтар, лингвистер үшін аса құнды болып табылады.

Бұл ғылыми мақалада үй тұрмысы заттарының атаулары мен ас дайындаудағы ерекшеліктеріне талдау жасауға арналып отыр.

Аталған лексика мен лексикалық бірліктердің дені түркі халықтарына ортақ, тарихи кезеңдерден бері келе жатқан тіл байлығының бір саласы болып табылады. Сондай-ақ, түркі халықтарында тілдің тарихи дамуы барысында да көптеген тұрмыстық заттар пайда болып, олардың атаулары шықты, кейбірі әдеби нормаға еніп, әдеби тілдің құрамына енсе, кейбірі

сөйленістер мен диалектілердің құрамында әртүрлі қолданылып келуімен ерекшеленеді.

Ошақ - үш жағы жабық болып келетін, от жағуға арналған тамақ пісіру үшін үстіне қазан орнатылатын үй тұрмыс бұйымы.

Ошақ түркі тілдерінің тарихи жазба ескерткіштерінде *отчу*, *очуг*, *очаг* [5, 362 б.], *өчук* [6, 205 б.], *очақ* [7, 249 б.], *учақ* [8, 210 б.], *очақ* [9, 241 б.], *очақ* [10, 443 б.], *вучак* [11, 96 б.] тұлғасында әр түрлі фонетикалық нұсқамен қолданылып келсе, одан кейінгі тарихи жазба сөздіктерде: *ашақ* [11, 15 б.], *очаг*, *очак*, *ожақ*, *учак*, *ошақ* [11, 25 б.], түрінде берілген.

Аймақтағы түркі тілдерінде *ошақ* (қазақ), *учак* (өзбек), *очақ* (ұйғыр), *очоқ* (қырғыз), *ошақ* (қарақалпақ), *ошак* (түркімен) тұлғасында қолданылады.

Ошақ сөзі жоғарыдағы жазба ескерткіштер мен сөздіктерде, аймақтағы Орта Азия түркі тілдерінде әр түрлі фонетикалық нұсқаларда айтылғанмен үш жағы жабық болатын немесе астына кесек немесе кірпіш қаланған, үстіне қазан қойылатын, ішіне от жағылатын, тамақ пісіретін үй тұрмыс заты ұғымын береді.

Тамақ пісіру, дайындау ерекшеліктеріне байланысты Орта Азия түркі тілдерінде әр түрлі ошақтар пайда болған. Көшпелі өмірге ыңғайлы және отырықшылыққа байланысты өздеріне қолайлы әр түрлі ошақ түрлері пайда болған. Түйенің өркешінің үстіне тамақ пісіретін үш аяқты ошақ, далада тамақ пісіретін ошақ, бір жерден екінші жерге көшіріліп тамақ істеуге арналған ошақ түрі «көшірме ошақ» болып бөлінеді.

Көшпелі өмір салты бойынша ошақтар жерді ойып та жасала берген. Ошақтың мұндай түрлері қазіргі түркі халықтарында түрлі-түрлі аталады. Қазақта *қазандық*, *аспалы қазан* [10, 16 б.], қырғызда *кемеге* деген ошақ жерді ойып жасалған ошақ түрі [10, 504 б.], *таган* – үстіне құман, қазан қоюға арналған үш аяқты ошақ [9, 628 б.].

Өзбек және ұйғыр тілдерінің кейбір ауызекі сөйленістерінде *тулқа* *очақ* [6, 83 б.], *көшірме темір ошақ* [6, 83 б.], ұйғыр тілінде *тулга* [7, 128 б.], қазан қоятын үш аяқты ошақ.

Ошақтар жасалуы мен атқаратын қызметтеріне қарай әр түрлі атаумен қолданылады. Мәселен қазақ тілінде *жер ошақ*, *темір ошақ*, өзбек тілінде *қора очақ*, *лой учақ*, *ер учоқ*, *темир учоқ*, өзбек тілінің Ферғана шеvasында (сөйленісінде) *қашқар учақ*, ұйғыр тілінде *морочақ*, оның сөйленістерінде *мора* [8, 169 б.], түркімен тілінде *чай ожақ*, Нухур, Алили сөйленістерінде *киле-учоқ* [9, 12 б.] деп аталады.

Қазақ, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, түркімен тілдерінде ошақ сөзі ауыспалы мағынада қолданылып, білім ошағы, кадрлар ошағы сияқты лексикалық бірліктер пайда болған, ал қарақалпақ тілінде жанұя, отбасы

деген ұғымда қолданылса, түркімен тілінде әулет деген ұғымда жұмсалады.

Ошақ сөзінің этимологиясы туралы көптеген тілші ғалымдар өз пікірлерін білдірген. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде ошақ сөзі < «от» (огонь) + жақ – «жечь» сөздерінен > отжақ > ошақ деп түсіндіріледі [10, 155 б.]. Зерттеуші ғалым В.Г.Егоров чуваш тіліндегі *вучах* сөзін *вут* > *ут* – *от* сөздеріне кішірейткіш –*чах*, –*чак*, –*чок*, –*шак* қосылғандығын айтады [11, 58 б.].

Э.В.Севортян өз зерттеуінде төмендегідей пікір білдірген: *чак*, *жақ* – *чық* – *жық* бөлінуінің нәтижесінде *~о ~у* қалады, бұл түбір қызметін атқарған, содан *о:т чак ~ очак* болып, кейін *ч* ның дыбыс алмасуының нәтижесінде *о:тчак, о:тчык ~ отчакг отчык –оччак, оччық* > *о:чак ~ очак* тұлғасы қалыптасқандығын айтады [2, 422 б.].

Манкал – көмірмен жағылатын ошақ мағынасын береді. А.Ибатов [3, 148 б.] *манкал* – темір печка деп көрсетсе, А.Науаи шығармаларының сөздігінде «Суық күндерде от жағып жылынатын темір ыдыс» деп сипатталған [4, 361 б.].

Манкал өзбек тілі сөздіктерінде *мангалка, монколдон* формаларында қолданылады. Өзбек тілінің Хорезм диалектісінде *аңал – ангал – манколдон* [5, 250 б.], түркімен тілінде *маннал* тұлғасында кездеседі.

Манкалдан сөзі туралы С.Иброхимов төмендегіше өз пікірін білдірген: «Ішіне от жағып жылынатын шойыннан әр түрлі көлемде құйылған, домалақ, ернеуі 4-5 см қайырылған, астында үш аяғы бар қосымша ошақ». *Манкалдан манқал* арабша көшпелі, тәжіктің *дон* деген зат есім жасайтын аффиксінің бірігуінен пайда болған [6, 409 б.].

Ғылым мен техниканың даму нәтижесінде тілдік интеграцияға байланысты көптеген тұрмыс заттары орыс тілінен түркі тілдеріне ауысқан. Орыс тіліндегі *печь* сөзі қазақ тілінде *пеш*, өзбек тілінде *печь*, оның ішінде *тунука печка, чуян печка* тұлғасында қалыптасса, ұйғыр тілінде *мәш*, қырғыз тілінде *меш, печь*, қарақалпақ тілінде *печь*, түркімен тілінде *печь* фонетикалық нұсқаларымен айтылады.

Yabancı dillerin kelime öğretiminde bir resim bin sözcük değerindedir yöntemi yaygın olarak kullanılmaktadır [9]. Görme duyusunun kullanılması algılamının gelişmesi ve tekrar hatırlanması yönünden en etkili yöntemdir. Dil gelişiminde anlama oranları ise şöyledir: tatma %1, dokunma % 1. 5, koklama %3. 5, işitme %11, görme %83'dür [10]. Nesne ve figürlere yüklediği sembolik anlamda çocuk psikolojisi açısından ayrı bir araştırma alanıdır. Örneğin 600 psikiyatrik hastanın yaptığı resimler incelendikten sonra, belli hastalıkları olan bireylerin belli renkleri ve belli şekilleri kullandıkları saptanmıştır [11]. Resimler özgürlükçü ve samimi bir eğitim ortamı oluştururlar. Kelime öğretiminde resimlerden çok çeşitli şekillerde yararlanılmaktadır. Aşağıda bu kullanımlardan bazılarının yer verilmiştir:

a) Resimleri sunarak anahtar kelimeleri tanıtmaya: Öğretmenin, konuyla ilgili resimleri kullanarak kelimeleri tanıtmaya esasına dayanır. Söz gelimi, anlatılacak konunun meslekler olduğunu düşünelim: Öğretmen, meslekler konusunu anlatmadan önce bu konuyla ilgili resimli kartlar bulur. Öğrencilere meslekleri, adlarını söyleyerek teker teker anlatır. Mesleklerin tanıtımından sonra

öğrencilere; “Bu mesleğin adı nedir?” türünden sorularak sorarak, öğrencilerin bu meslekleri öğrenip öğrenmediklerini tespit eder.

b) Öğretmen kelimeyi söyler: Öğrenci de resme bakarak söylenen kelimenin altındaki rakamı söyler. Birinci maddedeki aktivitenin pekiştirilmesi amacıyla yapılan bir başka aktivitedir. Öğretmen, önceden belirlediği renkli resimli kartları, öğrencilerin rakamları görebileceği bir şekilde numaralandırır. Bu kartları sırayla bir panoya yerleştirir.

c) Öğretmen resimde yer alan numarayı söyler: Öğrenci de numaraya bakarak kelimeyi söyler. Yukarıdaki yöntemin uygulanış olarak tersidir. Öğretmen, resimlerin altındaki numarayı söylerken, öğrencilerden resimde yer alan kelimeyi ifade etmelerini ve adını söylemelerini ister.

d) Öğretmen teker teker resimleri gösterir ve öğrenci, gösterilen nesnenin adını söyler: Bu aşamada öğretmen, ilk üç aktivitenin amacına ne denli ulaşmış olduğunu kontrol eder. Öğretmen, öğrencilere, elindeki resimleri sırayla göstererek bu resimlerdeki kelimeleri söylemelerini ister. Yukarıda ifade edilmiş her türlü kavramın öğretilmesinde kullanılabilir [12].

Fiillerin öğretiminde birkaç resimden aynı anda yararlanmak gerekebilir. Sıfatların öğretiminde kelimenin rengini ve durumunu belirten bir resim yeterli olmaktadır. Adres tarifi konusunda ilerde, sağda, karşıda, direkt git, düz git, sağa dön, sola dön gibi kelimeleri öğrencilere kavratmak için tahtaya bir adres krokisi çizilmeli ve çizilen bu kroki ile öğrencilere bu kelimeler kavratılmalıdır (Bkz. Resim 2.1).

Yönler konusunda kuzey, güney, doğu, batı gibi kelimeleri öğretmek için tahtaya yönler yıldız krokisi çizilmeli ve bu kelimeler öğrencilere kavratılmalıdır (Bkz. Resim 2.2). Bu ve benzeri krokiler ve çizimler öğrencilerin kelimeleri kavramalarını sağlamakla birlikte tekrar hatırlamasını kolaylaştırmaktadır.



Resim 2.1 Adres tarifi krokisi [13].



Resim 2.2 Yön tarifi krokisi [14].


Soru-cevap metoduyla aktif kelime hazinesi geliştirilmelidir. Çünkü bu yöntem öğrencinin konuşturulması esasına dayanmaktadır [15]. Soru cevap yöntemiyle öğretmen kroki hakkında öğrencilere sorulara sorarak öğrencilerin öğrendikleri kelimeleri pekiştirmelerini sağlamalı ve kelimeleri aktif hale

getirmelidir. Hem görsel hem de işitsel unsurla bir arada kullanılarak öğrenmenin pekiştirilmesi sağlanmış olur.

Örnek:

- 1.Tiyatrodan taksi durağına nasıl gidebilirim?
- 2.Postaneden otele nasıl gidebilirim?
- 3.Fotoğrafçıdan parka nasıl gidebilirim?

Öğretmenin işlediği konu ile ilgili tahtaya çizdiği çöp adamlarda öğrencilerin kelimeleri daha kolay kavramalarını sağlamaktadır. Öğretmen var, yok kelimelerini öğretirken tahtaya çöp adamlar çizer daha sonra çöp adamın birinin eline kitap resmi çizer diğer öğrencinin ellerini boş bırakır sonra öğrencilere tahtadaki çöp adamları göstererek birer cümle ile var, yok kelimelerini resimlerle kavratmış olur (Bkz. Resim 2.3). Daha sonra soru cevap yöntemiyle örnek yeni cümlelerle konunun pekiştirilmesi sağlanır.



Resim 2.3 Çöp adam [16].

Kelimeleri görsel olarak anlatan şekil, kroki, resimler sözcüğün doğru ve kolay kavranılmasını sağlar ve çabuk unutulmasını engeller. Şekil, kroki, resim ve çizgi resimler yardımıyla kelime öğretimi etkili bir yöntemdir. Öğretmen kötü bir çizici olsa da tahtaya en azından çöp adamlar çizerek öğrencilere kelimeleri sezdirmeye çalışmalıdır.

Çağrışım yoluyla ve tahtaya şekil, kroki ve resim çizerek kelime öğretimi yöntemleri ile Türkçe kelime öğretim materyalleri çok kısıtlı durumdadır. Yabancılara Türkçe öğretiminde diğer yöntemlere yönelik materyallerin yanında bu yöntemlere yönelik materyallerde geliştirilmelidir.

KAYNAKÇA

1. *Hazar E.* İngilizce Derslerinde Resimlerle Kelime Öğretiminin Başarıya Etkisi, Niğde Üniversitesi Eğitim Fakültesi, Yüksek Lisans Tezi, 2007. – S. 27.
2. *Sağır M.* Türkçe Dil Bilgisi Öğretimi. – Ankara: Nobel Yayınları, 2002. –S. 48.
3. *Aslı A., Maden S., Durukan E.* Çoklu Ortam Aktiviteleriyle Metin Öğretimine Bir Model (Fabl Örneği) //Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi Journal of International Social Research, Volume 3/10 Winter, 2010. –S. 76.
4. *Akyol H.* Türkçe İlk Okuma Yazma Öğretimi. – Ankara: Pegem A Yayıncılık, 2005. –S. 157.
5. *Aktaş Prof. Dr. Şerif.* Gündüz, Yard. Doç. Dr. Osman. Yazılı ve Sözlü Anlatım. – Ankara: Akçağ Yay, 2001. –S. 76.

6. *Memmodov, Yunus*. Kelimelerin Leksik ve Semantik Gelişmesi. //Türk Dili. Mayıs, 1994. –S. 509.
7. *Küçük Salim*. Türkçenin Eğitimi ve Öğretiminde Yaratıcılık Çalışmaları. //Türk Dili. Temmuz, 2002. –S. 607.
8. *Aygün Mehmet*. Yabancı Dil Dersinde Sözcük Öğretimi Ve Sözcük Dağarcığını Geliştirme Teknikleri. //Dil Dergisi. Nisan, 1999. –S. 78.
9. *Demirel, Özcan*. Yabancı Dil Öğretimi İlkeler Yöntemler Teknikler. – Ankara: Usem Yayınları, 1993.
10. *Kazan Şevkiye*. İlköğretim Ders Kitaplarının Çocuk Edebiyatı Açısından Gözlem Yoluyla Anlama Tekniğini Geliştirme Yeterliliği. 1.Ulusal Çocuk Kitapları Sempozyumu: Sorunlar ve Çözüm Yolları. (Haz. Sedat Sever). – Ankara: AÜ Eğitim Bilimleri Fakültesi ve TÖMER Yay. 2000. –S. 662.
11. *Özdoğan Berka*. Çocuk ve Oyun. – Ankara: Anı Yayıncılık, 1997.
12. *Taşdemir, Ercan* ve diğerleri. Pratik Türkçe Öğretim Teknikleri. – İzmir: Dilset Yayınları. 2003.
13. *Öztürk T., Yiğit A., Akçay S.*, vd. Gökkuşluğu Türkçe Ders Kitabı 1. – İzmir: Dilset Yayınları, 2007.
14. *Öztürk T., Yiğit A., Akçay S.*, vd. Gökkuşluğu Türkçe Ders Kitabı 1. – İzmir: Dilset Yayınları, 2007.
15. *Demir C.* Türkçe/Edebiyat Eğitimi ve Kişisel Kelime Serveti. Millî Eğitim ve Sosyal Bilimler Dergisi, 2006.
16. *Malışev G.G.* Yeni Başlayanlar İçin Resimli Rusça Gramatik. – CPB.: Zlatoust, 2006.

TҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шет тілін үйретудің белсенділігін арттыратын ассоциация, тактаға кескін, нобай, суреттер салу арқылы түрік тілінде жаңа сөздерді игеру әдісі туралы баяндалады.

(Özkaya T. Ассоциация және сурет салу арқылы түрікше сөз үйрету әдістері)

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы обучения новых слов в турецком языке, как ассоциация, рисование на доске, обучение с помощью таблиц, чертежей и эскизов, которые активизируют изучение иностранного языка.

(Özkaya T. Ассоциация и рисование как методы обучения турецкому языку)

SUMMARY

In article, the word teaching in teaching Turkish to foreigners via association and by drawing shapes, sketches and pictures on board teaching methods and practices, are shown.

(Özkaya T. Methods of teaching Turkish words by using associations and pictures on board)

ÜOS 398.2: 819.1

M.KADİROVA

A.Yesevi UTKU-nin Yüksek Lisans Öğrencisi

TÜRK ATA TÜRKLERİNİN GELENEK VE GÖRENEKLERİ

Türk-Ata Türkleri, bölgede yaşayan diğer Türk halklarından farklı değildir; ancak kendilerini tanımlamada boy ve uruk adlarının yanı sıra Türk kimliğini kullanan ve Kırgızistan'ın Fergana bölgesinde varlığını sürdüren küçük bir topluluktur. Kırgızistan'ın dışında komşu Özbekistan ve Tacikistan sınırları içinde de yaşayan bu topluluk mensupları, Kırgız ve Özbek Türkleriyle yoğun bir şekilde iç içe yaşamakta ve dolayısıyla konuştukları dil Kırgız ve Özbek Türkçelerinin temel özelliklerini yansıtmaktadır.

Bu makalede Türk Ata Türkleri'nin, nesilden nesile, aktarılarak devam eden gelenek ve görenekleri hakkında bilgiler verilmiştir.

Anahtar Kelime: Türk Ata Türkleri, Gelenek ve Görenek, Aile, Düğün, Sofra.

Türk Ata Türklerinde Aile ve Çocuk İlişkileri

Türk Ata Türkleri ailesinde , çocuklara küçüklüklerinden itibaren özellikle her işe “Bismillahirrahmanirrahim” diye başlamayı, kendinden büyüklere itaat etmelerini ve selam vermelerini öğretirler. Türk Ata Türkleri, çok çocuklu ailenin güçlü aile olacağına inanır. Çok kardeşin daha büyük dayanışma sağlayacağına inanır. Halk arasındaki bir deyişe göre “Köpek ol, kuş ol ama çok ol”, “Yalnız atın tozu çıkmaz, tozu çıksa sesi çıkmaz” denir. Kız çocuğu dünyaya gelirse anne-babası sandık için çeyiz hazırlamaya başlar. Erkek dünyaya gelirse, ev yapmak için ya ağaç diker yada ev hazırlar. Türk Ata Türklerinin inançlarında hayırlı evlat en büyük devlettir. İyi niyetin de özel bir önemi vardır. “İyi niyet yarım devlet” denilir. İyi niyetkolaylaştıracağına inanılır. Dünyaya çocuğu gelen aileye çok çocuklu olması, ocağının kutlu olması, tuttuğu toprağın altın olması, Allahın kendisinden razı olması dilenir. Askere gidene bir ekmek ikram edilir, ve ona “ak yok” dilenir. Bazı isimlerin çocuklar tarafından kaldırılmayacağına onlara ağır geleceğine inanılır. Resğl, Ekber, Nebi, Gani, Muhammed... gibi adlar konularak, Allahın merhametinin dünyaya gelmiş olanlara yardımcı olacağı inancından hareketle ömürlerinin uzun olacağına inanılır. Bu uygulama Allah babalarının yarlıkasın diye yapılır. Türk Ata Türklerinin inancına göre babanın erkek evlat üzerinde üç borcu vardır. Bunlar: sünnet (hatne) ettirmek, meslek sahibi yapmak, evlendirip ev kurmasını sağlamaktır.

Sünnet Dügünü (Hatne)

Sünnet (Hatne) Türkistan'da İslamiyetten önce de vardı. Çocuk yedi yaşına kadar sünnet olmalıdır. Sünnet (hatne), genellikle çocuğun 1, 3, 5 ve 7 yaş gibi tek yaşlarında sünnet olmas gerek. Bazen de çocuk sünnetli doğar, böyle çocuklara “Sünnet” adı verilir. Sünnet toylarında (dügünlerinde): güreş, ulak ve darbaz

oyunları yapılır. Türk Ata Türkleri'nde sünnet düğünü en geniş anlamlı ve en zengin düğündür. Bu düğün için çok erkenden hazırlığa başlanır. Fakir olsa bile mutlaka sünnet düğünü yapar. Ailede erkek çocuk öncelikli yere sahiptir “kız çocuğu gidici, erkek çocuk kalıcı” denir. Kız çocuk evlenince, geri gelmesin temennisiyle “kızım sizin evde taş gibi kalsın” denir. Türk Ata Türkleri'nin Sünnet düyünlerinde büyük şölen yapılır, ziyafetler verilir. Çocuğun babası yemekleri, annesi de üstü başını üstlenir. Türk Ata Türkleri'nde sünnet düyünleri bir kaç bölümlerden oluşur. Bunlar: düyün hazırlığı, düyün daveti, ekmek yapma, havuç doğrama, pilav hazırlama, Kur'an hatmi, çıpkan (sünnet-sünnetçe). Davetliler “toyun mübarek olsun” diye gelmeye başlayınca, sünnetçi, sünnetten evvel bıçağını üç defa biler gibi yapar. Bu esnada çocuğun babası evinin eşığının dışında bekler, anne de odanın dışında bekler. Toplanan paralar sünnetçiye verilir. Sünnet düyününde konu-komşu sünnet evine özel bir tertip içerisinde yardımcı olurlar. Toplu halde sünnetli çocuğa alkış (dua) ederler. Getirilen hediyelere toyana denilir. Bunlar: kap-kacak, giyim ve ev eşyaları, at ve para olabilir.

Türk Ata Türkleri'nde çocuğun tam sünnet olacağı zaman para ve şeker saçısı yapılır. Bu esnada davetlilerden para birikir. Bu toplanan paralara çuprangı denir. Çuprangıyı sünnetçi alır. Çocuğu sünnet olunca annesi elini hamur teknesine batırır. Sünneti kolay olsun, fazla acı çekmesin diye çocuğun ağabeyisi isemeyveli ağaca tırmanır, çocuğun bereketli olması dilenmiş olur. Sünnetten sonra çocuğun üzerine doppi (erkek tekkesi) konur, böylece çocuğun erkek- yiğit-mert olacağına inanılır. Çocuklarının sünnet olmakla, Müsülman olduklarına inanırlar ve tebrik ederler ve hediye verirler. Ona beyaz geniş bir pantolon giydirirler. Bu tür merasimlerin çocuğun kamil insan olmasında etkili olduğuna inanırlar.

Türk Ata Türkleri'nde sünnet (hatne) düyününün dışında bir çok düğün vardır. Mesela: Beşik düğünü, nikah düğünü, Peygamber düğünü (63 yaşında olanlara), avlu (yeni ev) düğünü yapılır. Türk Ata Türkleri'nde düğün adete küçük bir bayramdır. Düğünlerde müzik çalınır, güreş tutulur, at oyunu yapılır.

Beşik düğünü eski zamanlardan beri her ailede vardır, bu sebepten bu düğün güzel ve unutulmaz adetlerinden biridir. Bu merasim ailede birinci çocuk doğduğu zaman yapılır. Türk Ata Türkleri'nde beşik düğününün bir kaç çeşidi vardır. Bunlardan biri bebek 7 veya 9 günlük olduğunda beşiğe yatırış merasimi yapılır. Bebeğin kırkı çıktıktan sonra, beşik düğünü yapılır. Beşik düğününe başından iki evlilik geçmiş kadın katılamaz. Beşiğe üzerlik ve muska asılır.

Türk Ata Türkleri'nde nikah düğünü evlenme münasebetiyle yapılır. Nikah düğünü en eski düğünlerden birisidir. Evlenme isteğindeki genç bu isteğini açık kelimelerle belirtir ise ayıp olur. Kızların evlenme yaşı 17-18 iken 25 yaşını geçmiş kıza “karıkız” denilir. Türk Ata Türkleri'nde genç evlendirilirken “yeni aile kutlu olsun”, “sonuna kadar mutlu olun” şeklinde dua edilir.

Türk Ata Türkleri'nde ilk ev inşaatında canlı kesilir ve kan çıkarılır. Bu kan evin üzeri kapatılmadan duvarın üzerine akıtılır. Ayrıca evin görkemli yerlerine, diken, üzerlik gibi şeyler asılır. Yeni eve göç edilmeden önce üç şey yapılır. Bunlar, evin eşığinden tuz alınarak girilir, bununla çiftlerin tuz gibi nasipli olması dilenir. Eşikten ekmek ve un alınarak geçilir, bununla çiftlerin rızıklı olmaları

dilenir. Eşiklere ayna konularak eve girilir, bununla çiftlerin geleceklerinin aydın ve ayna gibi parlak olması dilenir.

Türk Ata Türkleri'nin Sofra Kültürü

Türk Ata Türkleri'nde uluğ kabul edilen sofraya ilk ekmek konur. Sofraya ekmek her zaman çift konur. Yemeğe ilk aile büyükleri başlar. Yemeğe besmele ile başlanır. Ekmek herhangi bir yere ters koyulmaz. Türk Ata Türkleri'nde misafirin önemli bir yeri vardır. Misafir kabülde sadece ev sahibinin değil komşularının da sorumluluğu vardır. Yemekte ikram ısrar çok olur. Konuk ev sahibinin tüm neşe ve heyecanını paylaşır. Ziyaretgah yerinin pek güzel olması şartı yoktur. Türk Ata Türkleri'nin inancına göre “mehman atangdan uluğ” diye gelen misafire saygıda kusur etmezler.

Türk Ata Türkleri sofrada da çok önem veriliyor. Örneğin ailenin en büyüğü sofraya oturmadan yemeğe başlanmıyor. Yemek bittiğinde yine ailenin büyüğü tarafından dua ediliyor. “Bismillahirrahmairrahim, kop bersin, mol bersin, keng fel, ketmez devlet bersin, dostga zar, duşmanga har, namerdge muhtaç kılmasın, ot belası, su belası, nahak tuhmattan özi esresin. Şu yegan içkanlarımızni sevabını öz dergahında kabul etsin Amin, Allahu Akbar”. Türk Ata Türkleri sofrada sohbet etmek çok yaygın bir gelenek. Hele eve konuklar gelmeşe sofraya toplanmadan saatlerce sohbet edilebiliyor. Bu konuklara duyulan saygının misafir perverliğinin bir göstergesi.

Gelen misafirlere mutlaka yemek yapılır ve zengin bir sofraya hazırlanır. Bu hiç değişmeyen bir gelenektir. Düğünlerde ve özel günlerde gelen yakın akrabalar uğurlanırken o gün onlara ne ikram edilmişse aynısından küçük bir paket yapıp yanlarına veriliyor. Türk Ata Türkleri'nin mutfağındaki bir diğer özellik ise meyve ve tatlı servisinin yemeklerden sonra yapılmaması... Meyve ve tatlı yemeğin en başında servis yapılıyor ve bütün sofraya boyunca orada kalıyor. Bunlarda komşuluk ilişkileri ve insanlar arası dayanışma o kadar gelişmiş ki evde ne yemek yapılmışsa mutlaka en yakın komşuya bir kap veriliyor. Oldukça fazla yemek yapıp bütün komşulara dağıtılıyor. Bu yemeklerin en başında ise tabiki de pilav geliyor.

Türk Ata Türkleri'nin mutfağı'nın en ünlü en lezzetli bölümünü hiç kuşkusuz pilav oluşturuyor. M.Ö. 4. yüzyılda Büyük İskender zamanından bu yana yapılan her bir aşçının kendi bulduğu bir özelliği ekleyerek zenginleştirdiği ve bu nedenle bir “sanat” diye nitelendiren pilavın pişirimi bölgeden bölgeye değişiklik gösterse de hepsinin ayrı bir lezzeti ayrı bir özelliği bulunuyor. Pilav yapımında ana malzemeler değişmiyor. Yani pirinç et yağ havuç soğan ve çeşitli baharatlar bütün bölgelerde kullanılıyor. Bölgesel özelliğine göre ise içine ayva kuru üzüm ve çeşitli sebzeler ilave edilebiliyor. Türk Ata Türklerin'de her yetişkin insan bu pilavı pişirmeyi biliyor. Eve misafir geldiğinde pilav mutlaka evin erkeği tarafından yapılıyor. Bu değişmez ve çok

makbul bir gelenek. Pilav pişirmek için özel yerler de bulunuyor. Pilav büyük kazanlarda pişirildikten sonra orada yeniliyor.

Türk Ata Türkleri'nin gelenek ve görenekleri adlı bu makaledeki bütün bilgiler, Kırgızistan'ın Oş ve Calal-Abad bölgelerinde yaşayan yerli halktan derlenerek toplanmıştır.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Түрік Ата Түріктерінің отбасыларындағы атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптары туралы мәліметтер берілген.

(Кадирова М. Түрік Ата Түріктерінің әдет-ғұрыптары)

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются традиции и обычаи Турецких Турк Ата, которые переходят с поколения в поколение.

(Кадирова М.Традиции и обычаи Турецких Турк Ата)

SUMMARY

This article observes customs traditions family of Turk Ata Turkish which are transferred from generation to generation.

(Kadirova M. Customs and traditions of Turk Ata Turkish)

ӘОЖ 373.3:37.09.32

І.С.СМАНОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
ОҚМПИ-ның профессоры

П.ЛЕСБЕКОВА

ОҚМПИ-ның магистр-ізденушісі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

Мақалада Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия ұлттық университетінде «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы Білім экономикасына» тақырыбында оқыған лекциясында, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында және 1912 жылғы 14-желтоқсандағы Қазақстан Халқына Жолдауында атап көрсетілген нақты тапсырмалар аясында бастауыш мектеп оқушыларының еңбек іс-әрекеттері тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздері жан-жақты қарастырылған. Осы ретте бастауыш мектеп ұстаздарына қойылар нақты міндеттерді шешудің кейбір мәселелері баяндалып, ұсыныстар келтірілген.

Кілт сөздер: жалпы педагогика, бастауыш мектеп педагогикасы, оқушыларды еңбекке баулу, еңбек іс-әрекеттері.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын табыстармен атап өткен еліміз «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын Қазақстанның жасампаздық жолын жалғастыратын іс үстіндегі бағдарлама деп түсініп, ыстық ықыласпен қабылдап, әрбір қазақстандық оған өз үлесін қосу ниетінде. Егемен еліміздің болашақтары – ертеңгі еліміздің дамуына үлес қосушылардың білімді, білікті, патриот, жігерлі, өзіне-өзі сенімді, зияткерлік деңгейі биік, дүниетанымы жетілген азамат дәрежесіне жеткізу «Қазақстан – 2030» бағдарламасында жүзеге асырылу сөз болып, іс-тәжірибеде көрінуде, енді «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламада ол одан да дамытылады, бұл арада мектептің орны айрықша [1].

Тәрбиенің сана салалы күрделі мәселелері білім алу, тәрбиелеу, дамытылуы, өзін-өзі дамыту, еңбек іс-әрекеттерімен адамгершілігі, еңбек сүйгіштігі, отаншылдығы, жан-жақты дамуы бастауыштан басталады. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген ықыласын, сенімін нығайту,

еңбек етуге баулу, іскерлігі, дағдысын, дүниетанымын еңбек іс-әрекеттерімен дамыта қалыптастыру, оқу іс-әрекеттеріне белсенді қызығушылығын ояту, әрбір еңбекті бағалауға маңыз беру, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам бағдарламасының мән-мағынасына түсініктеме беру, адамды еңбегіне қарай лайықты бағалау және олардың еңбегін бағалаудың маңыздылығын іс-әрекеттермен көрсету. Бастауыш мектептен баланың адамдық қасиетті сезімін мәпелеу, сақтау және дамыту – ұстаздың өте нәзік және аса күрделі міндеттерінің бірі.

Мектептегі іс-әрекеттердің, әсіресе оқу, еңбек іс-әрекеттерінің тәрбиеге ықпалы үлкен, іс-әрекеттер арқылы саналы тәртіп, сапалы білім, жағымды мінез-құлық, мәдениетті қарым-қатынас қалыптасады, ал мәдени деңгейі іс-әрекеттермен білінеді. Бастауыш мектепте мемлекеттік білім беру стандартына сай болуы оқушының тұлғасы мен санасының қарқынды дамып, құнды қасиеттерінің өріс алуына себепкер болатын әрбір еңбек іс-әрекеттерінің мәнді, мағыналы болуынан қайталанбайтын кезең.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Педагогикалық іс-әрекеттің қызметі:

– оқушыларға еңбек іс-әрекеттері көмегімен білім, іскерлік, дағдыларды игеріп, олардың негізінде дүниетанымдарын қалыптастырып дамыту;

– оқушылардың еңбек ету іс-әрекеттерімен ақыл-ой күштері мен қабілеттерін білім мазмұны, жинақтаған тәжірибесі арқылы дамыту;

– балалардың еңбек әрекеттері негізінде саналы мінез-құлық қалыптарын меңгеруін қамтамасыз ету;

– шәкірттердің еңбек етулері, еңбек құралдары көмегімен дүниені тану барысында табиғаттың ғажайып көріністерін, өрнектерін сезімдерімен қабылдап, сұлулықты сезу, қабылдау, рухани баюмен эстетикалық қатынастарды қалыптастыру;

– жеткіншектердің денсаулықтарын нығайту, дене күштері мен қабілеттерін дамыту. Шығыс даналығы: «Естігенің естен шықса, көрген қалар көңіліңде, бір нәрсені жасап ұқсаң, ұмытылмас өмірде» – дегендей еңбек іс-әрекеттерімен оқу мен тәрбиемен білім, іскерлік, дағды сапаланып, балаларды дамытуға жеткізеді.

Қазіргі ғылыми зерттеулер және тәжірибе бұл ойдың терең мағыналы екендігін еңбек іс-әрекеттері тәжірибесімен теорияны практикамен толықтырады, даналықтың мәні осында. Орыс ғалымы Л.Фридманның пікірі бойынша бала білім игеру барысында төрт түрлі позицияда болады екен [4]:

1. Тыңдау арқылы дайын білімді алу;
2. Өздігінен жаңалық ашу – еңбек іс-әрекеті тәжірибесі арқылы;
3. Түрлі әсерлерді сезіну, көру, байқау – іс-әрекеттері бойынша;
4. Бұйым немесе өнім жасау – жазу, оқу, жасау, өлшеу, есептеу, жаттығу, орындау, қайталау, еңбек іс-әрекеттері тәжірибесі негізінде.

Айтылған – осы позициялардың соңғы үшеуі ғана шын мәнінде өнімді

еңбек етуге, оқуға, іс-әрекеттер жасауға жеткізеді, білім алады, іскерлігі артады, дағдылары қалыптасады. Қазіргі кезеңде интербелсенді оқыту технологиясының мәні сабаққа қатысушылардың барлығының іс-әрекеттері көмегімен білім алуы, тәрбиеленуі, дамытылуы болатындығын тәжірибе, зерттеулердің нәтижелері көрсетеді.

Оқыту, тәрбиелеу және дамыту – олар негізгі педагогикалық үдерістер, олардың тиімділігін арттыру үшін еңбек іс-әрекеттерін жүйелі, жоспарлы, мақсатты жасаумен сапалыққа жеткізіледі. Педагогика ғылымы – тұлғаны жан-жақты қалыптастыру және үйлесімді қалыптастырудың заңдылықтарын ұзақ жылдар бойынша зерттеулерінің нәтижесі екендігі белгілі. Педагогика ғылымының білімдері әрбір нақты жағдайларда оңтайлы педагогикалық шешімдер жасауға көмектеседі, солардың бірі еңбек іс-әрекеттерінің тәжірибелерінің маңыздылығында.

Белгілі пәннің оқу материалдарын – білім негіздерін игеру үшін ғылыми-танымдық қызметті зерделеу, жобалау мен бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырумен саналы тәрбиеленеді, сапалы білім алады, сауаттылығы артады «Сабақта мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды-ақ, бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні одан да маңыздырақ. Нағыз ұстаз, міне, осынысымен бағаланады» – деген Цицерон [5]. Олай болса оқушылардың еңбек іс-әрекеттері арқылы сауаттылығын сапаландырады, сондықтан әрбір сабақта білім беру, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарының бірлігі сақталуы, оның бір жолы, әдісі, технологиясы сабақ оқыту үдерісінің басты заңдылықтарын жүзеге асыруға ықпал етуі қажет, оқу материалдарын еңбек іс-әрекеттерімен бекіту, зерделеу, пысықтаумен толықтырады.

Әрбір сабақ, ең алдымен, сабақтың тақырыбымен, кері байланыс нәтижесіне қатысты өзгертілетін, түзетулер жасалатын, қайталау және пәнаралық байланыстар көзделетін дидактикалық мақсатпен сипатталуы, оқушылардың бүкіл сабақ бойы оқу еңбегін қамтамасыз етумен интербелсенді оқыту зерделеу, пысықтауды қажет етумен терең білім алуына жеткізеді. Сабақтың тиімділігін арттырудың келесі бір амалы – ол сабақта оқушылардың өз бетінше өзіндік жұмыстарын жоспарлы, жүйелі, мақсатты үлесін арттыру.

Оқу материалдарын – білімді, саналы және белсенді меңгерудің басты үлгісі теориялық оқуды еңбек іс-әрекеттерімен ұтымды ұластыру, тікелей байланыстыру саналы және белсенділікпен меңгеруге жеткізеді, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекеттермен пысықтау, бекіту кезеңдерінің нәтижелері ақпарат алу технологиясы таным үдерісінің қызық болуы, теориялық ережелерді есте сақтау, білімді игерулерін бейне, жазу, есту амалдарымен өздерінің еңбек іс-әрекеттері арқылы байқау нәтижелері қызығушылықты арттырады.

Инновациялық технологиялардың бастауыш мектептегі білім сапасын арттыру шарттарына талдау жасайық:

– сабақта интербелсенді технологияларға қосымша оқушылардың еңбектері, іс-әрекеттерімен бекіту, сауаттандыру, сапаландыру;

– интербелсенді оқытуда оқушының психологиялық ерекшеліктерін бақылау негізінде еңбек пен іс-әрекеттеріне қатыстыру;

– оқушыларға білім беру, іскерлігін арттыру, дағдысын дамытуда міндетті деңгейдегі білім мазмұнын игерулерін қалыптастырып, дамытумен мүмкіндік деңгейлерін еңбегі, іс-әрекеттерімен байқау;

– инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, мектептегі оқу тұтас педагогикалық үдеріске бейімдеу нәтижелі болуына оқушылардың еңбек-іс-әрекеттері тәжірибесінде ғана қалыптастырылады;

– бастауыш сыныпта оқушылардың тілін дамыту, жазу сауаттылығын арттыру, оқуға қызығушылығын, ықыласын жетілдіру, дағдыларын қалыптастыру, өз ойларын еркін жеткізе алуға баулу еңбек-іс-әрекеттерін жүйелі орындауға үйретумен жүзеге асырылады.

Қазіргі уақыттағы талаптардың бірі – функционалдық сауаттылық – білім беруді сапаландырудан басталады, оның өлшемі тек сауаттылық деңгейі:

– сауатты жазу;

– талапқа сай оқу;

– сапалы есептей білу;

– саналы, тәрбиелі болуы;

– мемлекеттік білім беру стандарттың талаптарына сәйкес білім мазмұнын зерделеп игеру, қисынды ойлай білуі, өздігінен білім алуға қалыптасуы;

– жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілетін арттыруы;

– өзін-өзі тануы, өзін-өзі дамытуы, шығармашылыққа жетуі үшін еңбек етуі.

«Адам естіп-білгені арқылы ғана жетілмейді, еңбек пен іс-әрекет үстінде қалыптасады» деп Альберт Эйнштейн айтқандай еңбек пен іс-әрекетпен қалыптасады, сондықтан бастауыш сынып оқушыларының білімі, іскерлігі, дағдысы қатар жүргізілгенде білім негізі сапалы беріледі.

Астанамыздағы Еуразия ұлттық университетінде «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы Білім эканомикасына» тақырыбында оқыған лекциясында Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев бәсекеге қабілеттіліктің 5 өлшеміне тоқталғандығы белгілі, олар:

– біріншісі – білім беру деңгейін сапаландыру;

– екіншісі – адами капиталды жақсарту;

– үшіншісі – инновациялық даму, еңбек ету;

– төртіншісі – оның атқарылуы, орындалуының сапалы болуы;

– бесіншісі – саяси ерік-жігер мен ұлттық консенсус, яғни адамдарды қажетті өзгерістерді жүргізуге жұмылдыру жөніндегі бәсекелестік еді [2].

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласы адамның еңбек етуіне, өзінің жарқын болашағын қалыптастыру

отбасынан басталып, оқу орындарында жалғасатындығына мән беріп, жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясын алға тартып, әлемдік өркениеттің бүкіл құндылықтары адам еңбегімен жасалатынын айтты [3]. Қазіргі даму кезеңінде еңбек адамының беделін көтеру ерекше маңызды, бағдарламаның идеясы басты мәселе еңбек пен іс әрекеттерде екендігін атап өтуінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан – 2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 15 желтоқсан.
2. *Назарбаев Н.Ә.* Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына //Егемен Қазақстан, №115, 2006 жыл, 27 мамыр.
3. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына Қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 10 шілде.
4. *Бабаев С.Б.* Бастауыш мектеп педагогикасы. –Алматы, 2001. –270 б.
5. *Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К.* Педагогика, –Астана: Фолиант, 2007. – 450 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются научные основы формирования из опыта трудового действия учащихся начальной школы.

(Сманов И.С., Лесбекова П. Трудовые действия учащихся начальной школы)

SUMMARY

In article scientific basics of formation from experience of labor action of pupils of elementary school are covered.

(Smanov I.S., Lesbekova P. The labor action of pupils of elementary school are covered)

ӘОЖ 371. 71: 796. 13

Ү.И.МЕЛДЕБЕКОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доц. м.а.

С.ТАЙМҰРАТОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

«ҚАРА ЖОРҒА» БИІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНДАҒЫ ОРНЫ

Қазақ халқының рухани және мәдени байлығы ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлікпен келе жатқан баға жетпес құндыдылық. Халқымыздың әдет-ғұрпындағы, салт-дәстүріндегі тарихи мұралар еліміз тәуелсіздігін алған күннен бастап қайта жаңғырытылып, қалпына келтірілуде. Шетелдік қандастарымыздың қолдауымен ортамызға қайта оралған сондай жәдігерлеріміздің бірі – «Қара жорға» биі. Ол туралы әңгіме де көп болды. Қалай болғанда да ұлттық нақыштағы бұл өнер туындысымен қайта қауышқан халқымыздың би өнеріне деген көзқарасы да ерекше. Бұл мақалада «Қара жорға» биінің шығу тарихы, оның өзіне ғана тән ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: «Қара жорға», аспапты музыка, вокалды музыка, көшпенділер тарихы.

Қазақ халқының рухани, мәдени байлықтары – қашан да ұрпағына қалдырған мол мұралар, телегей теңіз құндылықтар, тарихи тағлымы мол мағлұматтар.

Солардың бірі «Қара жорға» биі жайлы сөз болмақ. Еліміз Егемендігін алып, Тәуелсіздік туы төрімізге тігілгелі бері қаншама жоғымызды тауып, қазынаға қаншама құнды қазыналарды толтырудамыз.

Музыка тарихына шолу жасасақ, көпшілігінің музыкалық мәдениеттерінің тамыры өте тереңде жатыр. Жартастардағы суреттерден билеп жүрген адамдардың, таяққа ілінген салдырмақтарды ойнап тұрған адам бейнелерін кездестіруге болады.

Негізінен, көшпенділердегі ең көне музыкалық аспаптар ұрмалы даңғыра, қурайдан жасалған үрмелі сыбызғы, ілмелі-шертпелі кобыз, домбыра сияқты қарапайым аспаптар болған.

Этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбеков музыка тарихын көп зерттеген. Сонда музыкалық фольклорды бес кезеңге бөле отырып, бірінші кезеңіне біздің заманымызға дейінгі III ғасыр мен біздің заманымыздың VI ғасыр аралығы [1]. Бұған сақ дәуірінен бастап, көне түркі тайпаларының қиял-ғажайып тақырыптарға арналған күйлері, жорық сарындары жатады. Музыканы, музыканың аспаптар тарихын зерттеуші ғалымдардың

пайымдауынша, ән түріндегі музыкалық мұра (вокалды музыка) және сарын күй түріндегі мұраның (аспапты музыка) жіктеліп бөлінеді, бері дегенде VI-VIII ғасырлардан басталады. Ұлытау төңірегінен табылған түркі дәуірінде жататын тасмүсіннің бір бүйірінде қобыздың суреті, ал арқасында қоңыраудың суреті салынған. Қобыз бен қоңырау бақсының аспаптары. Олар қоңырау, сылдырмақтар қағып жүріп би билеп, қобызбен сарын ойнап, жын шақырған. Тас мүсінде осындай бақсы бейнеленген болу керек. Жалпы, көшпенділердегі алғаш кәсіпқой музыкант бақсы болған [2].

Сонау VIII ғасырда өмір сүрген, түркі әлеміне ортақ Қорқыт алғашқы шебер музыкант, күй атасы, бақсылардың пірі болып саналады.

Қорқыт ата бүкіл түркілер әлемінің сарын, күй, әуен өнерінің атасы болса, одан бері музыка өнері әл-Фарабидің (IX-X ғасырларда) ибн-Синаның (X ғасыр), ұлы жыршы Кетбұғаның (XIII ғасырда), Сыпыра жыраудың (XIV ғасырда), Асан қайғының (XV ғасырда), Қазтуғанның (XV ғасырда), Әбу әл-Қыдырдың (XIV ғасырда), Әбдірахман Жәмидің (XIV ғасырда), Бұхардың (XVIII ғасырда), Нысан абыздың (XVIII ғасырда) аттарымен байланысты. Олар күйші-сазгер, жыршы болған. Ал әл-Фараби мен ибн-Сина музыка ілімінің теориясын алғаш жасаушы ғалымдар [2].

Осы мәліметтердің барлығы да Көшпенділердің тек музыка шығарып қана қоймай, сонымен бірге музыкалық аспаптар жасап (домбыра, қобыз, даңғыра, сылдырмақтар), онда музыка әуендерін ойнап, ән айтып, би билегендерін тарихтағы ашық аспан астындағы ескерткіш жазбалар айқындап тұр.

Бүгінде өшкеніміз жанып, өлгеніміз қайта тірілген заман болды. Кешегі кеңес дәуірінің кезінде барымыздан көз алдымызда айырылып, асылдарымызды жоғалттық. Қаншама байлығымызды «берсең қолыңнан, бермесең, жолыңнан» деген заманды ата-бабаларымыз бастан өткерді. Халқымыздың даналығын, тектілігін хан талапай етіп ойрандады. Соның кесірінен халқымыздың біршамасы бас сауғалап, көршілес елдер арқылы шетке кетті.

Өз жерімізде өзіміз асылдарымызды атай алмай, еңбектерін оқытпай, білмей (Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, т.б.) талай жәдігерімізді ұмыт қалдырдық. Тілден ақсап, домбыра ұстағанды ар санаған кездер де өтті бір уақыттарда. Тік сөйлеп, өтірік айтпайтын халықты бас амандығы үшін өтірік айтуға, екі жүзділікке үйретті [3].

Халқымыз тұрмыс-салтындағы дәстүрлерімізді ұмыттырып, ұлттық ойындарымызға тиым салды. Осының бәрі халықтың рухани байлығына нұқсан келтірді.

Әйтеуір жаңа заман жарқырап, Тәуелсіздік туымен бірге елге жаңа леп келді. Алғашында қуануға да қорқа қарап сақ жүрсек те, келе-келе түзеліп келе жатқан көш керуеннің оң аяқ алысына, халықтың көзі ашылып, жастардың беті имандылыққа бұрып, елдің еңсесі көтерілді. Елбасының саясатымен дағдарыстан да өттік. Бүгінгі біздің Қазақ елін, оның алғашқы президенті Н.Ә.Назарбаевты әлем таныды. Осының әсері ме, халық желпінді, көк туымыз шет елдерде талай мәрте самғады. Алда да талай қуаныштар күтеміз. Осындай сәт туғанда өлгеніміз қайта тірілді демей не дейміз.

Тек, біз сол өзіміздікін тани алмай қалып жүрген кезіміз де бар. Осындай

қуанышты күндерді өзімізге қайта келген өнердің ішіндегі бірегейі, би өнерінің түп-тамыры «Қара жорға» биі.

Тарихта ондаған ғасыр бойы Еуразия даласының шығысы мен батысына дейінгі ұлан-ғайыр кең даланы атының тұяғымен дүбірлетіп, домбыра мен қобыз үндерімен күмбірлеткені белгілі. Көшпенділер тарихының арбасын алға сүйреушілер, шығыс пен батыстың, оңтүстік пен терістіктің мәдениет алмасуының дәнекері болғандар. Арғы тарихта мәдениет көшпенділердің көш жолымен, жорық жолымен таралды. Ат та, ат әбзелі де, арба да, қола да, ауы бітеу шалбар да, ұзын қоныш өкшелі етік те, алғашқы ән, күй, би, аңыз әдебиет те, тотем де, тағы осы сияқты сансыз мәдениет үлгілері көшпенділердің көші мен жойқын жорығы арқасында жан-жаққа тарап отырады.

Олардың өріс-қоныстарында мәдениет іздерінің жіпұштары қалып отырады. Солардың бірі әрі бірегейі көшпелілердің биі болатын.

Би – адамзат мәдениетіндегі әрі қарапайым, әрі сырлы құбылыс. Оның тамыры терең, мазмұны тұңғыық, оған әр халықтың наным-сенімі, арман-тілегі, эстетикасы, мінез-құлқы, болмыс-бітімі, жан сезімі сияқтылар сіңірілген.

Әр ұлттардың ән, күй, билерін қалай парқын ажыратып, тани алуға болады? Әрбір ұлттың түрлі-түрлі биі болғанымен, оның ең басты арқауы бір, яғни бір түп ағаштың тамыры мен бұтағы жан-жаққа шашырай біткенімен, алайда діңі бір, жапырағы ұқсас болады ғой.

Өнер де солай. Қазақ биінің де, корей биінің де, ұйғыр биінің де, тибет биінің де тарихи қалыптасқан үлгісі, арқауы бар, сол арқылы танымы зерек халық өзінің табиғатын, мінез-құлқын таниды.

Өткен өмір тарихын сөзбен емес, ән-жырмен өрнектеп кеткен халқымызды «Қаратаудың басынан көш келеді» деген жыр шумақтары бар. Қазіргі Қазақ елінде оңтүстіктегі Қаратаудың қойнауында да неше түрлі сыр шежіре тұнып тұр. Көшпенділер мұндай бірнеше тауларды өріс-қоныс еткен. Біз сөз еткелі отырған Қаратау қазіргі Қытайдың орта жазығынан батыс өңірге немесе Тәңіртау алабына енетін, қазақтың ата-бабалары тарихта мекен еткен жаз жайлау, қыс қыстауында Тарым мен Тәңіртаудың шығысындағы, арғы тарихта сақтар, нұзлер (нүкіс), үйсіндер, ғұндар бірінен соң бірі көшіп-қонып мекендеген байырғы көшпенділер мекені – Қаратау [4].

Осы байырғы көшпенділер қонысынан өткен ғасырдың 70-жылдары Қытай мамандары көптеген петроглифті байқап зерттей бастады. Қытайдың көптеген ғалымдарын өзіне баурағаны осы петроглифтер ішінде ерекше әсем де жанды бейнеленген топтың би көріністері болды.

Қаратау петроглифтерін суретті тасқа егеп-қашап салу тәсіліне қарай ғалымдар 3 топқа бөлген.

Соның ең көнесі жанго заманынан хан династиясы дәуіріне (б.з.б. 475 ж. - б.з. 220 ж.) дейінгі сақтардың, үйсіндердің немесе ғұндардың туындылары деп тұжырымдайды.

Қаратау петроглифтеріндегі топтың би көріністерінің салыну уақытын бағалауда, оның егеп салынуына ғана негізделінбеген, сонымен бірге суретте бейнеленген түрлі мәдениет үлгілеріне де ден қойылған. Бұндағы ең басты дерек – би билеген адамдардың басындағы шошақ бас киімі мен оның төбесіне

тағылған үкі. Кезінде хан династиясы және одан бұрынғы дәуірде ғұндардың басында тағатын үкілер болған [4].

Бұлардан басқа Тарымның шығысындағы байырғы сақ молаларында да бас киімге құс қауырсынын қадаған адам сүйектері табылған.

Бұндай үкі тағу қазірге дейін біздің халқымызда көбірек қолданылады. Ұлттық киімге, (бас киім) киімге, бесікке, тақияға, т.б.

Бұл суреттегі билер қай жағынан қараса да киім кию, аяқ, қол, дене қимылдары бәрі де, Қазақтың «Қара жорға» биін екені даусыз. «Қара жорға» биі тұтас қазақ биінің арғы жүлдесі, алтын арқауы деуімізге әбден негіз бар. Ол адамзат биінің ішіндегі де ең ерте дамытылған би үлгілерінің бірі деп сеніммен айтуға болады [4].

Егеменді ел болғалы да «Қара жорға» биін шет елдік қандасымыз елге әкеліп, билеп, қара шаңырағына қайта табыстырды. Қанды қыздырар буын биі «Қара жорғаны» ұмытпай, ел ішінде бірен-саран билеп жүргендер, елең етіп, тез меңгеріп, қуана қауышып кетті.

Тарихы терең халықтың мәдениеті де сонау ықылым заманнан қалыптасқан келеді. Сол жауһарларымызды жарқырата ұстағанда біз жауаптылықты сезінеміз.

Бүгінгі заманда мәдениетіміздің, өнеріміздің тереңдігіне масаттана отырып, оған мақтана қолдау көрсетуіміз керек. Себебі жастардың бір мезгіл билей жүріп, дененің буын-буынын тербейтін өнері мен шипасы қатар жүретін қасиетті бабаларымыздан қалған қастерлі өнерімізді аялап, өрбітіп, көпшілікпен бірге қуаттана орындайтын көз қуанышымызға айналдырайық. Осы бір бидің өзінде: тарих та, қаншама дастан да, мәдениет те, әдеп те, сұлулық та, өнеге де, үлгі де, салауаттылық та, саналылық та тұнып тұрған жоқ па?!

Ендеше өлгеніміз қайта тіріліп, өшкеніміз қайта жанды деуге құқымыз бар шығар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәдениеттану негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2000.
2. *Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойгелдиев М.* Қазақстан тарихы: «Жалпы білім» беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2006. –232 б.
3. Мәдениеттану: жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.
4. *Құмарұлы Я.* Алыстағы ата мұра. – Бейжің: Ұлттар, 2006.

РЕЗЮМЕ

Духовное и культурное богатство казахского народа это – передавать из поколения в поколение богатое наследство, необъятные ценности, сведения об исторических традициях. В статье рассмотрен один из них – танец «Кара жорға». Говорится о ее происхождении, своеобразии.

(Meldebekova U.I., Taimuratova S. Танец «Кара жорға» и ее роль в современном здоровом образе жизни)

SUMMARY

Spiritual and cultural richness of the Kazakh people is passed from generation to generation rich heritage, immense value, information about historical traditions. In the article it is said about one of the dance "Kara Zhorga." Also it is said about its origins and uniqueness.

(Meldebekova U.I., Taimuratova S. Dance "Kara Zhorga" and its role in today's healthy lifestyle)

ӘОЖ 331.548:373.5

І.С.СМАНОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
ОҚМПИ-ның профессоры

А.Қ.АБЕНОВА

ОҚМПИ-ның магистр-ізденушісі

ЖОҒАРЫСЫНЫПТЫҚТАРДЫҢ КӘСІБИ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатын басшылыққа алған Қазақстан халқы, оның ішінде мектеп ұстаздары жоғарысыныптықтардың кәсіби жарамдылығының ғылыми-педагогикалық негіздері туралы мәселені күн тәртібінен әсте алған емес. Бұл мақалада ҚР Президентінің соңғы жылдары өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамасында еліміздегі жас жеткіншектерді еңбекке баулу, оның еңбегін бағалау мәселелеріне ерекше мән берді, жұмыссыздықты жоюдың мүмкіндіктерін қарастырды, Қазақстан Республикасының дамуы үшін индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асырудың маңызды қадамдарын лайықты бағдарлап берді. Осы тұжырымдама негізінде жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру, елімізде кәсіптік-техникалық колледждердің жұмыстарын оңтайландыру секілді игі қадамдар жасалуда. Мақалада осы бағыттағы атқарылар іс-шаралар шеңберінде мектеп мұғалімдеріне қойылатын талаптар мен міндеттер, оның жүзеге асырудың кейбір мәселелері қамтылған.

Кілт сөздер: жалпы педагогика, жоғары сынып оқушылармен кәсіптік бағдар жүргізу, мектеп бітірушілерге кәсіби бағыт беру.

Біздің еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамасында отанымыздағы адамды еңбекке баулу, оның еңбегін бағалауға ерекше мән берді, жұмыссыздықты жоюдың мүмкіндіктері, Қазақстан Республикасының дамуы үшін индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асырудың маңызды қадамдарын лайықты бағдарлап берді [1]. Әлем елдерінің қазіргі ХХІ ғасырда көпшілігінің таңдаған жолы – нарық болса керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдалуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшы

мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» деп көрсетілген [2].

Олай болса, болашағымызға кәсіптік бағдар беру өзекті, олардың өздерінің жарамдылығын байқауға ой салады.

Педагогика мен тәжірибеден белгілі білімнің жалпы негізгі үш міндеті бар, олар:

- әрбір баланың өзіндік дамуы;
- жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету;
- баланы өзінің қалауы – жарамдылығына сай кәсіпке даярлау.

Осы аталынған басты үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделіленген сайын, нарықтық эканомика кезеңінде, бәсекелестікке барынша сай болуы үшін оларды жастай болашақ кәсіпке бағдарлай әзірлеу ең өзекті мәселе. Еліміздің 2015-2020 жылдар ішінде 12 жылдық білім беруге өтуі және белсенді оқыту әрбір оқушының 11 және 12 сыныпта мамандық тандай білуі, оған өзінің жарамдылығын байқау арқылы негіздеуі көкейкесті мәселе екендігі сөзсіз.

Кәсіптік бағдар беру – жарамдылығын байқау жұмысының алғашқы басқышы – бірінші кезеңі отбасы тәлім-тәрбиесінен басталып, ірге тасы іспеттес қаланады, келесі кезекте болашақ өміріне ықпалы мол білімі, іскерлігі, дағдысы мен дамуына ұласатын, қабілеттерін байқатып, шығармашылыққа жеткізетін – мектеп, мектептен тыс мекемелер, кәсіпорын, түрлі бағыттардағы шаруашылықтармен ұштасып жалғасады. Елдің ертеңгі жетістігі – білім мен ғылымда, оны саналы және сапалы меңгеру болашағымыздың жарамдылығын, бәсекеге барынша қабілеттілігін арттырады.

«Білім беру жүйесіне Қазақстан тұрғындарының үштен бір бөлігіндей тартылған. Мұндағы ең маңыздысы біздің балаларымыздың нақ осы білім беру жүйесінде өсетіні, қалыптасатыны және есейетіні. Бұл әрбір отбасын толғантады. Сондықтан да бүкіл жаңғырту үдерісінің табысқа жетуінің түйінді факторы ұлттық білім беру жүйесін жаңартудың табысты өтуі болып табылады» – деді мемлекет басшысы – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев, ол дегеніміз білім сапасы басты ұстаным, жарамдылығының белгісі, көрсеткіші [3].

Әрбір оқушының сана-сезімі, мінез-құлқы мәдениеті, өмірге көзқарасы, әрі түрлі мамандықтардың ерекшелік сипаттарына қабілеттері отбасының, отбасының әрбір мүшелерінің мамандықтары ықпал етеді, олардың өзіндік ерекшеліктері – тәрбиесіне, әрбір жастың еңбекке араласуы, іс әрекеттеріне қатысты, байланысты. Сонымен бірге мектептегі кез келген оқу пәндерінің мазмұны, әр түрлі бағытта қосымша білім беретін мектептен тыс мекемелердің алар орны жеткілікті.

Мектептің, мектептен тыс білім беру, кәсіпке бағыт беру іс-әрекеттері, іс-шаралар, үйірмелердің мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің танымдық және шағармашылық ынтасын, қабілеттерін дамыту, әр түрлі жеке даралық талаптарын, білім құмарлықтарын қанағаттандыру, қоғамдық өмірде өзінің

қалауын, жарамдылығын байқау, талдау жасаумен бейімделу, салауатты өмір салтына қатыстыру, өзінің бос уақытын саналы, сапалы өткізуге, өзін-өзі тануға баулу арқылы жарамдылығын өзінің білуі маңызды, сонда болашақ мамандығын таңдауға өзі дайындалады, өзін-өзі таниды, нақты міндеттерді орындауға өзі кіріседі.

Білім берудің басты ұстанымдарының бірі – шәкірттерге кәсіптік бағдар беру, олардың өздерінің жарамдылығын анықтауға ықпал ету – білік мақсаттарына байыппен қарауға әсер етеді, терең білім алуға тәрбиелі болуға себепкер болады, нәтижеде терең білім – тәуелсіздіктің тірегі болып шығады. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам – ол Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы – білік мақсаттарға байыпты бағдар, – ойға – шуақ, бойға – қуат, сонымен бірге кәсіптік бағдар болып табылады, биікке бастар жол екендігін байқатады.

Кәсіптік бағдар беру – жарамдылығын анықтауға жеткізу – көп салалы, күрделі үдеріс, саналы ұғуға, сапалы оқуға, өзін-өзі тәрбиелеуге жеткізеді. Кәсіптік бағдар беру – әрбір оқушының болашағын ойлауына, дұрыс таңдау жасауына, ақыл-ой таразына салуға, болашағын анықтауға жеткізумен мәнді, мақсатты іс-әрекетке алып келеді. Кәсіптік бағдар беру – шәкірттің жарамдылығын анықтауда әрбір шәкірттің психологиялық жеке қасиеттері, мамандық таңдаудағы басты себептері назардан тыс қалмауы мәнді. Мектептегі кәсіптік бағдар беру ісі білім сапасы – басты ұстаным екендігін көрсетеді, ал саналы тәрбие – биікке бастар жол жиынтығы мамандық таңдау үдерісімен айқындалады.

Мамандық дегеніміз – адамның белгілі бір қызметпен айналысып, еңбек етуіне мүмкіндік беретін білімі, тәжірибесі, материалдық немесе рухани өндірістегі іскерлігі, дағдысының болуы және оны жаңа білімі, технологиялармен толықтырылуының жиынтығы, мамандықты таңдау жарамдылығының анықтау міндет – ол байқау, сынау, таңдау арқылы өз шәкірттерін білімі, іскерлігі, дағдысы, өзін-өзі дамытуын мақсатына жол таба білуіне үйрете білген үш одақ – ата-ана – ұстаз – шәкірт бірлігінің табысты еңбегінің нақты көрсеткіші. Мамандықты таңдауға көмек беру іс-әрекеттерге көмектесу:

- әрбір жастың көп санатты қабілетіне;
- отбасындағы мамандық иелеріне, еңбектеріне;
- балалардың білімі, ой-өрісі, еңбекке деген көзқарасына;
- ойлау, білімі, іскерлігі, дағдысы, дамуына;
- мамандармен кездесу, пікірлесу, танысу және т.б.

Кәсіптік бағдар беру – оқушылардың жарамдылығын анықту жұмысын өткізу мазмұны мен формасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты, себебі әрбір жас кезеңі балалардың түрлі сапаларын дамытуға қолайлы, алған біліміне қатысты өзін-өзі даярлауға тәуелді, өзінің жарамдылығын байқауға байланысты.

Жоғары сынып оқушылармен кәсіптік бағдар – жарамдылығын анықтау, жастардың өзін-өзі байқауы, біріншіден өзіне-өзі сын көзбен қарауға,

салыстыруға, диагностика жасауға, өзін бағалауға жеткізеді. Екіншіден өзінің жарамдылығына сапалы байқау жасау маңызды міндеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, ең маңыздысы білімін тиянақтайды, тереңдетеді, дайындықты арттыра түсуге кіріседі.

Жоғары сынып оқушылармен кәсіптік бағдар жүргізу – жарамдылығын анықтауда:

- шығармашылық және танымдық мотивациясын нақтылау;
- зияткерлік, зиялылық дамуына диагностикалау;
- болашақ мамандығы жайлы ақпаратталуы, өзінің түйіндеме, тұжырымдамасы;
- бағыттың бағдаршамы – кәсіби туралы пікірі;
- қалаған мамандығының болашағы жайлы көзқарасы, байыпты, сындарлы ойы.

Өскелең ұрпаққа адам тек қана еңбегімен қадірлі болатындығын, барлық жақсылыққа оқуы – білімі, тәжірибесі – тәрбиесі, еңбегі – өнегесі, ізденісі – шығармашылығы арқылы жетегіндігін түсіндіретін – Мемлекет басшысы, Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» еңбегінің мәні, маңызы, кепілділігі үлкен, нақты, еңбек адамдарына деген құрмет ерекше болуы тиіс. Елбасының ойы – халық болып бірлесіп, ынтымақтасып еңбек ету және ол үшін еңбек еткен адамдарға лайықты құрмет көрсету, бұл жас ұрпаққа кәсіптік бағдар беруде ең басты негіздеме, маңызы өте зор.

Мектеп бітірушілерге кәсіби бағыт берудің – жарамдылығын анықтаудың бір амалы – мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттары, қыз балалары үшін:

- «киім дизайны»; -тігінші-модельер; -«Қолданбалы қол-өнер дизайны»;
- «маркетинг және менеджмент»; -бухгалтерлік есеп; -әрлеп безендіруші т.б., ал ұл балалар үшін:

- көлік іс мамандығы («В», «ВС» білікті жүргізуші); -автоэлектрик; - көлік жөндеуші; -ЭВМ операторы; -ақпараттанушы; -газэлектрдәнекерлеуші, т.б., таныстыру, іс-әрекеттерге баулу, қыр-сырын үйрету, еңбекке мән беру.

Кәсіптік бағдар – жастардың жарамдылығын анықтау жұмысымыздың осы бағыттағы басты нәтижесі – жастарды тәрбиелеу, ең негізгісі болашақ мамандық таңдауына ықпал жасау, болашағымызға лайықты қолдау көрсету. Әлбетте, болашағын болжай алмаған жастың келешегі келеңсіз келетіні тарихтан, тәжірибеден аян. Міне, сондықтан болашақ мамандығын – өзінің жарамдылығын анықтау мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілуі қажет, атап айтқанда еңбек адамдарымен кездесу, мамандық иелерімен сұрақ-жауап дөңгелек үстелін өткізу, арнаулы кештер ұйымдастыру, сонымен бірге жұмыс орындарына экскурсия жасап еңбек өнімдерімен танысу, елдің ертеңгі жетістіктері – білім, еңбек, ғылымда екендігін көру, сезу.

Кәсіптік бағдар беру – оқушылардың өзінің жарамдылығын анықтау –

терең білім – тәуелсіздіктің тірегі екенін түсіну – өзін-өзі тану болашағына алып баратын баспалдақтар екендігі мәлім. Елбасының көрсетіп берген бағыттарын зерделеу, зейініне алу, ой елегінен өткізу елдің ертеңгі жетістігі – білім мен ғылымда, еңбек пен тәжірибеде, бірлік пен тірлікке екендігін байқауына біріншіден, жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай қадамдар жасау болса, екіншіден білім қоғамына қарай ізденісті еңбектер жасау, үшіншісі Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні болашақтың бағдаршамы – тәуелсіздігіміздің тарихы туралы терең толғанысқа толы тарихи дүние.

Біз осы аталған бағытта көп еңбек ететін болсақ, саналы, сапалы зерделеп оңтайлы қорытынды жасай алсақ, өзіміздің жарамдылығымызды біліп, шығармашылықпен еңбек етіп жастарға – оқушыларға кәсіптік бағдар беруде ықпалымыз арта береді, әрине жастар да түсініп, заман талаптарымен үндеседі.

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құруға бағытталған аса мәнді бағдарлама, Қазақстан білім қоғамы жолында, Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні еңбектері еңбек еткен қоғам ғана бақытқа кенелткендігін көрсетеді.

Ендігі мәселе кәсіптік бағдар – жарамдылығын анықтау ойға – шуақ, бойға – қуат беру үшін білім мен ғылыммен, еңбек пен танымды арттыру басты міндетіміз, мақсатымыз болып табылады, еңбек – мақсатымызға жеткізеді, еңбек мәнді өмір сүруге жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына Қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 10 шілде.
2. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы. – Алматы: Литера, 2000. – 96 б.
3. *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан – 2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Елбасының Халыққа Жолдауы. //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 15 желтоқсан.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются научно-педагогические основы профессионального самоопределения старшеклассников.

(Сманов И.С., Абеннова А.К. О научно-педагогических основах профессионального самоопределения старшеклассников)

SUMMARY

In it to article it is considered scientific and pedagogical bases of professional self-determination of seniors.

(Smanov I.S., Abenova A.K. The Scientific and pedagogical Bases of Professional Self-Determination of Seniors)

ӘОЖ 378.155 4: 355.1

О.Қ.ДҮЙСЕНОВ

педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

А.О.РАХЫМЖАНОВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

ӘСКЕРИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бұл мақалада әскери білім беру технологиясының заманауи тәсілдері кеңінен қарастырылған. Әскери білім жастардың Отан алдындағы борышын орындау және мақсатты түрде біліктілігін көтеру арқылы инновациялық құралдарды пайдалануға бағытталған сапалы іс-әрекеттер жиынтығы. Әскери білім жастарды әскери ортаға бағыттайды. Сондай-ақ мақалада сөз болатын бағытталу, мақсатқа бағытталу, табандылық, ұстамдылық бірбеткейлік, қайсарлық ынталылық, атқарушылық сияқты әскерилерге тән қасиеттер – жас жауынгердің тәртіптілігін дамытудың маңызды алғышарты.

Кілт сөздер: білім, технология, аффект, мораль, әскери қызмет.

Адамның өзінің не танытынын және нені істейтінін ойлауы және айналадағы заттарға, құбылыстарға, адамдарға қатынасты ойлауы білім алу деп аталады. Әскери білім жастардың Отан алдындағы борышын орындау және мақсатты түрде біліктілігін көтеру арқылы инновациялық технологияларды пайдалануға бағытталған сапалы іс-әрекеттер жиынтығы. Әскери білім жастарды әскери ортаға бағыттайды. Әскери қызметте жастардың дайындығын талап етеді.

Әскери білім беру ерекшелігі қандай болады?

Біріншіден, әскери білім танымдық-психикалық процестерден мазмұны бойынша ерекшеленеді. Танымдық процестерде адам қоршаған ортаны бейнелейді. Әскери білім мазмұны жеке тұлғаның өзі қабылдаған, таныған нәрселерін ойлап мазасыздануы болып табылатын көріністер құрайды.

Екіншіден, жауынгердің сана-сезімі жағынан көрініс беретін сапасы басқаша болады. Егер түйсік туралы сөз қозғалса, онда оның 12 түрін атап көрсете аламыз. Ал жалпы қарастырсақ, сана-сезімнің оннан астам түрі бар.

Үшіншіден, адамның сана-сезімі екі жақты сипатқа ие. Әскери жастарды қарапайым адам ретінде қарастыруымыз керек. Сана-сезім туралы түсінік барша саланың мамандарына бірдей негізделген. Яғни адамның әрбір сана-сезімінің антиподы (қарама-қарсы жағы) болады. Мысалы: қуаныш және қайғы, махаббат және жек көрушілік. Адамның сезімі тез өзгереді. Сондықтан, ол күрделі және сезімтал болып келеді.

Төртіншіден, адамның білімі. Мысалы, бүгін жағымды сезімді тудырған құбылыс біршама уақыттан кейін жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Бесіншіден, адамның білімі. Мысалы сана-сезімнің физиологиялық процестермен байланысты: жүректің соғысымен, тыныс алу органдарының,

асқазан-ішек жолдарының қызметімен және т.б. Адамның ағзасы рефлексстердің негізінде жұмыс істейді. Сана-сезім осы рефлексстерге әсер етеді, сондықтан ағза қызметтің жақсаруына немесе нашарлауына да әсерін тигізуі мүмкін.

Алтыншыдан, адамның сезімі оның қызметімен байланысты болады. Кез-келген әрекет, кез келген қызмет түрі үш кезеңге шартты түрде бөлінеді: адам әрекетке дайындалғанда – дайындық кезеңі; әрекет еткенде - әрекетті орындау кезеңі; әрекетті аяқтағанда – соңғы кезең. Мазасыздану кезіндегі іс-әрекеттің құрылымында бір эмоционалдық жағдайдан екіншісіне өтудің белгілі бір динамикасы болады: тыныс алу жиілігі мен тереңдігінің өзгеруі; қан айналымы. Ұялу мен қысылу адамның бетінің қызаруына әкеледі, ашу мен үрей өңін бозартады [1].

Сезім адамның сөзінде, қимылында көрінеді. Оқытушы өз қарамағындағылардың жағдайын олардың бет-әлпетінен, дауысынан, қимылынан аңғаруы қажет. Адамның сезімдері мазмұны мен формасы бойынша әр түрлі болады. Адамның мазасыздануы формасына қарай үшке бөлінеді: эмоционалдық жағдайы немесе көңіл-күйі, эмоционалдық қатынастар немесе өзіндік сезімдер (үрей): эмоциялық реакциялар немесе аффектілер.

Көңіл-күй – бұл әлсіз қарқындылықпен (мысалы, қамығу), біршама ұзақтылықпен, қауіпсіздікпен, айқынсыздықпен сипатталатын адамның тұрақты эмоциялық жағдайы, яғни адам, әдетте олардың себептерін түсіне бермейді. Көңіл-күй деффузиялық сипатқа ие, яғни адамды толық қамтиды, оның психологиялық процестеріне, жұмыс қабілеттілігіне, іс-әрекетіне әсер етеді.

Көңіл-күйге бірқатар факторлар мен жағдайлар әсер етеді:

- әртүрлі органикалық процестер мен ағзаның жағдайы;
- қоршаған сыртқы ортаның ерекшеліктері ауа райы, тәртіп, тазалық, ғимараттың сырлануы мен жарық болуы, дыбыстық қоздырғыштар;
- адамның арасындағы арақатынастың ерекшеліктері. Әдептілік пен ізеттілік көңіл-күйге оң әсерін тигізеді.
- оқудағы, жұмыстағы, қызметтегі, жетістіктер немесе құлдыраулар [2].

Адамның сезімі төменгі және жоғарғы болып бөлінеді. Төменгі сезімдер адамның ағзасында болатын физиологиялық процестермен және оның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырып-қанағаттандырмаумен байланысты. Оларға аштықты, суықты, ауырды, шаршағанды сезіну жатады. Жоғары сезімдер адамның оның қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандырып-қанағаттандырмаумен, сондай-ақ оның жеке көзқарасының қызметімен сәйкес келіп-келмеуімен байланысты туындайды. Адамға қандай жоғарғы сезімдер тән?

Моральдық-саяси сезімдер. Ол адамның немесе басқа адамдардың жүріс-тұрысының имандылық талаптарына сәйкес келіп-келмеуін ұғынумен байланысты пайда болады. Моральдық-саяси сезімдерге Отаншылдық, ұжымшылдық, жауыңа деген жек көрушілік сезімдері жатады. Екіншіден, парасаттылық сезімдері саяси, ақыл-ой қызмет кезінде пайда болады және қызметке деген қызығушылық ретінде көрініс табады.

Парасаттылық сезімдеріне айқындылық, таңқалу, түсінбеушілік, сенімділік, күдік сезімдері жатады. Парасаттылық сезімдері ең алдымен адамның танымдық қызметімен байланысты.

Эстетикалық сезімдер, әдетте, объектілер мен құбылыстардың «әдемілігін немесе ұсқынсыздығын» сезінумен байланысты туындайды.

Аффектілер – бұл жоғары интенсифілілікпен, жауапсыздықпен сипатталатын адамның эмоциялық реакциялары. Оларға диффузиялық сипат тән. Бір адамның аффектісі басқа адамдардың эмоциялық жағдайына теріс әсерін тигізеді.

Сана-сезімдер қуаттылығы, тұрақтылығы, тереңдігі бойынша бағаланады. Берік, күшті, терең сезімдерді құштарлық деп, ал оларды иеленуші адамды құштар адам деп атайды. Адамның сезімдерін сипаттай отырып, оның өзін қалай ұстайтынына, сезімдерін қалай басқаратынына назар аудару қажет. Әскери сана-сезімдерді игеру осындай бастама немесе негізгі сезімдерді білу жоғары жетістіктің көрінісін бейнелейді.

Танымдық процестер адамның қоршаған ортаға дұрыс бағдарлануына мүмкіндік береді. Алайда адамның өмірі – тек қана шындықты танудан ғана тұрмайды. Адамның өмірі ең алдымен еңбек етуден, қызмет көрсетуден құралады. Адамның танымдық процестері, сезімдері мен іс-әрекеттері арасында белгілі бір байланыс болады. Бұл байланыс ерік деп аталады. Адамның өмірінде ерік маңызды рөл атқарады. Адамның өміріндегі барлық жетістіктері көп жағдайда оның еркінің даму деңгейіне тәуелді болады. Барлық нәрсені түсіну үшін басың жақсы істеуі керек, алайда дұрыс іс-әрекет жасау үшін күшті ерік болу керек.

Әскери қызмет – адам қызметінің ең қиын әрі күрделі түрі. Ол адамға бірқатар қиындықтар әкеледі. Бұл қиындықтарды жеңу үшін ерік-жігері күшті болу керек. Өйткені қиындықтарды жеңбей, жетістікке жете алмайсың.

Адамның еркі оның қызметінде көрініс табады және қойылған мақсатқа жету үшін қиындықтарды жеңе білу қабілеттілігін көрсетеді. Қиындықтардың екі түрі болады. Сыртқы – яғни адамға бағынбайтын объективті кедергілер: физикалық, қызметтік қоғамдық сипаттағы кедергілер; ішкі – адамға тікелей байланысты қиындықтар, мысалы өз күшіне сенбеу, дәлелдердің ауытқуы, тағы басқа.

Адамның еркі іс-әрекеттен көрінеді. Ол келесі кезеңдерден тұрады: Дайындық кезеңі (мақсатты, ол қол жеткізу жолдары мен әдістерін сезіну, шешім қабылдау) және орындау кезеңі (қабылдаған шешімді орындау).

Ерікті әрекеттің негізгі кезеңдері:

Себептердің күресі. Адам кез-келген іс-әрекетті жасамастан бұрын оның санасында себептер (әрекетке итермелеу) болады. Олар бір мезгілде әр түрлі және бірнеше болуы мүмкін. Басты себеп анықталғаннан кейін соған сәйкес мақсат белгіленеді. Мақсат – бұл пайда болған себептерді қанағаттандыратын жетістік. Ерікті іс-әрекеттің келесі кезеңі мақсатқа жету жолдарын таңдау, әрекетті жоспарлау болып табылады. Шешім қабылдаумен ерікті іс-әрекеттің дайындық кезеңі аяқталады. Барлық адам бірдей ойлаған іс-әрекетті орындауға бірден ат салыспайды.

Ерікті қасиеттерді талдау кезінде тәжірибелі тәжірибешілер келесілерге назар аударады:

- ешқандай күдіксіз, ауытқусыз байқалған қасиетті орындау қабілеттілігін қалыптастыру;

- шешімді орындау, қойылған мақсатқа қол жеткізу және алдағы

кедергілерді жеңу;

- ерікті іс-әрекеттің соңғы кезеңін құрайтын қойылған мақсатқа қол жеткізу процесін талдау және бағалау, ерікті іс-әрекетті талдау жастардың еркін дамыту жолдары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ерік өзін-өзі тәрбиелеу жолымен дамиды. Адамның еркі бірнеше көрсеткіштер бойынша сипатталып, бағаланады.

Бағытталу. Бұл белгілі бір мақсатқа дайындалу жайындағы адамның ерік-жігері, яғни ұзақ уақыт бойы күш жұмсап, қиындықтарды жеңу арқылы мақсатқа қол жеткізу.

Мақсатқа бағытталу. Жауынгер қызметінің себептері мен мақсаттарының қатаң айқындылығымен көрсетіледі. Бұл қасиет жауынгерге өзінің өнегелі және дене күшін жинап, қойылған мақсатты орындауға бағытталуына мүмкіндік береді.

Ұстамдылық - өзін, ойларын, сезімдерін игеру қабілеттілігі.

Табандылық – тапсырманы дер кезінде орындауды қамтамасыз ететін шешім қабылдау мүмкіндігі.

Бірбеткейлік - дегеніміз жауынгердің басқалардың көмегінің өз ойларына сәйкес әрекет етуі.

Қайсарлық – қойылған мақсатқа жетуде қиындықтарға тап болса да, өз дегенінен қайтпау қасиеті.

Ынталылық – ерікті қасиет ретінде шығармашылық іс-әрекеттерде көрініс табады.

Атқарушылық – бұл қабылданған, шешімдерді немесе бұйрықтарды белсенді және жүйелі түрде орындау [3].

Осы қасиеттердің барлығы жауынгерлердің тәртіптілігін дамытудың маңызды алғышарттарын құрайды, яғни ерікті іс-әрекеттерді әскери заңдардың, жарғылардың технология талаптарына сәйкес жүзеге асыру қабілеттілігін арттырудың негізгі әдістері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Тұрметов И.Қ., Әшімбаев Қ.* Әскери бөлімшеде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру. – Түркістан: Тұран, 2005.
2. *Айтұғанов Ә.Р., Тұрметов И.Қ., Баєтов К.Д.* Әскери психология және әскери педагогика. – Кентау: Білім, 2007.
3. *Сманов И.С., Павловский А.Л., Муталиев Д.К.* Военная педагогика. – Шымкент, 2005.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены новые технологии военных знаний. Современные способы их развития и методы эффективности технологий. Реальные вопросы и ответы методом военных знаний.

(Дүйсенов О.К., Рахымжанов А.О. Технология военных знаний)

SUMMARY

In given article are considered new technology of the military knowledges. The Modern ways of their development and methods to efficiency technology. The Real questions and answered method of the military knowledges.

(Duysenov O.K., Rahymzhanov A.O. Technology of the Military Knowledges)

ӘОЖ 155.412: 4

Б.А.ИСМАХАНБЕТОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

АНОРЕКСИЯ: ОНЫҢ АДАМ ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ

Анорексия адамның психикасына қатты әсер ететін ауру. Ол көбінесе тамақтың асқазанда дұрыс қорытылмауы салдарынан пайда болады. Оның басты белгісі – баланың тамаққа деген тәбетінің қашуы. Күнделікті тұрмыста дұрыс тамақтануға немқұрайды қарап, тиісті көңілдің бөлінбеуі біртіндеп келеңсіз жағдайға алып келеді. Және ең қауіптісі оның бала психологиясына, оның ойдағыдай өсіп-жетілуіне кері ықпалын тигізуінде болып тұр. Бұл мақалада осы аурудың алдын-алу үшін жеткіншектің күн сайынғы өміріне қолайлы жағдай жасау, оның тамақтану раціонына көп болып көңіл бөлу мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: адам психикасы, аутодеструктивті мінез-құлық, анорексия, тәбетсіздік, тазалау, шектеу.

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту - қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғалымдардың коммерциялық желілерге шығуы» - деп атап көрсетілген. Мұның тиімді шешімі мемлекеттік деңгейдегі ресми құжаттарда қарастырылды: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 ж.), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазіргі таңда аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында мектепте жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Оқу жылының басында қиын оқушылар тізімі анықталып, олармен жүргізілетін жұмыс жоспарлары құрылады. Жоспар бойынша оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіруге арналған түзету жұмыстары жүргізіледі, жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтап, зерттеу қорытындылары бойынша түзету жұмыстары жүргізіледі. Соның ішінде жасөспірімдер арасында алаңдататын мәселелердің бірі – Анорексия [1].

Анорексия - ағзаның тағамдық орталығы қызметінің бұзылуы салдарынан тамақтануға физиологиялық қажеттілік бола тұра тәбеттің болмауы.

Қазіргі өмір сүру ағымы мен образы адамдардың сыртқы көрінісіне өте жоғары талап қойып отыр. Соның ішінде әрине, әйелдердің сыртқы келбетіне көбірек көңіл бөлетіні анықталған. Әйелдердің өзі де бұл жағдайға аса мән бере қарайды және өз бойынан, сыртқы көрінісінен мүмкін еместі қалайды. Қазіргі кездегі әдеміліктің этолону керемет фигура болып табылады. Бұл кездейсоқтық емес: журналдардағы суреттер, көгілдір экрандағы көрсетілімдер, ғаламтордағы жүгіртпелер жан-жағымыздан қоршап алған. Онымен қоса сәнгерлердің өмір сүру образы мен арықтығы әйелдердің қызығушылығын арттырады. Осының барлығы дәрігерлердің анорексия деп атайтын ауруының алғашқы қадамы: оның белгілері алғашқыда қарапайым азатын әйелдердің мінез-құлқымен бірдей болып көрінеді.

Өкінішке орай, табиғаттың өзі кейбір әйелдерді осы ойлап тапқан стандартқа сай етіп жаратқан. Соның салдарынан көптеген нәзік жанды арулар үнемі артық килограммен, сантиметрлермен, денедегі буылтықтармен ерлікпен күресіп жатады. Азу үшін аштық, дәрі-дәрмектер, аздыратын шәйлер пайдаланады. Бұның ақыры өкінішке әкеліп соқтыратынын ол кезде ойламайды да.

Әңгіме мектептік үлкен жүктемеде, тамақтану мәдениеті болмағанда, әр түрлі және қолжетімді фас-фудтардың көптігінде және т.б. барысында оқушылардың дұрыс, үйлесімді тамақтануы, төңірегінде болды. Азық-түлікпен адамдар тамақтанады, олар денсаулыққа тікелей әсер етеді. Дұрыс тағамдармен тамақтану арқылы адамдар көптеген ауруларды болдырмаулары және дендері сау болып өмірлерін ұзартулары мүмкін. Дұрыс тамақтану тек қана денсаулыққа әсер етпейді, ол сыртқы келбетке де – сымбатқа, теріге, шашқа, оның көңіл-күйіне, энергиясына, жұмыс істеу қабілетіне, өмір сүру сапасына әсер етеді. Дұрыс тамақтану ағзаның тозуын төмендетеді. Бала және жасөспірім кезде дұрыс тамақтану есейгенде денсаулыққа ықпал етеді, дәл осылай жаңа туған сәбидің денсаулығы жүктілік кезіндегі анасының тамақтануына байланысты. Тамақтану туралы ғылым бір орында тұрған жоқ, соңғы он жылдықта бұл мәселеге адамдар өте үйлесімді қарай бастады. Біз барлығымыз дұрыс тамақтануды және салауатты өмір салтын ұстануды ниет етеміз.

Бірақ көбі аталған ниет, мақсатқа дұрыс жетудің жолын біле бермейді, ал ол қайтарылмас нәтижеге алып келуі мүмкін. Дұрыс тамақтанбаудың ең күрделі бұзылуларының бірі анорексия болып табылады.

Қазіргі сәнді медиамәдениет өкілдері бекітіп жатыр. Жас қыздар оларға киім, келбет жағынан ұқсағылары келеді, тіпті олардың сыртқы келбеті және өздерін ұстаулары мамандармен жасалған образ екендігін ойланбайды да. Қыздар әсіресе жасөспірім жастар сол жаққа, фотошоп, дефилеге түскісі келеді, олар ойлайды егер олар өте арық, аяқтары ұзын болса оларды

сәттіліктер ғана күтіп тұр деген пікірде. Ең басты мақсат – тез жүдеу. Бұл ретте өте ауыр ауру Анорексия пайда болады. Неліктен ауыр және неліктен ауру? Бұл өте қарапайым.

Анорексия – бұл артық дене салмағын жинап алуға қорқыныш тудыратын психиканың ауруы. Аталған психологиялық ауытқудың белгілері: ұйқының бұзылуы, салмақтың тез түсуі, аппетиттің төмендеуі, қалыпты нормаланған салмақты қаламау, күйзеліс; кейін бұлшық ет ауруы, жүйкенің тозуы, шашытың түсуі, ағза оған қажетті кальциді алмайды. Қыздарда етеккір айналымы бұзылады, ерлерде (18 аурудың ішінде – біреуі еркек) сексуалды салада проблемалар, бұл психикалық ауру, артық салмақ жинаймын деген даурықпа қорқыныш.

Анорексияның пайда болу белгілері. Елімізде анорексияға 14-20 жас аралығындағы қыздар көп шалдығады. Дәрігерлердің айтуынша, анорексиядан әлем бойынша жыл сайын мың адам көз жұмады екен. Бұл дертке көбінесе артық дене салмағын жинауға қорқатын, психологиялық ауытқушылығы бар адамдар шалдығатын көрінеді [2].

Елімізде аталған індетпен 14-20 жас аралығындағы жасөспірім қыздардың ауыратындығы байқалған. Соңғы жылдары 40-тан асқан әйелдер де осы ауруға бой алдырыпты.

Өзін-өзі семіз сезінген Айжан диетаның көп түрін қолданған. Артық дене салмағынан арылуға көмектесетін дәрілер ішкен. Тез жүдеп, әдеттегі салмағынан арыла бастағанымен, сыртқы келбетіне көңілі толмаған. Одан кейін тағамға деген тәбеті қашып, асқазаны сыр беріпті.

Анорексия салмақты тастауға деген құштарлық және семіріп кету қорқынышынан туған психологиялық ауру. Анорексиямен ауыратын аурулар негізінде салмақ тастаудың екі жолын таңдайды:

1. Шектеу. Салмақ тастау үшін, қабылдайтын тамақтың көлемін қатаң диета арқылы төмендету, күнде шектен тыс спортпен шұғылдану жолымен.

2. Тазалау. Барлық процедураларды пайдалану жолымен: асқазанды жуу, клизма жасау т.б. арқылы.

Анорексияның қандай белгілері болады?

Анорексияның негізгі белгілеріне жататындар: Салмақ тастау; Толып кетуге деген даурықпа қорқыныш; Қаншалықты төмен болса да салмақтың түсуін тоқтатпау; Денесінің белгілі бір бөліктерінен үнемі толықтықты сезіну; Тамақтану тәсілі: түрегеліп тұрып тамақтану, тамақты майда бөліктерге бөліп жеу; Ұйқының бөлінуі; Тамақтануда, ашыққанда үнемі өзін кінәлі санау; Депрессия, көпшіліктен бойын аулақ салу.

Бұл аурудың адам ағзасына тигізетін әсері, белгілі бір деңгейде адамның физиологиялық жағдайының бұзылуы, терінің бозаруы, салқындықты сезінуі, етеккір циклының бұзылуы, артимия, үнемі әлсіздікті сезіну, сіңірдің тартылуы. Сонымен қатар жоғары деңгейде тітіркену, себепсіз ашулану, басқаларға реніште жүру.

Анорексиядан емделу жолдары

Бұл ауруды жазуға болады, бірақ ол үшін туыстардың және

жақындардың қолдауы қажет. Дәрігерлер ақырындап тағамның үлесін арттыруды ұсынады. Бірақ кей кезде зорлап тамақтандыру қажеттілігі туады. Психотерапия цейанстары кезінде (жеке, топ, отбасылық) салмақты түсіруге ықпал еткен уәжді анықтау қажет. Өкінішке орай, көбінесе анорексия соңына дейін жазылмайды. Егер толық емделмесе аталған ауру, онда өлімге алып келуі мүмкін (өлімнің 5% осы аурудың салдарынан болады) [3].

Осылайша, жас қыздарға сәнді диеталармен мүлдем қызығуға болмайды, олар психологиялық ауруларға дейін алып келеді, яғни тікелей дәрігерлік араласуға алып келеді. Тіпті ең пайдалы әрі тиімді диетаның өзі бекітілген уақытқа дейін ғана ұсталуы тиіс және қаралып жүрген дәрігермен келіспей оның уақытын созуға болмайды. Ара-тұра дәрігеріңізден кеңес алып тұрыңыз, ол Сізге денсаулығыңызға зиян келтірмес үшін көмектеседі.

Жүйкелік анорексияның нақты диагнозы, физиологиялық жолмен азудың тежелуі, неврологиялық, гастроэнтрологиялық, эндокринологиялық (гормондық) аурулармен қоса тәбеттің өзгеруіне әкеліп соғуы.

Жүйкелік анорексиямен ауыратындардың туысқандары аурудың алдын алу үшін, олармен дұрыс қарым-қатынас жасай отырып медициналық және психологиялық көмек көрсетулері керек.

Жеке және топтық танымдық-тәртіптік психотерапия өзін-өзі бақылауды үйренуге бағытталған: ойлануға, сезімге, мінезіне және тәбетіне.

Анорексиямен ауыратындарға арналған жаңа диета дозасының колориясы, макронутриенттен, мультивитаминнен, мнералды қоспалардан тұрады.

Оганизмнің қызметінің бұзылуының ең қысқа мерзімдік қалпына келуіне шамада бір айдай уақыт кетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Змановская Е.В.* Девиантология. – Москва, 2004. –288 с.
2. *Котляров А.В.* Другие наркотики или Homo Addictus: Человек зависимый. – М.: Психотерапия, 2006. – 460 с.
3. *Миллер А.* Драма одаренного ребенка и поиск собственного Я. – М.: Академический Проект, 2001. – 144 с.

РЕЗЮМЕ

Анорексия психическое заболевание пищеварительного тракта, то есть отказ от приема пищи при сохранении аппетита под влиянием психопатологических расстройств. В статье рассматриваются вопросы влияния этой болезни в психику человека.

(Исмаханбетова Б.А. Анорексия – его влияние на психику человека)

SUMMARY

Anorexia is a mental disorder of digestive tract, i.e. this is the aversion to food with saving of appetite under the influence of psychopathologic disorders. This article deals with the questions about impact of this illness in mentality of the human being.

(Ismahanbetova B.A. Anorexia, its influence on mentality of the person)

УДК 681.753

А.Н.ТЕМИРБЕКОВ

кандидат технических наук, профессор
МКТУ им. А.Ясави

Е.Н.РУСТАМОВ

соискатель Ташкентского государственного
педагогического университета

А.С.КОЖАНОВА

магистрант МКТУ им. А.Ясави

АЛГОРИТМ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ФРАГМЕНТАЛЬНЫХ ЗНАНИЙ

В данной работе рассматривается фрагментальное представление эффекта зависимости. Формируется знание о появлении психологического эффекта зависимости. Примерами обосновано утверждение о том, что потребность в пространстве «темперамент, характер, личность» является обозначающей информационной сущностью, т.е. психологический эффект зависимости будет обозначающей информационной сущностью личности. Такой подход к алгоритмизации дает большие практические возможности проектировщикам базы знаний.

Ключевые слова: база знаний, фрагментальное знание, мудрость, зависимость, сущность, атрибут, психологический эффект, семантика, мотивация, конфликт, модель, информация.


Введение. Теория проектирования систем баз знаний основана на иерархии данных – мудрости. Данные представляют собой факты и цифры, необработанную информацию и концепции, сформированные путем изложения фактов. Обработанные данные представляют собой информацию. Информация образуется при выяснении смысла данных с помощью анализа, в результате которого, большой объем исходного материала преобразуется в совокупность небольших взаимосвязанных частей. Фрагментальные знания являются синтетической информацией. В результате синтеза формируются более сложные структуры, основанные на моделях, правильно описывающих процесс или объект, и приводятся примеры возможных действий. Люди, группы и целые культуры собирают и обрабатывают информацию и формируют знания. Их сравнивают с другими фрагментальными знаниями, чтобы достичь понимания и получить направляющие решения. Затем собранные фрагментальные знания оцениваются в соответствии с ценностями, законами, суждениями и другими (профессиональными) стандартами, и появляется мудрость. В то время как знания считаются пределом для

интеллектуальных машин, мудрость является уделом человечества. Все это сказанное и является проектированием базы знаний из фрагментальных знаний. Человек эти знания перерабатывает в виде семантической информации о предметах, явлениях, окружающей среды и их отношениях, ее действительности, познавая мир вещей отношение и существуя благодаря этому в мире. Эта сторона жизни человека естественная. Человек не задумывается над тем, как он перерабатывает эту информацию. Однако человек накопил в виде документов (фрагментов) колоссальный запас знаний (семантическую информацию всех форм представления). Эта сторона жизни человека – результат его деятельности. Указанные стороны жизни человека есть не что иное, как непрерывная реализация человеком соответствующих целей, а переработка семантической информации - неотъемлемое свойство (атрибут) систем, стремящихся к реализации указанных целей. Так можно объяснить появление понятия семантических баз знаний [1].

Для алгоритмизации этой деятельности человека мы тоже будем представлять фрагментальные знания в виде семантики.

Цель работы. В данной работе на примере рассмотрим как формируется *знание* о появлении психологического эффекта *зависимости*.

Метод решения. Суть предлагаемой методики заключается в следующем. Психология индивида представляется как информационная совокупность с соответствующими атрибутами. Далее эта совокупность разделяется на некоторые информационные сущности, имеющие различные психологические свойства: стержневая сущность, ассоциативная сущность, характеризующая сущность, обозначающаяся сущность, соответствующие атрибуты этих сущностей и соответствующая семантика [2]:



Таким образом одну из наиболее заметных в исследовательской и терапевтической практике психологов по праву занимает психология зависимости. Учение о зависимостях, или оддиктология, сформировалось на стыке психологии и медицины; определенный вклад вносят также педагогика и социология. Наряду с поиском и совершенствованием средств борьбы с развивающимися по эпидемической модели традиционными видами зависимостей, таким, как наркотическая (включая таксоманию), алкогольная или табачная, наблюдается отчетливая тенденция к выработке более широкого представления о зависимости [1, 7].

Для того, чтобы получить фрагментальное знание о психологии зависимости, мы должны понять информационную основу появления этого психологического эффекта.


Как сказано в работе [3], взаимоотношение эмоций с потребностями может проявляться двояко - в соответствии с двойственностью самой потребности, которая, будучи испытываемым индивидом нуждой его в чем-то ему противостоящем, означает одновременно зависимость его от чего-

то и стремление к нему. То или иное наше чувство к определенному предмету или лицу – любовь или ненависть и т.п. – формируется на основе потребности по мере того, как мы осознаем зависимость их удовлетворения от этого предмета или лица, испытывая те эмоциональные состояния удовольствия, удовлетворения, радости, или не удовлетворения, неудовольствия, печали, которые они нам доставляют.


Значит, мы должны определить информационные сущности: потребность, отношение, эмоция и зависимость в пространстве личности – «темперамент, характер, личность». Потребность в пространстве «темперамент, характер, личность» является обозначающей информационной сущностью, т.е. психологический эффект зависимости будет обозначающей информационной сущностью личности.

На основе этих семантик мы можем проектировать фрагментальное знание появления психологического эффекта зависимости. Вообще говоря зависимость появляется из-за страха неудовлетворения потребности. В предлагаемой концепции надо учесть какая информационная сущность рассматривается в каком измерении. Если зависимость рассматривается в измерении ИС₃ (читается как информационная сущность эмоции), то ИС₃ будет атрибутом ИС₃, если зависимость будет рассматриваться в измерении личности, то ИС₃ будет обозначающей сущностью, т.е. эта сущность будет участвовать в формировании информационной сущности цель. Из этой модели видно, что для каждого атрибута ИС_п у индивида будет формироваться своя цель, которая рождая деятельность будет участвовать в формировании личности. Все это сказанное будет происходит в случае когда потребность неудовлетворяется или частично удовлетворяется [5, 6]. Если потребность удовлетворяется, то ИС_п отражая через мотивацию в цель будет участвовать в модели явно выражается системное стечение психологических процессов. Это видно на рис.5. Каждый атрибут, каждые ИС₃, ИС_о, ИС_п являются связанными между собой, и они превращаются друг в друга. Из модели видно, что психологический эффект зависимости является одним главным регулятором формирования цели и деятельности.


Также отметим, что в зависимости от атрибутов страха будут формироваться атрибуты ИС₃. Модельный анализ психологических процессов нам дает возможность формализовать степени проявления информационных сущностей в процессе становления личности.



1-Рисунок Фрагментальное знание о потребности (Стрелка означает направления трансформации).




2-Рисунок. Фрагментальное знание об отношении



3-Рисунок. Фрагментальное знание об эмоции и чувства

э₁ – чувство; э₂ – напряжение; э₃ – удовольствие; э₄ – неудовольствие; э₅ – возбуждение; э₆ – успокоение; э₇ – успех; э₈ – удача; э₉ – торжество; э₁₀ – радости; э₁₁ – крах; э₁₂ – неудача; э₁₃ – предметные; э₁₄ – зависть; э₁₅ – страсть; э₁₆ – переживание ; э₁₇ – полярность; э₁₈ – страх; э₁₉ – шок; э₂₀ – выразительные движения; э₂₁– аффект; э₂₂ – интеллектуальные; э₂₃ – эстетические; э₂₄ – моральные; э₂₅ – юмор; э₂₆ – ирония; э₂₇ – настроение; э₂₈ – увлечение; э₂₉ – зависимость.



4 – Рисунок. Фрагментальное знание о зависимости.

З₁– приоритетность – излюбленная деятельность преобрела первостепенное значение и преобладает в мыслях, чувствах и поступках (поведении);


З₂– изменение настроения – относится к субъективному опыту индивида и сопутствует состоянию поглашенности деятельностью (примерами могут служить состояние эмоционального подъема либо, наоборот, приобретения спокойствия при переходе к любимому занятию);

З₃– толерантность – для достижения привычного эффекта требуется количественное увеличение параметров деятельности;

З₄ симптомы разрыва возникновение неприятных ощущений физиологических реакций при потере или внезапном сокращении возможностей заниматься любимой деятельностью;

З₅ конфликт относится ко всем разновидностям конфликтов: интрапсихическим; межличностным (с окружающими людьми); с другими видами деятельности (работа, социальная жизнь, хобби и интересы);

З₆– рецидив – возврат к излюбленной ранее деятельности, иногда после многолетнего абстентного периода. Из выше описанных фрагментальных знаний можно построит знание о формировании личности.



5–Рисунок. Знание о формировании личности.

Выводы. Резюмируя можем сказать, что представление знаний с помощью фрагментальных знаний дает большие практические возможности при создании баз знаний трудноформализуемых задач.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Войскунский А.Е.* Актуальные проблемы психологии зависимости от интернета. // Психологический журнал, 2004. –Т 25, №1. –90-100 с.
2. *Рустамов Н.Т., Кукиев С.С., Рустамов Е.Н.* Информационный подход к анализу личности. / Международная научно-практическая конференция «Казахстан в новом мире и проблемы Национального образования». – Жетысай, 2008.
3. *Симонов П.В., Ерцов П.М.* Темперамент. Характер. Личность. – М.: Наука, 1984. –160 с.
4. *Griffiths M.* Internet addiction & Fact or fiction // Psychologist. 19997 V. 1215). –P. 246-250.
5. *Римман Ф.* Основные формы страха /Пер. с нем. Э.П.Гушанского – М.: Алтейа, 1998. –С.32-309 (с сокращ).
6. *Адлер А.* Наука жить /Пер. с нем. А.А.Юдина. – Киев: Port-Royal, 1997. –С.235-241.
7. *Темирбеков А.Н., Оразбекова А.З.* К вопросу проектирования базы знаний в диагностических системах. Труды международной научно-практической конференции «Информационные технологии и автоматизация производственных процессов». – Алматы: КазНТУ, 2002. – С.381-383.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл жұмыста тәуелділік эффектісінің фрагментальдық бейнеленуі қарастырылады. Тәуелділіктің психологиялық эффектісінің пайда болуы жөніндегі білім қалыптастырылады. Мұндай алгоритмдік жандасу білімдер базасын жобалаушыларға кең практикалық мүмкіндіктер ашады.

(Темирбеков А.Н., Рустамов Е.Н., Қожанова А.С. Фрагментальдық білімдерді жобалау алгоритмі)

SUMMARY

Fragmental representation of effect of dependence is considered in this work. The knowledge of emergence of psychological effect of dependence is formed. Such approach to algorithmization gives great practical opportunities to designers of knowledge base.

(Temirbekov A.N., Rustamov E.N., Kozhanov A.S. Design's Algorithm of Fragmental Knowledge)

ӘОЖ 331.548: 378

А.Қ.АБЕНОВА

ОҚМПИ-ның магистр-ізденушісі

І.С.СМАНОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
ОҚМПИ-ның профессоры

БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУ МҮМКІНДІКТЕРІН АНЫҚТАУ НЕГІЗДЕРІ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің соңғы Халыққа Жолдауларында, әр түрлі аудиторияларда жасаған баяндамаларында оқушыларға кәсіптік бағдар беру, кәсіптік-техникалық колледж жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру, жастарды мектеп қабырғасында кәсіптік мамандықтарға баулу секілді мәселелерді жиі көтеріп келеді. Бүгінгі инновациялық технологиялардың барына жетілдірілген тұсында баланың болашақ мамандығын дұрыс таңдап, өз саласын жетік меңгерген білікті маман болуын қамтамасыз ету – мемлекеттің де қамқорлығын қажет ететін бағыт. Мақалада мектеп жасындағы жеткіншектің болашақ мамандығын таңдау мүмкіндіктерін анықтаудың ғылыми негіздері қарастырылған. Өскелең ұрпақтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзінің саналы тәрбиесі, сапалы білімі арқылы «кетілген жердің кірпіші болып қалануына» қолайлы жағдайлар тудызу мәселелері де назардан тыс қалмаған.

Кілтті сөздер: жалпы педагогика, бастауыш мектеп педагогикасы, кәсіби бағдар, кәсіптік бағдар беру, инновациялық технологиялар.

«Біздің ең басты құндылығымыз – Отанымыз, тәуелсіз Қазақстан!» Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2010 жылғы Қазақстан халқына арнаған «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстандықтардың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында болашаққа белгіленген орасан зор міндеттерді ұйымдастырушы ұлттық стратегияны қалыптастыру мақсатында айқындалған төрт қағидаттың біріншісі [1].

Біз үшін «Басты құндылық – Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан» болса, сол құндылығымызды көздің қарашығындай сақтаудың ең басты тетігі еңбек екендігін көрсетеді. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты Елбасымыз Н.Назарбаевтың стратегиялық бағдарламасы Қазақстанның тиімді және әлеуметтік даму жолында екендігінің нақты белгісі болып табылады [2]. Бұл ғылыми негізделген, биік мақсаттардың байыпты бағдары:

- елдегі жұмыссыздықты жоюдың мүмкіндіктерін көрсетеді;
- еліміздің дамуы үшін индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асырудың маңызды қадамдарын белгілейді;
- терең білім – тәуелсіздіктің тірегі екендігін білдіреді;
- еңбекке баулу, еңбекті бағалауды байқатады;

- жастарға кәсіптік бағдар беріп, болашағының жарқын болуына ықпал етеді.

Әрбір жастың болашағын бағдарлауға, өзінің жарамдылығын анықтауға ой салады, кәсіби бағдар – өскелең ұрпақты өмірге, еңбек етуге, мамандық таңдауға бағытталынған – педагогтардың, психологтардың, физиологтардың, дәрігерлердің, тәрбиешілердің, отбасының, оқу орындарының, еңбек ұжымының қызметі. Білім мен еңбек егемендіктің қос қанаты екендігін сезулері арқылы мектептің бітірушілері өздерінің мақсатына жету үшін білім сапасы – басты ұстаным екендігіне сенулері тиісті. «Бүгінде еңбек – ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында, алдыңғы кезекке ілгерілеуі тиіс» – деген ой – әлемнің Әміршісі – еңбектің маңызын еселей түседі, болашақ кәсіптің алар орнын нақтылайды, еңбек пен білім Отанымыз Қазақстанның жарқын келешегін айқындайтын идея екендігін Елбасымыздың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасы білдіреді [2]. Болашақ мамандығына саналы таңдау жасауға бағыт беретін бұл бағдарламадан «Еңбек» ұғымының мән-мағынасын тереңдету арқылы, «Жаңа өндірістер, білім беру мен ғылымның жаңа жүйелері, орта тапты дамыту, әлеуметтік кепілдемелерді кеңейту, Қазақстандықтар санасында үлкен өзгерістер қалыптастыруы тиіс» деген нақты, тәжірибелерге негіздеп тұжырым жасайды.

Кәсіптік бағдар беру – өзінің жарамдылығын анықтауда «Нұр Отан» халықтық демократиялық партия, жастар ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары белсенді жұмыстар жасайды, үгіт-насихаттар жүргізіп, озық тәжірибелер, мамандардың үлгілі еңбектерін баяндайды. Түрлі еңбек ардагерлерімен, талапты жастармен таныстырып, еңбектерін үлгі-өнеге етеді.

Әрбір «елім, жерім, ұлтым» деген санасы ояу, түйсігі терең, халқының тарихи тамырларынан нәр алған, елдік мұраттарын, ұлттық құндылықтарын қасиет тұтатын азамат болашағын ойлап кәсіптер туралы білім алып, мамандықтардың мазмұнын, ерекшеліктерін зерделеп, маман иесі қандай болуы керек, оларға қандай талаптар қойылатындығын білумен бірге, өзінің жеке қабілеттерін салыстырып байқаумен өзінің жарамдылығын пайымдау, айқындау жасайды.

Кәсіптік бағдар – екі жақты үдеріс, біріншіден терең білім, саналы тәрбие алуымен қатар, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру, дамытумен болашақ мамандығына бағдарлану, екіншіден мектеп, отбасы және қоғам жетекшілігі, мызғымас одағының ықпалымен жастарды мақсатты іс-әрекеттерге даярлау. Оқытуда политехнизм ұстанымын жүзеге асыру арқылы болашақ мамандықты саналы және негізделінген таңдау жасауына алғышарттар жасайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің еліміздің азаматтарының еркін түрде кәсіп таңдауына, қалаған мамандыққа қол жеткізуіне құқықтар бар, оның үстіне кепілдік береді [3].

Елбасымыз Қазақстанда мемлекет әлеуметтік жаңғырту үдерістерінің бастамашысы және басты қозғаушы күші болатынын нық сеніммен «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында айтады. Білім мен еңбек егемендіктің қос қанаты екендігін дәлелдеу, ықпалын арттыру үшін жастарды:

- дүниені тану үдерісіне сапалы тарту;
- тәуелсіздіктің тірегі – терең білім беру;
- адамгершілігін арттыра түсуге ықпал ету;
- еңбек етуге үлгі-өнеге көрсету;
- патриот азаматтарды тәрбиелеу;
- болашақ мамандығын таңдауға игі іс-әрекеттер жасау;
- ХХІ ғасырға сай ұрпақ тәрбиелеу аса зор жауапкершілік пен ерен еңбекті қажет етеді.

Кәсіптік бағдар беру – жарамдылығын анықтау – болашақ мамандығын саналы және сапалы таңдау жасаулары үшін оқу орындары:

- оқу-материалдық-техникалық базаларын жаңғырту;
- оқу-әдістемелік және инновациялық технологияларды қазіргі талап деңгейіне жеткізу;

- білікті педагогикалық кадрларды көбейту;

- «Жалпы білім беретін мектептер педагогтарының біліктілігін арттыру» – Назарбаев Зияткерлік мектебі бағдарламасы аясында үш айлық курстардан өткізу;

- кәсіби бағдар беру жүйесін жүргізуде озық тәжірибелерді пайдалану.

Мектеп және жоғары оқу орындарымен тығыз шығармашылық байланыс орнату, профессор-оқытушылар құрамымен, мектеп-жоғары оқу орындарының ұжымдарымен бірлесе еңбектер жасау арқылы түрлі деңгейлердегі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайыстарына даярлаудың болашағы үлкен, мамандық таңдауларына ықпалды болып шығады. Елдің ертеңгі жетістігі – білім, ғылым, инновация және еңбекте екендігін тәжірибеден байқап, өмірден көріп, оқудан білім, іскерлік және дағды алып өсулеріне елбасы, Ұлт Көшбасшысының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» ғылыми бағдарламалық еңбегі сапалы, саналы ой түйіндеуге анық жеткізеді.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу және дамыту – бұлар негізгі педагогикалық үдерістер, осы үдерістерде білім негіздері беріліп, болашақ мамандықтарға қатысты іскерлік, дағды сөз болып, іс-тәжірибелерде алғашқы элементтерді байқайды. Оқыту үдерісінің басты мәні – білім беруде кәсіптік бағдар беруге ықпал жасайтын маңызды, күрделі құрамдастары, білімге қатысты іс-тәжірибелерде олардың қолданулары, салалары, дамытуларының бағыттары айтылып, ақпараттар беріліп, байланыстырылуларында, мысалдар келтіріп, ортақ ой биігі – оқу түйсігі – әрбір жастың өз жарамдылығын ойлауға жетуінде. Зерделенетін құбылыстар мен үдерістер қоршаған әлем жайлы мәліметтер береді, оны өмірмен байланыстыру, терең талдаулар ой қорытындысын шығару, салыстырулар дамытуға жеткізе түседі. Қазіргі заманғы әдіснама құбылыстар мен үдерістерді тануда қоршаған дүниені танып білу теориялық, іс-тәжірибелік амалдармен бірге олардың сыртқы, ішкі байланыстарын, белгілерін, заңдылықтарын білумен, зерделеумен қоса мәндік терең сипаттамаларын білуді талап етеді:

1. берілген құбылыс, үдерістің мәніне талдау жасау, қорытынды жасай білу;
2. осы құбылыс, үдерістің қызметтерін, орнын, болашағын анықтау;

3. зерделенетін құбылыс, үдеріс құрылымын, заңдылықтарын ұғу;
4. қарастырылатын құбылыс, үдерісті динамикада, дамуында байқау, талдау, салыстыру, қорытындылау;

5. жұмысымыздың басты нәтижесі – жұмыс гипотезаларын ой тезінен өткере отырып, ең алдымен өзі жан-жақты зерделеп түсіну, талдау болашағын ойластырумен көру.

Педагогикалық қызметтің технологиясының негізгі бағыттары:

- жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал жасау;
- жоғары сынып оқушыларының құрбыларымен және мектеп бітірушілермен өзара қарым-қатынасжасау, тәжірибелер алмасу;
- жоғары сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға көмектесу;
- кәсіптік бағдар алуға – өзін-өзі тануға – өзінің жарамдылығын байқауға көмектесу.

Кәсіптік бағдар алуларына психологиялық, философиялық, әлеуметтік, педагогикалық тұрғыдан ата-аналармен бірлесіп ұйымдастырумен:

- әртүрлі мамандармен кездесулер;
- еңбек, оқу орындарына саяхат, танысулар;
- еңбек адамдары, ғалымдар, жазушылармен кездесу;
- оқу комбинаттары мен фирма, кәсіпорындардың жұмыстарымен танысу.

Кәсіптік бағдар алу төрт кезеңнен тұрады:

- диагностикалық;
- ұйымдастырушылық;
- ағартушылық;
- мамандық алуға көмектесу.

Болашақ мамандығын таңдауына, жеке тұлғалық рухани дүниесінің қалыптасуына, оның өз өмірі мен тағдырын айқындауына мүмкіндік беру, ықпал жасау бәсекеде басым болуына жеткізеді.

Жалпы, Президенттің бұл бағдарламалық еңбегі мамандық таңдауда нақты бағыт-бағдарын айқындауына, білім берудің көкжиегін кеңейтудің байыпты бағдарламасына айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* Елбасының «Жаңа онжылдық – жаңа эканомикалық өрлеу – Қазақстандықтардың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы //Егемен Қазақстан, 2010 жыл, қаңтар.
2. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына Қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 10 шілде.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2010.

РЕЗЮМЕ

В статье излагаются основы возможности определения в будущем выбора специальности. (Сманов И.С., Абеннова А.К. Основы возможности определения в будущем выбора специальности)

SUMMARY

In article it is stated bases of possibility of definition in the future of a choice of specialty. (Smanov I.S., Abenova A.K. The Bases of possibility of definition in the future of a choice of specialty)

ӘОЖ 378.105.7

Ү.И.МЕЛДЕБЕКОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доц. м.а.

А.ТҮРДИЕВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ТӘРБИЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАЛА
ДАМУЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

Бұл мақалада оқыту жүйесінің тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану мен жетілдірудегі шығармашылықтың рөлінің маңызды жақтары ашып көрсетілген. Баланың жан-жақты өсіп-жетілуі барысында өзін-өзі тануы, анықтауы, басқаруы секілді қасиеттерін аша отырып, оның интеллектуалдық ой-өрісін кеңейтуге ықпал жасау жолдары қарастырылған.

Тәрбиелеуші ұстаздың, мектеп мұғалімінің өз шығармашылығын жетілдіре отырып, жас баланың талапқа сай дамуының өзіндік ерекшеліктерін екішеу мәселелері ой елегінен өткізілген.

Кілт сөздер: инновация, кәсіби бағыттылық, шығармашылық, шеберлік, машықтану, тұлғалық сапа.

Жаңа заманның жаңа талабы – мамандардың шеберлігін арттыру. Қай сала болмасын кәсіби шебер болса, жұмыс алға жүре бермек. Ал кәсіби шеберлікке не жатады? Оған жататындар: өзінің таңдаған мамандығының мақсатын жақсы білу, оған жету барысындағы міндеттерді меңгеру, теориялық білім мен тәжірибелік нәтижені ұштастыра білу. Осы тұрғыдан білімді, білікті маман бола тұра өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе алмау, жол таба алмау - ол үлкен қиындыққа соқтырады. Сол үшін білім мен білік дағдыларын меңгере жүріп студент кезінен шығармашылық жол табуға машықтануы керек.

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың маңызы орасан зор. Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі. Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы қызметі: өз әрекетін өзі ұйымдастырушы; өз бетімен ізденіп, шығармашылық әрекет жасаушы, өз тағдырын өзі басқарушы.

Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың теориялық, ғылыми, дидактикалық, әдістемелік негіздері кәсіби даярлаудың теориялық, ғылыми-дидактикалық, әдістемелік негіздері және олардың кәсіби даярлығын

қалыптасыру мәселелері Ш.А.Абдраман, А.Р.Анасова, Ы.А.Нәби, Ш.Т.Таубаева, Р.И.Тәурганова, Б.Т.Кенжебеков, Қ.М.Кертаева, М.Қурманов, М.А.Лигай, М.С.Мәлібекова, А.А.Салпов, Г.Ж.Меңлібекова, О.Ү.Мұсабеков, О.С.Сыздықов, К.М.Беркимбаев, Р.С.Омарова, Г.К.Нұртаева және т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелген болса, Ю.А.Львова, М.М.Поташник, В.И.Андреев, В.А.Кан-Калик, Р.Х.Шакуров, А.А.Потебня еңбектерінде білім мен біліктілікті меңгергенде шығармашылық мүмкіндіктерге жол ашылатынын көрсетіп берген.

Осы білім мен біліктілікті толық меңгерген жағдайда тұлғаның барлық сапасының белсенді қатысуы осы үрдістің базисі болып табылады да тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі дамытуына алып келеді. Іс-әрекеттің белсенділігімен қатар, шығармашылықтың белсенділігі – әрбір істі жандандырып жібереді. Яғни, шығармашылық іс-әрекет – бұл реакция емес, өзінің маңызы, құрылымы, ішкі айналысуы мен ауысуы бар, сондай-ақ, өзіндік дамуы бар жүйе.

Тәрбиешінің инновациялық шығармашылық іс-әрекетінде жүйелілік, ашықтық, ұжымдық, мақсат, құрылым және мазмұндағы арнайылық, динамикалық формасының әртүрлілігі тән. Шығармашылық іс-әрекет даярлық ерекшеліктерімен сипатталады. Ғалым Ю.А.Львованың зерттеуі көрсеткендей, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдер белсенді ізденіспен, баланың рухани элементіне ерекше біліктілікпен ену, и рухани өзін-өзі жетілдірумен ерекшеленеді.

Ал, ғалым М.М.Поташник, оқыту жүйесінің тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін ашу мен жетілдірудегі шығармашылықтың рөлін атап көрсетті [1].

Мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті нәтижесінде мұғалімнің шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы жүзеге асады.

В.И.Андреев даму мен өзін-өзі дамыту үрдісінің 2 ерекшелігін атап өтеді [2]:

1.Тұлғаның өзгерісі сырттан емес, оның өзіне-өзінің ішкі мақсатқа бағытталған әсерінен болады.

2.Өзгерістер тек қана мотивте, интеллектуалды, эмоционалды аймақта ғана болмайды, сондай-ақ, барлық, «өзіндік» үрдістерде жүреді, өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі басқару. В.А.Кан-Каликтің пікірінше [3], шығармашылық өзін-өзі дамыту үрдісі тұлғаның барлық аймағын қамтиды және интеллектуалдық, эмоционалдық қажеттіліктерді қанағаттандырады, ең негізгі, бұл өзін-өзі дамыту үрдісі қашан да жаңа деңгейге көтеріледі, яғни барлық өзіндік үрдістерді жеңілдетеді: өзін-өзі тану, шығармашылықпен өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіру, шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыру және т.б.

Инновациялық іс-әрекет барысында мұғалімде жоғарыда аталған қабілеттермен қатар төмендегідей қабілеттер де тұлғалық сапалармен ерекшеленеді:

1. Шығармашылық ойларын, қабілетін, қиялын жүзеге асыру.

2. Шығармашылық ізденісті мақсатты түрде жүргізу және айтулы нәтижеге жету.
3. Жауапты, ұшқыр, дәстүрлі емес шешімдер қабылдау.
4. Тәжірибелік – зерттеу іс-әрекеттерін жоспарлау және жүргізу.
5. Белсенділік таныту, өз бетінше шешім қабылдау.
6. Өзінің ішкі күмәндарын жеңу және бастаған істі аяғына дейін жеткізу.
7. Өзінің іс-әрекетін уақытпен реттеу және уақытты тиімді пайдалану.
8. Өзінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық әлеуетін ұдайы жетілдіріп отыру.
9. Балалармен, ұжым мүшелерімен ынтымақтастық қарым-қатынаста болу.
10. Өзінің қабілетінен де асып жетілетін жоғары мақсатқа жету.
11. Педагогикалық қарым-қатынастың жаңа түрлерін меңгеру.
12. Жаңа идеяларды ұсыну, осының негізінде тиімді инновациялық технологияларды ашу.

13. Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық көздерді (интернет, телекоммуникациялық желілер) шұғыл әрі тиімді пайдалану, т.б.

Шығармашылықпен өзін-өзі жетілдірудің қажетті шарттары – басты мәселені қоя салу және басым бағыттағы бірінші мәселені ұтымды шеше алу.

Инновациялық іс-әрекет жағдайда мұғалімнің шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіруінің мәні мұғалімнің өзінің шығармашылық әлеуетін ең жоғары сатыда жетілдіруі, өзінің қабілеті, дарындылығы мен талантын шығармашылық іс-әрекет мақсатына қарай бағыттары болып табылады. Шығармашылықпен мұғалімнің өзін-өзі жетілдіру үрдісі мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруіне бағытталады.

Шығармашылық пен өзін-өзі жетілдіру – бұл мотивацияланған, дербес үрдіс және өзін-өзі тану, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіру үрдістерімен тығыз байланысты. Оның негізінде тұлғаның өзін-өзі жетілдіру үрдістерімен тығыз байланысты. Оның негізінде тұлғаның өзін-өзі жетілдіру мақсат бағыттылығын түсінуі жатады.

Шығармашылықпен өзін-өзі дамыту үрдісінде мұғалімнің өзін-өзі ынталандыру үрдісі қатар жүреді. Мысалы, ғалым Р.Х.Шакуровтың пікірінше, педагогикалық еңбектің басты ерекшелігі сол, өзін-өзі дамыту үрдісі, өзін-өзі ынталандыру әлеуетіне ие [4].

Ал, ғалым В.И.Андреев [2] инновациялық іс-әрекеттің мән-мағынасын аша түседі «инновациялық іс-әрекеттің басты мәні педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық бағыт алуында және инновацияға үлкен тиімділік жүйеге тән, инновация оқу тәрбие үрдісінің барлық компоненттеріне оң өзгерістер әкеледі.

Егер педагогикалық ұжымның шығармашылық потенциалы жоғары дәрежеде болса, онда шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздың қасында іс-тәжірибесі аз, шығармашылықпен жұмыс жасай алмайтын мұғалім өзін

ыңғайсыз сезінеді, өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін арттыруға тырысады, өз бетінше ізденіске жол ашады.

Шығармашыл ұстаз бар жерде – алға ұмтылыс, қызығушы шәкірт, белсенді ізденіс әрқашанда іскерлік пен табысқа жетелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Поташиник М.М.* Инновационные школы России: становление и развитие. – М.: Новая школа, 1996. –С.320.
2. *Андреев В.И.* Педагогика творчество саморазвития. Инновационный курс. – Кн.1. –Казань: КГУ, 1996. –С.38.
3. *Кан-Калик В.А.* Педагогическая деятельность как творческий процесс: автореф. дисс. доктора наук. –Л., 1985. –С.41.
4. *Шакуров Р.Х.* Психология руководства педагогическим коллективом. –М., 1995. –С.83.

РЕЗЮМЕ

В этой статье разносторонне показаны значимые аспекты роли творчества в использовании и усовершенствовании эффективных новых методов системы обучения. Также посредством раскрытия таких качеств как самопознание, управление рассмотрены пути влияния на расширение интеллектуального мышления в ходе развития ребенка.

(Мелдебекова У.И., Турдиева А. Особенности творчества воспитания в развитии детей)

SUMMARY

Relevant aspects of art role in use and improving effective new methods of education system are shown in this article. As well as ways of influence on extension of intellectual thinking during child development are considered by detection such characteristics as self-knowledge and management.

(Meldebekova U.I., Turdieva A. Features of creativity education in the development of children)

ӘОЖ 355.007 11(584 5)

Т.Б.ҚАСЕНОВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ БЕС ҚАРУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ

Бұл мақалада қазақ тілінде кездесетін «бес қаруын асынған» фразеологиялық тіркесінің астарлы мағынасына қарай оның халық фольклорындағы эпостық жырлардағы қолданысына түсініктер берілген. Тарихи деректерге сүйене отырып, автор батырлар жырында жиі кездесетін бұл тіркестің мән-мағынасын ашуға ұмтылыс жасайды. Көшпелі халық арасындағы әскери құрылым, сол кездегі жауынгерлердің пайдаланған қарулары жайлы тың деректер келтірілген. Өте ерте замандағы әскери құрал-саймандар туралы жазба деректерге сүйеніп, оның бүгінгі таным-түсініктегі көрінісін арқау етеді.

Кілт сөздер: ер, қару, қаһарман, жақ, гүрзі, айбалта, найза, қылыш, шоқпар.

Батырлардың қарулануын білдіретін “бес қаруын асынды”, “бес қаруы бойында”, “бес қаруын сайланған” деген сөз тіркестері тілімізде, ауыз әдебиетінде жиі қолданылады. Қазақтарда “ер қаруы – бес қару” деген мақал сөз де бар. Бірақ бұл бір ауыз сөздің астарында не мағына жатқаны бұл күндері көпшілікке түсініксіз. “Ер қаруы деген не?” Олардың саны неге бесеу? Олардың қандай ерекшеліктері бар?

Қазақ тілінде адамға қатысты қолданылатын “ер” сөзінің екі түрлі мағынасы бар: а) жалпы еркек жынысты адам; ә) батыр, қаһарман, ер жүрек, жауынгер кісі. Көне түркі тіліндегі руникалық жазба ескерткіштерінде, ХІҮ ғасырдағы түркі тілдерінде де “ер, ерен” сөзі батыр, жауынгер деген мағынаны білдірді [1].

Қазақтың эпостық қаһармандары Ер Қосай, Ер Тарғын есімдерінде “ер” сөзі, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр есімдеріндегі сияқты, “батыр” сөзінің синонимі ретінде қолданылған. Түркі тілдерінде “батыр” (“баатыр”/“батур”/“баһадур”) сөзі қолданысқа кейін еніп, көнеден келе жатқан “ер”, “алып сөздерін ауыстырды”. Ал “қару” – соғыста қолданылатын жауынгерлердің шабуыл құралының атауы. Соғысқа, әскери іске қатысты осы екі атау қосылып, “ер қаруы” деген сөз тіркесі, халықтық әскери термин ретінде, жай қару емес, соғыс қаруы, жауынгердің соғыста қолданатын жеке қаруы (қылыш, айбалта, найза, т.б.) деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз тіркесінде ер қаруының басты екі ерекшелігі көрініс тапқан. Бірінші – жалпы еркек адам емес, тек жауынгер, әскери адам ғана ұстайтын құрал екендігі, екінші – күнделікті тұрмыста емес, тек соғысқа қолданатын құрал екендігі. Осы күндері әдебиет, баспасөз беттерінде әр түрлі авторлар “бес қаруға” бірнеше құралдарды, садақ, найза, мылтық, айбалта, қанжар, шоқпар, пышақ, қамшы, т.б. жатқызып жүр. Енді осы аталған құралдардың бәрі де жоғарыда анықталған екі ерекшелікке сәйкес келе бере ме

екен, соған тереңірек үңіліп көрелік.

Қамшыны батырлар ғана емес, атқа мінген әр адам (әйел, еркек, жас, кәрі) және мал баққандардың бәрі ұстанған. Қамшыны, әдетте, малды және құл иеленуші қоғамда мал санатында есептелген құралдарды ұру үшін пайдаланды. Қазақтарда да, басқа халықтарда да қылмыс жасаған адамға қамшымен дүре соғылатын. Сондықтан көшпелі халықтарда, оның ішінде қазақтарда да біреуге қамшы жұмсау оны малға, құлға немесе қылмыскерге теңеумен бірдей болды. Қамшыны құлға, қылмыскерлерге жұмсалатын құрал ретінде түсіну орта ғасырлық жазба деректерде айтылады. Шайқы Балхи өзінен ақыл-кеңес сұраған Халиф ар-Рашидқа былай дейді: «мұсылмандардың әміршісі ол Алла тағала саған халықты әділеттілікте ұстап отыру үшін үш зат берді: байлық, семсер және қамшы. Байлықпен сен кедейлікке тосқауыл қоюың керек. Семсермен сен халықты езушілерді құртуға міндеттісің, ал құнахарларды қамшымен жазалауың тиіс».

Көне грек тарихшысы Геродот жазып кеткен скифтердің ертедегі бір аңызында да осы туралы айтылған. Елу жыл бойы жорықта жүрген скиф жауынгерлері еліне қайтып келе жатады. Ұзақ жылдар бойы ерлерінен хабар болмаған әйелдері өздерінің соқыр құлдарымен тұрып, олардан бала туады. Скиф жауынгерлері елдің шетіне жеткенде құлдан туған, есейген ұлдар оларды елге жібермей, соғыса бастайды. Ұзақ айқасып скифтер оларды жеңе алмайтын болған соң, айқасты тоқтатып, өзара кеңес құрады. Сонда бір ақылгөй қарт жауынгер мынандай кеңес берген екен: Ей, скиф жауынгерлері, осы біз не істеп жүрміз, Біз өз құлдарымызбен соғысып жүрміз, біз қарумен соғысқан соң, олар өздерін бізге тең санап, азат адам санап жүр, сондықтан жеңіліс бермейді. Біз найза, жарақтарымызды тастап, оларға қамшы алып шығайық. Егер біздің қару орнына қамшы алып шыққанымызды көрсе, олардың өздерінің құл екені естеріне түсіп, оны мойындап, қарсыласуға шамасы жетпейді [2].

Скифтер бұл кеңесті мақұл көріп, құлдарға қамшы алып шығады. Қамшыны көрген құлдар сескеніп айқас туралы ұмытып, қаша жөнелген екен. Міне бұл аңызда скифтер қамшыны жауынгерлік қару емес, құлды бағындыратын құрал ретінде пайдаланғаны жөнінде анық айтылған, оның осы мәні құлдан туған ұлдарға өздерінің құл екенін есіне түсірді. Көшпелі халықтың жауынгерлік этикасын дұрыс түсінбегендіктен, Ресей ғалымы А.П.Бородовский бұл аңызға сүйеніп, скифтер қамшыны соғыс құралы ретінде қолданған деп теріс тұжырым жасайды [3].

Бірақ өзі аналог ретінде Ертедегі Спартада да құлдар көтерілісін спарталықтар жауынгерлік қарумен емес, қамшымен басқанын, яғни құлдарға қару емес қамшы қолданғанын мысал қылып келтіреді. Дәстүрлі қоғамда затты қолданғанда оның символдық мәні ескеріліп отырады. Жауынгер скифтер мен спарталықтар үшін құлдарды өздеріне теңеп, олармен қару алып соғысуы қаншалықты мүмкін емес болса, өздеріне тең, азат әскери адамға қамшы жұмсау соншалықты мүмкін емес. Қазақтарда да қамшы әскери қаруға жатпайтынын 19-ғасырда Ш. Уәлиханов та жазып кеткен [4].

Шығыс бейнелеу өнерінде де айқас кезінде қамшы қолданған жауынгерлер бейнесі кездеспейді. Әрине, адам өзін-өзі қорғауда немесе кісі өлтіруде

тұрмыстық затты да, егіншінің, малшының құралдарын да, тасты да, пайдалана беруі мүмкін, бірақ әр кәсіби істі кездейсоқ зат емес, тек кәсіби құрал ғана сипаттайтынын ескерсек, малшы құралы – қамшыны ер қаруына жатқызу қателік.

Барлық түркі халықтарының қаһармандық эпостарында соғыс кезінде батырлардың жекпе-жек айқастары 5 қару түрімен сайысу – садақ ату (1), найзаласу (2), қылыштасу (3), балталасу (4) мен шокпарласу (5) түрінде өткен. Ертедегі ұлы жиын тойларда да осы қару түрлерінен батырлардың сайысы болған. Қару түрінің жауынгерлік жекпе-жек сайысын өткізу мүмкіншілігі – ер қаруының үшінші ерекшелігі болып табылады.

Осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың әскери ұйымының құрылымын сипаттағанда, негізінен әскердің ондық жүйемен бөлінуі ғана айтылады. Бұл - әскери құрылымның көлемдік сипаты ғана, яғни сандық көрсеткіші ғана. Қазіргі замандағыдай, бұрынғы кездерде де көшпелі халықтардың әскерінің құрамы қару түріне қарай бөлінген. Әр қаруды жете меңгерген жауынгерлерден арнайы садақшылар, найзашылар, қылышкерлер, айбалташылар, шокпаршылардан тұратын әскери бөліктер, қосындар құрылған. Мысалы, “Манас” жырында қырғыз, қазақ және басқа түркілерден құралған жетпіс мың әскердің құрамында 20 мың садақшылар қосыны, 30 мың мылтықшылар қосыны, 5 мың гүрзішілер қосыны, 5 мың найзагерлер қосыны және 10 мың қылышкерлер қосыны болғаны айтылады [5].

Түркі халықтарының басқа да жырларында мұндай деректер кездеседі. Әскерді бұлай қару түріне қарай бөлу қазақтарда да болғанын тарихи жырлар деректері дәлелдейді [6].

Жазба деректерде Абылай, Кенесары әскерлерінде де осындай қару түріне сәйкес бөлінген топтар болғаны көрсетіледі. Әрине, әр әскер бөліктерінің жауынгерлері бір ғана қару түрін ұстап жүрген жоқ, мергендер қолына найза, қылыш ұстаса, найзагерлердің белінде қылышы, садағы болды т.с.с. Ал бірнеше қаруды меңгерген, бесасап батырлардан ауыр қаруланған арнаулы бөліктер құралған. Қару түрінің әскер құрамын анықтауы – ер қаруының төртінші ерекшелігі. Әскери бөліктердің қару түріне қарай бөлінуі әскери құрылымның сапалық сипаты, ал бұл сипат оның әскери – техникалық деңгейін анықтайтын көрсеткіші болып табылады.

Көшпелілердің соғыс өнерінде батырлардың жекпе – жегі ғана емес, бүкіл әскердің ашық майдандағы айқасы, оның тактикасы осы жауынгерлік қару түрін қолдануға қатысты құрылды. Ұрыс алыс қашықтықтан садақпен атысудан басталып, адамдары шығынға ұшыраған жау әскерімен жақын қашықтықта бетпе – бет айқаста найзаласумен жалғасты, одан әрі қарай қоян-қолтық шайқаста қылышпен шабысу, айбалта, шокпар сілтеу секілді тәсілдерге көшетін. Күштің тепе-теңдігі бұзылған жағдайда, қаша ұрыс салып, қайтадан шауып келе жатып артқа қарай садақ атуға көшіп, жаудан айласын асыруға тырысатын. Бұл әскери тактика барлық түркі-монғол халықтарына ортақ әдіс болды.

Соғыста қолбасшылар әскери тактиканы ойластырғанда бес қару түрін айқаста қолдану мүмкіншілігін ескеріп, ұрыс салу әдісі соған негізделген. “Әмір Темір аманаты” атты ортағасырлық жазба ескерткіште былай делінеді: “Жақсы қолбасшы, жау әскер басыларының санын біліп, оған өзінікін қарсы қоюы тиіс,

ол қай қарумен қаруланған жауынгерлерді, олар садақкерлер, найзагерлер немесе семсермен қаруланғандар бола ма, айкастың басына кімді қоятынын жақсылап ойластыруы керек” [7].

Әскери тактикаға негіз болу – ер қаруының бесінші ерекшелігі. Сонымен, жекпе-жек өткізетін, әскери бөліктер құратын, әскери тактиканы анықтайтын қарулардың ішінде де қанжар мен қамшы жоқ.

Соғыс қаруының тағы бір ерекшелігі, бұл – алтыншы ерекшелік, - ер қаруы ретінде олармен жоғары дәрежелі әскери лауазымдарды белгілеу, әр түрлі символдық мағынада қолдану. Әдеби ескерткіштерге және алуан түрлі өнер жәдігерлеріне сүйенсек бұл дәстүрдің барлық елдердің тарихында болғанын байқаймыз. Түрік сұлтандары таққа отырғанда, қазақ хандарын ақ кигізге көтергенде олардың белдеріне қылыш байланатын. Еуропада рыцарь дәрежесін алғандарға корольге семсер таққан, Шыңғысханның кешітендері (жеке ұланы) “қылыш ұстаушылар” деп аталған, оғыздарда жақ хандықтың белгісі болды. Түрік сұлтандарының жеке ұландарының (гвардиясының) арнаулы бөлігі (солақтар) белгі ретінде жақ пен жебе ұстап жүрген. Шығыс шахтары, хандарының “үзенгішілерінің” (үзенгі ағасы), орыс патшаларының жеке күзетшілері “рындалардың” лауазым белгісі – айбалта. Шоқпар – казак атамандарының, поляк гетмандарының лауазым белгісі. Иран, түрік қолбасшылары да, дәреже белгісі ретінде, шоқпар ұстайтын. Байрақ, шашақ тағылған найза – көп халықтарда әскербасылық белгі. Мұнда да әскери дәреже белгісі ретінде қолданылған қарулар бесеу екенін көреміз: семсер (қылыш), найза, айбалта, шоқпар және садақ. Әскери дәрежені бейнелейтін қарулардың ішінде де қанжар жоқ. Көшпелі халықтардың әр замандардағы қанжарлары семсер, сапы, қылыштардың формасын тура қайталайды, яғни сол қарулардың тұрмыста қолдануға арналған кішірейтілген үлгісі. Қанжарда (кездікті, пышақты) күнделікті тұрмыста хан да, қара да, батыр да, малшы да, ер де, әйел де, бала да пайдаланған. Қанжарды көбіне күнделікті өмірде, серуенде, үйде т.б. жағдайларда таққанын көреміз.

“Ер қаруының” санының бесеу болып қалыптасуы олардың айкаста бірін-бірі ауыстыра алмайтын тек өзіндік жеке қызметінің (функциясының) болуына байланысты. Соғыс қаруларының негізгі жұмсалы тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан. Олар: ату (садақ), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (балта), соғу (шоқпар). “Қылыш мұраты - кесу” деген қазақ мақалында қылыштың негізгі функциясы анық айтылған. Басқа қарулар осы бесеуінің вариациялануы, түрленуі ғана. Осы бес ер қаруының әр түріне негізгі функциясымен бірге қосымша функциясы беріледі, мысалы, кесу қаруына түйреу-шабу мүмкіншілігі, шабу қаруына қосымша кесу-түйреу-соғу қасиеті, соғу қаруына түйреу мүмкіншілігі қосылады. Алайда бұл қосымша қасиеттер қарудың негізгі жұмсау тәсілін өзгертпейді, бірақ қандай қосымша қасиеттері қосылғаны немесе қай қасиеті күшейтілгеніне байланысты әр қару түрінің бірнеше жаңа типтері мен үлгілері пайда болады. Бұл толықтырулар әр қарудың түрлі нұсқаларының сыртқы формасына өзгерістер енгізеді. Соғыс қаруының өзіндік жұмсау тәсілмен айшықталынуы – ер қаруының жетінші ерекшелігі.

Сонымен, “ер қаруы – бес қаруға” мынадай анықтама беруге болады. “Ер қаруына” мынадай басты ерекшеліктерге сай келетін:

- а) өзіндік жұмсау тәсілі бар;
- б) жауынгерлер ғана ұстайтын;
- в) соғысқа ғана қолданылатын;
- г) жауынгерлік жекпе-жек сайысын өткізуге болатын;
- д) әскер бөліктерін құруға негіз болатын;
- ж) әскери тактиканы анықтайтын;

и) әскери қару ретінде түрлі жоғарғы дәрежелі әскери лауазымды белгілейтін жауынгерлік қарудың негізгі бес категориясы – ату қаруы (садақ, оқ), түйреу қаруы (найза, сүңгі), кесу қаруы (қылыш семсер, сапы), соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), шабу қаруы (балта, айбалта, шақан) жатады.

Бұдан “ер қаруы – бес қару” сөздерінің астарында көшпелі халықтарда ертеден қалыптасқан, көшпелілердің жауынгерлік қаруды жүйелеудің өзіндік жүйесі жатқанын көруге болады. Тілдік деректерді, ауыз әдебиеті материалдарын талдау қазақтардың (жалпы көшпелі түрік халықтарының деуге болады) қаруды классификациялаудың бұл жүйесін толық қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Наджип Э.Н.* Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. –Кн. 1. –М.: Наука, 1979. – 478 с.
2. *Геродот.* История о девяти книгах. –Л.: Наука, 1972. –360 с.
3. *Бородовский А.П.* Плетни и возможность их использования в системе вооружения племен скифского времени. –Новосибирск: Наука, 1987. –224 с.
4. *Валиханов Ч.Ч.* Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи. – В 5-ти томах. –Т.1. –Алма-Ата: Из-во АН КазССР, 1961. – 778 с.
5. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. / Под. общ. редакцией академика М.К.Козыбаева. –Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
6. *Дәуітұлы С.* Алмас қылыш: батырлар жыры. –Алматы: Жалын, 1973. –224 б.
7. Әмір Темір аманаты. –Алматы: Жазушы, 1991. – 96 б.

РЕЗЮМЕ

В статье дается анализ исторических источников, описывающих понятие “пяти видов оружия” казахских батыров и на основе имеющихся исторических материалов рассматриваются причины, в следствие которых комплект война состоял именно из пяти видов оружия.

(Касенов Т.Б. Отражение в исторических источниках понятия “пяти видов оружия” казахских батыров)

SUMMARY

This article deals with the notion of Kazakh heroes five types of quns in historical sources. It touches upon the number of quns basing on historical materials.

(Kasenov T.B. Reflextion about the notion of Kazakh heroes five tupes of quns in historical sources)

ӘӨЖ 371.71: 796.1

Ұ.АДЫРБЕКОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҢ РӨЛІ

Мақалада жеке тұлғаның дені сау, көңілі сергек, жаны таза болып қалыптасуы үшін оның өміріндегі дене шынықтыру мен спорттың алатын орны жайлы сөз қозғалады. Дене шынықтыру мен спорт адам қызметінің өз бетінше салауатты да саламатты болып өсіп-жетілуіне ықпал ететін жан-жақты әрі көп қырлы құрал болып табылады. Демек, дене шынықтыру жаттығулары мен спорт түрлері қоғамдық өндіріске де елеулі әсер етеді. Ол адам денсаулығының деңгейін жоғарылатуға және нығайтуға бағытталған қоғамдық мәдениеттің бір саласы ретінде де әлеуметтік міндеттерді – адамның үйлесімді де жан-жақты даму тәрбиесін атқарады. Адам бойындағы физикалық күштің және қозғалмалы дағдылардың даму деңгейлері мәселелері де кеңінен қарастырылған.

Кілт сөздер: спорт, эстетика, инволюция процестері, реакция, жеке бастың мотивациясы, эмоциялық, аспекті.

Қоғам мәдениетінің деңгейі көбінесе жеке адамзаттық қабілеттердің даму, жетілу және оны пайдалану дәрежесімен белгіленеді. Осыған орай, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар жүйесінде әр түрлі жастағы және де барлық қалған құндылықтарды игеру мүмкіндіктерін анықтайтын өмірдің алғашқы жартысы кезеңіндегі бүкіл қауымның денсаулығы мен жеке дайындық деңгейі оның ең басты құрамдастарының бірі болып табылатындығын ерекше атап өткен жөн.

Адамның іс-әрекетіндегі дене шынықтыру мен спорт өзі арқылы қоғамның дамуында мағынасы барынша әралуан болатын өзіндік бір түрді білдіреді. Олар қоғамдық өндіріске, адамның тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастардың дамуына белгілі бір дәрежеде зор ықпал етеді.

Дене шынықтыру – денсаулық деңгейін жоғарылатуға және нығайтуға бағытталған қоғамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі. Ол әлеуметтік міндеттерді - тұлғаның жан-жақты және үйлесімді даму тәрбиесін орындайды.

Қазіргі уақытта дене шынықтырудың қоғамдық және жеке құндылық ретіндегі мән-маңызы арта түсті, мұның өзі қоғамдық пікір дамуында және жеке бастың мотивациясында дене шынықтыру құндылықтарын игеру бәріміздің және әрқайсысымыздың жаңа тенденцияларды қалыптастырумызға мүмкіндіктер берді.

Егер, осыдан біршама уақыт бұрын дене жаттығуларымен айналысу тек

ынтагерлердің, спортшылардың және денешынықтырушылардың ғана үлесі болса, ал қазіргі таңда ол әрбір адамның салауатты өмір салтын ұстануы үшін күнделікті аса қажетті нәрсесіне айналды. Өркениетті қоғамның негізгі мақсаттарының бірі – дене тәрбиесін күнделікті өмірдің белсенді қимыл-қызметінің тәртібіне енгізу болып табылады. Бұның маңызды себебі – қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз жағдайларына ағзаның тұрақтылығын жоғарылатуға ұмтылу, денсаулықты сақтау, белсенді еңбекке қабілеттілігін, созылмалы патологияның көрінуін жою.

Дене шынықтыру және спорт жеке тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Спортшының өзі үшін өмірлік тәжірибе жинақтауына, құндылықтардың ерекше жүйесін құруына жағдай туғызатын көптеген әлеуметтік жағдайлар спорттық қызметте көрінеді.

Дене тәрбиесі мәдениетін дамыту процесі адамның бір мезгілде өзінің жеке мәні бар күшін сала отырып, жаңа мәдениетті құрудан, жасаудан және осыдан бұрынғы мәдениетті игере отырып, қоғамдық мәні бар адам ретінде өзін қалыптастырудан тұрады. Және бұл тұтас процесті таза «рухани» қызметке айналдырып қана қоймай, сонымен бірге дене мәдениетінің аспектілерін, оның физикалық жағынан дамуын және тәрбиесін ілгерілету – яғни процестің өзін біріктіріп қана қоймай, сонымен бірге оның мәнінің дұрыс емес түсіндірмесін беру керек.

Дене шынықтыру мәдениеті – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, денсаулықты нығайтуға, адамның тән қабілеттілігін дамытуға және қоғамдық тәжірибенің қажеттіліктерімен сәйкестілігінің қолданылуына бағытталған әлеуметтік қызметтің бір түрі.

Бұл мәдениеттің ерекше және дербес саласы. Ол адамның жалпы мәдениетімен бір уақытта басталды және өсіп-өркендеді. Дене шынықтыру мәдениетін қоғамның мұқтаждығына, қимыл белсенділігіне және осы мұқтаждықты қанағаттандыруға бағдарланған өзгеше реакция ретінде қарастыруға болады.

Жеке аспект тұрғысынан қарастырғанымызда, ол өзі арқылы физикалық күштің және қозғалмалы дағдылардың даму деңгейінің, сондай-ақ адамның өмірлік қызметі мен өмірлік қабілеті деңгейінің және оның денсаулық жағдайының ішкі өлшемі болып табылатын адамның жалпы мәдениетінің бөлігін көрсетеді. Ол өзінің ерекше құралдары және амал-әдістері көмегімен адамның әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндіктер береді.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік табиғаты қоғамның әлеуметтік қызметінің бірі ретінде адамның тікелей және жанамалық еңбекке қажеттілігі және өмірлік іс-әрекеттерінің басқа да формалары, тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі ретінде оны кеңінен пайдалануға қоғамның ұмтылысы және өзін жетілдірудегі жұртшылықтың өзінің мүдделері арқылы анықталады.

Адамның әлеуеттік мүмкіндіктерінің ашылуы оның өзіне деген сенімділігін, тәуекелшілдігін, батылдығын, ықыласын және қиындықтарды жеңе білу мүмкіндігі ақиқаты сияқты қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік

береді. Еңбек актілеріне тән дамудың мұндай критерийлері адамның дене қызметі кере ететін өндірістің талаптарына сәйкестігі болып табылады. уы керек. Егер адам қозғалыстағы өмірлік іс-әрекетімен және өндірістегі заттық операцияларда өзінің тиімді мүмкіндігімен неғұрлым әмбебап бола түссе, онда оның дене қабілеті де арта түседі деп санауға болады. Бұл процесте денешынықтыру жетекші орын алады.

Дене тәрбиесі нақты (тәжірибелік) және мінсіз (психикалық) қызметтердің бірлігі болып саналады. Бұл қызмет процесінде адам қоғамдық және табиғи ортамен қарым-қатынасқа байланысты түседі. Бұл байланыс неғұрлым әмбебап болған сайын, адам одан да жан-жақты және үйлесімді дамиды, оның қоршаған ортамен байланысы одан да әмбебап болады.

Дене шынықтырудың міндеттерін 4 топқа бөлуге болады:

1. Ағзаның жалпы дамуы мен нығаюы (дене сапасы мен қабілеттілігінің қалыптасуы және дамуы, қимыл-қозғалыс дағдыларының жетілдірілуі, денсаулықты нығайту, инволюция процестерінің қарсы әрекеттері және оны тежеу, т.б.).

2. Отанды қорғауға және еңбек қызметіне дайындық (еңбекке қабілеттілігінің жоғарылауы, жағымсыз еңбек жағдайына қарсы тұрақтылығы, кәсіптік-қолданбалы дайындық және т.б.).

3. Жұмыстан тыс уақыттарды тиімді пайдалану және белсенді демалыс қажеттілігін қанағаттандыру (көңіл көтеру, ойындар, өтемақы).

4. Шекті деңгейдегі адамның қозғалыстағы мүмкіндігінің және дене сапасының, ерік-жігерінің ашылуы.

5. Адамның қалыпты қызмет етуі үшін азық-түлік, ауа, күн сәулесі, демалыс, қозғалыс сияқты белгілі әлеуметтік және тәндік компоненттері және т.б. көлемін анықтау қажет. Дене және ақыл-ой белсенділігі, қалыпты жұмыс істеу қабілеттері жағдайдың шектеулі ауқымында болуы мүмкін. Дене шынықтыру бұл мүмкіндіктерді кеңейтеді (ұлғайтады), сонымен қатар қозғалыстағы адам мен қоршаған ортаның арасындағы эмоциялық және де басқа аспектілердегі қажетті тепе-теңдікті қолдау міндеттерін шешеді. Дене жаттығулары тек денсаулықты нығайту үшін ғана қолданылмайды, сондай-ақ, қоғамдық өмірдің әртүрлі қажеттіліктеріне адамның ағзасын дағдыландыру, олардың шығармашылығын көрсету үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Қоғамда дене тәрбиесі өз бойына рухани байлықты үйлесімді сіңірген, иманды, ар-ожданы таза, тән сұлулығы жетілген жаңа адамды тәрбиелеудің басты құралы болып табылады. Ол адамдардың әлеуметтік және еңбек белсенділігін, өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Дене тәрбиесі қозғалыстары дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік және облыстық ұйымдардың жан-жақты қызметтеріне сүйенеді. Қазіргі таңда қоғамның барлық қабатын қамтитын дене тәрбиесінің ғылыми негізделген жүйесіне бағытталған бұқаралық-көпшілік дене шынықтыруды жалпыхалықтық қозғалысқа айналдыру мәселесі оң шешімін табуда. Дене тәрбиесін және тұрғындардың әр түрлі жастағы топтарының дайындығын

дамыту үшін әрекет етіп жатқан бағдарламалық-бағалық нормативтердің мемлекеттік жүйесі бар.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша міндетті денешынықтыру сабақтары мектепке дейінгі мекемелерде, оқу орындарындағы барлық түрлерінде, әскерде, кәсіпорындарда – жұмыс күнінің барысында (өндірістік гимнастика, денешынықтыру үзілістері және т.б.) міндетті түрде жүргізіледі. Кәсіпорындарда, мекемелерде, оқу орындарында және басқаларында жаппай дене шынықтыру-сауықтыру шараларының жұмысын ұйымдастыру үшін денешынықтыру ұжымдары құрылған.

Жас ұрпақты дене мәдениетіне тәрбиелеудің негізгі мақсаттары – денсаулықты нығайту және ағзаны шынықтыру, денені дұрыс дамыту, балалар мен жастарға қажетті қимыл ептілігі мен дағдыларына үйрету, олардың дене қажеттіліктерін жетілдіруге, моральдық-ерік-жігерлік сапасын қалыптастыруға көмектесу болып табылады.

«Адам ағзасын үйлесімді, жан-жақты дамыту қызметі тәрбие мен білімнің ортақ жалпы мақсатын құрауы тиіс, олар белгілі бір деңгейде ғана бір-бірінен ажыратылады: тәрбие өз саласы адамның адамгершілік қасиеттерін және олардың ерік-жігерінің шындалуын қамтиды, соған орай жеке адамның өнегелілік сипатын қалыптастыруға мүмкіндік береді, оның үстіне білім беру секілді жүйелік ақыл-ой, эстетикалық және дене тәрбиесін дамыту түрін де иеленеді; ол жас адамды оларды сезінуге, әсер алуға, өздерін бір-бірімен салыстыруға үйретуі тиіс және кездескен құбылыстардағы игерілген ақиқаттарға негізделген ерекше таң қалдырарлық ұғымдар түсініктерін құрауы және ең ақырында мүмкіндігінше айқын мақсаттылықпен және табандылықпен әрекет етуі керек» [1].

Дене тәрбиесі – адам денсаулығын нығайту және оның дене белсенділігінің дұрыс дамыту мақсаты бар тәрбие жүйесінің құрамдас бөліктерінің бірі. Жеке адамның жан-жақты дамуына, ақыл-ой білімімен бірге оған адамгершілік және эстетикалық, еңбек, дене тәрбиесін үйренуіне көмектеседі.

Бағдарлама оқу сабақтарын аптасына үш сағат көлемінде, сонымен бірге бір сағат қосымша сабақтарды жүргізуді қарастырады. Бұдан басқа күн тәртібінде сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығулар, денешынықтыру үзілістері және т.б.), сабақтың тыс уақытта жаппай спорттық және денешынықтыру жұмыстары (спорт түрлерінің секциялары, топтың жалпы шынығу дайындықтары, спорттық жарыстар және сауықтыру шаралары, денсаулық күндері, лагерьлерде спорттық-сауықтыру сабақтарын жүргізу) қарастырылады. Сабақтың түрлерін анықтауда дене тәрбиесі бойынша сабақтың тақырыптық жоспардың жобасы (теориялық, практикалық), спорттың түрлері (гимнастика, жеңіл атлетика, шаңғы дайындығы, жүзу, туризм және спорттық ойындар) және оқу жылдарына сағатты есептеу бағдарламамен ұсынылады. Дене тәрбиесінің теориясы бойынша тақырыптардың мазмұны келтіріледі, сондай-ақ, оқушылар спорт түрлерінің

техникасын игере отырып, білімі мен икемділігінің ауқымын меңгеріп алулары тиіс [2].

Осылайша, жеке адамның негізгі қасиеттерінің және ерекшеліктерінің қалыптасуында дене шынықтырудың рөлі өте зор. Адам дербес ойлай алуы, ортақ жағдайды қалыптастыруы және осы жағдайға сәйкес әрекет жасауы керек. Бірақ, жай ғана ойлау және тұжырым жасау жеткіліксіз, - оларды өмірде қолдану қажет, жолында кездескен қиындықтарды жеңе отырып, белгіленген мақсатқа жетуі керек.

Бұған тек дене тәрбиесі туралы білімі дұрыс болған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. «Бұл жерде дене және ақыл-ой білімінің тығыз, берік байланысының арқасында олардың міндеттерін бөлу мүмкін емес, тек олардың арасындағы толық үндестік арқылы біз олардан адамгершілік түрінің толық дамуын күте аламыз» [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Дубровский В.И.* Спортивная физиология. –М.: Владос, 2009.
2. *Андреева Г.М.* Социальная психология: учебник для высших учебных заведений. –М.: Аспект Пресс, 2005.
3. *Выдрин В.М.* Спорт в современном обществе. – М.: Физкультура и спорт, 2007.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются вопросы о роли физической культуры и спорта в развитии личности. Физическая культура и спорт представляют собой самостоятельный вид деятельности человека, значение которого в развитии общества весьма многообразно. Они оказывают определенное влияние на общественное производство, на формирование человека как личности, на развитие общественных отношений.

(Адырбекова У. Роль физической культуры и спорта в развитии личности)

SUMMARY

This article discusses questions about the role of physical culture and sports in the development of personality. Physical education and sport are a separate species of human activity, the value of which in the development of society is very diverse. They have an effect on the social production, the formation of man as a person, on the development of public relations.

(Adirbekova U. The role of physical education and sports in development of personality)

ӘОЖ 372.652 104 4

Ұ.Н.ҚҰРМАНБАЕВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**ТОПТАРДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСІ**

Бұл мақалада шет тілін оқыту әдістемесі қарастырылған. Шет тілін оқытудың топтық әдістемесінің тиімділігіне ықпал ететін факторлар анықталды. Педагогикалық үдеріс ретінде шет тіліне оқыту өзін-өзі басқаратын, өздігінен ұйымдастырылатын жүйе екендігі ашып көрсетілді.

Кілт сөздер: объективті, вариативті, педагогика, дискуссия, форум, конференция, дидактикалық білім.

Шет тілін оқыту әдістемесі үшін ең күрделі болып саналатын – тілдік ортаны құру және студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мәселелерін студенттер жұмысының топтық әдістерін пайдалана отырып шешуге болады. Өзіндік жұмыс дағдыларын меңгеру студенттерде жауапкершілік сезімін қалыптастырады, ақпаратты өз бетінше табуға, оны жан-жақты ойлауға үйретеді және де осыған қатысты оқылатын пәнге деген қызығушылық туындайды. Ең алдымен, ғылыми білім тұрғысынан білім беру кеңістігінің өзара әрекет ету субъектілерінің процестері мен оқу жүйесін қарастырайық.

Педагогикалық жүйелер оқу үдерісін ұйымдастыратын және оны басқаратын белгілі объективті заңдар бойынша әрекет етеді және дамиды. Олар өздігінен басқарылатын жүйелер болып табылады, себебі өздерінің ішкі механизмдерімен реттеледі. Оқу жүйесі - өздігінен ұйымдастырылушы, өйткені ол ашық, сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі, себебі вариативті даму жолының мүмкіндігіне ие, ақпаратпен және қоршаған орта ресурстарымен алмасады, сыртқы әсерге өте сезімтал. Негізінде, педагогикалық үдеріс ретінде шет тіліне оқыту да өзін-өзі басқаратын өздігінен ұйымдастырылатын жүйе болып табылады.

Мысал келтірелік. Кез келген газда молекулалар белгілі жылдамдықпен қозғалады және егер де газға үлкен жылдамдықпен қозғалатын басқа молекуланы тастаса, егер оның жылдамдығы бәсеңдемейтін болса, ол басқа молекулалардың жылдамдығын арттырады. Бөлшек басқа бөлшектерге энергия беріп, жүйені зарядтайтын болады, олар біртіндеп осы бөлшектің жылдамдығын иеленеді. Осы ретте қоршаған орта температурасы (ақпарат, білім) және ыдыс қабырғаларының температурасы (оқытушы немесе үлгерімі жақсы студент) болады. Қоршаған ортаның ықпалы енгізілген бөлшектің (оқытушы) ықпалын арттыра алады. Біліммен де дәл солай: егер топтағы бір студент басқалардан артық білсе, ол топтағы басқа мүшелердің білім

деңгейін көтере алады. Дәстүрлі әдістемеді үлгерімі әлсіздеу саналатын студенттер бірлесе оқу барысында әжептеурім табысқа қол жеткізеді, себебі білімі озық студенттерден бір нәрсе үйренуге талпынады.

Алайда шет тіліне үйретудің өздігінен ұйымдастырылу үдерісіне ықпал ететін түрлі факторлар ескерілу тиіс. Біз мынадай факторларды ерекшелеп көрдік:

1. базалық білім деңгейі;
2. дидактикалық материалды ұйымдастыру және оны зерттеудің жүйелілігі;
3. студент пен оқытушының өзара әрекеті;
4. студенттің ақпараттық ортамен өзара әрекеті;
5. оқу барысында топтағы студенттердің ынтымақтастығы;
6. студенттердің оқуға қарым-қатынасы;
7. оқу нәтижелері.

Алдымен бір нәрсені үйрену үшін үйрететін серіктес керек. Рим философы Сенека оқудағы ынтымақтастықты былайша сипаттады: біреуге бір нәрсе үйретсең, өзің екі есе үйреніп аласың. Йохан Комениус (1592-1679) студенттер басқа студенттерге оқыта отырып және олармен бірге оқи келе көп нәрсені меңгереді дейді [1]. Студенттердің ынтымақтастығы олардың бірлескен іс-әрекеті арқылы қалыптасады. Мұндай бірлескен іс-әрекетке келесідей дәріс түрлерін жатқызуға болады:

1. Студенттердің немесе студенттер тобының арасында сайыс (олимпиада, конкурс, викторина)
2. Дискуссия.
3. Дөңгелек үстел.
4. Конференция.
5. Рөлдік немесе іскерлік ойын.
6. Форумдарға, чаттарға қатысу.
7. Кейс әдісі.

Оқытушының студенттермен және студенттердің бір-бірімен бірлескен тиімді іс-әрекет концепциясын В.Я.Ляудис дайындады. В.Я.Ляудис тиімді оқу іс-әрекетінің ұзақ сипаты болуы тиіс деп ескертеді. Осы ретте студент оқытушы мен басқа студенттермен өзара әрекет және ынтымақтастық негізінде тиімді мәселелерді шешуге қосылады. Мұндай ынтымақтастық барысында студенттер тұлғасының және тәртібінің өздігінен реттелу, студенттердің жаңа әрекетті орындау тәсілдерін меңгеру механизмі қалыптасады [2].

Үлкен топтарда студенттердің жұмысы кезінде кеңесші тағайындалады, оны оқытушы алдын-ала дайындап қояды. Кеңесші одан кейін топтағы студенттер арасында міндеттерді бөліп береді, жұмысты қандай тәртіппен құруды шешеді, алға қойылған мәселелердің талқылануын басқарады, шешімдерді қабылдайды, бүкіл топтың іс-әрекетіне бағыт-бағдар беріп, оны бақылайды. Студенттер сонымен қатар, бір аптаның немесе бір айдың ішінде

орындалатын топтық тапсырма ала алады, яғни баяндама жазу, хабарлама дайындау, зерттеу жүргізу, белгілі тақырып бойынша мәселені сараптау немесе сөздікті жаттау т.с.с. Жұмыс барысында топтағы студенттер мәселені өздері түсініп, шешіп қана қоймай, сонымен бірге топтың басқа да мүшелері тақырыпты түсінгеніне сенімді болулары тиіс, сонда ғана мұндай ынтымақтастық мақсатына жеткені болып саналады. Ынтымақтастық әдісі сонымен бірге, тәрбиелік функцияны да орындайды, студенттер өз жетістігінің ғана емес, өзін қоршаған адамдардың табысы да маңызды екенін түсінуді, басқалардың табысқа жеткеніне қуануды және басқа адамдарға көмек көрсетуден қанағат алуды сезінуге үйренеді. Ынтымақтастық мақсаты сол мақсатқа жету емес, аталмыш мәселені зерттеу-зерделеу болып саналады. Әр студент өз үлесін мәселенің шешілуіне қосуға талпынады және сонысымен өз-өзіне қанағат алады, қызығушылық танытады. Алайда бұл деген сөз оқудың сайыстық әдістері теріске шығарылуы тиіс дегенді білдірмейді, әдістемелік тәсілдердің жалпы кешенінде сайыс та бағдарламаның белгілі кезеңінде оқытудың тиімді әдісі болып табылады. Біз студенттердің ынтымақтастық әдістемесі бойынша дәріс ұйымдастыратын оқытушының функцияларын анықтадық:

1. Дәріс мақсаттарын ұсыну.

2. Дәріс өткізу механизмін ұсыну: топтардың көлемін, студенттердің топқа бөліну принципін, топтағы студенттердің рөлін анықтау, жұмысқа материал ұсыну.

3. Тапсырманы түсіндіру және студенттердің бір-біріне тәуелділігін белгілеу, табыс критерийлерін айқындау.

4. Студенттер жұмысының үдерісін басқару: олардың жұмысын бақылау, көмек көрсету, кеңес беру.

5. Топтағы студенттердің жұмысына баға беру.

Дегенмен студенттердің ынтымақтастық әдістемесін пайдалана отырып шет тілінен сабақ ұйымдастыру айтарлықтай оңай іс емес. Топтағы жұмыс студенттердің жаныңнан табылып, ұсынған материалды талқылауы ғана емес, және де мықты бір студенттің топта қалғандарының орнына жұмыс істеуі емес. Біздің ойымызша, студенттердің топтық жұмысы барысында ескерілуі тиіс 5 факторды ерекшелеуге болады:

1. Өзаратәуелділік. Әр студент сабақта топ жұмысының табысы өзіне байланысты екенін және әр студент тапсырманы орындаған жағдайда ғана қол жеткізетінін түсінеді. Студенттер бір-бірін қолдайды, рөлдерді тиімді үлестіреді, топтағы басқа студенттердің материалды түсінгеніне сенімді болады, топтың әр студенті топтағы барлық студенттердің тапсырманы жақсы орындағаны үшін қосымша ұпай ала алады.

2. Жеке қабілеттерді ескеру. Топ студенттердің қайсысына қосымша көмек, қолдау керек екенін білуі және сондай студентке көмек беруі тиіс.

3. Әлеуметтік дағдылар. Студенттер сондай-ақ өзара қатынас дағдыларына, шешім қабылдау дағдыларына т.с.с. үйренулері қажет, бұл әсіресе тұйық студенттерге қатысты.

4. Топтық талдау. Студенттерге өздерінің топта қаншалықты нәтижелі жұмыс істегенін талқылауға, нәтижесіз жұмыстың себептері мен оны жақсарту әдістерін айқындауына уақыт беріледі.

Шет тілі дәрістерінде студенттердің өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру өзіндік оқу-танымдық қызметті дәлелді түрде басқарудан тұрады, осы ретте оқытушы мен студенттің рөлі өзгереді. Оқытушы мәжбүрлі түрде емес, өз қалауы мен еркін таңдауы бойынша оқуға қабілетті өзіндік субъектілер ретінде білім алушыға жатады.

Біз 70 студенттен шет тілі сабақтарында жұмыстың топтық әдістеріне деген олардың қарым-қатынасы туралы сауалнама жүргіздік. Сұралғандардың 48% әңгімелесушілермен ортақ қызығушылықты байқады, сұралғандардың 66% ынтымақтастық тапсырмалардың орындалуын жеңілдетеді деп санайды, 72% қызметтің мұндай түрі шет тілі дәрістеріне деген қызығушылықты арттырады деген тұжырымға келді.

Осылайша, ынтымақтастықтың оң нәтижесі оқу материалының жақсы игерілгенінен, әлеуметтік дағдылардың меңгерілгенінен, өзін әр түрлі тұрғыдан бағалай білуінен, ойлау мәселелерінің мейлінше сәтті шешілуінен аңғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Пригожин И., Стенгерс И.* Порядок из хаоса: Новый диалог с природой. – М.: Прогресс, 1986. – С. 322-324.

2. *Ляудис В.Я.* Структура продуктивного взаимодействия. Психолого-педагогические проблемы взаимодействия учителя и учащихся. –М.: Просвещение, 1990. –С. 37-52.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрено описание методики обучения иностранному языку в малых группах. Были определены факторы, влияющие на эффективность групповых методов обучения иностранному языку.

(Kurmanbaeva U.N. Theory and methods of teaching students in a group on the lessons of foreign language)

SUMMARY

The work is devoted to cooperative learning in foreign language teaching when students work together in small groups. The factors influencing on the efficiency of cooperative methods of foreign language teaching were determined.

(Kurmanbaeva U.N. Theory and methods of teaching students in a group on the lessons of foreign language)

ӘОЖ 371.712

Б.А.ИСМАХАНБЕТОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Дені сау, он екі мүшесі түгел адам қоғамның ең қымбат, баға жетпес байлығы. Өйткені қоғамның денсаулығы - бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру міндетін жүзеге асыру жолындағы басты тірек. Сондықтан да еліміздің мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтатын жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Бүгінгі таңда салауатты өмір салтының ұлттық идеяға да айналуы тиіс мәселе десек, қателеспейміз. Ел қашанда өзінің саналы да саламатты азаматтарымен еңселі. Бұл мақалада жеке адамның салауатты өмір салтын мектеп қабырғасында жүрген кезінен қалыптастыруына ықпал ететін келелі мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: салауатты өмір салты, шипагерлік баян, «Жеті Жарғы», эстетикалық құндылық, психология.

Елбасының «Қазақстан – 2030» жолдауында ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» тармағында «...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі атап көрсетілген. Сонымен қатар, бұл стратегиялық бағдарламада: «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деп Президент өз ойын түйіндейді [1].

Салауатты өмір салтын жастардың бойында қалыптастыру мемлекетіміздің «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің негізі ретінде де көрсетілген. Онда ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау жолдары белгіленген.

Салауатты өмір салтының аса қажеттілігі басқа да мемлекеттік ресми құжаттардан көрініс табады. Атап айтқанда: Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» Заңы (1997), Қазақстан республикасының мемлекеттік жастар саясатының

тұжырымдамасы (1999) және т.б.

Денсаулық - тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы.

Қазақстанның болашағы ертеңгі ұрпағында болғандықтан, жастардың денсаулығы халықтың өсімі мен санасын анықтайды. Денені үнемі шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухты шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет ететін әрекеттер. Ал мұны жүзеге асыру, жас ұрпақтың салауаттылығын қамтамасыз ету, ең алдымен отбасы мен мектепке жүктеледі. Сондықтан, бүгінгі күні Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтатын жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Бүгінгі таңда салауатты өмір салты ұлттық идеяға да айналуы тиіс мәселе. Өйткені қазақ халқында бұл идеяны жүзеге асырудың негізі болатындай Қазақ ұлтының салауаттылық, парасаттылық, адамгершілік, тәлім-тәрбие туралы шолып өтсек, Ибн-Сина еңбектері, Шығыс Аристотелі атанған Әл-Фараби, сонау көне түркі жазуымен тасқа қашап жазған ескерткіш «Орхон-Енисей жазуларынан» бастап, араға бес ғасыр салып, қолымызға сағындырып жеткен белгілі ойшыл Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны», Құртқа Сұлтанқожаұлының тәлімдік мұрасы, ұлттың генетикалық тазалығын сақтау үшін жеті атаға дейін қыз алыспауға тыйым салған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдары және Тәуке ханның «Жеті жарғысы».

Ұлттық идеяға айналатындай салауатты өмір салты бүгінгі күні жан-жақты қарастырылуда. Педагогика ғылымында бұл мәселе төңірегінде назар аударатын көптеген зерттеулер жүргізілуде. Оларды ғылыми тұрғыда жүйелей келе, мынадай бағыттарын атап айтуға болады:

-Халыққа салауаттылық пен валеологиялық білім берумен айналысқан ресейлік ғалымдар: Н.Амосов, Ш.А.Амоношвили, И.А.Аршавский, И.И.Брехман, Э.Н.Вайнер, Ю.П.Лисицын, Б.Н.Чумаков, В.Н.Чайцев, Г.Шаталова, Г.Шелтон, В.П.Шелтон, В.П.Петленко, В.И.Осин т.б.

- салауатты өмір салтын философия мен әлеуметтану ғылымы тұрғысынан (Л.Н.Арутунян, Ю.Б.Бромлей, И.Т.Левкина, Р.В.Рыбкина, Т.Ж.Нақыпбеков және т.б.);

- оқушылардың бойында құндылық бағдар негіздерін қалыптастыру (Г.К. Нұрғалиева, С.С. Тілеуова және т.б.);

- оқу-тәрбие үрдісінде жастардың салауатты өмір салтын адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру (А.Каплиева, Б.Қ.Мұхаммеджанов, Г.Ж.Нұрышева, Ж.Торыбаева және т.б.);

- салауатты өмір салтын тарихи дамуы және халықтық педагогика тұрғысынан зерттелуі (Ж.Ембергенова, Э.Құрманалиева және т.б.);

- валеология ғылымын теориялық және әдістемелік тұрғыда зерттеу мәселелері (А.С. Иманғалиев, А. Ақанов, Ж.Ж. Нұржанова және т.б.);

- оқушылардың бойындағы салауатты өмір салтының психологиялық-физиологиялық аспектілері (Ш.Ә.Түлебаева, Т.Қ.Игисин, И.В.Мордвинцева және т.б. қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезеңінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр [2]. Сондықтан жоғарыда аталған зерттеулерді негізге ала отырып, қоғамдағы

мектеп, отбасы бала тәрбиесіне, әсіресе салауатты өмір салтын қалыптастыратын тиімді жолдарын іздестіру – заман талабы болып отыр.

Адам өмірінің өзегі – эстетикалық құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңару кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі - эстетикалық құндылықтар.

Қазақстан Республикасы тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру; сұлулыққа, тазалыққа үйрету» міндеті ерекше аталады. Жастардың бойында салауатты өмір салтының қалыптасуына эстетикалық құндылықтардың әсер ететіні сөзсіз. Өйткені, салауатты өмір салты адам табиғатына аса қажетті әсемдікті, сұлулықты, тазалықты талап етеді. Сондықтан эстетикалық құндылықтар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру - ерекше мәселе болып, арнайы зерттеуді қажет етеді.

Эстетиканың негізін құрайтын сезім, ләззат, мұрат, талғам құндылықтары мектептің негізгі білім беру сатысы – жеткіншектік кезең оқушыларының дамуына ерекше ықпалын тигізеді. Зерттеу жұмысы және мектеп тәжірибесі көрсеткендей, жеткіншектік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері дүниенің әдемілігіне, сұлулығына деген қызығушылықтары ерекше көрініс беріп, эстетикалық талғамы мен мұратын дамытуға өз бетінше ұмтылыс, талпыныс жасайды. Осыдан келіп, жеткіншектер өмір салтының мәні мен басты құндылығы әсемдік пен әдемілікті сезіну болып табылады. Сондықтан да, жеткіншектердің салауатты өмір сүруі үшін эстетикалық құндылықтардың рөліне ерекше көңіл бөлу қажет. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық мәселелері төңірегіндегі философия, педагогика, әлеуметтану, психология ғылымдарындағы еңбектерді оқулықтар мен оқу бағдарламаларын талдап, зерделеудің нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Педагогика ғылымы саласында болашақ мұғалімдердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыру мәселесі қашан да өзекті болғандықтан, оның көптеген ғылыми зерттеулерге негізделуі айқын. Осы мәселенің тарихы көне дәуірден басталып, Шығыс пен Батыс өркениеттерінде қарқынды дамып отырды.

2. Көшпенділер өркениетінің салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және Қазақ хандығы дәуірінде жарық көрген Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Құртқа Сұлтанқожаұлы ойшылдарының еңбектері, қазақ халқының генетикалық тазалығын сақтауда, денсаулығы мықты жас ұрпақты тәрбиелеу үшін жоғары деңгейде жасалынған «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» заңдары мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бүгінгі күні салауатты өмір салтын ұлттық идея ретінде қабылдауға негіз болатын тарихи құжаттар.

3. Адамзат дамуының эволюциясында жалпы адамзаттық құндылықтардың өзгеріске ұшырауына сай, эстетикалық құндылық ұғымына салауаттылық ұғымдары қатарласа дами бастады. Біздің зерттеуіміздің барысында осы ұғымдардың әрқайсысына анықтама беріліп, олардың өзара байланысы, сабақтастығы анықталды.

4. Адам өзінің өмір салтында әсемдік дүниесін жоғары бағалауы, оның тұла бойынан сұлулық, әдемілік қасиеттерімен қатар, эстетикалық компоненттердің

бүкіл жиынтығының көрініс беруімен ерекше мәнге ие болады. Денсаулыққа деген дұрыс көзқарасты әсемдік дүниесімен жүзеге асырып, жан саулығы мен тән саулығы үйлесімділігінің қажеттілігі – салауатты өмір салты болып табылады.

5. Салауатты өмір салты мен эстетикалық құндылықтар арасындағы өзара байланыс пен сабақтастық айқын байқалады. Салауатты өмір салты адамның өмір тіршілігі барысында жеке қызығушылығы мен қажеттілігінен туындайтын, адам табиғатына аса қажетті әсемдікті, сұлулықты, тазалықты талап етеді. Сондай-ақ, эстетикалық құндылықтар - адам өзінің салауатты өмір салтында әсемдік дүниесін жоғары бағалауы, оның тұла бойынан сұлулық, әдемілік қасиеттерді дамытып, ерекше мәнге ие болады.

6. Педагог-психолог ғалымдардың зерттеулері мен көзқарастарын талдау психологиясы мен салауатты өмір салтының басты құндылығы – дүниенің әдемілігіне, сұлулығына деген ерекше қызығушылықтарымен, эстетикалық талғамы мен мұраттарын дамытуға өз бетінше ұмтылыс, талпыныс жасауымен, әсемдік пен әдемілікті сезінуімен ерекшеленеді.

7. Болашақ мұғалімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыруда құндылықтардың қажеттілігі оқу-тәрбие үрдісінде маңызды мәселе болып саналады. Өйткені, оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай білім беру, олардың физиологиялық және психологиялық толысуындағы өзіндік түсініктің қалыптасуына әсерін тигізері анық.

8. Болашақ мұғалімдердің салауатты өмір салтын педагогика-психологиялық негізінде қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі Болашақ мұғалімдердің көзқарасын байытуға, әсемдікті әрекетінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, моделдеудің нәтижесі эстетикалық құндылықтарды бағалай білетін, сақтай алатын, салауатты өмір салты қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеуге бағытталады. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық шарттары мәселесі қазіргі қоғам талабы тұрғысында өзінің маңыздылығымен, көкейкестілігімен құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан – 2030». Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы //Егемен Қазақстан. –Алматы, 1998.

2. *Оспанова К.Т.* Социальные проблемы здорового образа жизни. Научно-практическая конференция: «Актуальные вопросы теории и практики физкультуры», –Алматы, 2001.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрены разносторонние проблемы о влиянии формирования здорового образа жизни человека. Здоровый человек – самый драгоценный плод климата. С тех пор как Республика Казахстан взяла независимость эту позицию держит во главе. Здоровье общества это главная опора в пути вхождения в число пятидесяти конкурентноспособных стран. **(Исмаханбетова Б.А. Некоторые вопросы формирования здорового образ жизни)**

SUMMARY

28. *Dal V.* Slovar Jivago VelikoRusyaskago Yazıka, (the item “berendeyka”).
29. *Kossányi B.* “Az úzok és Kománok történetéhez a XI-XII. Században” (History of the Uzes and the Cumans during the XI-XII. centuries). –Századok, 1924. –P.529. However, Kossányi only points out the name Berend, but does not mention the name Bereny.
30. *Chaloupecky V., Staré Slovensko V.* –Brastilave, 1923. –P. 72.
31. *Rásonyi Seminarium.* Der Volksname Berendey. –P.223.
32. *Németh Gy.* “Maklar, *Magyar Nvelv*, C.XXVII, 1937. –P. 147.
33. *Jirecek, a.g.e.* –P. 6-7.
34. *Pletněva S.A.* “Peçenegi, Torki i Polovtsi v Yujno-Russkih Stepah”, *MIA*. –No.62, 1958. –P.153.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қара теңізден солтүстікке қарай орналасқан берендейлер түркі тайпасының тарихы, оның сол уақыттағы түрлі жағдайлардағы орны, мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастардағы саяси рөлі және одан әрі тайпа ретінде жойылуы сөз болады.

(Муала Юди Южел. Қара теңізден Солтүстікке дейін кенінен танымал берендей түркі тайпасы)

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история тюрского племени берендей, располагавшегося к северу от Черного моря, его место в различных событиях того времени, политическая роль во взаимоотношениях между государствами и дальнейшее исчезновение как племени.

(Муала Юди Южел. Тюрское племя берендей, располагавшееся к северу от Черного моря)

ӘОЖ 928:844.1

М.М.ТАСТАНБЕКОВ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**ФРЭНСИС БЭКОННЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ
ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

Мақалада орта ғасырлар мен жаңа заманның өтпелі кезеңінде өмір сүріп, соңында үлкен шығармашылық мұра қалдырған ағылшын ойшылы, мемлекеттік қызметтер атқарған Фрэнсис Бэконның өмірі мен шығармашылығының тарихнамасы қарастырылады. Фрэнсис Бэкон мұраларының зерттелу тарихы сарапталады. Бэконның философиялық, тарихи еңбектерін зерттеген ғалымдардың пікірлері салыстырмалы талданады. Әр кезең тарихнамасын жасауға ұмтылыс жасалып, сол уақыт көзқарастары, принципті айырмашылықтары атап көрсетіледі. Қазақстандық тарихшылар еңбектерінде Бэконның арнайы зерттеу объектісі ретінде алынбағандығы мәселесі айтылады. Жалпы тарихнамалық сараптама жасалады.

Кілт сөздер: Фрэнсис Бэкон, Ұлыбритания, Англия, Яков I, О.И.Сенковский, Б.Маколей, гуманистік тарихнама, тарихи көзқарастар.

Екі ғасыр тоғысында өмір сүрген Фрэнсис Бэконды (1561-1626 жж.) әрқайсысы жеке кітапқа лайықты саясаткер және ғалым өмірін екі өмір сүрді деуге болады. Ф.Бэконның өткен жолдары оның күрделі өмір иесі екендігін көрсетеді. Кембридж университеті, Парижде құқықтық практика, 21 жасында Парламент мүшесі, король Яков I қамқорлығына алынды, лорд-мөр сақтаушы, Верулам бароны, Сент-Олбан виконты, Англиядағы ең жоғарғы қызмет лорд-канцлерлікті атқарды. Фрэнсисінің шыққан биігіне қарай құлауы да сондай ауыр болды. Паракорлығы үшін деген айыппен бар жетістігінен айрылды. Міне, осы кезеңнен Ф.Бэконның екінші, ғылыми өмірі басталды деуге болады. Ғалым ретінде қалыптасып, ғылыми материализм мен ғылыми методологияның, яғни қазіргі ғылымның негізін салды.

Бэкон өмірі Англия және бүкіл Еуропадағы, Еуразиядағы үлкен қоғамдық өзгерістер кезеңіне тура келді. Ол өмір сүрген жылдар тарихи орта және жаңа заманның өтпелі тұсы болып та табылады. Сондықтан да болар Фрэнсис Бэкон өз заманындағы феодалдық-дворяндардың күйреуі мен жаңа дворяндардың шарықтауы шығармашылығының тақырыбына айналып, өз кезегінде әлеуметтік-саяси көзқарасы қалыптасып жаңалықтың жанашыры бола алды. Капиталдың алғашқы қорлану кезеңінің буржуазиясы мен жаңа дворяндардың идеологияна айналды. Сондай-ақ, біз оны “ағылшын материализмінің бастаушысы”, “индуктивті философияның негізін салушы”,

“өнеркәсіпті ғасыр пайғамбары” аттарымен де білеміз.

Көрнекті философ-материалист, тәжірибелік ғылымдардың негізін салушы, саяси жазушы, тарихшы, әдебиетші публицист – бұл Фрэнсис Бэкон айналысқан ілімдердің әлі де толық емес тізімі. 1584 жылдан бастап Бэкон қауымдастар палатасына тұрақты сайланып отырады, 1607 жылдан Англияның мемлекеттік басқаруында белгілі рөл ойнап, сол жылы генерал-солистр, 1613 жылдан генерал-атторней, 1616 жылдан Құпия Кеңес мүшесі, 1617 жылдан лорд-мөр сақтаушысы, 1618-1621 жылдары Англияның лорд-канцлері қызметтерін атқарады. Бэконның саяси биографиясының авторларының бірі Дж.Эпсейн, Бэконның саяси көзқарастарын талдай отырып, Бэкон өзінің саяси табыстарға жеткен шарықтау шағында, оның интеллектуалдық жетістігі аз болды, деп оның өмірінің соңғы жылдарындағы шығармашылық еңбегімен салыстырады. Ол сондай-ақ Бэконның философиялық идеяларының да, оның саяси қызметі кезеңінде жүзеге асырылмағандығын мысалға алған. Алайда бұл тұжырымның негізсіз екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені, Бэконның “Ертедегілердің даналықтары туралы”, “Тәжірибелер”, “Жаңа Органон” әдеби және философиялық маңызды еңбектері, оның саяси карьеры жылдарында жазылып, жарық көрді.

Философтар XVII-XVIII ғ. ғ. қоғамдық пікірге Бэконның “философиялық идеяларының” тигізген елеулі әсерін айтары сөзсіз. Алайда, А.Л.Субботин әділ бағалағандай: “Фрэнсис Бэконның көптомдық шығармалар жинағының жартысын саясат, құқық, тарих, теология және моральға арналған еңбектер құрайды” [1, 52]. Бэкон жөнінде осы уақытқа дейін жарық көрген еңбектерде “Бэкон логика реформаторы” деген қағида талқыланбастан жетекші орын алып келеді. Бірақ аталмыш қағида алдамшы (өтірік) болып табылады. Бэкон логика реформаторы емес, адамзат қоғамының реформаторы болғанды қалады. “Британ империясының алғашқы идеологтары жөнінде айтқанда, - деп жазады М.М.Яброва, - Ф.Бэконның бейнесін ерекше атап өту қажет. Заманының ұлы ойшылы және философ, “Жаңа Органонның” авторы, мемлекеттік қайраткер өз шығармаларында сол уақыттың бірде-бір маңызды мәселесін айналып өтпеді” [2].

XVI-XVII ғ. ғ. басындағы “тарихи революция” концепциясы, яғни повестік әдебиеттің тарихнамалық жанрынан ажырау және талдамалық (аналитичный) тарих бағытына бет бұру осылайша пайда болды. Бұл тенденциялардың әрқайсысы қарастырып отырған мәселені шешіп қана қоймайды, сондай-ақ жеңілдете түседі және біріктіреді.

Бұдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын жарық көрген Е.Литвинованың Ф.Бэкон өмірбаянына арналған еңбегінде оның адамзат үшін қызметіне жоғары баға бере отырып, еңбектің кіріспесін “Бұл қызмет шындығында ұлы еді, оларды қазір біздің ғасырда - ғылым ғажайыптары ғасырында бәрінен де оңай және бәрінен де дұрыс бағалау мүмкін” [3] деген сөздермен бастаған. Біздіңше Бэкон еңбектеріне ғасырлар биігінен барынша объективті және шынайы талдау жасау мүмкіндігі қазіргі уақытта артып отыр.

XIV-XVII ғасырлар орта ғасырлардан жаңа өндірістік қатынастарға өтпелі кезең, соның ішінде өтпелі кезең идеологиясы Еуропалық тарихнаманың өзінде терең зерттелмегенін қазіргі таңда атап өту қажет. Бэкон тақырыбында жазылған мақалалар, очерктердің көпшілігі Бэконның философиялық идеяларының кейбір жақтарына арналған. Ал, оның тарихи көзқарастары мәселесі біраз уақыт зерттеушілер назарынан тыс қалып келеді. Бэконның он томдық толық шығармалар жинағы XIX ғ. бірінші жартысында жарық көрді. Дегенмен 14 томдық толықтырылған басылым 1857-1874 жылдары Лондонда жарияланып, оның мұрасын зерттеуде үлкен роль атқарды және көлемді жұмыс болып табылады. Бұл еңбек 1968 жылы Америка Құрама Штаттарында, Нью-Йоркте қайта жарық көрді. XIX ғасыр соңында Ф.Бэконды өз заманының дара саяси ойшылы санатына қосуға бола ма, деген пікірталас басталған.

Дегенмен, Бэкон тақырыбына деген жаңа қызығушылық толқыны өткен ғасырдың 60-70 жылдары, яғни 1961 жылы оның туылуының 400 жылдығы атап өтілгенде басталды. Бұл авторлар еңбегі Ф.Бэкон өмірі мен саяси қызметіне, сондай-ақ әлеуметтік-саяси көзқарастарының жекелеген аспектілеріне арналған. Өмірінде сан қырлы бетбұрыс болған, күрделі өмір иесінің өткен жолы оның өмірбаянын жазған авторлар үшін өз ойын қоса айтарлықтай мол материал берді. Бұл еңбектерде, әсіресе кейінгі жарық көрген еңбектерде Бэконның өміріне қатысты жаңа фактілер мен нақтылықтар келтіріліп, саяси көзқарастары жөнінде ойлар айтылады. Дегенмен тұтас алар болсақ бұл еңбектердің бэкондық мұраны ғылыми зерттеуде қосар ерекшелігі аз.

Дегенмен Бэконның тарихи теориясы жалпы талданған кейбір мақалалар кездеседі. Олардың арасында белгілері Дэннің “Фрэнсис Бэкон шығармаларындағы азаматтық тарих теориясы” және “Тарихи еңбектердегі Тюдорлар проблемасы”, Надельдің “Фрэнсис Бэконның тарихи концепциясында тарих психология ретінде”, Луцианидің “Бэкон мен Гвиччардини” және “Бэкон мен Макиавелли”, Сэфердің “Кейінгі ренессанстағы ғылыми және тарихи революциялардың арасындағы сәйкестік” атты мақалалары. Алайда, бұл еңбектердің өзінде тарихи ой (білім) тарихындағы Бэконның алар орны туралы мәселе біржақты шешімін таппаған. Оларда Бэкон тарихилығын (историзм) ренессанстық “тарих өнерінің” кеш жеткен жаңғырығы ретінде қабылдау тенденциясы басым.

Бэконға тікелей арналған зерттеулерден бөлек шетелдік тарихнамада оның қызметінің әр саласын жанайтын еңбектер көптеп кездеседі. Бұл ең алдыменен саяси және конституциялық бағыттағы тарихшылардың зерттеулері. Бұл авторлардың келтірген тұжырымдары әрдайым қолдау таппаса да, өз кезегінде бэконды зерттеуде айтылған жаңа ой екендігімен ерекшеленеді.

Қазан төңкерісіне дейінгі Ресей тарихнамасында Фрэнсис Бэконның тарихи көзқарастарын ашу әрекеті мүлдем аз жасалды. Орыс оқырманының Ф.Бэконмен танысуы О.И.Сенковскидің Маколей “Бэконын” алғаш орыс

тілінде аударған соң басталған. Сенковскийден бұрын орыс оқырманын “Бэконмен” таныстырған В.Тредьяковский болды деп те айтылады. Алайда, В.Тредьяковский жазбалары еш жерде сақталмағандықтан, біріншілік О.И.Сенковскиде болып отыр. Шығарма тарихымен кеңірек танысатын болсақ, 1837 жылы автор баспасынан “Оқу кітапханасы” (Библиотека для чтения) атты отбасылық журналында Ф.Бэконның өмірі мен философиясы туралы очеркі жарияланды. Бұл мақала осы уақытқа дейін шын оқырманын тауып отырған ғылыми-танымдық шедевр ретінде бағаланып келеді. Мақаланың 1995 жылы “Знание сила” журналында қайта басылып жарық көруі сөзіміздің дәлелі бола алады. О.И.Сенковский “Оқу кітапханасындағы” мақаланың кіріспесін “Егерде, - бүкіл Еуропалық білімдарлыққа ұмтылысы үстінен билік тұратын ұлы даналарды атауды сұраса, біз ойланбастан - Бэкон және Ньютон деп жауап берген болар едік” [4] деген жолдармен бастаған. Батыл тұжырым, дегенмен Бэкон бағасын көтеру үшін ғана айтылмағаны анық. Бұдан әрі сөзін делелдей түсу үшін Ф.Бэконның тәжірибелік ғылымға қосқан үлесі жайында жазады. Журналда негізгі автордың есімі көрсетілмеген, алайда бұл “Оқу кітапханасындағы” және сол кезеңдегі басқадай журналдардағы қалыпты жағдай болатын. Дегенмен О.И.Сенковский кіріспеде Мас Сас Cauley-дің аз бұрын жарияланған еңбегін пайдаланғандығын жасырмайды. Бұл жерде сөз ағылшын тарихшысы, Еуропаның бүкіл ағартушы қауымы, оның еңбектерін қызыға да, күдіктене оқыған, Ресейде танымал болған, 1858 жылы ҒА шетелдік мүше-корреспонденті Томас Маколей жайында болып жатқаны дау туғызбайды. Англия көптомдығының авторы болып саналатын Томас Б.Маколей ұлы адамдар өмірін жазумен де танымал болды. Маколей өзінің “Бэкон” еңбегін 1833-1838 жылдары Үндістанда мемлекеттік қызметте жүрген кезінде, бұрынғы еңбектерін жариялаушы Б.Монтегюдің мадақтау тұрғысынан жазылған еңбегіне пікірталас ретінде жазған [5]. Соған қарамастан еңбек барысында XVII ғасыр ғалымы лайықты бағасын ала алған, еңбекте Т.Маколей Бэконның соңғы биографы деп Мантегюді атайды. Оның еңбектеріне сілтеме жасайды.

О.И.Сенковский Маколей “Беконын” аударып қана қойған жоқ, оған өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Қажетсіз деген жерлерін қысқартып, еңбекті мазмұнымен мәндес, ұтымды шыққан кіріспемен толықтырған. Сондықтан “Кітапханада” жарияланған “Беконның” жетістігі мен қателігі Осип Ивановичтің еңбегі деп айтуымызға болады. Басылымдағы Маколей мен Сенковский “Бэконды” бағалауда да, жазушылық тілінде де айтарлық айырмашылық кездеспеуі - бұл екеуін бір автор деп қарастыруға болады, -деп тұжырым жасай аламыз.

Маколейдің “Бекон” Сенковскийден кейін де Ресей ғалымдары арасында қолданыс тапты. 1851 жылы белгілі тарихшы Т.Н.Грановский Москва университетіндегі өзінің соңғы ашық лекциясын Бэконға арнады. Т.Грановский сілтеме жасамағанымен, баспадан жарық көрген бұл

лекциясында Бэкон өмірбаянын жазуда Маколейді қайталайтынын аңғару қиын емес еді. Т.Н.Грановский Бэконға өзінің шағын очеркін арнады [6].

Маколей нақты билік, нақты меншік иелерінің қолында болған Англияны, оның шектеулі монархиясы, күшті үкіметі мен екі парламенті бар басқару формасын үлгі тұтты. Әрине мұндай көзқарастағы Маколейді “Кеңестік тарихи энциклопедиясында” “ағылшын буржуазиясының сүйікті тарихшысы” деген баға алуы түсінікті. Сондықтан, оның шығармашылығы Кеңестер Одағынан қуғындалды.

1862 жылдан бастап Маколейдің толық шығармалар жинағы орыс тіліне аударылып көптомдығы жарық көре бастады. Маколейдің жоғарыда аталған шығармасы III томдағы жинаққа енген. Маколей еңбегі “Біз мистер Монтегюға бұл ақиқи-құнды шығармасы үшін шынайы жүректік ризашылығымызды білдіреміз...” деген сөздермен басталады [7]. Осы еңбектің 84 бетінде Бэкон өмірінің соңғы бес жылында жазылған еңбектерін санамалағанда ғана оның тарихи шығармасы “Король Генрих VII-нің билік тарихы” аталады. Бірақ тарихшы ретінде жасалған талдауы кездеспейді. Маколей Бэконды философ және білімдар ретінде жоғары бағалаған, “Оның білімі өзге адамдар білімінен, жер глобусының атластан айырмасы сияқты ерекшеленді”, “Бэкон барлық адамдарды асып түсетін білімі, бұл білімнің барлық салаларының өзара қатынасының білімі еді” деген сияқты мәтіндер бүкіл еңбек бойынан аңғарылады.

XIX ғ. ортасында С.Гогоцкийдің “Бэкон” XIX-XXғ.ғ. тоғысындағы Л.Карасевич “Бэкон Веруламский моралист және саясаткер ретінде” және Н.Городенскийдің “Франциск Бэкон, оның әдіс туралы ілім және ғылым энциклопедиясы” еңбектерінен кездестіруге болады. П.Карасаевич, Н.Сбоев, С.Ставрина, Е.Ф.Литвиновалардың [8]. еңбектерінде Бэконның өмірі мен қызметі жалпы суреттелді және оларда оның философиялық ілімінің негізі қарастылды.

1890 жылдың күзінен Ресейде Ф.Павленконың ойластыруымен “Өнегелі өмірлер” айдарымен библиографиялық кітапхана шыға бастаған. Байрон, Бальзак есімдерінен кейін, үшінші кезекте Е.Ф.Литвинованың “Ф.Бэконы” жарық көрді. “Бэкон биографиясы біздің кеудемізде ешқандай жоғарғы сезімдер туғызбайды. Біз тек салқын қандылық құрмет көрсетіп, адамзатқа жасаған қызметі үшін оның ақыл-ой күшіне әділетті баға беруге тырысамыз” [9]. Кітаптың негізгі мазмұны даналық пен мінездің сорақылығын ұштастыра алған адам сипаттау болған. Е.Ф.Литвинова дәстүрлі биографиялық сарыннан шығып, Бэконның ішкі дүниесін, оның көзқарасын ашуға қадам жасаған.

Бэкон мұрасын зерттеуде кеңестік кезең авторларының алғашқысы К.Милонов болған [10]. Оның 1924 жылы жарық көрген еңбегінде бірқатар фактілік қателіктер бар және Бэконның қызметін талдауда біржақтылық аңғарылады. 1937 жылы С.Субботниктің “Ф.Бэкон” атты еңбегі жарық көрді. Сол уақыттағы күн талабынан туған бұл еңбектің қазіргі уақыттағы практикалық маңызы жойылып отыр. Шағын көлемді бұл еңбекті марксистік очерктер қатарына жатқызамыз. 20-30 жылдардағы еңбектерде Бэкон-

философқа Бэкон-саяси ойшылды қарама-қарсы қою басым болғанымен кеңестік тарихнамада соңғы жылдарға дейін тарихи-философиялық зерттеулер үстемдік етіп келді.

50-ші жылдардан бастап Кеңестік тарихнамада Бэкон қызметін таразылауда жаңа деңгейге қол жетті. Бэкон жөнінде тарихшылар В.М.Шупина мен Ф.А.Коган-Бернштейн жазған алғашқы еңбектер жарық көре бастады. В.М.Шупина Бэкон қызметі мен көзқарастарының буржуазиялық белгілеріне аса мән беріп, қайшы келетін сипаттамаларды айналып өтіп отырған. Бэконды кальвинизм идеологы ретінде жариялайды. Мұндай біржақтылықтың басты себебін зерттеу кезінде Бэконның “Опыты и наставления” еңбегімен ғана шектелген дерек көздерінің кемдігімен де түсіндіруге болады. Ал, Ф.А.Коган-Бернштейн өз мақаласында Бэкон идеяларының XVI-XVII ғғ. әлеуметтік процесстермен байланысын қарастырады. Автор Бэконды революция қарсаңындағы кезең буржуазиясының идеологы ретінде суреттейді. Бэконның философиялық мұрасын алғашқы зерттегендер кеңестік тарихнама талаптарына сай оның қызметінің мәнінен және шығу тегінен таптық негіз іздеді. Дегенмен, ортақ тұжырымға келе алмады. М.Дынник Бэконды дворяндардың, Г.Александров жаңа дворяндар мен буржуазияның, С.Я.Лурье интеллигенцияның таптықтан жоғары тобының, ал Б.Быховский техникалық төңкеріс идеологы ретінде көрсету әрекеттерін жасады.

Жоғарыда атап өткеніміздей 60-шы жылдары негізінен Бэконның философиялық мұрасына назар аударылды. 60-70 жылдардағы барлық тарихи-философиялық еңбектерде Бэконның әлеуметтік-саяси көзқарастары қарастырылған. 70-ші жылдардың ортасынан бастап Бэконның қоғамдық көзқарастарының түрлі жақтарына сипаттама берген мазмұндағы кеңестік тарихшылардың жалпы еңбектері жарық көре бастады. Ю.М.Сапрыкин Бэконды XVI ғасырда қалыптасқан ағылшын саяси ойының буржуазиялық-дворяндық бағытының өкілі, ойшылы ретінде қарастырады. Оның зерттеулерінде Бэконның көзқарастарының гуманистік мәдениетпен байланысы және гуманистік индивидуализмнің бірте-бірте буржуазиялыққа айналғандығы туралы тезис ұсынылып, қолданыс тапқан. Аталмыш тезис Бэконның тарихи көзқарастарынан да көрініс тауып отыр.

Бэконның тарихи мұрасының Кеңестік кезеңде белгілі дәрежеде зерттелмеуін “ағылшын абсолютизмінің және гуманистік тарихнама теоретиктерінің бірі ретінде ол өзіне қажетті көңіл аудартады”, деген сияқты жалпы себептермен түсіндіруге болады. Бэконның тарихи көзқарастары мәселесі Е.А.Косминский, О.Л.Вайнштейн еңбектерінде мейлінше сипатталған [11-12]. Фрэнсис Бэкон тақырыбы XX ғасырдың 70-80-ші жылдарында да қарастырылды. Жалпы алғанда бұл зерттеу тұжырымдарынан партиялық принцип пен таптық сипатын аңғару қиын емес. Ф.Бэкон буржуазиялық революция идеологы, жаңа дворяндардың жақтасы,

абсолютизм қорғаушысы, мемлекет қайраткері ретінде сипатталады.

Кеңестік кезеңде және тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі қазақстандық тарихшылар еңбектерінде “Ф.Бэконның тарихи көзқарастары” мәселесі қарастырылмаған. Мұндай жағдай біздің мақаламыздың өзектілігін арттыра түседі және жаңа зерттеулерге бастама болады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Субботин А.Л.* Фрэнсис Бэкон (мыслители прошлого). –М.: Мысль, 1974.
2. *Яброва М.М.* Очерки истории колониальной экспансии Англии в эпоху первоначального накопления. – Саратов: Изд. СУ., 1966.
3. *Литвинова Е.Ф.* Бэкон Ф. Его жизнь, научные труды и общественная деятельность: Биографический очерк. - Спб. Тип. Т-ва Общественная польза, 1891.
4. Бэкон (из изложения И.О.Сенковского “Библиотека для чтения”, 1837) // Знание-Сила. –№12. –1995.
5. *Лорд Маколей.* Его жизнь и сочинения (статья Генриха Вызинского) // Маколей Т.Б. Полное собрание сочинений. –Т.1. –Спб., Тип.: Л.А.Кулиша, 1862.
6. Грановский Т.Н. Четыре исторических характеристики (Тимур – Александр Великий – Людовик IX - Бэкон). – Сочинения. –М., 1900.
7. *Лорд Маколей.* Лорд Бэкон // Маколей Т.Б. Полное собрание сочинений. Т.3. –Спб., Тип.: Л.А.Кулиша, 1862.
8. *Михайленко Ю.П.* Ф.Бэкон и его учение. –М.: Наука, 1975.
9. *Литвинова Е.Ф.,* Бэкон Ф. его жизнь, научные труды и общественная деятельность: Библиографический очерк. – Спб.: Тир. Т-во Общественная польза, 1891.
10. *Милонов К.* Философия Фр.Бэкона. – М.: Новая Москва, 1924.
11. *Вайнштейн О.Л.* Западно-европейская средневековая историография. –М.-Л., 1969.
12. *Косминский Е.А.* Историография средних веков. - М., 1963.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются жизнь и творчество английского политика и ученого Фрэнсиса Бэкона. Жизнь Фрэнсиса Бэкона многогранна, при жизни он славился как государственный деятель служивший при королевском дворце. Был лорд-хранителем печати, а также лорд-канцлером. Но история сохранила его как ученого переходного периода. В статье ставилась цель изучения исследований жизни и деятельности Бэкона.

(Тастанбеков М.М. История исследования жизни и творчества Ф.Бэкона)

SUMMARY

In this article life and creativity of the English politician and scientist Francis Bacon is considered. Francis Bacon life is many-sided, during lifetime he was famous as the statesman serving at the royal palace. There was a lord-hranitelyem of the press, and also the lord-kantslerem. But the history kept it as scientific transition period. In article the studying purpose research of life and Bacon activity was set.

(Tastanbekov M.M. The History of Research of Life and Creativity of Bacon)

ӘОЖ 818.992 71: 891.7

Э.ЗУЛПЫХАРОВА

кандидат исторических наук
доцент МКТУ им. А.Ясауи

Г.БАТЫРБЕККЫЗЫ

магистрант МКТУ им. А.Ясауи

ЛИТЕРАТУРНЫЕ СВЯЗИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Данная статья рассматривает двустороннее сотрудничество между Республикой Казахстан и Российской Федерацией в период независимости. Особо стоит отметить, что в статье рассматриваются литературные связи двух постсоветских государств. Отношения двух стран на современном этапе – это главная составляющая часть всемирной истории, так как этим отношениям следует уделить особое внимание. Литература двух стран дополняет друг друга на протяжении столетий со времен принятия Казахского Ханства в состав Царской России.

Ключевые слова: культура, традиции, сотрудничество, литература, МСПС.

Даже в век индустриального развития и высоких технологий вопросы культуры остаются достаточно актуальными на всех континентах. Не менее важное место на внешнеполитической повестке дня занимает тема интеграции на евразийском пространстве. Социально-экономическое развитие страны невозможно без мощной культурно-информационной основы. Здесь не обойтись без новых технологий и инфраструктурных преобразований. Актуальными остаются задачи приобщения личности к мировым культурным ценностям, а также сохранения национальных традиций и языка. Культура всегда была и остается главным генератором нравственных и духовных идеалов общества, где творчество в любом его проявлении – это основа инновационности мышления, его развития.

Издательская деятельность – это часть культуры любого общества, непосредственно влияющая на интеллектуальный и духовный уровень развития нации. Безусловно, в рыночных отношениях состояние издательско-полиграфической отрасли и распространение печатной продукции претерпело значительные изменения. Печатная продукция стала товаром. В этих условиях наша задача – сохранение функции книги как носителя знаний, истории, культуры и традиций [1].

Казахстанско-российское научное сотрудничество, осуществляемое Институтом литературы и искусства им.М.О.Ауэзова МОН РК, проявляется в разнообразных формах: издательская деятельность, совместные научные

проекты, участие в конференциях, подготовка научных кадров, отзывы, оппонирование, рецензирование. Плодотворные отношения установились с Институтом мировой литературы им. А.М.Горького Российской Академии наук. По программе Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан в рамках Года Казахстана в России в Москве в серии «Эпос народов Евразии» в 2003 году издан отдельный том, посвященный казахскому романическому эпосу - «Козы Корпеш и Баян-сулу, Кыз Жибек» [2].

Страна в центре Евразии, на перекрестке великих культур Востока и Запада, суверенный Казахстан успешно строит сильное демократическое государство, последовательно проводит политику сохранения гражданского мира и общенациональной стабильности, политику мира и согласия. Союз писателей Казахстана по праву считается родным домом не только казахских писателей, но и всей многонациональной литературы страны. В трудное для литературы постсоветское время он стал одним из учредителей МСПС – Международного сообщества писательских союзов, а также Международного литературного фонда. МСПС, возглавлявшийся долгие годы мудрым патриархом литературы Сергеем Владимировичем Михалковым, много сделал и делает для сближения и взаимовыгодного творческого сотрудничества национальных культур и литератур, и этой своей плодотворной деятельностью он в немалой степени обязан тому, что у его колыбели стояли такие авторитетные мастера слова, как Расул Гамзатов, Мустай Карим, Чингиз Айтматов, Олжас Сулейменов, Абдижамил Нурпеисов, Давид Кугультинов [3].

По прошествии времени можно с уверенностью сказать, что Союз писателей Казахстана сыграл ведущую роль в консолидации литератур и культур в Содружестве Независимых Государств. Мы с благодарностью вспоминаем о том, как часто за эти годы российские писатели и представители других литератур СНГ приезжали на гостеприимную казахскую землю и вместе со своими товарищами по перу отмечали славные юбилеи корифеев казахской литературы Мухтара Ауэзова, Габита Мусрепова, Сабита Муканова и других выдающихся писателей современности [4].

Особо памятен недавний Год Казахстана в России и Год России в Казахстане. Эти важные политические мероприятия поспособствовали укреплению традиционных творческих связей писателей двух братских стран, с новой энергией возобновили контакты между издательствами, редакциями журналов, газет. В Москве на Чистопрудном бульваре в присутствии двух президентов Владимира Путина и Нурсултана Назарбаева был открыт памятник великому Абаю. Это знаменательное событие подтвердило важность абаевских заветов для нового века о неразрывной связи русской и казахской культуры, единстве и дружбе наших двух народов. В тот год в Казахстане с размахом прошли Пушкинские дни, давно ставшие

общенародным праздником, литературные вечера, встречи во многих городах республики. На Абаевские дни в Семипалатинске, также ставшие традиционными, приехали российские писатели, деятели культуры из Оренбурга, Омска, Новосибирска, Москвы [5].

Нельзя не сказать о том, как расширились международные контакты писателей Казахстана. Возрос взаимный интерес в тюркском мире, особенно интересный совместный проект осуществляется с писателями и издателями Турции. На международной конференции «Историческая преемственность национальных культур» был представлен журнал «ДА», издаваемый международной организацией «Платформа «Диалог Евразия». Союз писателей Казахстана наладил тесные связи с писателями Китая, Беларуси и других стран. В Астане и Алматы регулярно проходят международные писательские, культурологические форумы. Тот факт, что под эгидой ЮНЕСКО в последние годы проводились юбилеи Мухамед Хайдара Дулати, Махамбета, Абая, Мухтара Ауэзова, Сабита Муканова, Габита Мусрепова, свидетельствует не только о высокой оценке заслуг этих великих личностей, но и о всемирном признании значения многовековой казахской культуры [6].

Разумеется, все это в таком широком масштабе было бы не возможно без поддержки и заботы со стороны молодого независимого государства, его Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева, который внимательно следит за развитием литературы и культуры. Благодаря инициативе Главы государства в республике массово издается фольклорное наследие и сочинения классиков казахской письменности в рамках государственной программы «Культурное наследие». Особо отмечу, что Казахстан – единственная республика, где продолжает издаваться художественная литература по программе госзаказа, и это большая поддержка и писателям, и читателям, потому что книги напрямую поступают в многочисленные библиотеки страны [7].

Подробнее остановлюсь на вопросе о развитии литературных и культурных связей России и Казахстана. Они уходят своими корнями вглубь веков и основаны на определенной общности исторического пути наших народов, близости менталитетов и духовно-нравственных устремлений, проявляющихся в присущей россиянам и казахстанцам многих поколений толерантности и веротерпимости. Наша повседневная задача – укреплять эти традиционные связи, вести диалог культур, ибо в этом мы видим основу нашего дальнейшего взаимопонимания и взаимодействия. В последнее время эти связи заметно укрепились. Так, «Литературная газета» открыла рубрику «Евразийская муза» и знакомит читателей с современной литературой Казахстана, казахстанские авторы постоянно печатаются в журнале «Дружба народов» и других. В свою очередь казахстанские литературные журналы «Простор», «Нива» широко знакомят своих читателей с современным литературным процессом в России. Необходимо отметить активную работу российских переводчиков, в особенности таких мастеров пера, как Анатолий

Ким, Николай Анастасьев – настоящих строителей «мостов» духовной связи между нашими народами [8].

В наш век глобализации, когда с новой силой проявляются как позитивные, так и негативные моменты в развитии человечества, мы должны свято хранить самобытность наших культур и духовную сокровищницу народа – язык. Только так каждый народ сможет сберечь в вечности свое неповторимое лицо, свою душу. Казахстан превращается в сильное демократическое государство, уважаемое во всем мире, и немаловажная роль в этом принадлежит всем тем, кто трудится на ниве духовного развития нации.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Абенов Е.М.* Внешнеполитические интересы РК: уроки и перспективы // Саясат. –1995. –№6. –С. 54-69.
2. *Акишев К.А.* История Казахстана: курс лекций. –Алма-Ата, 1983.
3. *Султанов Б.К.* Актуальные проблемы обеспечения безопасности в Центральной Азии // Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия: Материалы VI Ежегодной Алматинской конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – С.52-53.
4. Закон Республики Казахстан от 24 декабря 1996 года №56-І «О культуре».
5. Литературный журнал «Простор». –Алматы, 1960.
6. Литературный журнал «Нива». –Астана, 1990.
7. Назарбаев Н.А. Казахстан 2030 – Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. – Алматы, 1997.
8. Концепция внешней политики Казахстана, одобренная 16 марта 2001 г. Советом Безопасности РК // Kazakhstan today. 16 марта 2001 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мәдени-гуманитарлық байланыстары, оның ішінде әдеби байланыстарға аса көңіл бөлінген.

(Зұлпыхарова Э., Батырбекқызы Г. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының әдеби байланыстары)

SUMMARY

The article deals culture-humanitarian relations between Republic of Kazakhstan and Russian Federations, particular attention is paid to the literary relations.

(Zulpyharova YE., Batirbekkizi G. Literary Relations between Republic of Kazakhstan and Russian Federations)

ӨОЖ 951.036 (327.1)

Л.С.ДИНАШЕВА

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Н.БАБАКУЛОВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ШЫҰ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Азия аймағындағы қауіпсіздік саласында Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы, мақсаты мен міндеті қарастырылады. Автор ШҰҰ-ның қауіпсіздік аспектісіндегі негізгі бағытарға талдау беріп, Орталық Азиядағы өзекті мәселелерге қысқаша шолу жасайды. Сондай-ақ, мақалада Шахай ынтымақтастық ұйымының перспективалары мен Қазақстанның мүдделері қарастырылып, ШЫҰ-ның халықаралық аренадағы ролі мен орнына баға беріледі. Шанхай ынтымақтастық ұйымының қауіпсіздік сақтау мәселесінде атқарған іс-шаралары сараланады.

Кілт сөздер: Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, терроризм, экстремизм, сепаратизм, НАТО.

Бүгінгі тез қарқынмен дамып жатқан әлемде тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауға қатысты мәселелер ерекше өзектілікке ие екендігі анық. Дәстүрлі әскери қауіптермен бірге «жаңа қауіп» деп аталатындар, яғни халықаралық терроризм, экстремизм, ұйымдасқан қылмыс, нашақорлық және заңсыз сауда мен заңсыз миграция және т.б. қауіп түрлері адамзат өміріне үлкен қатер тудырып отыр. Осы қауіп-қатерлермен кез келген мемлекет белгілі бір дәрежеде соқтығысатындығы анық. Алайда мәселенің ерекшелігі сонда, ғаламдану жағдайында «қақтығыстық негіздердің интернационалдануы» сияқты көріністер орын алады. Бұл жағдайда қауіпсіздікті қолдау, тіпті ұлттық деңгейде болсын, әртүрлі халықаралық құрылымдар мен ұйымдар шеңберінде мемлекеттердің күш біріктіруінсіз мүмкін емес.

Еуразия құрылығында мұндай құрылымдардың бірі, құрылған уақыттан бастап терроризмге, сепаратизмге және діни экстремизмге қарсы күрес жүргізуді өзінің басты міндеті деп жариялаған, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы болып табылады [1].

1996 жылы Шанхайда оның 5 мүшесі алғашқы рет кездесіп, әскери салада сенімді нығайту және шекаралардағы әскери күштерді өзара қысқарту жайында келісім жасаған кездің өзінде қауіпсіздік мәселесі «Шанхай процесінде» негізгі орында тұрды.

1996-1997 жылдары «Шанхайлық бестік» бұрынғы кеңес-қытай шекараларында қалыптасқан мәселелерді реттеген бірқатар келісімдерге қол

қойды. Шанхайлық және одан кейінгі Мәскеу саммиттері ұйымның құрылымын қалыптастырса, кейінгі жылдары бұл бірлестік жан-жақты салалық, толыққанды ұйымға айналды. Жоғарыда айтылған келісімдерді бірлесіп іске асыру кейіннен «Шанхайлық рух» деп аталған жағдайдың негізін қалады, ал оның квинт-эссенциясын өзара тиімділік, теңдік, бір-бірлерінің мүдделері мен пікірлерін құрметтеу, өзара пікір алмасу, қол жеткізілген келісімдерді ерікті түрде орындауға келісу болып табылады.

Осы тұста жаңа құрылым Орталық Азияда өмір сүрген қауіпсіздікті қолдау процесін басқару саласындағы ақауларды логикалық түрде толтырғандығын айтып өту маңызды. Ұйымға Ресей және Қытай сияқты ғаламдық ойыншылардың тартылуы жүргізіліп жатқан саясаттың сәттілігіне қосылатын елеулі фактор болып табылатындығы анық.

Бестіктің Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына айналуы 2001 жылдың маусым айында Шанхайда өткен саммитте іске асты. Осы кездесуде сол жылдың басында ұйымға мүше болу өтінішін білдірген Өзбекстан мемлекеті де қатысты. Кездесудің нәтижесінде 6 мемлекеттің басшылары ШЫҰ құру туралы Декларация мен терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу туралы Шанхай Конвенциясына қол қойды. Соңғы құжатта ұйым мүшелерінің барлығына қауіп төндіретін қатерлерді анықтап қана қоймай олармен күресудің нақты бағыттары мен түрлері көрсетіліп берілді [1].

ШЫҰ құру туралы Декларациямен бір уақытта ұйым қызметі құзырлығына кіретін міндеттердің шеңбері айтарлықтай кеңейтілді. «Қатысушы мемлекеттердің өзара сенімін, достығы және тату көршілігін нығайту; олар арасында саяси, тауар-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, білім беру, энергетика, транспорт, экология және т.б. салаларда сапалы қарым-қатынастарды дамыту; аймақта бейбітшілікті қолдау және қамтамасыз етуде, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда жаңа демократиялық, әділ, саяси және экономикалық халықаралық тәртіп құруда бірлесіп күш жұмсау ұйымның мақсаты деп жариялады» [2]. ШЫҰ мүше мемлекеттерінің министрлері мен ведомстваларымен өзара қимылдарын ұйымдастыру үшін ұлттық үйлестірушілер Кеңесі құрылды. Жаңа ұйымның мүдделері саяси, экономикалық және мәдени гуманитарлық серіктестік салаларға тарады.

Мұнымен бірге қауіпсіздік мәселесі ШЫҰ қызметінде басты орында қала берді. Оның ішінде, айтар болсақ, 2002 жылдың 7 маусымында Санкт-Петербург саммиті қабылдаған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының хартиясында ұйымның ең басты мақсаты деп төмендегілер белгіленді: «мүше мемлекеттер арасында өзара сенім достық және тату көршілікті нығайту;

Аймақта бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қолдау және нығайту мақсатында көп салалы ынтымақтастықтарды дамыту, жаңа демократиялық, әділ және рационалды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнатуда өзара көмек беру;

Терроризм, сепаратизм және экстремизмнің барлық көріністеріне қарсы

бірлесіп әрекет ету, заңсыз наша және қару-жарақ айналымдары мен басқа да трансұлттық қылмыстық әрекеттермен, сондай-ақ заңсыз миграциямен күрес жүргізу» [3].

Әрі қарай құжатта саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық құру міндеттері туралы айтылды. Алайда, көріп отырғанымыздай, қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселесі алғашқы орында тұрды, бұл қатысушы мемлекеттердің ұйым қызметіне келісімдік жауапкершілігін көрсетеді. Аталған міндеттерді іс-жүзіне асыру үшін Санкт-Петербург саммитінде қабылданған Аймақтық Антитеррорлық құрылымды (ААТҚ) құру туралы шешім қабылданды. Оның негізгі міндеттері деп төмендегілер белгіленді:

1. ШЫҰ мүше мемлекеттерінің негізгі басқарушы органдарымен іскерлік байланыстарды қолдау және терроризммен, сепаратизммен, экстремизммен күрес жүргізу мәселесі бойынша халықаралық ұйымдармен байланысты нығайту.

2. Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу мәселесі бойынша халықаралық-құқықтық құжаттар жобаларын дайындауға қатысу, БҰҰ-ның қауіпсіздік Кеңесі және оның антитеррорлық комитетімен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен бірлесіп, ғаламдық қауіп-қатерді сапалы реттеу механизмін жасау бағытында іс-шаралар қабылдау.

3. Терроризммен, сепаратизм және экстремизммен күресу мәселесі бойынша мүше-мемлекеттердің ұсынған мәліметтерін жинақтау және анализ жасау, антитеррорлық құрылымдар мәліметтерінің банкін құру, «Үш зұлымға» қарсы күресте ұйымдардың ынтымақтастығы туралы пікір алмасу.

4. Ғылыми зерттеу конференцияларын өткізуді дайындау, терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес жүргізу мәселесі бойынша тәжірибе алмасу.

Осылайша «Үш зұлымға» қарсы күрес жүргізу нақты институционалды рәсімдеулерге ие болды. ШЫҰ мүше-мемлекеттер басшыларының 2005 жылғы Астанада өткен саммитінде аймақтық антитеррорлық құрылым (ААТҚ) жанынан үздіксіз жұмыс істейтін өкілдер институтын құру туралы шешім қабылдады.

Ауған мәселесін реттеуге қатысты мәселелерді шешу мақсатында 2005 жылдың қараша айында ШЫҰ шеңберінде Ауған елі бойынша арнайы қатынас тобы құрылды.

Осы жұмысшы органның құрылуы жөніндегі хаттамада көрсетілгендей, «ШЫҰ-Ауғанстан» қатынас тобы «өзара мүдделерді білдіретін» мәселелер бойынша «ынтымақтастықтарды іске асыру туралы ұсыныстар мен кеңестерді өңдеу мақсатында» құрылды. Ауған елі тарапынан құжатқа қол қойған Ауғанстанның ҚХР-ғы елшісі Рай Барлас: «ШЫҰ-Ауғанстан» қатынас тобының құрылуы, бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауда және сондай-ақ мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуда тағы бір маңызды тарихи қадам болып табылады» - деп атап

көрсетті [4].

2007 жылы Бішкекте өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының саммитіндегі маңызды тақырыптардың бірі – терроризммен күресу мәселесі болды. Кездесу барысында ШЫҰ-ның терроризм мен сепаратизм және экстремизммен 2007-2009 жылдары күресу, ШЫҰ-ның Аймақтық антитеррорлық құрылымының қызметін жетілдіру Бағдарламасы тыңдалды. Мемлекет басшылары өзара сенім және қауіпсіздікті сақтауға бағытталған құжаттарға, ШЫҰ мемлекеттерінің ұзақ мерзімдік бейбіт көршілік, достық және ынтымақтастық туралы Келісімге, мемлекет басшыларының Бішкек декларациясына, халықаралық ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-әрекет жоспарына қол қойды. Ауған мәселесінің өзектілігін ескере келе кездесуге қатысушылар Ауғанстанды әлеуметтік-экономикалық қалпына келтіру мәселесі бойынша арнайы ШЫҰ-ның конференциясын өткізу туралы ұсыныстарын айтты. Осы тұста Бішкектегі саммит аяқталысымен ШЫҰ мемлекет басшылары «Бейбітшілік миссиясы-2007» деп аталатын антитеррорлық жаттығудың соңғы кезеңі өтіп жатқан Челябинск қаласына ұшып кеткендігін де ерекше атап өтуге болады.

Осылайша, Бішкекте өткен саммит Шанхай Ұйымы қызметіне кіретін мәселелер ауқымының жылдан жылға кеңейе түсуіне қарамастан, оның басты бірінші кезектегі назарында ұстайтын мәселесі – Қауіпсіздікті қолдау болып қала беретіндігін көрсетті.

Бүгінгі күні ШЫҰ ұйым ретінде қалыптасқандығы, оның қызметінің ерекше қажеттілікке ие екендігіне ешкім күмән келтірмес.

Бұл жайға Шанхай ұйымына басқа мемлекеттердің қызығушылықтарының артуы, ұйымға толық мүше болуға ұмтылған бақылаушы-мемлекеттер есебінен ұйым қызметі шеңберінің кеңеюі, халықаралық байланыстардың дамуы куә болады. Мұнымен бірге, ШЫҰ-ның даму деңгейіндегі басқа да кез келген ұйымдар сияқты, ШЫҰ-да бірқатар мәселелермен түйіседі және оның келешектегі даму қызметіне байланысты да нақты міндеттерді шешу қажеттілігі туындайды.

Бірқатар сарапшылардың айтуынша, ШЫҰ-ның қызметі аясының кеңеюінің де теріс жақтары болды, ол белгілі бір дәрежеде ұйым қызметінің әрі қарай дамуындағы басты бағыттарды белгілеуде қатысушылар арасында пікірталас тудырды. Оған мысал ретінде ұйымға қатысушы алпауыт екі мемлекет – Ресей және Қытай арасындағы қатынасты айтуға болады.

Соңғы жылдары ШЫҰ, көп жағдайда ҚХР-ның бастамасы бойынша, экономикалық бағытын әрі қарай белсендендіру қажеттілігіне үлкен назар аударды, мұнда да, көптеген пікір білдірушілер атап өткендей, ұйымның дәл Орталық Азияда қызмет ету векторы ерекше маңызға ие болып отыр [5].

Қытай үшін бұл бір жағынан, әлемдік жетекшілікке жетуде аса қажетті, арзан энергетикалық ресурстарға қол жеткізу болса, екінші жағынан – жаңа рыноктарға ену. Сондай-ақ, Пекин үшін оның барлық экономикалық және саяси бастамаларында Орталық Азия елдерінің қолдауы да аса маңызды.

Ал, Орталық Азия мемлекеттері тарапынан Қытаймен ынтымақтастық

орнату тауар айналымдарды, көлемді кредиттерді және Азиядағы сауда-экономикалық және саяси кеңестіктегі интеграцияларды дамыту болып табылады. Алайда, мұнымен бірге, Пекиннің ШЫҰ шеңберінде еркін сауда аймағын құру туралы ұсынысын қатысушы-мемлекеттердің барлығы бірдей қолдамады. Мұнда олар, өз рыноктарында Қытай тауарларының толып кетуімен бірге, сол елдің өз тауарларының ығыстырылуынан да қауіптенді. Сондай-ақ, көрші елдерге заңды және заңсыз еңбек миграциясының өсуі, ШЫҰ елдерінде Қытай диаспорасының артуы да қауіп төндіріп отыр.

Ал Ресей болса, ұйымның әскери бөлігін күшейтуге ерекше назар аудару қажет деп ұсынды. Ресей Федерациясының ӘК Бас Штабының бастығы Ю.Балуевскийдің «Независимая газетаға» берген сұхбатында «ШЫҰ шеңберінде экономикалық қызметті жетілдіру. Аймақта қауіпсіздікті нығайтпайынша мүмкін емес» - деп атап көрсетті [6].

Ресейдің әскери қызметкерлері атап өткендей, әлемде әскери жағдай тез қарқынмен дамуда. Ескі қауіп-қатерлердің сақталуымен бірге, олардың жаңа түрлері де пайда болуда. Мұның барлығы туып отырған мәселелерді шешу механизмін жасауды талап етеді. Осыған байланысты, Ресей жағы ШЫҰ әскери саласын күшейтуді ұсынды, ал Пекин болса ШЫҰ-н НАТО-ға қарсы ұйым деп есептейтін Вашингтонға қарсы келуді қаламағандықтан Ресейлік ұсынысты қабылдамады. Сондай-ақ, Батыс 2007 жылдың тамызында Челябинск түбінде өткізілген «Бейбітшілік миссиясы-2007» атты әскери жаттығуға наразылығын білдірген бірқатар американдық баспасөз құралдары оны «ШЫҰ-ның әскери күштерінің шеруі» деп те атады. Сол кезде немістердің «Зюддойче цайтунг» газеті: «бұл жайында ресми түрде мәлімдемесе де, Шанхайлық топтың саяси бағыты антибатыстық»- [7] деп мәлімдеді де.

ШЫҰ құрылуы АҚШ-ның Орталық Азиядағы ықпалының күшейюіне қарсы реакция екендігі сыр емес. Алайда, ұйымның қызметін осы аспектімен ғана шектеу мүлдем дұрыс болмас еді. Сондай-ақ, бірқатар саясаттанушылар Америка Құрама Штаттарының аймақта болуы «күштер тепе-теңдігін сақтауға кепіл және аймақта Ресей және Қытай сияқты алпауыттардың жеке-дара үстемдік қылуына басты кедергі» [8] болады деп есептеді. Осындай жайды өлкеде ЕО қызметін белсендендіруге бағыттаған, Орталық Азия бойынша арнайы стратегия қабылдаған Еуропалық Одақ туралы да айтуға болады.

Бүгінгі таңда қалыптасқан жағдайда Орталық Азия мемлекеттері үшін қауіпсіздік мәселесін шешу ерекше өзектілікке ие. Бұл, нақтырақ айтқанда, энергетикалық қауіпсіздік, экология, су ресурстарын үнемді және тиімді пайдалану, миграция, кедейшілікпен күрес мәселелері. Сондай-ақ, осы міндеттерді шешуді аймақтағы жалпы тұрақтылықты сақтаудан бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан да, терроризм, сепаратизм және экстремизм сияқты қауіптермен күресу, оларға қарсы әскер қолдана отырып, күш біріктіруді қажет етеді. Мұндай іс-әрекеттердің өзектілігін кезінде

Қырғызстанның солтүстігіндегі Баткиндік оқиға көрсетті.

Аталған жайларға байланысты Орталық Азия мемлекеттері аймақта ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға және Шанхай ұйымының әскери-саяси компонентін дамытуға сөзсіз мүдделі болды. Осы тұста Батыстық саясаттанушылардың НАТО-ға қарсы құрылып жатыр деп даурыққанын ешқандай негізсіз екендігін атап өту қажет. Мұндай пікірмен сол батыстық сарапшылар да келіседі. Мысалы, «ғылым және саясат» деп аталатын берлиндік қордың Азия елдері бойынша зерттеу тобының басшысы Г.Беккердің пікірінше, «батыстық БАҚ-да ШЫҰ-ның НАТО блогына қарсы тұратын тек антибатыстық, антиамерикандық құрылым деп қаралады. Иә, өзара қабылданған құжаттарда антиамерикандық пиғыл байқалады, алайда, ШЫҰ-на кіретін мемлекеттер, бірінші кезекте, өздерінің мемлекетаралық мүдделерін алға қояды. Олардың тек Батысқа қарсы тұру үшін ғана жиналмағандығы анық» [9].

Бірінші кезекте, бұл пікірлер, қауіп ошағына көрші орналасқан ШЫҰ-на мүше орталықазиялық мемлекеттерге қауіп төндіріп отырған, Ауғанстан мәселесі жайында екендігі белгілі. Қырғызстандық эксперт А.Князевтің пікірінше, соңғы жылдары халықаралық күштер және оған қоса ауғандық әскерлерде ондағы қарсылықтарды баса алмай отырған кезде, белгілі бір деңгейде күштер балансы орнаған. Кабулмен қоса, көптеген әкімшілік орталықтары бақылау міндетін атқарып, ел ішінде салыстырмалы түрде тепе-теңдікті сақтауда.

Осылайша, Шанхай ұйымы өз қызметін бастаған кезден Орталық Азияда тұрақтылық және қауіпсіздікті сақтаудағы маңызды құрылым болды. Оның құрылуын осы облыстағы қалыптасқан мәселелермен байланысты объективті себептер міндеттеді. Ұйымға қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерге қарамастан, ШЫҰ шеңберіндегі олардың қызметіне тән қасиет – ортақ келісімге келуге ұмтылу және ұтымды жақтарды ойластыру болып табылады. Соңғы жылдары өткен ШЫҰ самиттері қатысушы елдер арасындағы мақсаттар мен мүдделер ортақтастығының онан әрі жалғасқанын дәлелдейді. Сондай-ақ, ұйым өз қызметінде, әсіресе қауіпсіздікті сақтау мәселесінде, айтарлықтай тәжірибе жинақтағандығын ерекше атап өту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шанхайская конвенция от 15 июня 2001 г. // <http://www.sectsco.org>.
2. Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества // <http://www.sectsco.org>.
3. Хартия Шанхайской организации сотрудничества // <http://www.sectsco.org>.
4. ШОС и Афганистан создали контактную группу // РИА «Новости». –2005, 4 ноября // <http://www.rian.ru>.
5. Маслов А. Россия и Китай борются друг с другом за влияние в ШОС // Независимая газета. –2007, 24 сентября // <http://www.centrasia.ru>.
6. Соловьев В., Иванов В. Шанхайский договор вместо Варшавского // Независимая газета. –2007, 10 августа // <http://www.centrasia.ru>.

7. Противоречивый облик ШОС // Обзор прессы радиостанции «Немецкая волна». –2007, 17 августа // <http://www.dw-world.de>.

8. *Сыроежкин К.* Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии. –Алматы, 2006. –С.234.

9. Эксперты о перспективах ШОС // Обзор прессы радиостанции «Немецкая волна». –2007, 17 августа // <http://www.dw-world.de>.

10. Уверенная поступь Востока вызывает дрожь на Западе // Обзор зарубежной прессы о саммите ШОС. –2007, 18 августа// <http://www.ferghana.ru/>

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются цели и задачи Шанхайской организации сотрудничества в области безопасности в Азиатском регионе. Автор анализирует основные направления деятельности ШОС, роль аспектов безопасности, делает краткий обзор актуальных задач и проблем применительно к Центральной Азии.

(Динашева Л.С., Бабакулов Н. ШОС и проблемы безопасности в Центральной Азии)

SUMMARY

This article describes the goals and objectives of the Shanghai Cooperation Organization in the field of security in the Asian region. The author analyses the main activities of the SCO, the role of the safety aspects, makes a brief overview of current issues and problems in Central Asia.

(Dinasheva L.S., Babakulov N. SCO and Security Issues in Central Asia)

ӘОЖ 297.197 (584 5)

Н.КАТТАБЕКОВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

Г.ПРИМҚҰЛОВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Бұл мақалада Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейінгі діни ахуал және оның қоғамға әсері зерттеледі. Сондай-ақ, Республикадағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімдер үшін мемлекеттің саяси бағыттарына нақты тұжырымдар ұсынылады. Қазіргі қазақстандық қоғам өмірінде діннің маңыздылығы, оның серпіні мен ерекшелігі жайында. Қазіргі жастар арасында діни тәрбие және дін туралы түсінік. Еліміздегі күрделі діни ахуалды жақсарту, ұлт бірлігінің мәселелері қарастарылады.

Кілт сөздер: Этнос, конфессия, ислам, идеология.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан тармақты болып отыр. 1992 жылы еліміз тәуелсіздік алып, егемендігін жариялай салысымен, азаматтардың діни сенім бостандығы туралы заң қабылданған еді. Бірақ бұл заң түрлі секталар мен діни топтарға елімізге келіп еркін жұмыс жасауға мүмкіндік берді. Кеңес одағының тұсында атеизм идеологиясымен уланған, жаппай құдайсыздар қоғамына айналған қазақ халқы рухани мешеулікке ұшыраған болатын. Қазақ қоғамының жан дүниесі осы кезеңдегі жағдайдың кесірінен белгілі бір деңгейде босап қалды. Қоғамның рухани иммунитетінің әлсіреп тұрған шағын сырттан келген миссионерлер мен діни уағызшылар оп-оңай пайдаланды. Себебі, сол кезеңде кеңестік заманнан шыққан қазақ халқының руханияты сын көтермейтін және де түрлі жоспарларды құруға болатын бос алаңқай болатын.

Елімізде 130-ға жуық ұлт өкілдері қоныстанған. Яғни, Қазақстан көп ұлтты және көп конфессиялы ел ретінде танылуда.

Қазақстан халқы көптеген этностар мен ондаған діни конфессиялардан тұрады. Түрлі наным, сенімді ұстанатын Қазақстан халқының келісімі мен ынтымақтастығы, оның саяси тұрақтылығының нығаюына, экономика мен әлеуметтік жағдайдың кемелденуіне бастайтын жағдайлар.

2009 жылғы жалпыұлттық санағының нәтижесіне сәйкес халықтың 70,2%-ы өздерін мұсылмандармыз, 26%-ы – христиандармыз, 0,03%-ы – иудеилерміз, 0,1%-ы – буддистерміз, 0,2%-ы – басқа діндерді

ұстанушылармыз деп атады. Сонын ішінде ешқандай дінді ұстанбаймыз деп – 2,8%-ы, жауап берсе, 0,5%-ы жауап беруден бас тартты [1].

Қазақстанда этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты моделі қалыптасқанымен, ол мемлекет, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестіктер тарапынан үздіксіз қолдау көрсетіп отыруды қажет етеді. Осы сала ахуалына қызығушылық танытатын барлық тараптар біріге отырып, үнемі талдау жасап отырғаны жөн.

Осы арада, Қазақстанда дінаралық қатынас орнатудың негізгі ұстанымдарын атап өту керек.

1. Елдің Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығы мен діни сенімді қорғауға кепіл береді.

Конституция діни, этникалық және басқа тұрғыдағы кемсітушіліктерге тыйым салады. Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлестіктердің еркін іс-әрекет жасауы үшін барлық құқықтық негіз қалады. Ел маңызды халықаралық келісімге және адам құқығына қатысты шарттарға, оның

2. Мемлекет конфессиялардың өз қызметтерін жүзеге асыруы үшін тең және қолайлы жағдай жасайды.

Бұл тәуелсіздік кезеңінде діни бірлестіктер санының артуына мүмкіндік берді.

Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санағанымен, бұл басқа діни сенім иелерінің толыққанды іс-әрекет жасауына кедергі келтірмейді. Бұған мұсылмандық емес діни ұйымдар санының өсуі дәлел бола алады. Тәуелсіздік алғаннан бері православиелік, католиктік және протестанттық қауым саны біршамаға артты. Сондай-ақ иудейлер мен буддистердің ұйымдары да қызмет жасайды.

3. Мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде дінаралық диалогты атауға болады. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы секілді ұлтаралық және дінаралық диалогтың теңдессіз институты құрылды.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты өз уәкілеттігіне қарай органдардың бір қатары жүзеге асырады. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі құрамындағы өкілетті орган – Дін істері жөніндегі комитет құрылды. 2010 жылы Дін істері жөніндегі комитет Мәдениет министрлігі қарауына берілді.

2011 жылдың мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Дін істері жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігіне ауыстырылып, Мәдениет министрлігі қарамағынан шығарылды. Осыған орай, Агенттікке конфессияаралық келісім, азаматтардың сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара әрекеттесуге құқықтарын қамтамасыз ету қызметтері мен уәкілеті берілді [1].

Қазақстанда тәуелсіздіктің жылдарында діни институттардың сан жағынан да, сапа жағынан өсті деуге болады. Діни бірлестіктер саны бірнеше есе өсіп кетті, рухани дәстүрлер қайта өрлей бастады, мешіттер, шіркеулер,

ғибадат үйлері, синагогалар салынды. Халықтың діндарлығының деңгейі өсті. Сарапшылардың бағалары бойынша, діндарлардың саны 80-жылдардың ортасымен салыстырғанда 20-25-тен 90-95 % дейін өсті. Бұл үдерістер еліміздегі азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайту, ар-ұждан бостандығын, рухани жаңаруын қамтамасыз етуге бағытталған жүргізіліп жатқан саясаттың нәтижесінде орын алды.

20 жыл ішінде діни бірлестіктердің саны 6 есеге өсіп, 2011ж. 1 қаңтарында 4479 жетіп, ал конфессиялар мен деноминациялар саны 40-тан асып кетті. Қазіргі уақытта 3200-ге жуық мешіт, шіркеу, ғибадатханалар жұмыс істейді.

Діни бірлестіктердің жалпы көрсеткіші: ислам – 2756, орыс православие шіркеуі – 303, рим-католиктік шіркеу – 84, протестанттық және жаңа діни ағымдар – 1301. Діни бірлестіктерге 3377 діни ғимараттар тиесілі, олардың ішінде 2416 – мұсылман мешіттері, 269 – православие шіркеулері, 88 – католиктік костелдер, 5 – синагога, сондай-ақ басқа да протестанттық және т.б. шіркеулер [2].

Елде 8 жоғары (оның ішінде 2 исламдық, 1 католиктік, 1 лютерандық, 4 протестанттық), 6 арнаулы орта және 3 жалпы білім беретін рухани оқу орындары бар. Сондай-ақ ірі мешіттер жанынан ашылған курстар мен шіркеу жанынан ашылған жексенбілік мектептер бар. Осы таңда республикада 20 елден келген 400-ге жуық шет елдік миссионерлер жұмыс жасауда. Алайда, миссионерлердің ісі мен әрекеттеріне, олардың бағдарламаларына Ұлттық қауіпсіздік мәселесіне сай құқықтық, ғылыми және өркениеттік мәндегі сараптамалар жасау қажет екендігін айту керек [3].

Соңғы он жыл ішінде діни өмір көптеген жаңа діни ағымдардың көптеп пайда бола бастауынан байқалады. Елдегі дәстүрлі ислам және христиан діндерімен бәсекелестікке түскен бірқатар жаңа діндер шет елдік миссионерлер арқылы елімізде көптеп тарап кетті. Олардың өздерін ерекше көрсеткен кезі ХХ ғ. 90 ж., алайда жаңа діни ағымдардың келе бастауы кеңестік кезеңде басталды. Миссионерлердің белсенді қызметінің арқасында ориенталисттік бағыттағы (кришнаиттер, бахаи қауымы, «Трансцендентальная медитация», т.б.) ілімдер мен протестанттықтың харизматтық тармақтары, «Иегова Куәгерлері», «Саентология» және басқаларының әсерлері байқала бастады.

Бұл кеңестік коммунисттік идеология толтыра алмаған рухани вакуум мен Қазақстандағы дәстүрлі діндердің қызметінің әлсіздігінен еді. Жаңа діни ағымдардың өкілдері өз ілімдерін жалықпай насихаттау мен жаппай дінге тарту науқанын бастап кетті.

Дінтанушы ғалым, Мұртаза Бұлытайдың мәліметі бойынша, 1989 жылғы 1 қаңтарда елімізде 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 жылдың 1 қаңтарында 3206 діни бірлестіктер жұмыс істеген. Олардың арасында 1652 исламдық, соның ішінде 1642 суниттік, 2 шииттік, 2 сопылық, 4 ахмадия ағымдары бар. Бұған қоса Қазақстанның аумағында

православиелік шіркеуге жататын 241 діни бірлестік (олардың 230-ы Орыс православие шіркеуіне қарайды), 7 старообрядтық шіркеу, римдік-католиктік шіркеуінің 77 бірлестігі, бірқатар протестанттық бірлестік жұмыс істейді. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахаи, 2 трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырластықтың 2 қауымы, 6 саентология шіркеуі қауымы және т.б.

Еліміздің негізгі діни қауымы суниттік ислам және христиандықтың православиелік бағыттары. Елімізде 1700-ге жуық мұсылман бірлестіктері бар. Оның басым көпшілігі суниттік бағыттағы бірлестіктер. Орыс православие шіркеуінің үш епархиясына 214 приход, 8 шіркеу және басқа шіркеулік құрылымдар тиесілі. Орыс православие шіркеуі приходтар санының өсуіне және материалдық тұрғыдан нығаюына күш-жігерін жұмсауда.

Кейінгі уақытта католик, протестанттық және дәстүрлі емес діни құрылымдар өз қызметтерін белсенді түрде жүргізуде. “Иегова куәгерлері” бірлестігінің миссионерлік қызметі ерекше қарқын алуда [4].

Қазіргі қазақстандық қоғам өмірінде діннің маңыздылығы өскен. Оның серпіні мен ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. әлеуметтік-саяси өмірдің көптеген саласында діннің әсері күшеюде;
2. халықтың көлемді тобының күнделікті өміріне діни бірлестіктердің әсері өсуде;
3. діни білім саласы дамып, оның қаржы және материалдық базасы нығаюда;
4. шет елдерден келген діни бірлестіктердің Қазақстандағы миссионерлік және насихаттау әрекеттері жандануда.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Өзінің «Сындарлы он жыл» атты кітабында былай деп жазады: «Біз, қазақтар үшін ислам – біздің дүниетанымызды анықтайтын ең алдымен жоғары идеал мен факторы, бұрындары ұмытылып кете жаздаған бай мұсылмандық мәдениеті мен ата-бабаларымыздың рухына деген тиісінше баға берудің Рәмізі іспеттес» [5].

Тәуелсіз Қазақстандағы ислам ықпалды қоғамдық күшке айналды. Дегенмен, дәстүрлі дініміз де өзіндік ішкі проблемалар жоқ емес. Ислам дініне қатысты халықтың сауаты төмен. Ол үшін жұмыс жасап отырған негізгі ресми орын деп мешіттерді айтамыз. Қазақтың жастары неге басқа топтардың жетегінде кетіп жатыр? Себебі, мешіттердегі имамдарымыздың сауаты да мәдениеті де өте төмен болып, келген халықты қанағаттандырмай жатады. Исламдағы түрлі ағымдар мен топтар көбейіп, онсыз да сауаты аз халықты шатастырып, адастыруда. Сондықтан, имамдардың сауаты мен мәдениетін дамыту шараларын қабылдау керек. Қазақ қоғамының діни сауатын көтеріп, жүйелі болғанда ғана исламның атын жамылған немесе тарихымыз бен дінімізге түк қатысы жоқ ағымдар мен топтардың жетегінен аман алып қала аламыз.

Қазіргі жастардың арасында белгілі бір топқа қатысты болмаса мұсылман бола алмайтындай түсінік қалыптасты.

Дінтанушы Еркінбек Шохаевтың айиуынша: «Халықтың діни сауатын ашумен бірге, қоғамның санасына ешбір топқа қатысы жоқ «қарапайым мұсылман» ұғымын қалыптастыру керек. Себебі біздің қайсыбір қаракөзіміз белгілі бір діни топқа қатысты болса, сол топтың шеңберінің ішінде әрекет етеді.

Яғни, сол топтың құрылымына бағынышты әрі тәуелді болады. Әрине бұл жағдай оны болашақта түрлі теріс қылықтарға итермелеуі әбден мүмкін.

Адасушылыққа апаруы мүмкін» [6]. Жат пиғылды секталарға кіріп кеткен қазақ жастары да аз емес. Олар өздерінің адасқандарын бірден ұғына алмайды. Діни тәрбиенің осалдығынан түрлі жағдайлар орын алуда. Ақтөбе, Атырау облыстарында болған қайғылы жағдайлар сөзімізге дәлел болмақ.

2011 жылы қыркүйекте Қазақстан заң шығарушы органдары тарапынан «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң жобасы мақұлданып, Елбасы Н.Назарбаев 2011 жылы 11 қазанда қол қойып бекітті

Жаңа заң жобасы бойынша Қазақстан азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті Дін істері агенттігінің тіркеуінен кейін ғана жүзеге асыратын болды. Тіркеуден өтпеген жағдайда, Қазақстан Республикасында миссионерлік қызмет атқаруға тыйым салынады. Бұл, заңның қабылдануы әрине, діни ұйымдарды қатаң бақылауда ұстауға септігін тигізеді сөзсіз, дегенмен, еліміздегі күрделі діни ахуалды бірден жақсартып жібереді деген сөз емес.

Қорыта айтқанда еліміздегі күрделі діни ахуалды жақсарту үшін, ұлт бірлігінің пайдасына шешу үшін мына мәселелерді алға тартар едік:

1. Экономикамен қатар идеологияны, рухани құндылықтарымызды көтеруді күн тәртібіне қою керек.
2. Дінтану ғылымын дамыту, дінтанушы мамандар даярлаудың сапасын арттыру;
3. Діни тәрбие мен ислам құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіруді жолға қою;
4. Ұлт, дін, мемлекет ұғымдарын бөлшектемей, тұтас қарастыратын уақыт жетті. Себебі, тәуелсіздігіміз баянды болу үшін ең бастысы қоғамдық бірлікті сақталуы тиіс. Ал қоғамдық бірлікті сақталуы үшін қоғам бір ұлт пен бір діннің құндылықтарының төңірегіне топтасуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазіргі Қазақстандағы конфессиялық жағдай: Баяндамалар жинағы. –Астана: «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы, 2011.
2. Қазіргі Қазақстандағы конфессиялық жағдай: Баяндамалар жинағы. –Астана: «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы, 2011.
3. www.muftiat.kz
4. *Бұлытай М.* Қазақстандағы қазіргі діни жағдай. –Астана, 2007.
5. *Назарбаев Н.Ә.* Сындарлы он жыл. –Астана, 2001.
6. *Шохаев Е.* Діни ахуал неге күрделеніп барады. // www.masa.kz

РЕЗЮМЕ

В данной статье исследуются религиозная ситуация в Казахстане и влияние религии на общественную жизнь.

(Каттабекова Н., Пиримкулова Г. Религиозная ситуация в Казахстане и ее влияние на общество)

SUMMARY

This article explores the religious situation in Kazakhstan and makes specific findings of the policies of the state.

(Kattabekova N., Pirimkulova G. The religious situation in Kazakhstan and its influence on society)

ÜOS 940.548 48

E.TULEGENOV

Yrd. Doç. Dr.

A.Yesevi Uluslararası kazak-türk Üniversitesi

B.TAUBAEV

A.Yesevi Uluslararası kazak-türk Üniversitesi masteri

AVRASYA DÜŞÜNCESİNİN ORTAYA ÇIKMASI VE GELİŞMESİ

Makalade 20. yy'ın ilk yarısında meydana gelen, Sovyet Yöneticiliğinin baskılı siyaseti dolayısıyla kendine has ehemmiyetini kaybeden “Avrasyacılık” düşüncesi söz konusudur. 19. yy'ın 70'li yıllarında, sonra 20. yy'ın 20 ve 30'lu yılları ve 20.yy sonralarında Kazakistan Cumhuriyeti'nin cumhurbaşkanı N.A. Nazarbayev'in ortaya koyduğu “Avrasya Birliği” düşüncesi mukayeseli bir şekilde söylenmiştir. Bu eserde “Avrasya” düşüncesinin başlıca problemleri ile “Avrasya” kavramının açıklanmasına yer verilmektedir.

Anahtar kelimeler: Kazakistan, Avrasya, SSCB, Batı Avrupa, G.V.Florovskiy, Rus aydınları, fikri.

20. asırda oluşan fikir akımı ve teorilerin bazılarının ömürü kısa olmuş, bazıları ise ortaya çıkışıyla birlikte diğer fikir akımları içinde gölgede kalmış, ancak uzun yıllar sonra tekrar ortaya çıkarak itibar görebilmiştir. 20 asrın başında Rus aydınları arasında doğan Avrasyacılık fikri bunun örnek gösterilebilir.

Geçen asrın son yıllarında ortaya çıkıp daha sonra da önemini yitiren Avrasyacılık fikri son zamanlarda yeniden tarih sahnesine çıkmaya başlamıştır. İlk olarak 19. asrın 70' li yıllarında (N.V.Danilevskiy v.b.), daha sonra 20. asrın 20' ve 30' lu yıllarında (Avrasya fikrinin düstur edilen Rus göçmenleri) ve 20. asrın sonunda Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı N.A.Nazarbaev ile bu fikri destekleyen diğer fikir adamları. Bu durumda söz konusu üç dönemi bir birisiyle ilişkilendiren nedir sorusu akla gelmektedir.

Birinci dönem: Bu devre 1861' deki köylü-çifçi reformlarından sonraki zaman dilimini kapsamaktadır. Bu dönemde Avrasyacılık fikrinin gelişmesinde çok elverişli bir ortam olmuştur. Halkın kaderi ve kültürel özellikleri ile cemiyeti ıslah etme maksat tutulmuştur. Bu dönemde Rus aydınları, Rusya'nın geleceğe güvenle ulaşması ve bu geleceğin şeklinin nasıl olacağını belirlemek için hayatla ilgili ve sağlam bir tarzda zemin oluşturmaya gayret sarf etmişlerdir.

İkinci dönem: Bu devre 20 asrın 20' li yılları kapsar. Bu dönem eski dünya sistemini çöktüğü, büyük değişim ve ihtial deviridir. Bu dönemdeki Avrasyacılık, ülkelerinden kaçmak zorunda kalmış olan Rus göçmenlerinin sosyal ve felsefi hareketiydi. Bu hareketlerin temelini oluşturanlardan biri de Kinez N.S.Trubeskoy'dur. O, bu hareketin ortaya çıkışın şu şekilde anlatmaktadır: “Biz, sözünü ettiğimiz “Rus medeniyetinin” ansızın yıkılışına şahit olduk. Böyle bir ani bir yıkılış çoğunluğu hayretler içerisinde bıraktı ve bu vakianın sebebini tespit etmek bir

çoklarını düşündürdü” [1].

Dindar bir filozof olan G.V.Florovskiy 20. asrın 20’ li yıllarında Avrasyacıları: “Bizim için öncelikli ve en önemli olan şey, tarihi trajedinin görünmesiydi. Bu trajediyi görmeyenlere ve görmek isteyenlere karşı olmamız lazım” [2] şeklinde ifade etmiştir.

Üçüncü dönem: 20. asrın sonlarını kapsar. Bu dönemde SSCB’ nin çökmüş, komünizm yıkılmış, yeni, genç ve müstakil devletler ortaya çıkmıştır. Müstakil devletlerin zorluk çekmeden kendi ayaklar üstünde durması mümkün değildi. Sovyetlerin çöküşü bu yeni bağımsız devletlerin – geçici bir süre iktisadi gelişmesini frenlemekle kalmadı, bir çok başka zorlukları da beraberinde getirdi. Bu yeni devletlerde oluşan bu durumu çözmek için N.A.Nazarbaev, M.V.Lomonosov Moskova Devlet Üniversitesi Öğretim Üyesi Heyeti toplantısında fikir teatisinde bulunmuştur. Avrasya ittifakı c, müstakil devletlerin her birinin sosyo-ekonomik hususlarını dikkate alarak, enterasyon süreçlerini yavaş yavaş uygulama hedefleri gösterilmiştir.

Herhangi bir fikri akımın temeli, onun fikri ve teorik kaynaklarıyla sosyo-tarihi sebepleri kendi aralarında birleşmektedir. Rus Avrasyacılığına, 1904-1905 Rus Japon Harbi ve 1905-1907 ilk Rus ihtilali zemin hazırladı dersek yanılmış olmayız. Birinci Dünya Harbi, Rus aydınlarının batı görüşünü değiştirerek, doğuya doğru yönelmelerine doğrudan tesir etti. Onların birçoğu 1917’ deki Şubat ve Ekim ihtilallerini tasvip etmeyen Rus aydınlar grubuydu. Bu kişiler, Rusya’ nın istikbali için yeni fikirler ve yollar aradı. Avrasyacılık bu arayışın meydenlerinden biridir.

Avrasyacıların ortaya koymuş oldukları mühim meselelerden ilki Batı ile Doğu ve bununla sıkıca bağlantılı olan Ortodoksluk ve Katoliklik meselesidir. Batı’ nın en büyük başarısı ilim ve tekniktir. Avrasyacılar göre, bu başarı onları din ve samiyet kıtlığına düşürcekti. Din ve samimiyeti ekonomi sömürmektedir. Humanizm de ekonomiyle beraber aynı seviyede duruyor. Bunun sebebi ise, bunların insanı Allah’ tan uzaklaştırarak, tek bir ucube hayatın prangasıyla sarılı bırakmasıdır. Bununla birlikte Rasyonalizm de batının günahıdır. “Batı Avrupa dünyasını, doğu dünyasının değiştirecesine hiçbir şüphemiz yok” [3] denilmiştir. Onların ortaya koydukları ikinci esas mesele ise Avrasya meselesidir. Avrasyacıların fikrine göre, Batı Avrupa, Orta Asya gibi sınıflandırmalar hakiki değildir. Avrupa’ nın okyanusa çıkan bir yolu mevcuttur (Batı Avrupa). Asya’ nın ise güneyi ve doğusu (Çin, Hindistan, Doğu Sibirya v.s.) okyanusa ulaşır. Avrupa, Avrupa’ nın kıtalık bölümü ile Asya’ dan oluşur. Doğu Avrupa, Batı Sibirya ve Türkistan coğrafyası Avrasya’ ya dahil olan üç önemli düzlüktür. Bozkıra hakim olan bütün Avrasya’ yı yönetir. Vaktinde bunu Cengiz Han nasıl başarılı bir şekilde çözmüşse, aynı istikamette Rus İmparatorluğu da, SSCB de bu ittifak fikrinin bir meyvesidir. Etnik yapıya ve kültüre gelecek olursak, Avrasya coğrafyasında Slavlar önceden beri “Turan Halklarıyla” karşı gelmiştir. Slavların ekseriyeti, batıya göre doğuya bir adım daha yakındır dıyor Avrasyacılar. Avrasya sahasında yaşayan halkların manevi yönden birleştikleri malumdur. Bu bağlantıları gayri tabii bir tarzda yok etmek, onları dünya medeniyetinin uca bir köşesine uzunca bir müddet atmakla eş değerdir. Böyle bir kaderi hiç kimsenin istemeyeceği bellidir.

Avrasya fikri, doğu ve batı fikirleriyle mukayese edildiğinde kendine has hususları olmakla beraber, onlar için bir tezat teşkil etmez ve onlardan ayrı bir şekilde olmaz. Aksine, iki fikri de canlandırmak, kültürel-manevi açıdan birleştirir ve bir sentez oluşturur.

O, dünyayı canlandırma ve insanı manen yetiştirmeyi birbirinden uzaklaştırmaz. Bilakis yakınlaştırır ve eksikliğini giderir. Başka bir açıdan söyleyecek olursak, insanın maddi ve pratik faaliyetleri, maneviyat ve insanlık açısından gelişmesi dünyadan kopuk kalmayı değil, tekrardan o kesin faaliyeti talep eder. Böylece Avrasyacılık fikri kendi derin felsefi ve teorik önemine göre, insanın dünya ile münasebetinin çok farklı türüdür. Bu fikir uygulamalı hümanizm gücüne uygun olan belli bir huduttan çıkmayı, objeyi yenmeye, böylece bir taraftan maddi ve pratik hizmeti, faaliyeti, öbür taraftan psiko-manevi kültürü birleştirmeye yönelir. Onların iyi taraflarını birleştirir ve sentezler. Avrasyacılık büyük bir değişim metaforu biçimindedir. Bu, insanın dünyaya dair kökten yeni bir münasebetinin, yeni medeni hayat reformunun üçüncü bin yıl taleplerine tam manasıyla cevap veren yeni bir tarzıdır.

Avrasya fikri hakkında N.A.Nazarbaev' in görüşü şöyledir: “Kazakistan Avrasya fikri, ekseri ve milli birliğinin, sosyal adaletin fikridir. Bu, yeni manevi ve insani sahanın oluştuğunun işaretidir. Bu fikir çerçevesinde her halkın milli şuur ve hisleri canlanarak, barış ve huzurun kefilisi olabilecek kuvvetli bir devlet kuruluyor” [4].

Avrasya fikrini, Kazakistan' daki Türk ve Slav halklarını birleştiren büyük bir güce çevirmek için, genel bir medeni ve sosyal temele sahip olmak lazım. Türk-Slav dialoğu tarihte hakiki Avrasya medeniyeti, örnek bir manevi münasebeti oluşturan ve de Avrupa ile Çin' i, Hindistan ile İran' ı bağlayan bir unsur olduğunu açıkça ifade edebiliriz. V.L.Solavyev' in fikrine göre, irtibatçı halk metodik prensip açısından ele alacak olursak, o zaman, devrin değişmesi, uluslararası münasebetlerin gerginleşmesi ve sosyal dokunun bozulması bu meseleye irtibatlı bir değil, birden fazla devlet, ittifak veya gruplar buna dahil olabilir. Kazakistan Cumhuriyeti hakkında konuşacak olursak, bu tür irtibatçı bir fikri belli bir vaziyette komşu ve manevi yönden yakın devletlere gerçekleştirmek mümkün. Kazakistan çok milletli bir yapıya sahip olmakla farklı bir durumdur. Bu siyasi ve etnik cemiyetin kurulması tarihte bellidir. Bu yerde manevi birlik aslında siyasi bir kültür sahası oluşmuştur. Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı N.A.Nazarbayev “Biz, bu birliği muhafaza etmeye ve geliştirmeye mecburuz. Fakat bu birliğin arasına nifak sokmaya çalışanlara karşı çok güç sarfetmemiz gerek” diyor [5]. Avrasyacılığın mevzularından biri olan bu fikir bugün bizlerin gözlerin önünde faaliyete geçiyor.

21. asrın eşigini aşan böyle bir tarih dalgasının başlamasında medeniyetler çatışması, onların fikir alış-veriş ve ittifakları başlıca bir iddiaya dönüşmesi gerek. Avrasya Ekonomik İşbirliği' nin kurulmasına dair Kazak gazetecilere verdiği röportajda N.A.Nazarbaev: Bu fikri “söyleyecek söz bulamıyorum, kalpten çıkarılmayacak bir fikir” şeklinde beyan etmesi birçok şeyi açıklasa gerek. Bu

fikir, sadece Kazak halkının değil, bununla birlikte müstakil ülkemizi mesken tutmuş diğer halkların da milli, manevi, estetik ve örnek miraslarının başlıca vasıflı yanlarını kendisine malettiği vakit gün yüzüne çıkararak, gerçek milli ve kültürel değerleri canlandırabilir.

КАУНАҚСА

1. Саудабекова Э. Орыс евразиялығы социомедени тәлға ретінде //Ақиқат. – №3. –1997.
2. Назарбаев Н.А. Евразийский Союз: идеб, практика, перспективы 1994-1997. –Москва, 1997.
3. Ыкербает Е. Евразияшылдар жене Шығыс //Саясат. –Қыркөйек, 1999.
4. Мотелинов Ж. «Евразиялық үркениет» идеясының медени кеңістігіндегі үөрдістері //Саясат-policy. –№10. –2003.
5. Деуренбеклы Ж., Елібек Ж. Елбасы. –Алматы: Ана тілі, 1996.

ТҮЙНДЕМЕ

Мақалада қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі болып отырған еуразия идеясы жайлы айтылады. XX ғасыр басында орыс зиялы қауымының ортасында пайда болған еуразия идеясы мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразиялық Одақ идеясының негізгі мәні мен мақсаттары қарастырылған.

(Төлегенов Е., Таубаев Б. Евразия идеясының қалыптасуы мен дамуы)

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются евразийская идея, возникшая в начале XX века среди русского элитного общества и основные значения Евразийской идеи президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева.

(Төлегенов Е., Таубаев Б. Возникновение и дальнейшее развитие Евразийской идеи)

SUMMARY

In this article one of the present actual problem of Eurasia idea is said. The Eurasia idea appearing among the rassian outstanding people at the beginning of XX century and the significance and purpose of Eurasia Unit's idea of President of Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev are considered.

(Tulegenov E., Taubayev B. Forming and Developing of the Eurasia Idea)

ӘОЖ 973917

Қ.ӘБДІКЕРІМ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫНДА ОРЫН
АЛҒАН КЕЙБІР ОҚИҒАЛАРДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ**

Бұл мақалада Америка Құрама Штаттарының тарихи дамуында елеулі орын алған оқиғалардың мәні мен мазмұны туралы ғылыми зерттеулер көрсетіліп, олардың саяси-экономикалық бағыттары нақтыланған. КСРО өмір сүріп тұрған кезеңде дүниежүзінің алып мемлекеті Америка Құрама Штаттары туралы қызығушылықтар нәтижесінде көптеген зерттеулер дүниеге келген. Американ қоғамында терең реформалар жүргізу дағдарыстан шығудың жолы болды да, ол 1933-1941 жылдары президент Франклин Д.Рузвельттің саясатымен тұстас келді. Бұл саясат тарихқа «Жаңа бағыт» деген атпен енді. АҚШ-та 20-жылдары экономикалық қарқын өте жоғары болды. 1929-1933 жылдардағы орын алған экономикалық дағдарыс соншалықты терең болды.

Кілт сөздер: АҚШ, саясат, мемлекет, демократиялық, реформалар.

XX ғасырдың 30-жылдарының соңында АҚШ-та миллион доллардан астам өнім шығаратын ірі кәсіпорындарда өндіріс пен капитал шоғырланды. Ол американ кәсіпорынның жалпы көлемінің 5,2%-ын құрады. Онда кәсіпорындарда жұмыс істейтін жұмысшылардың 55%-ы жинақталған. Ол өнеркәсіп өнімінің 67,5%-ын өндірді. Американ корпорациясының жалпы санының 1000-нан астамын құрайтын алып концерндер барлық активтердің жартысын иемденді. XX ғ. 30-жылдардың соңында жекеменшік иелерінің 1%-ды елдегі ұлттық байлықтың 59%-на ие болды. Елдің басым көпшілігі ұлттық байлықтың 8%-не ие. Франклин Рузвельт үкіметінің сыртқы саясаты алдыңғы кезеңдегі үкіметтің саясатынан гөрі бұрмаланқы саясат болды. Америка үкіметі Латын Америкасы елдерімен «Тату көршілік» саясат ұстанды. 30-жылдардың басында АҚШ дүниежүзілік нарықта үлкен бәсекелестікке түсті. Оның бәсекелестері Германия, Жапония, Италия болды. Осы бәсекелестік олардың арасында қайшылықтардың шиеленісуіне әкеп соқты. 1929-1933 жылдары өндірілген тауарларды сату мен өткізу саласында дағдарыс туды. Ол дағдарыс Американың Нью-Йорк биржасында басталып, Еуропаның барлық капиталистік мемлекеттерін қамтыды.

Американ қоғамында терең реформалар жүргізу дағдарыстан шығудың жолы болды да, ол 1933-1941 жылдары президент Франклин Д.Рузвельттің саясатымен тұстас келді. Бұл саясат тарихқа «Жаңа бағыт» деген атпен енді. АҚШ-та 20-жылдары экономикалық қарқын өте жоғары болды да, 1929-1933

жылдардағы орын алған экономикалық дағдарыс соншалықты терең болды. Өнеркәсіп өндірісі ғасырдың басындағы деңгейіне түсті, 100 мыңдаған фермер күйреді. Жұмыссыздық өсті. Америка тағдырында алғаш рет жұмыссыздар саны 12,5 миллион адамға жетті. 1929-1933 жылдары орын алған дағдарыс американдықтардың тағдырында ұлттық трагедияның символы ретінде қалды. Бұл дағдарыс американдықтардың 20-жылдары гүлденген Американың еш уақытта күйрейтінін білмеген американдықтарға өте ауыр тиді. Оның үстіне АҚШ-та әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жүзеге аспаған болатын. Американдықтар әр адам өзіне ғана сенуі керек деп есептейді. Дағдарыс кезінде олар бұл көзқарастан ауытқыды. Олар мемлекеттен көмек сұрады. Мемлекеттің экономикаға араласуы өмір сүрудің жалғыз құралы деп есептелінді. I-дүниежүзілік соғыс ардагерлері жұмыссыздарға мемлекеттің қолдау көрсетуін талап етті. Фермерлер өз өнімдерінің бағасының құлдырауының шегін қоюды қалады. Дағдарыс республикандықтардың президенті Герберт К. Губер тұсына сай келді. Ол 1928 жылы президенттікке сайланып, 4 март 1929 жылы дағдарыс басталған соң Ақ үйді тастап кетті. Оның қарсыласы демократиялық партия, өкімет басына келуге мүмкіндік алды. Демократтар 1930 жылы американ конгресінде көпшілік орын алды. Демократтар 1932 жылы президенттік қызметті жеңіп алуға ұмтылып, Франклин Д.Рузвельтке үміт артты. Франклин Делано Рузвельт Гудзон өзені жағасында атақты Рузвельттер жанұясында 1881 жылы дүниеге келген. Оның арғы атасы Ван Рузвельт Америкаға XVII ғасырда Голландиядан келген. Қазіргі Нью-Йорк ол кезде голландық болып, Жаңа Амстердам болып аталған. Кейін оны ағылшындар басып алып, қаланың атын өзгерткен. Рузвельт ағылшын мәнерінде Рузвельт болып аталған. Оның екі немересі американ тарихында президент болды: Біріншісі президент Теодор Рузвельт. Ол 1901-1909 жылдары аралығында президент болған. Екіншісі-Франклин Делано Рузвельт. Оның әкесі бизнесмен болған. Рузвельттер Нью-Йорктағы атақты жанұяларға жатады. Франклин Рузвельт әке-шешесінің жалғыз ұлы. Франклин үйде жақсы білім алып, ол француз, неміс тілдерін жетік білді. Делано 3 жасқа келгеннен бастап үнемі әке-шешесімен бірге Еуропаға саяхатқа шығып отырған. Франклин Д.Рузвельт жеке меншік мектепте білім алып, даңқты Гарвард университетін бітірген. Сонан кейін Колумбия университетінің құқық мектебін бітіреді. Франклин Д.Рузвельт жас кезінен бастап саясатқа қызығады. Ол 1913 жылы демократиялық партиядан Нью-Йорк штатының сенатына сайланады. 1913 жылы президент В.Вильсон оны теңіз министрінің орынбасары етіп тағайындайды. Осы қызмет үлкен саясатқа жол ашады.

1921 жылы Франклин Д.Рузвельт мұхитқа шомылып, суықтайды және полиомиелит ауруымен ауырады. Балдақсыз жүре алмайтын халге келеді. Аурудың алғашқы ауырлығын жеңіп, саясатқа қайта оралады. Ол өзімшіл, өте рухы жоғары, қайсар адам болған. 1928 жылы оны өзінің штаты Нью-Йорктің губернаторы етіп сайлайды. Осы штатта революцияға тең мемлекет

көмегіне қажеттілерге көмек көрсететін бағдарламаны жүзеге асырады. Бұл саясат қайыршыланғандарға қолдау көрсетеді. 1932 жылы президенттік сайлауда республикандық партия оңбай жеңіледі. Франклин Д.Рузвельт конгрестің екі палатасында да басымдық көрсетті. Сайланған президент өзінің қызметіне 1933 жылы 4 наурызда кірісті. Сайлау жүргеннен бастап, дағдарыс кеңейіп, американ банктері банкроттыққа ұшырады. Американдықтар өз жинақтарын сақтап қалу үшін банктер жанына шоғырланды. Франклин Д.Рузвельт қызметіне кіріскен кезде Нью-Йорк және Чикаго сияқты финанс орталықтарында банктерде қаржы болмады. Ел толық жансыздану алдында тұрды. Франклин Д.Рузвельт дағдарыстан елді шығаруды финанс жүйесінен бастады. Президент банк жүйесін құтқару үшін күтпеген шаралар қолданды. Бір банктерді жапты, бірін-біріне қосты. Франклин Д.Рузвельт әкімшілігі «Жүз күн» деп аталатын реформаларды жүзеге асырды. Көптеген жұмыссыздар әртүрлі қоғамдық жұмыстарға тартылды. Франклин Д.Рузвельт өзінің батылдылығымен, болашаққа сенімділігімен адамдарды өзіне тартты. Оның басшылығымен «Жаңа бағыт» атымен белгілі реформалар кешені әзірленді. Белгілі бір мағынада «жаңа бағыт» АҚШ-та Батыс Еуропалық елдерде жүргізілген реформаларға ұқсас реформалар жүргізуді көздеді. Сонымен қоса ол 1880 жылы темір жол тарифтерін бақылаудан және Г.Рузвельт пен В.Вильсонның реформаларынан басталатын экономиканың ұзақ жолының аяқталуы болды. «Жаңа бағыттағы» шын мәніндегі жаңашылдық – АҚШ-та өз міндеттерін орындаған реформалардың жылдамдығы болды. Бірақ көптеген реформалар асығыс дайындалып, қарқынсыз жүргізілді, ал кейбіреулері тіпті бір-біріне қайшы келді. Шешім қабылдау мен оны өмірге енгізудегі бар жылдамдығына қарамастан, «жаңа бағыт» еркін талқылау мен сынға ашық боп қала берді. Ол американдықтардың өз мемлекеттерінің әрекеттеріне деген қызығушылығын қайта оятты.

Америка Құрама Штаттары туралы КСРО өмір сүріп тұрған кезеңде терең біле бермейтінбіз, ал 1991 жылы Қазақстан өз алдына егеменді ел болып, туын көтерген соң 1991 жылдың соңынан бастап екі елдің арасында дипломатиялық қатынастар орнап, екі жақты байланыстар белсенді дамып келеді. Дүниежүзіндегі мемлекеттерден өзгешелігі АҚШ-та жеке адамның құқы және жеке меншікке ие болу құқы қорғалып бағаланады, әр адам қоғамда өз орнын таба алады. АҚШ-тың саяси өмірін тек байлар мен билеп төстеушілер өкіметтің үстемдігі деп сипаттауға болмайды. Егер заңды немесе моральдық нормаларды бұзғаны анықталса, президент болса да саясат пен бизнес әлемінен өз орнынан айрылып қалатындығы сөзсіз.

Америка халқының үлкен «жетістігі» жеке табыс іскерлік тәуекелге бел буушылық, еркіндік сүйгіштік арқылы даму жолы болып табылады. Осындай сипаттағы Американы қалыптастыруда Американың тарихында президенттік қызметке төрт рет сайланған Франклин Делано Рузвельттің еңбегі айрықша. Болашақ президент бақуатты бай жанұяда өмірге келді. Ф.Рузвельт 1904 жылдары үйінде білімін ашқан. Колумбия университетінде

заң мамандығын меңгерген. 1905 жылы жиені Эленора Рузвельтке үйленеді. Эленора күйеуінің саяси карьерасында үлкен рөл атқарады. 1910 жылы Рузвельт АҚШ-тың демократиялық партиясының Нью-Йорк штатына сенатор болып сайланады. 1929-1933 жылдардағы Бүкіл дүниежүзілік дағдарыс жылдарында Американы тығырықтан алып шығуға лайықты адам іздегенде американдықтардың назары тағы да Ф.Рузвельтке ауды. Ф.Рузвельт 1932 жылы президенттік сайлау кезінде Нью-Йорк штатының губернаторы, демократиялық партияның өкілі Ф.Рузвельт жеңді. Ол билік басына келісімен сайлаушылардың көңілінен шығу үшін терең саяси бағыт жүргізу керек екенін түсінді. Ол американдықтарды абыржудан сақтандырып, белсенді әрекеттер жүргізуге шақырды. Егер мемлекет экономикалық мәселелерді шешуге барынша қатыссын десеңіздер, аман қаламыз десеңіздер реформа жүргізу қажет деп ұғындырды. Ф.Рузвельт Американың халқына былай деді: «Долг государства по отношению к гражданам является долгом соуги по отношению к своему хозяину одна из обязанностей государства заключается в заботе о гражданах, оказавшихся жертвами неблагоприятных обстоятельств» [1]. Президент болған Рузвельт елдегі депрессия Америка халық шаруашылығындағы ішкі процестердің салдарынан басталып, 20-жылдардағы республикандықтардың саясатының арқасында күшейгенін дәлелдеумен болды.

Рузвельт президенттік ант бергенде елдің банкі және несие жүйесі мүлдем құлдыраған еді. Елде инфляция орын алды. Ауыл шаруашылығы мүлдем күйреді. Осыларды жөндеу үшін шешімді реформалар қажет болды. «Жаңа бағыт» реформасы арқылы өнеркәсіп ауылшаруашылық және банк финанс жүйесі ретке келді. Бұның бәрі Ф.Рузвельттің саналы басшылығы және ақылдылығының арқасында жүзеге асқан еді. Америка халқы Ф.Рузвельттің елді тығырықтан алып шыққан еңбегін бағалап, оны келесі мерзімге де президент етіп сайлады.

КСРО өмір сүріп тұрған кезеңде дүниежүзінің алып мемлекеті Америка Құрама Штаттары туралы қызығушылықтар нәтижесінде көптеген зерттеулер дүниеге келген. Ол зерттеуде Кеңестік құрылысты асыра дәріптеп АҚШ-тың шын тарихы бұрмаланған. Солай бола тұрса да елдің өміріндегі президенттердің атқарған қызметтерін тарихтан алып тастау мүмкін емес еді. Соның бірі 1979 жылы Москвадан жарық көрген А.Э.Иванянның «Белый дом. Президенты и политика» деп аталатын еңбегі табылады. Онда АҚШ президенттерінің жүргізген саясаттары кеңінен сөз болады. Кеңес дәуірінде жарық көрсе де еңбекте Франклин Рузвельттің «Жаңа бағыт» реформасының орнына, мәніне өз бағасы беріледі. Ф.Рузвельттің «Жаңа бағыты америка халқын депрессиядан алып шыққан батыл шешім» деп әділ бағасын береді [3]. Американың тарихына шынайы өз бағасын беруді көздеген еңбектің біріне 1990 жылы Москвадан жарық көрген А.С.Манькиннің «Эра демократов: партияная перегруппировка в США 1933-1952 гг» жатады. Онда автор демократтар басқару тұсының республикандықтар басқару кезеңінен айырмашылығын айқындайды. Автор Франклин Рузвельттің II дүниежүзілік

соғыс кезіндегі еңбегін ерекше бағалап, оның президент болған алғашқы кезеңінде жүргізген «Жаңа бағыт» саясатында Рузвельттің ешкімге ұқсамайтын батылдығымен табандылығын ашып көрсетеді [4]. Осы тақырыпты зерттей отырып мен бұл тақырып студент жастар үшін Америка Құрама Штаттары, оның президенті Франклин Рузвельтке деген қызығушылығын арттыра түсетініне сенемін. Оның өмірі, халықаралық аренада ұстанған ұстанымы болашақ саясаткерлердің бәрін де қызықтырмай қоймайды. 1991 жылы Тәуелсіз Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының арасында дипломатиялық қатынастар орнағаннан кейін қазақстандықтар осы елдің өткенін, бүгінін, болашағын білуге ұмтылды. Оны білу үшін сол елдің тарихын білуге тиіс болды. Сондай мақсатта 1996 жылы Алматыдан «АҚШ-тың қысқаша тарихы» деген еңбек жарық көрді. Осы тарихта «1932 жылы президент сайлауы «Ұлы депрессиядан» шығудың жолдарымен себептерін талқылау айтысында Г.Гувердің жолы болмады, шешуші шараларды қабылдай алмады. Елді күйзелістен алып шыға алатын демократиялық партияның өкілі Франклин Делано Рузвельт деп есептелінді» [5]. 1995 жылы Алматыдан Дуглас К. Стивенсонның «Америка: Халық пен ел» деген еңбегі қазақ тілінде басылып шықты. Осы еңбекте Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік құрылымына жан-жақты талдау жасалынған. Президент әр төрт жыл сайын сайланып отырады. Оның екі мерзімге ғана сайлануға құқы бар. Американдық жүйенің мемлекет басшысы партияның немесе көпшілік партиясының өкілі болып табылады, көпшілік партиясының өкілі болып табылатын парламенттік жүйеден негізгі өзгешелігі міне осы.

Қорыта келгенде, Америка Құрама Штаттарының тарихи дамуында елеулі орын алған оқиғалардың мәні мен мазмұны елдің саяси-экономикалық жағдайын жақсартуды көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. История внешней политики СССР. –Т.1. –М., 1980. –426 б.
2. Советско-американские отношения во время Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.. –Т.1. –М., 1984. –225-226 б.
3. *Израэлян В.Л.* Дипломатия в годы войны (1941-1945). –М., 1985. –27 б.
4. *Международная жизнь*, 1981. –№86. –99 б.
5. *Шервуд Р.* Рузвельт и Гопкинс. Глазами очевидца. –Т. 1. –М., 1958. –546 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье представлены научные исследования о значении и содержании важнейших событий в историческом развитии США, а также определены их социально-экономические направления.

(Абдикерим К. Значение и содержание некоторых событий в историческом развитии США)

SUMMARY

This article deals with the scientific researches about value and the maintenance of the major events in historical development of the USA, and also their social and economic directions are defined.

(Abdikерim R. Value and the maintenance of the major events in historical development of the USA)

ӘОЖ. 306.089:327.101(950)

Қ.МӘМБЕТОВ

филология ғылымдарының кандидаты
А.Ясауи атындағы ХҚТУ Түркология ҒЗИ-ның
аға ғылыми қызметкері

XXI ҒАСЫР: ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАНАЛЫҚ ӘЛЕМІ

Мақалада түркі халықтарының даналық әлемі және өркендеуінің қайнар көздері сипатталады. Қазіргі түркі халықтарының интеграциялық қарым-қатынасы, мәдени байланысымен бірлігі дамуымен қатар ерте дәуірдегі түркі қағанаттарының Білге қаған, Тоныкөк, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауилердің даналық әлемі де байланыстырыла қарастырылады.

Кілт сөздер: даму, рухани-мәдени байланыс, интеграция.

Тәуелсіздігін алған Түркі халықтары жан-жақты дамып, барған сайын мәдени, экономикалық, рухани және саяси қарым-қатынастары нығая түсуі тиіс. Қазіргі таңда дербес түркі мемлекеттерінде осы барыстың нышандары жыл сайын нығайып келеді.

Елбасы: «Кеңес Одағы ыдырап, тарап кетуіне байланысты түркі халықтарының дамуындағы жаңа кезең басталды. Арада мың жарым жыл уақыт өткенде түркі елінің тап жүрек тұсында тәуелсіз жаңа мемлекеттер пайда болды. Провинциялық шет аймақтар саналатын Орта Азиядағы елдер мен Әзербайжан осы заманғы дүниежүзілік тарихтың тініне қоса өрілген тәуелсіз дербес мемлекеттерге айналды» [1, 116 б.]. Бұрын тарихта үлкен мемлекет құрған, отаршылдық тарихының тар жол, тайғақ кешу азабын басынан өткерген Түркі әлемі жаңа дамудың тарихи перспективасымен бетпе-бет келіп, тәуелсіздік, дербестік туралы талай жылдар бойы армандап келген мемлекет құру мақсатын жүзеге асырып, оны нақты интеграциялық қарым-қатынастар арқылы, еріктік негізде шешудің мүмкіндігі туды.

Елбасы: «Қазіргі Түркі әлемі уақыт өткен сайын өзара тығыз бірлесе түсіп, өздерінің мәдени мүмкіндіктерін танытуға тиіс» [1, 119 б.], – деген еді. Түркі халықтарының мәдени бірлігі, қарым-қатынасы дамыған сайын, әртүрлі халықтар мен мәдениеттерді бір-бірімен байланыстырушы көпір дәрежесіне көтерілетінін бүгінгі тарих айғақтап отыр. Түркі әлемі Қытай, Ресей, Араб-Иран әлемімен, Батыс Еуропамен мәдени-өркениет арасындағы байланысты қамтамасыз ететін, мәдениеттерді өзара байыта түсетін маңызды мүмкіндіктері мол.

XXI ғасырда Түркі әлемінің мәдени-рухани өркениетінің дамуына Көне түркі дәуірінен бері жалғастығын тауып дамып келе жатқан рухани мұраларымыздың тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Жастарымыздың бойында имандылық, адамгершілік, парасаттылық қағидаттарды сіңдіруде бабалардың даналық ойлары мен өсиеттері өте-мөте құнды дүниелер. Түркі әлемінің

бірлігіне, ынтымағына, мәдени дамуына Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Ясауи, Махмұд Қашқари, т.б. мемлекет қайраткерлері мен ғұламалардың тасқа, қағазға жазып қалдырған ғұмырлы өсиеттері, даналық, парасаттылық ойлары мәдени құндылықтарымыздың өркендеп өсуіне ықпалы орасан зор. Жаңа Түркі әлемінің дәуірлеу заманына бабаларымыздың рухани құндылықтары, өсиеттері, даналық сөздері қызмет еткенде ғана әлем тарихының сахнасына шыға аламыз.

Түркі әлемінің көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның көп ұлттылық бірлігін сақтап нығайтумен қатар, Түркі халықтарының бірлігін, бір-бірімен мәдени, экономикалық қарым-қатынасын нығайтуда бабалар өсиетімен жүріп келеді.

Орхон жазуларындағы жырларда Күлтегін (Кіші жазу) (Түрік Білге – кісі аты. Білге – ақылды, данышпан, кемеңгер деген ұғымды білдіреді):

Тәңірдей, тәңірден жаралған
Түрік білге, қаған,
Бұл шақта отырдым.
Сөзімді түгел естіңдер:
Бүкіл жеткіншегім, ұланым,
Біріккен әулетім, халқым...
...Тоғыз оғуз бектері, халқы,
Бұл сөзімді мұқият тыңда,
Терең ұқ.
Ілгері – күн шығысында,
Оң жақта – күн ортасында
Кейін – күн батысында,
Сол жақта түн ортасында
Осының ішіндегі халықтың бәрі
Маған қарайды, халықты осынша
Көп еттім. Егер қазір баяғы кексіз
түркі қаған Өтүкен қойнауында отырса,
(онда) елде мұң жоқ [2, 26 б.].

Білге қаған өте ақылды, данышпан, кемеңгер, дана кісі болған. Ол бүкіл «жеткіншек», «ұланына», «біріккен әулетіне», «халқына» ел бірлігін, ынтымағын сақтауды өсиет етеді. Күннің батысында да, шығысында да «халықты көп еттім», «елді мұнсыз, қайғысыз» еттім дейді.

Ежелгі түркі ескерткіштерінің қалдырған деректеріне қарағанда, «ел-жұртының қамын ойлау, халқын асырау».

Еліміз қайта ел болды,
Халқымыз қайта халық болды...[2, 55–56 б.].

Қайтыс болған қаған туралы құлыптасқа қашап жазылған ең жоғары мақтау сөзде: «ол өзінің халқын армансыз асырады» [1]. Барлық биліктің қаған мен дала ақсүйектерінің қолына шоғырлануы оларға мемлекет тағдыры үшін саяси және тарихи тұрғыдан мейлінше күшті жауапкершілік жүктеді.

Түркілер өзге мәдениеттердің жетістігін қабылдаудың ғажайып бірегей

қабілетін танытты. Өздерінің ерекше жағдайларына қарай бейімдеп, шебер пайдалана білді. Ол томаға-тұйықтықтан мүлде бөлек мәдениет болды. «Кейін түркілермен кездесіп, араласа бастаған мұсылмандар олардың өз айнала төңірегіндегі көршілес халықтармен ортақ тіл табысып, түсінісуге келгенде алдына жан салмайтын тамаша бейімділігін айрықша атап көрсетті. Түркілер өздерінің бұл қасиетін қандай жағдайда болса да қатаң сақтай білді...» [3]. Ғұлама ғалым Л.Н.Гумилев түркілердің тіл табысқыш қасиетін жоғары бағалаған.

Бүгінгі таңда, түркі мемлекеттері барған сайын дүние жүзінің мемлекеттерімен тең дәрежелі мәдени, экономикалық қарым-қатынасын дамытуда.

Түркі әлемі бүкіл елдермен кең көлемді байланыс жасауы тек тауар алмасумен және техникалық жаңалықтарды бөлісумен ғана шектеліп қойған жоқ, сонымен қатар әртүрлі идеялық жүйелерді бір-бірімен салыстыру арқылы жемісті жұмыс жүргізуді де қамтамасыз етті. Мысалы, Әл-Фараби шығармалары орта ғасыр дәуірінің басынан аяғына дейін Батыс Еуропада мейлінше кеңінен пайдаланды және оның Қайта өрлеу дәуірі гуманизмінің дамуына күшті ықпал еткені даусыз. Ибн-Синаның еңбектерін Еуропа он ғасырдан астам медициналық білім энциклопедиясы ретінде пайланып келді.

Әл-Фараби математика, сәулет, музыка сияқты көптеген ғылым мен өнердің негізін салушы ретінде әбден орынды мойындалды. Ол Шығыстан шыққан тұңғыш философ саналды. Оның шығармашылығы ортағасырлық Шығыс ойшылдары Низами Гәнжауиге, Омар Хайямға, Әлішер Науаиға орасан зор игі ықпалын тигізді.

Ұлы дәуір дүниеге ұлы адамдарды, ғажайып ойшылдарды, ақындарды, сәулетшілерді, дәрігерлерді берді.

Көрнекті математик, ұлы ғалым Әл-Хорезмидің (780–847) еңбектері Еуропадағы математика ғылымының негізін қалады. Әл-Хорезми алгебраның негізін салды. Бұл ғылым оның «Әлджебр» деген кітабының атымен аталған.

Математик, астроном Әл-Бируни ұлы ғалымдардың қатарында тұрады.

Өткен тарихымызға назар аударсақ, ойшыл ғалымдарымыздың, ақындарымыздың, шешендеріміздің түркі тілінде сөйлегенін, артына мол мұра қалдырғанын көреміз. Оған Абу-л-ғазидің «Шаджара-и түрк» және «Шаджара-и таракимада» келтірген сөзі мысал бола алады: «Мен бұл кітапты түркі тілінде сөйлеушілерге түсінікті болу үшін тек қана түрік тілінде жаздым. Шағатай – түркі тілін де, парсы және араб сөздерін де қолданбадым» [4]. Ұлы Әлішер Науаи өз шығармаларының басым көпшілігін түркі тілінде жазғандығы белгілі. Ол өзінің «Мезанул авзан» деген еңбегінде: «...Мен болсам түркі тілінің құдіретіне сүйендім, олар сүйікті қыздай қып аялаған ойларын жеткізіп берген сөздерді мен шағатай авзанымен жаздым» [5].

Ортағасырлық Шығыстың аса ірі ойшылдары Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Махмұд Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрк» атты еңбектері Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтар әдебиеті мен тіл білімі тарихынан орасан зор мағлұмат беретін баға жетпес ескерткішке айналды.

XII ғасырда Иассы (Түркістан) қаласында өмір сүрген Қожа Ахмет Йасауи аса көрнекті ойшыл болды. Оның есімін бүкіл түркі әлемі қасиетті санайды. Ол

мұсылман дінін Қазақстанда насихаттап таратушы болды. «Диуан-и-хикмет» («Данышпандық туралы кітап») өлеңдер жинағын түрік тілінде жазды. Ол:

«Менің хикметтерім Алладан пәрман,

Оқып ұққанға бар мағынасы Құран», – деп күдіреті күшті Құдайды сүюді, оған құлдық етіп бағынуды, тақуа-сопылықты дәріптейді. «Құранды» түркілердің түсінігіне ыңғайлап насихаттайтын, өзіндік негізі бар сопылық ағымды дамытты.

Қ.А.Ясауи өзінің бірінші хикметінде:

1. «Бісмиллә» деп баян еттім хикмет айтып,
2. Шәкірттерге дүр мен гәуһар шаштым міне.
3. Жанды жолдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
4. Мен «Дәптер сәни» сөзін айттым міне [6, 14].

Қ.А.Ясауи өлеңінде Аллаға сүйіспеншілік, адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым сияқты мәселелер сөз болады.

Түркі халықтарының бай мұралары көзі ашық, көкірегі ояу ақындардың, шешендердің, ойшылдардың игілігіне айналды. Мәселен, Әбубәкір Кердері Шоканұлы:

Он бір мен он екіде түркі білдім,
Ғылымдық зирек жанның мүлкі білдім... [7, 275 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы:

Жасымнан жетік білдім түркі тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыдан туып күнім [7, 235 б.].

Қорыта айтқанда, Түркі халықтарының бабалардан қалған рухани даналық өсиеттері мен рухани мәдениеті сонау ғасырлардың терең түкпірінен сыр шертеді. Даму жолына түскен бүгінгі Түркі әлемінің жасампаздығына серпін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. –296 б.
2. Ежелгі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. /Құраст. Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықов. Филология факультетінің студенттеріне арналған.– Алматы: Мектеп, 1967. –204 б.
3. Гумилев Л.Н. Ежелгі түркілер. –М., 1993. –400 б.
4. Рукописный отдел ИВАН СССР. В. 721. –Л., с.23.
5. Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –А., 1971. –270 б.
6. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. –Алматы: Мұраттас, 1993. –262 б.
7. Бес ғасыр жырлайды. –А.: Жазушы, 1989. –275 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается мир мудрости тюркских народов XXI в.
(Мамбетов К. XXI век: Мир мудрости тюркских народов)

SUMMARY

The article deals with the world of the wisdom of the Turkic peoples in the XXI century.
(Mambetov K. XXI Century: World Wisdom Turkic peoples)

ӘОЖ 400.19

Б.АБИЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

СОЦИОЛИНГВИСТИКАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қазіргі уақытта тіл тек қоғамда ғана байланыс құралы ретінде басталып, дамитынына ешкім күмәнданбайды. Демек, тіл - әлеуметтік құбылыс. Қоғам және ондағы болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және мәдениеттік өзгерістер тілдің әртүрлі деңгейіне әсер етпеуі мүмкін емес. Кез-келген тілдің әдеби өңделген нұсқасы, оны қолданудағы тұрақтылық нормасы тұрмыстық тілдесу ортасына айтарлықтай әсер етеді, осы тілдің таратушыларының мәдени деңгейінің жоғарылауына, диалектикалық айырмашылықтың ақырындап өшірілу мүмкіндігіне әкеп соғады. Тіл мен қоғамның өзара қарым-қатынасының мәселесі әртүрлі елдердің лингвистерін және лингвистикалық бағыттардың назарын аударып, қызығушылығын тугызады. Осыған байланысты бұл мақалада социоллингвистика тарапынан зерттелетін негізгі мәселелер, оның құрылымы, талдаулар, саралау мәселелері қамтылады.

Кілт сөздер: социоллингвистика, фонология, морфология, синтаксис, лексика, семантика, стратификация, билингвизм.

Социоллингвистика (әлеуметтік лингвистика) – тіл білімінің, әлеуметтанудың, әлеуметтік психология мен этнографияның түйіскен жерінде дамитын және тілдің әлеуметтік табиғатымен, оның қоғамдық функцияларымен, әлеуметтік факторлардың тілге ықпал ету механизмімен және тілдің қоғам өмірінде алатын орнымен байланысты мәселелердің ауқымды кешенін зерттейтін ғылым. Бұл мәселелердің кейбірі (мысалы, «тіл және қоғам») жалпы тіл білімі аясында да қарастырылады. Әлеуметтік лингвистиканың пәнаралық мәртебесі оның қолданатын ұғымдық аппаратында көрініс табады. Осылайша, социоллингвистикалық талдаудың бастапқы ұғымы ретінде қарастырылатын тілдік ұжым әлеуметтік, сондай-ақ тілдік белгілер негізінде де нақтыланады (әлеуметтік өзара әрекет пен тілдік белгілер бірлігінің болуы). Социоллингвистикалық зерттеудің негізгі операциялық бірліктері – социоллингвистикалық ауыспалы – қатыстылығымен, бір жағынан – тілдік құрылымның белгілі деңгейімен (фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық-семантикалық), екінші жағынан, әлеуметтік құрылымның және әлеуметтік жағдайлардың құбылуымен ерекшеленеді [1].

Социоллингвистика тарапынан зерттелетін негізгі мәселелердің бірі - оның құрылымының барлық деңгейлерінде тілді әлеуметтік саралау мәселесі,

оның ішінде көп аспектілі (салалы) және сипатқа ие тілдік және әлеуметтік құрылымдар арасындағы өзара байланыстар өзгешелігі болып табылады. Тілді әлеуметтік саралау құрылымы көп өлшемді және әлеуметтік құрылымның әркелкілігімен қамтамасыз етілген стратификациялық сараптауды да, сонымен қатар әлеуметтік жағдайлардың саналуандылығымен ескерілген ситуациялық сараптауды да қамтиды [3].

Бұл мәселемен /«тіл және ұлт»/ мәселесі тығыз байланысты, социолінгвистика оны зерттей отырып, кеңестік тіл білімінде ұлттардың қалыптасуымен ерекшеленетін экономикалық және саяси шоғырлану жағдайларында туындайтын әлеуметтік-тарихи категория ретінде түсіндірілетін ұлттық тілдің категориясына сүйенеді.

Белгілі этникалық қоғамда немесе әкімшілік-территориялық бірлестікте қатынас континиумын қамтамасыз ететін (аймақтық, территориялық және әлеуметтік диалектілер, койне, тілдер) тілдің өмір сүру формаларының жиынтығы ретінде анықталатын тілдік жағдай ұғымы социолінгвистиканың негізгі ұғымдарының бірі болып табылады. Тілдік жағдайдың 2 тобы ерекшеленеді: экзоглосты - әр түрлі тілдер жиынтығы және эндоглосты - бір тілден тарайтын жүйелердің жиынтығы. Экзоглосты және эндоглосты жағдайлар егер олардың компоненттері функционалды түрде тең мағыналы болса, теңдестірілген деп, егер олардың компоненттері қатынастың түрлі салалары мен әлеуметтік топтар бойынша бөлінсе, теңгерімсіз деп ерекшеленеді [3].

Заманауи социолінгвистикада тіл мен мәдениеттің байланысына және өзара әрекетіне айрықша көңіл бөлінеді. Тілдің және мәдениеттің басқа компоненттері арасындағы байланыстар екі жақты сипатқа ие. Түрлі мәдениеттердің қарым-қатынас үдерістері лексикалық кірме сөздерде көрініс табады.

Билингвизм (көстілділік) мен диглоссияның (бір тілдің жүйелерінің бір-біріне түрлі әлеуметтік түрде қайшы қойылған өзара әрекеттер) әлеуметтік аспектілерінің мәселесі ең маңызды социолінгвистикалық мәселелердің бірі болып саналады. Билингвизм жағдайларында екі тіл бір-бірімен осы тілдерді әлеуметтік жағдайға және коммуникативті актінің басқа да параметрлеріне қарай әр қилы коммуникативтік салаларда пайдаланатын бір ұжым аясында қатар өмір сүреді. Диглоссия жағдайларында бір тілдің (әдеби тіл, койне, диалект) өмір сүруінің түрлі формалары арасында ұқсас қатынастар байқалады. (литературным языком, койне, диалектами). Социолінгвистика сонымен қатар тілді коммуникативтік мақсатта, және де тілдік тәртіп әлеуметтік дұрыс сөз саптауын құруға оңтайлы нұсқауды таңдау үдерісі ретінде пайдалануды үйретеді. Осы ретте әлеуметтік маңызды нұсқаларды іріктеу механизмінің өзі айқындалады, таңдау негізін қамтитын критерийлер белгіленеді. Тілдік тәртіпті анықтайтын әлеуметтік нормалардың айқындалуы талдаудың ақырғы мақсаты болып табылады.

Социолінгвистика мәселелерінің арасында тілдің саясат мәселесі – тілдік нормалардың жаңасын енгізу немесе ескісін сақтау үшін, тілдерді немесе тілдік жүйелерді іс жүзіндегі функционалды бөлінісін өзгерту немесе сақтау үшін мемлекеттің, партияның, таптың, қоғамдық топтың қолға алатын шараларының жиынтығы ерекше орынды иеленеді.

Социоллингвистика әдістері лингвистикалық және әлеуметтік процедуралардың синтезі болып саналады. Олар тілдік материалды социоллингвистикалық талдау әдістері және далалық зерттеу әдістері болып бөлінеді. Далалық зерттеу әдістері сауалнаманы, сұхбаттасуды, тікелей бақылауды қамтиды [4]. Сырттай ішінара сауалнамада пайдаланылатын сұраушылар әлеуметтік сауалнамалардан сипатымен, сұрақтар санымен, сонымен бірге оның міндетімен анықталатын сауалнама стратегиясы – ақпарат берушінің пікірі жайлы мәлімет алуымен айтарлықтай ерекшеленеді. Бағдарлама жасауға және сұхбат техникасын дайындауға аса көңіл бөлінеді. Ақпарат берушінің пікіріне ситуациялық параметрлердің ықпалы туралы нақты мәліметтер алу үшін не табиғи-еркін пікірді, не лайықты үлгіге саналы бейімделуге жағдай жасай келе тілдік жағдайды мұқият бақылайды. Ақпарат берушінің сөйлеу қызметін бақылау былайша, яғни бақылаушының олардың сөйлеу тәртібіне ықпалын жоққа шығару немесе ең төменгі деңгейге жеткізуден тұрады. Кейде бақылау мүмкіндігі қосулы кезінде жүргізіледі, яғни бақылаушы сұхбат жүргізушінің ролінде емес, коммуникативтік актіге қатысушылардың бірі ретінде атсалысады.

Далалық зерттеу мәліметтерін дайындау үшін өзара байланыстылықты талдаудың түрлері пайдаланылады. Социоллингвистикаға өзара байланыстылық тән, онда тәуелсіз ауыспалылар ретінде - қандай-да бір әлеуметтік параметрлер, стратификациялық немесе ситуациялық, ал тәуелді ауыспалылар ретінде тілдік құбылыстар көрініс табады. Өзара байланыстылық арасында толық, сондай-ақ толық емес функционалды тәуелділік байқалады. Тәуелділіктер әрбір әлеуметтік көзқарас бойынша жеке суреттеледі және мазмұнды (социоллингвистикалық) жағынан түсіндіріледі. Бұл үшін кестелік мәліметтер, тәуелділік кестелері, математикалық-статистикалық әдістер пайдаланылады.

Сөйлеу қызметін статистикалық талдау негізін қамтитын ықтималдық модельмен туғызушы модельдің элементтерін біріктіретін аталмыш вариациялық ережелердің көмегімен тілдің әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілген варианттылығын модельдеудің кейбір әдістері кең етек жайды. Тілдік континуум жағдайларында әлеуметтік детерминдендірілген вариативтілігін талдау үшін тілдік вариациялардың әлеуметтік баспалдағын орнатуға және олардың синхронды талдауын диахронды талдауымен байланыстыруға мүмкіндік беретін импликациялық толқынды модель пайдаланылады. Бұл үлгінің негізін кеңістік және әлеуметтік өлшемдерде тілдік инновациялардың толқын тәрізді таралуы туралы гипотеза қамтиды [5].

Сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілген тілдік тәртіптің түрлі модельдері, атап айтқанда тілдік тәртіп социоллингвистикалық ауыспалыларды таңдау стратегиясы түрінде берілген модельдер бар. Таңдауды шектейтін әлеуметтік факторлар таңдау үдерісінің шешілу мүмкіншіліктерін анықтауға себепші болатын жүйелі бинарлық (екі компоненттен тұратын) селекторлар түрінде модельденеді.

КСРО-да социоллингвистикалық зерттеу негіздері XX ғ. 20-30 жж. тілді қоғамдық қатынастар анализінің қоғамдық құбылысы және тарихи-материалистік ұстанымдары ретінде оны марксистік тұрғыдан түсіну негізінде қоғамдық құбылыс сияқты зерттеген кеңестік ғалымдар Л.П. Якубинскийдің, В.В.

Виноградовтың, Б.А. Лариннің, В.М. Жирмунскийдің, Р.О. Шордың, М.В. Сергиевскийдің, Е.Д. Поливановтың еңбектерімен қаланды. Сондай-ақ тіл дамуында әлеуметтік факторлардың рөлін айқындауда айтарлықтай үлес қосқан француздық тіл білімінде әлеуметтік бағыт өкілдерінің (А.Мейе) еңбектері; тілдік және әлеуметтік-мәдени жүйелердің байланысы туралы Ф.Боас пен Э.Сепирдің идеяларын дамытқан американдық этнолингвистердің еңбектері; тілдің әлеуметтік үдерістермен және әдеби тілдің әлеуметтік рөлін көрсеткен прагалық лингвистикалық мектеп өкілдері В. Матезиус, Б. Гавранек, Й. Вахек, т.б. еңбектері; тілге деген әлеуметтік-тарихи әдістің және диалектологияға әлеуметтік аспектіні қосу қажеттілігін айқындаған неміс ғалымдарының, әсіресе Т.Фрингстің зерттеулері және оның ашқан лейпциг мектебі; тілдік жағдай және жапон мектебі тіл мәдениетінің саласындағы өзіндік жұмыстар заманауи социоллингвистиканың қатарын толықтырды.

60-70 жж. тілдің әлеуметтік мәселелеріне деген қызығушылық бір жағынан - тілдік саясаттың мәселелері мен социоллингвистиканың басқа да практикалық аспектілері күннен-күнге өзекті болып жатқан заманауи қоғамның қажеттіліктеріне және екінші жақтан құрылымдық лингвистиканың сыналуына, тілге деген имманенттік әдістің шектелуін жеңе білу және тіл табиғатына қоғамдық құбылыс ретінде тереңірек ену талпынысына байланысты күшейді.

Түрлі елдердің ғалымдары дайындайтын социоллингвистикалық бағыттар әрқилы әдістемелік бағыт-бағдармен ерекшеленеді. Шетелдік социоллингвистиканың кейбір бағыттары (мысалы, АҚШ-та) тілдік тәртіптің бихевиористік моделіне, әлеуметтік өзара әрекеттің символдық-интеракционистік теориясына, феноменологиялық әлеуметтануға бағдарланады. КСРО-да және басқа да кейбір елдерде дайындалатын социоллингвистика ең алдымен тарихи материализмге және марксистік әлеуметтанудың жеке теорияларына – қоғамның әлеуметтік құрылым теориясына, әлеуметтік жүйелер теориясына, тұлға әлеуметтануына т.б. сүйенеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Принципы и методы социоллингвистических исследований. –М., 1989.
2. Новое в лингвистике. –Вып. 7. Социоллингвистика. –М., 1975.
3. Социально-лингвистические исследования. –М., 1976.
4. *Швейцер А.Д.* Современная социоллингвистика. Теория, проблемы, методы. – М., 1977.
5. *Дешериев Ю.Д.* Социальная лингвистика. К основам общей теории. –М., 1977.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются некоторые проблемы об исследовании основных отраслей социоллингвистики.

(Абиев Б. О некоторых проблемах социоллингвистики)

SUMMARY

This article discusses some of the problems of research the main branches of sociolinguistics.
(Abiev B. Some Problems of Sociolinguistics)

ӨОЖ 070. 195

Б.СЕРДӘЛІ

филология ғылымдарының кандидаты
А. Ясауи атындағы ХҚТУ

ИНТЕРЬЕР ТЕЛЕТҮСІРІЛІМІ

Телеинтерьер деректі оқиғада болған әрекеттің орнын сипаттайды және оны сол қалпында тіркейді, мұны біз «хаттамалық түсірілім» деп айтамыз. Мәселен, ауыр атлетикадан Олимпиада жеңімпазының мерей тұғырында тұруы – хаттамалық түсірілім. Ойын сипатындағы түсірілімдер мен көрсетілімдерде фон болатын табиғи интерьерлер әрекеттің уақыты мен дәуірін сипаттайды, ол композициясы мен жағдайы жағынан драматургиялық шиеленістерді бейнелейді. Мақалада деректі интерьер композициясы сөз болады.

Кілт сөздер: интерьер, декорация, павильон, жарық, кеңістік, оператор, камера, оптика, қозғалыс, сюжет, көрініс, бейне, гамма, фотокеңістік, композиция.

Қазір көптеген телефильмдер мен деректі көрсетілімдерде табиғи интерьер түсіріледі. Бұл қаржылық жағынан өте тиімді. Біріншіден, мұнда қымбат декорациялар мен құрылғылар жасаудың қажеті жоқ, екіншіден, павильон алаңын жалдап әуре болмайсың.

Бірақ табиғи интерьерде жасалатын түсірілімнің де өзіне тән түрлі қиындықтары болады.

Шартты түрде біз интерьерді үш түрге бөлеміз: жабық интерьер, жартылай ашық интерьер және ашық интерьер.

Жабық интерьерде бөлмеде терезе болмайды, табиғи жарық – күн нұры түспейді. Бұған холлдар, кинозалдар, метроның жер асты стансалары, ішкі баспалдақтар енеді.

Мұндай интерьерге жарық құралдарын молынан түсіруге тура келеді: шамдарды, жасанды жарықтарды, шамдалдарды пайдаланамыз. Қажет жағдайда қосымша жарық құралдары да кәдеге асады.

Жартылай ашық интерьерге пәтерлер, мектеп сыныптары, дүкендер, кеңселер, яғни терезеден жарық түсетін ғимараттар енеді. Терезеден қаншалықты мол жарық түскенімен, бәрібір операторға қосымша жарық құралдарын пайдалануға тура келеді. Сондықтан ол аралас жарықтарды қолданады: бұған терезеден түсетін күндізгі жарық мөлшерін беретін 5500К және түрлі-түсті жарық беретін 3200К жарықтандырғыш құрылғылары кәдеге асады [1]. Қалай дегенде де, мұндай артық-ауыс әрекеттер оператор жұмысын белгілі дәрежеде қиындатады.

Ашық интерьер терраса типтес екі немесе бір қабырғасы еденнен жоғары қарай түгелдей әйнекпен көмкерілген ғимараттарда кезігеді. Мұндай

ғимараттарда тәулік бойы табиғи жарық үзілмейді, олардың жарықпен қамтылуы 5500К қуатпен қамтамасыз етіледі.

Оператор түсіру орнын зерттеп көріп, интерьер ішінде күннің ауысуы тәуліктің қай кезіне қолайлы болатынын біліп, көркемдік дәрежесі жоғары түсірілім жасау үшін тиімді кезенді пайдаланады.

Күнге қарсы тұрған қабырға екі терезе ортасындағы аралық қабырғаға қарағанда күн сәулесімен мол қамтылады, сондықтан аралық қабырға қосымша жарықпен қамтамасыз етіледі. Бұл үшін жарықтандырғыш құрылғылар қолданылады.

Интерьердің көркемдігіне қол жеткізу үшін кадрдың композициясын сақтау керек: объективтің фокустық арақашықтығы, ракурс, жарық және көлеңкелі гаммалар жан-жақты айқындаып, сонан соң ғана түсірілім жасалады.

Бірақ кез келген нысанның жарықтық, түстік, ашықтық, гаммалық сипаты матрицаның «фотокеңістігінде» үйлесім таба бермейді. Міндетті түрде терезеден түскен жарықтың сәулелерін, жұмсақ көлеңкелерді қолдана білу керек. Ол үшін сәулеттік кеңістікке жан бітіруге тура келеді: құрғақ, жансыз бейнелерден аулақ болған дұрыс. Одан әрі интерьерге шығармашылықпен, яғни пейзаждың бағасын беретіндей позициядан қараған жөн [2].

Шынайы және үстірт интерьер. Бұл белгілі бір фактінің бейнемен рәсімделуі. Мысалы, экрандағы қозғалмайтын «суық» бейненің астында төмендегідей аналогиялық мәтін тұрады: «Бұл үйде пәлен жылдардың аралығында жазушы Сәбит Мұқанов тұрды және жұмыс істеді». Әлгіндей бейне әдебиет оқырмандары үшін қызықты болуы мүмкін, бірақ оператор үшін көркемдігі жағынан тартымды емес.

Тележарнамадағы дүкен ғимараттарының ішінен шынайы түсірілген кадрларды көп көреміз. Бірақ оның көрермен үшін тек ақпараттық қана мәні бар.

Интерьер – фон ретінде. Мұндай интерьерде әлдебір оқиға болады: мүмкін сенсациялық сюжет немесе әлдебір мәні бар штрих болуы мүмкін.

Интерьер деректі оқиғада болған әрекеттің орнын сипаттайды және оны сол қалпында тіркейді, оны «хаттамалық түсірілім» деп айтамыз. Мәселен, ауыр атлетикадан Олимпиада жеңімпазының мерей тұғырында тұруы.

Ойын сипатындағы түсірілімдер мен көрсетілімдерде фон болатын табиғи интерьерлер әрекеттің уақыты мен дәуірін сипаттайды, ол композициясы мен жағдайы жағынан драматургиялық шиеленістерді ғана көрсетеді.

Интерьер-эпитет. Бұл сценарий драматургиясында көрініс тапқан түсірілімнің суреттік-бейнелік шешімдері туралы автордың көзқарасы. Мұндай интерьер көрерменге эмоциональды ықпал жасау үшін түсіріледі, драматургияның бейнелілігін толықтыруды қамтамасыз етеді, кейіпкердің психологиялық жағдайын реттейді.

Егер жалқынданып тұрған от алауымен жарық беріліп тұрған интерьер терең күңгірт көлеңкемен көмкеріліп, қалыпсыз композиция ретінде қабылданып тұрса, ал жарыққа шомылған бөлме мерекелік қуанышты сездіріп, терезеге тұтылған ашық перделерге дейін жарқын көңіл шаттығын тудырады.

Сонымен бірге кейіпкердің қайғысы мен қуанышын қатар қою арқылы интерьердің үйлесімін жасай аламыз. Қуанышты, бақыты шалқыған көңіл-күймен былғаныш, лас, көңілсіз, сұрқай ғимаратқа тап болған кейіпкерді көз алдыңызға елестетіңіз.

Интерьер-образ, интерьер-символ. Бұл жерде оператор интерьерге деген өз көзқарасын автордың пікірімен санасу арқылы, ал интерьерге деген сезімін қаһарман арқылы білдіреді. Қаһарманның автордан айырмашылығы – ол әртүрлі психологиялық жағдайда болуы мүмкін.

Қаһарманның көзімен біз біркелкі интерьерді әртүрлі жағдайда көреміз. Ал басқа кейіпкерлер бұл интерьерді басқаша қабылдауы мүмкін.

Бұдан өзге көріністе жағдайға байланысты қаһарман тұруы, жүгіруі, отыруы, жатуы мүмкін, осыған сәйкес түсірілімнің ракурсы да өзгеріп отырады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Біздерде мынандай бар, мынандай бар» деп аталатын өлеңінде бай өз қонағына байлық қазыналарын мақтанышпен көрсете бастайды. Осы көріністі режиссер мен оператор камераға алса, төмендегідей көрсетілім тәсілдерін қолданған болар еді. Кейіпкер бөлменің ортасында жүріп келе жатыр, онымен қабаттаса камера да ілесе жылжып отырады. Камера кейіпкердің алдынан да, артынан да, қапталынан да қойылуы мүмкін, бірақ мұны кейіпкер сезбейді.

Енді түнде осы байдың үйіне ұры түсті делік. Қазынаны алу үшін келе жатқан ұрының аса сақ, бірақ асығыс-үсігіс қозғалысы камераның қозғалысы арқылы беріледі. Сыбдырды есітіп үйдің иесі шығады, ұрыны көреді, осы сәтте басынан тиген соққыдан құлап түседі. Қанға бөккен байды ұры кілем үстінде сүйрелеп жүр. Енді үй иесі байлық пен қазына туралы мүлдем ұмытады, тек жанының амандығын қамдайды.

Бұл кадрда төменгі ракуспен қозғалған камераны, оптикалық түсірілімдегі кейіпкердің бұлыңғыр бейнесін көреміз.

«Жанданған» интерьер. Өткен ғасырлардағы көне көріністерді актерлерді тарту арқылы немесе олардың қатысуынсыз қайта түсіруге болады. Мысал үшін Түркістан қаласындағы «Ахмет Ясауи кесенесі» деректі фильмін алайық.

1. Ахмет Ясауи кесенесінің ішкі көріністерін түсіру үшін камера баяу жылжиды, кесененің қабырғаларындағы ою-өрнектерді жарық құрылғылары арқылы бейнелейміз. Мұнда қысқа фокусты оптика, оның ішінде көру бұрышы өте кең оптикалар қолданылады. Кесене өзінің өте үлкен масштабы арқылы жақсы көрініс береді, камераның қозғалысы экспрессивті қозғалады. Үлкен ауқымдағы объективтің алдында, кіреберісте сәлдемен түскен дін адамдары, молда-ишандар көрінеді. Бұл кадрлар арқылы біз кесенені діни

адамдардың көзімен көреміз.

2. Қолына жалынды алау ұстаған айбалталары бар қырық жауынгер патша тағы орналасқан үлкен залда жүгіріп жүр. Олар хандарының тірі екеніне көз жеткізбек. Бұлармен бірге жылжып жүрген оператордың қолындағы камера интерьерді қозғалыста жүрген жауынгерлердің көзімен көрсетеді.

3. Хан барлық билер мен батырлардың алдында арлы-берлі сенделіп жүр. Шағын шамсалғыштағы үш шырағдан қозғалып жүрген камераның алдынан түседі, ол тура ханның көз алдында тұрғандай әсер етеді.

Әрине, мұнда камера қозғалысының жобасы жарық түсіргіш құрылғымен алдын ала әбден дайындалған, интерьерге мизансцена жағдайына байланысты сәуле бөлінген.

Интерьер – туынды тірегі. 1. Көрнекті суретшілердің өміріне арналған фильмдер мен көрсетілімдер аз түсірілмейді. Оператордың міндеті – сәулеттік ескерткіштердің кескіні мен келбетін сол күйі сақтау, оны бояуға сай келмейтін жарық арқылы немесе қате композиция арқылы бұзып алмау.

2. Кейде интерьер туынды кейіпкерінің шын мәніндегі көмекшісі бола алады, өзінің алдына қойған идеясын іске асырып, көпшіліктің назарын аударуға қауқары жетеді.

Бос үйде «сөйлейтін» сағат үй иесін оятты делік: «Тик-так, сағат жеті болды, орныңыздан тұрыңыз!» Бірақ ешкім келмейді.

Ас бөлмесінде төрт адамға таңғы ас даярланған – екеуі балаларға, екеуі ерексектерге. Төбеден дауыс естіліп жатыр: «Бүгін Ермектің туған күні, газ бен жарықты төлейтін мезгіл жетті».

Сегізден отыз минут өткенде стол үстінде жұмыртқа шашылып жатты, оны күтуші-роботтар столдан жинап алып, қоқыс жәшігіне тастайды. Үйде тіршілік жалғасып жатыр. Роботтар белсенді, қоқысты жинайды, пеш жағады, түскі ас даярлайды. Даярланған түскі ас желінбеген күйі қайтадан қоқыс жәшігіне лақтырылып жатыр. Бақта себелегіштер гүлзарлар мен бұталарды суғару үшін бұрқақ жасауда. Сол сәтте біз үйдің бір қабырғасының өртеніп жатқанын көреміз, оның ішінде өмірінің соңғы сәттерін күтіп тұрған екі адамның сұлбасын байқаймыз.

Міне, үй күл үйіндісіне айналды, айнала түтінге оранып тұр, бүкіл қалада жалғыз сол үй назар аудартады.

Сағат бесте балалар бөлмесінің қабырғасына жарық түсіп, бөбектер хабары берілетін уақыт басталды.

Сағат жеті, сегіз, тоғыз... Кабинетте, шатыр жақтан дауыс естіледі:

«Мырза, ұйықтар алдында қандай әнді естігіңіз келеді». Жауап жоқ. «Онда сіздің сүйікті өлеңдеріңізді оқып берейін». Сонсоң бірнеше өлең оқылады.

Сағат онда үйде тағы өрт болды. Роботтар өрт сөндіру үшін жанқиярлықпен айқасуда, су таусылды. Таң ата үй күлге айналды. Үйіндінің ортасында бір-ақ қабырға аман қалған. Осы қабырғадан бір ғана әлсіз дауыс

шығады: «Бүгін Ермектің туған күні...».

Бұл жазушының қиял-ғажайып әңгімесі. Әңгімеде интерьерден басқа пейзаж бен натюрморт та кезігеді. Бұл жерде ешқандай тірі жан болмаса да, қайғылы оқиғаның куәсі болып, естен кетпестей әсер аласың.

Бұл – жарнама-сақтандыру. Бұл бойынша анимациялық фильм де түсірілген.

Абай өлеңдерінен де интерьердің тамаша үлгілерін көруге болады: «Қараңғы түнде тау қалғып...» өлеңі интерьердің тамаша үлгісі. Бірақ Абай өлеңдерінің бейнесін жасау өте қиын, әрі күрделі.

Мысалы: Соқыр мылқау танымас тірі жанды,

Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды, – дегендегі қыстың жағдайын, кедейдің өмірі мен тұрмысын сол кездегі өмір салтына сай, сол қалпында жеткізу аса қиын.

Екіншіден, бұларды түсіру үшін динамикалық камера қажет, ол баяу жылжып, қардың табиғи көрінісін түсіріп алу керек.

Үшіншіден, жарық табиғи жағдайда берілуі керек. Қыс суреті, дала мен кейіпкер келбеті жақсы сапада түсірілуі керек.

«Менің атым Қожа» фильмінде Қожаның бейнесі кейіпкерлердің бала кезін сағынуына себепші болды. Қожаның балалармен ойнауы, Майқанованың ұстаздық келбеті – бәрі-бәрі сағынышына себеп.

Ұлы Отан соғысына арналған фильмдерде интерьер мен натураның тамаша үлгілері берілген. Фашистер өртеген үйден тек қана пеш пен құбыр қалған, аман тұрған жалғыз қабырғада мақтау қағазы ілулі тұр, есік жақтауға ғана ілініп тұр... Бұл не? Интерьер ме? Натура ма? Бұл натура! Себебі мұнда ғимарат жоқ. Бұл жағдайда интерьерді толық айқындау міндетті емес.

Көріп отырғанымыздай, интерьер табиғи түсірілімде ғана өзінің бейнелік сипатын жоғалтпайды әрі сюжет сапасын жақсартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Съёмка интерьера // <http://phototricks.ru/miniblog/interior-photography>
2. *Скотт Келби*. Освещение, съёмка, ретушь. Пошаговое руководство по студийной съёмке (перевод В.Иващенко). – М., 2012. – С. 63.

РЕЗЮМЕ

Сегодня многие телевизионные фильмы и передачи снимаются в естественных интерьерах. Это намного выгоднее в финансовом отношении: не нужно строить дорогостоящих декораций, нет необходимости занимать павильонные площади. Однако съёмка в естественных интерьерах предъявляет к оператору определенные своеобразные требования, о которых в данной статье и пойдет речь.

(Сердали Б. Телесъемка интерьера)

SUMMARY

Today, many TV films and programs are shot in natural interiors. It is much more profitable in financial terms: no need to build expensive sets, there is no need to take of the pavilion area. However, shooting in natural interior presents to the operator some unique requirements, which in this article will be discussed.

(Serdali B. Telephoto interior)

ӘОЖ 070.194:778.59

А.СӘДІБЕКОВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**РЕАЛИТИ ШОУ – ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ЖАҢА
СИПАТТАҒЫ ЖАНРЫ**

Бұл мақалада теледидардың барлық жастағы көрермендері арасында соңғы жылдары үлкен беделге ие болып келе жатқан реалити-шоу жанрының қалыптасу тарихы және бағыты қарастырылған. Сондай-ақ, осы жанрда дайындалған бірнеше бағдарлама талданған. Реалити шоу - бұл телевизиядағы ойын-сауықтық бағдарлама. Негізгі идея аудиторияны күнделікті шыншыл, боямасыз өмірге жақындату, оны телевизия экраны арқылы бақылау болып табылады.

Кілт сөздер: реалити шоу, телевизия, коммуникациялық ақпарат, технология, экран, сценарий, рекреативті функция, эфир, коммуникативтік функция, аудитория, жанр, идея.

XXI ғасыр коммуникациялық ақпарат құралдар технологиясының дамыған заманы. Әлемдегі адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуының қарқыны жоғары деңгейге жетті. Бұқаралық ақпарат құралдары кез келген хабарды “айшылық алыс жерге” көзді ашып-жұмғанша, тіпті тікелей жеткізуге мүмкіндік алды. Бүгінгі таңда ғажайып жетістіктерге жеткен көгілдір экран, миллиондаған адамдардың өмірінде айырылмас бір құралына айналды.

Қазақ теледидарының алғашқы телебағдарламаларын тәжірибе түріндегі кинофильм, театр, эстрада шығармалары түзді. Осыдан бастау алған телевизия өзінің таралу ауқымын кеңейтіп, ұлан-байтақ кеңістікті шарлап, жылдам дами бастады. Телевизия — театр, кино, радионың барлық артықшылықтарын бір өзінің бойына жинап, ақпарат тарату мен эстетикалық тәрбие берудің ерекше құралына айналды. Ол белгілі бір құбылысты деректі көрініс арқылы беретіндігімен радиоға қарағанда мол мүмкіндікке ие [1, 23 б.], -деп жазады А.Я.Юровский мен Р.А.Борецкилер өз еңбектерінде [1, 2].

Ғаламдану процесіне орай хабар таратудың жаңа әдіс-тәсілдері пайда болуымен қатар телеарналарда сан түрлі жанрлардағы бағдарламалар көрсетіле бастады. Бұл арқылы көзі ашық, көкірегі ояу көрермен талғамының артқанын да білуге болады. Яғни, көрермендер сұранысы мен уақыт талабына сай телевизияда жаңа жанрлар мен бағдарламалар дүниеге келуде.

Соңғы жылдары телеэкранда үлкен беделге ие болып, телеаудиторияның көзайымына айналып отырған соны жанр – реалити-шоу.

Реалити-шоу немесе реалити-телекөрініс (ағылшынның reality – шынайылық, шындық) [2.35] – телевизиядағы ойын-сауықтық бағдарлама. Телесюжетте белгілі бір топтың немесе топ мүшелерінің бағдарлама

барысында кездескен түрлі кедергілерге орай әрекеттері шынайы көрсетіледі.

Реалити-шоуды ең алғаш американдықтар ойлап тауып, жоба концепциясын жасаған болатын. Экрандық туынды телевизиялық кеңістіктегі шындыққа бағытталып, көріністегі бейненің сан алуан мазмұндылығы, әрі мінез-құлық үлгісі болып табылады. Реалити-шоу дегеніміз - көшедегі адамдармен сұхбаттасу, пікірлесу, біздің замандастарымыздың күнделікті тыныс-тіршілігі туралы мазмұнды хабар. Кейіпкерлер де кеңістіктегі уақытта өмір сүруші жандар.

Аталмыш телевизиялық жанрдың басты белгілері төмендегідей:

- Сценарийдің болмауы.
- Телеэфирге алғашқы дубльден-ақ берілуі.
- Ойынға қатысушы кейіпкерлердің қарапайым жандардан құралуы, кәсіпқой актерлардың қатыстырылмауы.
- Түсірілімнің басты талабы, шындыққа барынша жақын болу [1.34].

Реалити-шоу бағдарламасын жасаушылар оны ойын-сауық түрінде ойластырған. Негізгі идея аудиторияны күнделікті шыншыл, боямасыз өмірге жақындату, оны телевизия экраны арқылы бақылау болып табылады. Телеарнадағы бұл пішін телевизияның рекреативті функциясымен өзектес.

Бұл жанрдың қалыптасу тарихына көз жүгіртер болсақ, ең алғашқы реалити-шоу 1948 жылы Американың көгілдір экрандарында көрсетілген. Ол «Candid Camera» яғни «Жасырын камера» деп аталған болатын. Мұнда адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігі боямасыз көрсетіліп отырады. Бұл реалити-шоу пішініндегі хабардың негізін қалаған бірден-бір бағдарлама болып есептелінеді.

Келесі реалити түріндегі бағдарлама "Seven Up!" болды. Ол 1964 жылы ұйымдастырылды. Бағдарламада 14 адамның өмір сүру тәртібі егжей-тегжейлі көрсетіледі. Олардың әр жеті жыл сайын өмірлерінде болып отырған өзгерістермен көрермендер етене танысып отырды. Осы фильмнің жалғасы ретінде "49 Up" реалити-шоуы 2005 жылы қыркүйек айында эфирге шықты. Әлемдегі ұзақ уақытқа жалғасқан реалити-шоудың бірі әрі бірегейі осы болды [1].

Ал, 1973 жылы PBS арнасы "Америкалық жанұя" («An American Family») [6] бағдарламасының алғашқы көрсетілімін түсірді. Бағдарлама кейіпкерлері қарапайым америкалық отбасы еді. Көрермендер жеті ай бойы осы отбасының тыныс-тіршілігімен танысты. Бір айта кетерлігі, хабар барысында көрермендерге қажетсіз жағдайлар да көрсетіліп отырған.

90-жылдары реалити-шоудың аясы кеңейіп, бет-бейнесі жаңарып, жаңа бағытта дами бастады. Американың «MTV» телеарнасын «Шынайы әлем» («Real World») [6] бағдарламасын эфирге шығарды. Бұл бағдарламаның бұрынғы реалитилерден өзгешелігі, әр түрлі сала мамандарын яғни, биші, жазушы, суретші, рэппер және әншілердің қатысуымен өтуінде. Бір үйде өмір сүрген кейіпкердердің мінез-құлықтары мен олардың бөтен ортамен тіл табыса білуін бақылауға бағытталған. Көршілерімен саналы түрде жақсы

қарым-қатынас орната білген кейіпкерлерге арнайы бағалы сыйлықтар берілді. Бағдарламаның мақсаты — көрермендерге адамгершілік, түсіністік, өзара сыйластық сияқты асыл қасиеттерді насихаттау болған [1].

Осы арқылы теледидарға телмірген көрермен өзіне қажетті ой түйіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін, олардың жақсы-жаман мінез-құлықтарын таразыға салып отырды.

Қалыптасу тарихы XX ғасырдың екінші жартысынан басталатын бұл жанр, уақыт өте келе дамып-жетіліп, телеаудиторияның аса қызығушылығына ие болды. XXI ғасырдың басынан бастап реалити-шоу жанры сипаты мен мән-мазмұны және түсірілу формасына және бағытана қарай бірнеше түрге бөлінді:

Астыртын бақылау (Шоу подглядывания) – өздерінің ойындарын ұдайы бақылап отырған телекөрерменнің назарын өзіне аударып, көрермен үшін ерекше әсер беру. («За стеклом», «Голод» - (Ресей)).

Дәл осы үлгіде 1999 жылы Нидерландияның «Veronica» телеарнасында «Үлкен аға» («Big Brother») реалити-шоуы көгілдір экраннан көрінді. Бұл бағдарлама Д.Оруэлланың "1984" деген романына негізделген. Мұнда тоталитарлық мемлекетте өмір сүріп жатқан достарының тыныс-тіршілігін қадағалап, оларды басқарушы үлкен адам туралы жазылған.

Осы көріністерді бейнесюжетке айналдырған шығармашылық топтың еңбегін көрермендер аса қызығушылықпен үш жарым ай экран арқылы бақылады. Сонымен қатар «Үлкен аға» реалити-шоуындағы әзіл-қалжыңға құрылған сюжеттер де көрермендердің көңілінен шыға білді.

Ал, Ресей телекөрсетісіндегі астыртын бақылау үлгісіндегі реалити-шоудың алғашқы қарлығашы «За стеклом», яғни «Шынының ар жағында» бағдарламасы болды. Бұл бағдарлама Нидерландық «Үлкен аға» бағдарламасының көшірмесі іспетті еді.

Жаңарту (Шоу обновления (модернизации)) – бағдарламаға қатысушы басты кейіпкерлердің ойыны өздеріне ұсынылған үйге немесе жұмыс орнына және көлік құралдарына тың өзгерістер енгізу немесе жаңа үлгіде қайта жасаумен бағаланады. («Тачку на прокачку», «Займемса ремонтом» - (Ресей))

Бейімделу (Шоу выживания) – мұндағы басты ерекшелік күнделікті қалыпты өмірдегі жағдайға қарама-қайшылығымен ерекшеленеді. Яғни кейіпкерлер өмір сүруге қолайсыз, кең далада немесе мұхит аралдарында ешбір ас-ауқатсыз, құралдарсыз, үйсіз-күйсіз жағдайға төзе білу, тосын келген қиындыққа еш мойымау басты мақсат болады. Барлық қиындықтарға шыдаған жігерлі жандар ғана жеңімпаз атанады. («Последний Герой» - (Ресей)) [3, 6].

Әлемдік озық үлгідегі *бейімделу* реалити-шоудың бірі Швецияда 1997 жылы эфирге шықты. Ол "Тірі қалған" («Survivor») деп аталды. Оның сюжеті "Робинзон Крузоша өмір сүру" сипатында жасалған еді. Арнайы азық-түлік, тұрмысқа қажетті басқа да заттармен қамтамасыз етілмеген бір топ адамды мұхит аралына апарып тастап, олардың сол жақтағы тіршілік ету

жағдайларын арнайы фильм етіп түсірген.

Адамдарды екі топқа бөліп, олардың өмірде кездесетін қиындықтарға, ауыртпалықтарға шыдамдылықтарын тексерген. Хабар барысында өте төзімділік танытқан адамдар ғана жеңімпаз атанды. Сонымен қатар кейіпкерлерге көптеген риторикалық сұрақтар қойылып, бағдарламаның мазмұны тереңдей түскен болатын.

Осы үлгідегі Ресейлік жоба "Соңғы батыр" («Последний герой») деп аталды. Негізгі шарт оған қатысқан он алты кейіпкердің көптеген қатал сыннан сүрінбей өтіп, тірі қалуы болды. Көрермен таусыла күткен бұл бағдарлама да америкалық «Тірі қалған» («Survivor») реалити-шоуының көшірмесі болды. Оған қатысуға көптеген елге белгілі адамдар да ынта білдірген екен.

Үйрету (Шоу обучения) – бұл шоуға көңіл көтеріп демалудан өзге көрермен үшін де кейіпкердің өздері үшін де пайдалы жақтары мол. Ойын барысында кейіпкер түрлі кәсіпке бейімделуге мүмкіндік алады және бағдарламаның тұрақты көрермендері де ойынды бақылай отырып әртүрлі кәсіптің қыр-сырына қаныға алады. («Фабрика звезд», «Дом» - (Ресей))

Ойын (Шоу игры) - ұйымдастырылған кезекті бұл шоуның мақсаты кейіпкер мен көрерменнің ойынға деген қызығушылығын арттыруға бағытталады. Ойын барысында күтпеген, тосын жағдайлар, ойламаған іс-әрекеттер көп кездесіп жатады. («Битва визажистов» - (Ресей) [4].

Ресейдегі ТВ-6-ның «За стеклом», ТНТ ның «12 негрят», Ұлыбритания теледидарының (Channel 4) «Русская рулетка» бағдарламалары реалити-шоудың әлемдік дәрежедегі үлгілері. Зерттеушілер тарапынан әлемдегі «Реалити» телебағдарламасының бүгінде көрермендерін кері бағытқа алып бара жатқандығы сөз болып жүр. Себебі, мораль мен адамгершілік нормасы қалыптасқан коммуникативтік функция алдыңғы орында болуы тиіс. Сондықтан жас ұрпақ үшін әдепсіз болып табылатын көріністердің аудитория үшін қажеттілігі жоқ. Ақпараттық кеңістікке теледидар бейнелі таңбалық кодты кіргізген уақытта, бұған аса үлкен мән беріледі. Егер осы код көңіл күйді жаулау болса онда оның қоғамға әсер етер күші мол. Телебағдарламаны жасаушыларға оның болашақтағы жастарға берер кері әсерінен гөрі бүгінгі қызықтылығы мәндірек болып табылуда [5].

Телестудиялар қоғам мен ақпарат әлемі арасындағы коммуникатор рөлін атқарады. Сондықтан коммуникатордың міндеті қоғамға сапалы, жаңа бағыттағы білім беру болып табылады. Отандық теледидарда «Реалити-шоу» пішінінде жасалған, көрермендер қызыға тамашалайтын «Шіркін Life» бағдарламасын атауға болады.

М.Барманкұлов: «Теледидар қазір журналистиканың барлық ескі жанрларын жаңарған түрге айналдырды. Олардың бар-ау деп есте жүргендерінің жаңа қырларын ашты. Жаңа әдістерді дүниеге келтіріп, журналистикаға жаңа жанрлар мен формалар сыйлады» деген екен. Бүгінгі күнде осы пікір шындыққа айналып келеді [4].

Телевизия бағдарламаларының тақырыбы жағынан өте тартымды, ал

мазмұны жағынан көрермендерге мейлінше ұғынықты болуы экран шарттылықтарының бірі.

Бүгінгі қоғамның бар саласын қамтып отырған реформалар жастардың тәрбиесіне, рухани сана-сезіміне көлеңкесін түсірмеуі керек. Көгілдір экран тек жастарымыздың ғана емес, күллі елдің тәрбиешісіне айналып отыр. Ақпарат құралдары арқылы халық санасына кез-келген идеяны сіңіруге болатындығы дүниежүзілік тәжірибеде толық дәлелденді. Қандай туындының да негізгі тірегі, басты арқауы - адам. Сондықтан адамның ой-түйсігі, мінез-құлқы, сөзі және солардың арасындағы үйлесімділік, сәйкестік осы атаулардың ішіндегі басымы болуы керек. Сценарий туындысының авторына қойылатын қатаң талап биігінен қарағанда, тележүргізушінің бейнелі де бедерлі сөз өрнегінен деректердің бай жиынтығы басым жатады. Оқиғаларды бір-бірімен заңды жымдастыру, кейіпкерлердің бітім-болмысындағы тартымдылық, сөйлеу ерекшеліктері, көркемдік көрсеткіштер шымырлығымен сүйсіндіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Абраменко А.* Жанр реалити и его особенности на российском телевидении // *Acta Diurna*, 2008. - № 1. - С. 34-37.
2. *Борецкий Р.* «Телевизионная пропаганда». –Москва: Профиздат, 1967.
3. *Масғұтов С.* Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе. –Алматы, 1975.
4. *Шыңғысова Н.* Қазақ теледидарының жастар бағдарламасы. –Алматы: Қазақ университеті, 1999.
5. *Уразова С.Л.* Show-clon телевизионной реальности Телерадиоэфир. –М.: Аспект Пресс, 2005.
6. *Уразова С.Л.* «Reality TV в России. Первый опыт телеклонирования» // Вестник Московского университета. –Серия 10. Журналистика. –2003. –№3.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрена новая форма телевизионного жанра - реалити шоу.
(**Садібеков А. Реалити шоу – новая форма телевизионного жанра**)

SUMMARY

This article discusses the genre of reality show.
(**Sadibekov A. The reality show is a new form of television genre**)

ӘОЖ 818.992 72

Ә.ТӘШІМОВА

Шымкент университетінің магистранты

**АКАДЕМИК РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Мақалада академик Рахманқұл Бердібайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы баяндалады. Академиктің шығармашылығын кезең-кезеңге бөліп, жазушы-сыншы, публицистік қырларына тоқталады. Шығармашылық тағдырындағы айтулы, белесті сәттеріне шолу жасалып, сындарлы сыншының, зерделі ғалымының ғылымдағы қол жеткен табыстары, іргелі ізденістері, толымды еңбектері сараланған. Мақаланың түйінінде артына мол мұра, іргелі ғылыми мектеп қалдырған ғалым есімін еске алу, ұстазды ұлықтау жайын да сөз етіледі.

Кілт сөздер: әдебиеттанушы, фольклор, фольклортану бөлімі, сыншы-публицист, монография, эпостану, түркітану, түркітанушы, ғалым.

Академик Рахманқұл Бердібай 1927 жылы 2 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданына қарасты Көкіш деген ауылда дүниеге келген.

Ғалымның балалық шағы Қаратаудың баурайындағы Ащысайда өтті. Осындағы орта мектепті бітірді. Ащысай ол кезде қазақ елі ғана емес, Одақ көлеміндегі ірі кен орыны. Ащысай түсті металл комбинатының клубы болған. Осы клубтың жанында Алматыдан халық театрын құру үшін арнайы шақырылған маман, күйші-композитор Ысмағұл Көшекбаев домбыра үйірмесін ашады. Жас талапкер Рахманқұл үйірмеден 20-30 күй үйренеді.

Рахманқұл Бердібай жасынан өлең-сөзге, шешендік өнерге әуес болып өседі. Ғалымның айтуынша, сөз өнеріне құштар болуына әңгімешіл зерделі әжесінің, ән-жырға әуес анасы Ұлдардың, әнші-күйші, жыршылардың қонажатып, түсетін үйі болған өнерсүйер отбасының әсері мол болған. Міне, осындай ортада өскен болашақ ғалым жасынан сөздің қадірін ұғып, өлең-жыр, әдебиетке құмартып өседі. Рахманқұл бала күнінде Қаратау атырабына танымал жыршы Сұлтанбек Аққожаевты көрген. Жыршы үйлерінде апталап жатып өнер көрсетеді. «Әсіресе, Қаратаудың Торлан асуында отырғанымызда біздің үйге жиі келіп тұратын. Жұрт алқа-қотан жиылып отырады. Жыршы танды-таңға жалғап «Мың бір түн», «Сауда ишан», «Қыз Жібек», «Алпамыс батыр» сынды дастандарды жырлайды. Арасында арқаның әсем әндерін шырқайды, Қаратаудың кербез күйлерін шертеді, Сырдың сырбаз термелерін айтады. Қысқасы бір өзі – бір театр»[1].

1941 жылы Ащысайға өзінің үгіт-насихат бригадасымен тылдағы еңбеккерлерге өнер көрсету мақсатында Нартай Бекежанов келген.

«Нартайдың салған әні, оның сырнайының сазы жатсам-тұрсам ойымнан кетпейді. Ақыры әкеме «гармон алып беріңіз» деп қолқа салдым. Әкем көңілімді қимай жалғыз ешкісін сатып, соның пұлына 12 тілді гармон алып берді» [1] -деп еске алушы еді ғалым. Міне, осындай ортада өскен Рахманқұл аға арман қуып Алматыға аттанады. 1945 жылы ҚазМУ-дің Филология факультетіне түсіп, М.Әуезовтен, Ә.Қоңыратбаевтардан дәріс алады. Қызылорда педагогтік институтында сырттай оқып бітіріп, елде мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінде басшылық қызметте істейді.

1953 жылы әдеби, ғылыми ортаға жақындау үшін Алматыға келіп Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына әдебиеттану мамандығы бойынша түсіп, 1954 жылы оның теориялық курсы тәмамдайды.

1955 жылы ұзақ жылдар бойы шықпай қалып, кейін қайта шыққан «Қазақ әдебиеті» газетінің сын бөліміне қызметке шақырылады. Газеттің бас редакторы С.Мәуленов, орынбасары Ж.Молдағалиев, жауапты хатшы Т.Әбдірахманов болған газет қазақ баспасөзі тарихында болмаған (сол дәуірдің өлшемімен) жетістікке жетті. Талай тасада жатқан мәселелерді, ұлттық құндылықтарымыз бен мәдени мұрамызға қатысты ащы шындықты батыл көтере білді. Соның бірі 1956 жылы 22-сәуірде газетте жарияланған Р.Бердібайдың «Ең үлкен мәдени байлық» мақаласы болатын. Мақалада автор мектептерде қазақ тілі сағаттарының қысқаруы; қазақ мектептері қатарының сирей бастауы; қалаларда қазақ мектептерінің тым аздығынан қазақ балаларының ана тілінен мақрұм қалуының қауіпті межеге жетуі, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкес қалыптасқан терминдердің қисынсыз орысшалануы; қазақ тілді кейбір басылымдардың орыс тілінен дубляж-көшірме болып шыға бастауы ана тілінің дамуына тосқауыл екендігі; қазақ мектебін бітірген талапкерлерге оқуға түсерде ана тілінде емтихан тапсыруға рұқсат етілмеуі; ана тілін қадірлемеу республика басшылары жүргізіп отырған саясат нәтижесі екендігін қатты сынады.

«Жоғары оқу орнының, әсіресе техникалық, жаратылыстану факультетін бітірушілердің басым көпшілігі қазақтың әдеби тілін мүлде білмей шығады. Осыдан барып орысша сөйлей, жаза алатын, бірақ ойындағысын қазақ тілінде ауызша да, жазбаша да дұрыс жеткізе алмайтын кадрлар пайда болады. Мұның ақыры неге соғатындығын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Бізде қазақ тілінде жаза білетін инженер, агроном, физик, зоотехникті ілуде бір кездестіруге болады. Мұның өзі кейде кісі күлерлік жағдайға душар етеді. Қазақ интеллигенті өз ана тілін білмейді!" - деп жазды қаламгер [2].

Журналистің өткір проблемалық мақаласы оқырманның ойын оятып, зиялы қауым арасында пікірталасқа ұласты. Газеттің алқа мүшесі М.Әуезовтің өзі: "Великий мәселе көтеріпсіндер! Газеттің осындай мінезі болуы керек. Мінезсіз газет — газет емес. Бұл мәселе жиырмасыншы жылдардан соң қозғалмай кетіп еді. Дұрыс қозғапсындар", - деп ризашылығын білдіреді [3]. Редакцияға толассыз ағылған оқырман хаттары, пікірлері қорытылып, газеттен орын алып отырды. Тақырып жарты жылға

жуық талқыланды.

Р.Бердібайдың аталған мақаласы көпшіліктен қолдау тауып қана қоймай, көкейде жүрген көп жайдың қозғалуына, мәселенің тереңдей талдануына түрткі болғаны байқалады. Мысалы, Ә.Нарымбетов журналист пікіріне қосыла отырып, өзінің «Ана тілін ардақтайық» мақаласында: «Бізде көп жағдайда қазақ тіліне немқұрайлы көзқарас орын алуда. Егер бірде-бір жиналыс, мемлекеттік қаулы-қарарлар, указдар, қатынас қағаздар о баста қазақ тілінде жасалып көрмесе кейбір басшыларымыз алдымен өздері қазақ тілін ұмытса, жоғарыдағыдай ой әркімге-ақ келуі мүмкін,-деп жазды.

Әкімшіл-әміршіл жүйенің сіресіп тұрған тұсы 50-жылдарда мұндай пікірлердің баспасөзде жариялануына билік тарапынан жол берілмейтін. Көп ұзамай-ақ газеттерде Р.Бердібайдың "ұлтшылдық" көзқарасын сынаған мақалалар жариялана бастады. Олар әйгілі "отыз жетінің" қаралағыш мақалаларымен сарындас, тіпті айырмасы болмады. Осы мақаладан кейін газеттің жайы Орталық Комитетте қаралып, үкіметтің арнайы (1956 жылғы 10 желтоқсандағы) қаулысы шығады [3].

Газет редакторы С.Мәуленов, орынбасары Ж.Молдағалиев, Т.Әбдірахманов қызметтен босатылады. 1957 жылы 9-ақпанда Р.Бердібайдың мәселесі Жазушылар Одағы бастауыш партия ұйымының мәжілісінде қаралып, қызметінен босатылып, партиядан шығарылады. Орталық Комитеттен арнайы келген хатшы Н.Жанділдин, жуырда ғана Одаққа төраға болып келген (ұзақ жылдардан кейін партиялылығы қайта бекіген) Ғ.Мүсірепов те Р.Бердібайға қатты шүйлігеді. Н.Жанділдин: «Бұл, баяғы А.Байтұрсынов идеясымен қаруланған адам газетті кеңестік қоғамға қауіпті, санасы уланған мұндай адамдардан тазарту керек», -дейді [4]. Қаламгерлер С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Т.Ахтановтар жас сыншы-публицисті қорғаштап, газеттің бағытын ақтауға тырысады. Сөйтіп, қаламгер билік тарапынан біраз уақыт қуғын көреді.

Академик Рахманқұл Бердібайдың «Қазақ әдебиеті» газетіндегі әдеби сыншылық, журналистік қызметі (1955-1959) оның өміріндегі ең бір белесті кезең. Ғалымның өзі де жиі айтып, еске алып отырғандай: бұл кезең үлкен өмір мектебінен өткен, белді сыншы-публицист ретінде қалыптасып, болашақта ғалым-әдебиеттанушы болуға бастаған сара жол болды.

1961 жылы Р.Бердібай Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына ауысты. Осы кезден бастап сыншы-публицистің өткір қаламы ғылыми байсалдылыққа, тереңдікке бет алды. Осы ғылымның ордасында «Қазіргі қазақ романдарындағы сюжет проблемасы»(1961), «Қазіргі романдарының теориялық мәселелері» деген тақырыптарда кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғады.

1960-шы жылдардан 1973 жылдарға дейінгі Р.Бердібай әдебиеттің тарихы мен теориясы жайлы күрделі мәселелермен ұдайы зерттеп отырды. Ғалымның осы жылдары жарық көрген мақалалары, әдеби сын мақалалар жинағы мен монографиялары көркем әдебиет ерекшеліктерін білетін, әлемдік

даму тәжірибесімен салыстыра отырып талдауға қабілетті зерттеуші ғалым екендігін көрсетеді. «Роман және заман», «Қазақ романы», «От легенды к роману», «Биік парыз», «Қазақ тарихи романы», «Тарихи роман», «Мұхтар шыңы» деген кітаптарында кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті, әсіресе роман жанрының қалыптасу және даму процесін жан-жақты талдап көрсетеді. Р.Бердібайдың бұған дейін әдебиеттанушылар көп бара бермеген роман теориясына терең барлау жасап, қазақ романының жанрлық ерекшеліктерін талдаған тұстары да осы кезең. Рахаң қазақ романының теориясын тиянақты зерттеген ғалым. Қазақ романының даму тарихы мен даму эволюциясы оның теориялық мәселелері туралы ғалымның парасатты пайымдаулары қазақ әдебиеттану ғылымының түйінді мәселелерін шешуге ықпал етті. «Р.Бердібайдың «Қазақ романдарының теориялық мәселелері» деп аталатын докторлық диссертациясы күрделі жанрдың қазақ ғалымдары тісі батпаған құпияларын айқара ашып берді. Зерттеуші көркемдік сапасы асыра бағаланып келген (даңқы аспандап тұрған «Миллионер», «Оянған өлке», «Сырдария», т.б.) көптеген қазақ романдарының олқылықтарын тап басып танып, романға қойылатын талаптарға сай келмейтіндігін ашып айтты» [5].

1973 жылы Рахманқұл Бердібай Ғылым академиясының президенті Ш.Есеновтың ұсынысымен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөліміне меңгеруші болып тағайындалды. Бөлімді бұған дейін М.Әуезов, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллиндей көрнекті ғалымдар басқарып келген. Басшылар тарапынан сенім білдіріп, фольклор ғылымын ұйымдастыру, жолға қою жауапкершілігі тапсырылды. Бұл ұсыныс, бұл сенім оның шығармашылық тағдырына үлкен бетбұрыс жасаған қадам болды. Рахаң өзі айтқандай: «әдебиет сыншысының бірден фольклоршы болып кетуі оңай емес». Әдебиет пен фольклор бір-біріне өте жақын болуымен қатар күрделі айырмашылықтары да бар. Сондықтан да ғалымның тез «қайта мамандану» жолынан өткені түсінікті де. Расында, Рахманқұл Бердібай зерттеу арнасын әдебиет сынынан фольклорға шұғыл әрі тиімді бұрған бірегей талант. Фольклор бөлімін басқаруы да ғалымның өміріндегі ең бір белесті кезең деп есептейміз. Олай дейтініміз, сол бөлімді басқарған 20 жыл ішінде (1973-1993) бөлім тікелей ғалымның жетекшілігімен «Қазақ фольклористикасы», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ фольклорының поэтикасы», «Фольклор және оның этнографиялық негіздері», «Қазақ фольклорының тарихы», «Қазақ фольклористикасының тарихилығы», «Фольклор және шындық», «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты ондаған күрделі ұжымдық еңбектер жарық көрді. Ғалым осылардың кейбіріне жауапты шығарушы, біреуіне жауапты редактор, кейбіреуіне бас редактор болып, бір еңбектің редакциясын басқарып, осындай құнды еңбектердің жарық көруіне мұрындық болды. «Қазақ фольклористикасының тарихы» еңбегі үшін Р.Бердібай және басқа авторларға бірінші дәрежелі Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық берілді.

Ғалымның редакторлығымен және құрастыруымен Е.Тұрсыновтың «Қазақ халық әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», академик Ә.Марғұланның «Ежелгі жыр аңыздар» атты монографиялары жарық көрді. Бұл еңбектер фольклортану ғылымында 70-жылдардан бастап жаңа бетбұрыстың, жаңа ғылыми мектептің қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен, ғалым өзінің саналы ғұмырының 20-25 жылдай уақытын қазақ фольклорын, эпосын зерттеуге арнады. Осы уақыт аралағында ол әдеби, ғылыми ортаға, қоғамға фольклор зерттеуші ғалым, фольклор ғылымын зерттеуді ұйымдастырушы ретінде танылды. Оның қаламынан «Жыршылық дәстүр» (1980), «Қазақ эпосы» (1982), «Сарқылмас қазына» деген монографиялар туды. Аталған еңбектер оны фольклортану ғылымының көшбасшысы, қазақ эпостану ғылымының негізін салушылардың бірі екендігін айғақтайтын еңбектер.

Рахманқұл Бердібай ұзақ жылдар, Кеңестік идеологияның салқынынан зерттелмей келген қазақ-ноғайлы жырларының қайта оралуына, игерілуіне көп еңбек сіңірген ғалым. Ол 80-ші жылдары Одақ көлеміндегі, республикалық басылымдарында жазған мақалаларында қазақ эпосының қымбат қазыналары: «Едіге батыр», «Қарасай-Қази», «Шора батыр», «Ерсайын», т.б. жырларды зерттеу, жарыққа шығару мәселесін күн тәртібіне қойып, тегеурінді түрде көтерді. Бұл жөнінде жұртшылықтың пікірінің қалыптасуына ықпал етті. Аталған және басқа эпикалық мұра жайында «Эпос – ел қазынасы» деген монография жазды.

Қазақ эпостары мен қатар түрік халықтары дастандары мен жырларын да зерттеді. Бір жырдың бірнеше халықтардағы вариант-нұсқаларын салыстырып зерделеуі нәтижесінде қазақтанудан түркітану атты кең құлашты ғылыми өріске түскенін аңғарамыз. Ол қырғыз халқының бай мұрасы «Манас» эпопеясы мен қазақтың эпикалық дәстүрінің байланысы жөнінде үлкен еңбек жазды. Ол «Адамзаттың Манасы» атты кітапқа енген (1995). Түрік халықтарының ертедегі рухани байланысы жөнінде зор ескерткіш – «Қорқыт» жайындағы ел аузындағы аңыздарға арналған мақаласы, баяндамалары қазақ, орыс, түрік тілдерінде басылды. Түрік халықтары ауыз әдебиетіндегі сарындастық, ортақ белгілер, туыстық жайлы пайымдаулары, олардың түп негіздерін ашу туралы тұғырлы концепциялары бүгінгі, тәуелсіз қазақ халқы фольклортану ғылымын жаңа белеске көтеретін бағыт болып отыр [5].

Академиктің «Байқалдан Балқанға дейін» деген (1996) ғылыми-көпшілік мақалалар жинағында 25 түрік тілдес халықтардың мәдени, тарихи, фольклорлық ескерткіштері баяндалады. Осы халықтардың арасында байланыс, туыстық, тұтастық сөз болады. Бұл еңбек те түрік тіліне аударылып, Анкарада басылды. Түбі бір туыстас елдің құрметіне бөленді. Түрік ғалымы Шериф Акташ: «Рахманқұл Бердібай – бүгінгі Деде қорқытымыз» деп таныды.

Көрнекті ғалым, зерделі әдебиеттанушы, сыншылығымен қатар Рахманқұл ағамыз – талантты публицист. Қазақ әдебиетіндегі ғылыми

публицистиканың негізін қалаушылардың бірі. Оқымыстылығы, ғұламалығы – ғалым деген атақ алып берсе, азаматтығы, қашан да қоғам үшін, қазақ үшін жаны күйіп жүретін азаматтығы – публицист деген титулды сыйлады. Қаратау аймағында туып өскен жыршы-термешілер, айтыскерлер, күйшілер Р.Бердібайдың публицистикасы арқылы халыққа танылды. Ол ұлттық рухани мұрамыздың шын жанашыры. Р.Бердібай публицистикасына тән басты ерекшелік – қара қылды қақ жарған әділдікті ту ету. Халқымыздың мәдениетіне келген нұқсанды дер кезінде көріп, қоғамдық пікір туғызып, кедергі болу. Ұлттық рухани құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтауды әрбір азаматқа парыз ретінде міндеттеу. Біздің ойымызды Раханның ізбасар інілерінің бірі, марқұм Жұмабай Әбілдің мына сөзі дәлелдей түседі: «...кеңестік идеологияның ұлттық сананы ауытқуға барынша бағытталған саясатынан қаймықпай, ағысқа қарсы жүзіп, туған халқының ұлттық тілі мен сан ғасырлық дәстүрлі мәдениетін сол қалпында сақтап қалуға бар күш-жігерін жұмсады. Р.Бердібай шығармашылығында қазақ халқының тағдырына қатысты ақтандақ бет жоқ. Кеңестік идеология қазақ халқының өткен тарихын, дәстүрі мен салтын, әдебиеті мен өнерін ақтандаққа айналдыра бастағанын дер кезінде көріп, өзінің жан айқайын сол мезетте халқының бар дауысымен жеткізіп отырды. Сондықтан, Р.Бердібай айтпаған шындық жоқ. Ол қамтымаған мәселе жоқ. Шындықты жеріне жеткізе айтудың ғажап үлгісіне публицист, қаламгердің әрбір мақаласын жатқызуға болады [6].

Ғалымның Алматы қаласының қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін 35 жыл басқарып (қоғамдық негізде) соңғы 1500-2000 жыл бойындағы тарихымыз бен мәдениетімізге қатысты 500 мазмұнды дәріс өткізуі өз алдына бөлек әңгіме. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі, Түркиядағы «Түрік тілі» қоғамының құрметті мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы, М.Қашқари атындағы халықаралық сыйлықтың иегері. ҚР Үкіметі «Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер», «Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері» атақтарын берді.

1998 жылы еліміздің ғылым мен мәдениетіне сіңірген еңбегі, көп жылдық жемісті еңбегі үшін «Парасат» орденімен марапатталды. Түркияның халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығын иеленді.

Артына мол мұра қалдырған, 50-ден астам кітабы мен 1500-дей мақалалары баспа көрген, ғұлама, Алаштың ардақты абызы – Рахманқұл Бердібай туған жері Түркістанда мәңгіге көз жұмды. Артында мектеп қалдырды. Із қалдырды. Академиктің саналы ғұмыры, соңында қалған сан тарапты жолы, ғылыми еңбектері талай іргелі зерттеулерге негіз боларлық салмақты қазына. Бұл қазынаны игеру, өлшеусіз білім қорын пайдаға жарату кейінгі буын жастарға парыз. Алдағы уақытта «Рахманқұл Бердібай оқуларын» ұйымдастыру, академиктің атына дәстүрлі конференциялар өткізу, тіпті үздік оқитын білімгерлерге академик атындағы шәкіртақы тағайындалса өзі шаңырағын көтеріп, іргесін бекітіп кеткен оқу ордасы үшін

абыройлы міндет деп білеміз. Мұның бәрі болашақтың еншісінде. Өйткені оның мәңгілік өмірі енді басталды [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Талант пен тағдыр // Ғалым мұраты (Белгілі ғалым, ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібайдың 75 жылдығына арналған материалдар). –Түркістан, 2004. –195 б.
2. *Бердібаев Р.* Ең үлкен мәдени байлық // Қазақ әдебиеті. – 1956, 22 сәуір.
3. ҚР Президент Архиві. –708 қор. –30-тізім. – 168 іс.
4. ҚР Президент Архиві. –474 қор. –1-тізім. –34 іс.
5. *Бердібай Р.* Қазақстан ғалымдарының библиографиясы /Құрастырушылар: Қорабай С., Жақанова Д. –Алматы: Ғылым, 1998.
6. *Әбіл Ж.* Рахманқұл Бердібайдың өмірі мен шығармашылығы / «Р.Бердібай және XX ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Түркістан, 2008. –22 б.
7. *Камалқызы Ж.* Мәңгілік өмірі басталды. –Түркістан, 2012, 8 желтоқсан.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о жизни и деятельности академика Рахманкула Бердибаева. Дается поэтапный анализ деятельности академика, значительные отзывы к его книгам и трудам. **(Ташимова А. Жизнь и творческая деятельность академика Р.Бердибаева)**

SUMMARY

This article deals with the life and activities of the academician Rakhmankul Berdibay. The activities of the academician has been analyzed stagely. The important opinions have been suggested about his activities, books and works.

(Tashimova A. The Life and Creative Works of Academic R.Berdibaev)

ӘОЖ 070.195(778 59)

Б.СЕРДӘЛІ

филология ғылымдарының кандидаты
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

ТАБИҒАТ ТЕЛЕТҮСІРІЛІМІ

Кейде біз телехабарды түсіру барысында сценарийде көрсетілген драматургиялық шиеленістерді ашу үшін табиғат көріністерін таңдаймыз. Мұнда табиғат көріністері екінші планда рөл атқарғанымен, түсірілетін сюжеттің сол табиғатқа сай болуы маңызды болмақ. Яғни көріністегі әрекеттер қалайда табиғатқа үйлесуі қажет және ол бірнеше қырынан сәйкестенуі тиіс. Бұл фильм түсіріліп жатқан мезгілдің дәуіріне, жылына, маусымына, тәулік мерзіміне, ауа райына қатысты туындайды. Мақалада осы туралы кеңірек сөз болады.

Кілт сөздер: пейзаж, фото, сюжет, табиғат, фон, кейіпкер, пейзаж лаконизмі, эмитет, символ, фильтр, оператор, түсірілім, композиция.

Пейзаж – бейнелеу өнеріне тән айрықша жанр. Бұл жанр телевизияда сурет пен фото өнеріне қарағанда басқа қырынан көрініп жүр. Оператор-пейзажшылар өмір бойы табиғаттың түпсіз терең тылсымын тани алмаумен келеді. Тек көркем әдебиетте ғана табиғат суретінің шабыттан туған кестелі үлгілері жасалуда.

Кейінгі жылдары фотосурет өнері мен кинода, телевизияда осы жанрға айрықша көңіл бөлінуде. Оны қолдану арқылы сюжет сапасы, түсірілім сипаты жаңаша бір айшықпен көрініс табуда. Солардың тәжірибеден туған кейбіріне ғана тоқтала кетейік.

1. Табиғи пейзаж. Бұл табиғат ұсынған бейненің жай ғана қалыпты бейнесі. Мысалы, бидай алқабының, шөл даланың, ну орманның табиғи бейнесі осындай пейзажды құрайды. Мұндай бейнекөріністер репортаж түсіріліміне ғана тән. Бұлар жансыз, күнделікті өзімізге таныс ақпараттарды ғана бере алады.

Шынайы бейнекөріністерді тіптен киноәуесқойлар да оп-оңай түсіре береді. Мұндай кадрлар ешкімді де селт еткізбейді, көркемдік ләззат бере алмайды, табиғат тамашаларын шын ықыласпен сезінуге, адамдардың жан дүниесін ұғынуға, табиғатты сүюге негіз бола алмайды [1]. Ондай түсірілімдерді кино тілінде «табиғи қабылдау» дейді де қояды. Көркемдік тек көзге түскенді түсіруден ғана емес, оны сезім арқылы жеткізуден туындайды.

Табиғи кадрларда тірі әлем жоқ: желмен тербелген қызғалдақ, жапырақ ұшында дірілдеген мөлдір тамшы, қысқы аяз айшықтары, тұман тұңғиығы, бірте-бірте көзден ғайып бола бастаған бұлыңғыр кеңістік бұл көріністерге тән емес. Яғни, режиссер үшін аса қажет табиғат кереметтерін мұндай

пейзаждардан табу қиын.

2. *Пейзаж, фон ретіндегі пейзаж.* Кейде біз хабарды түсіру барысында сценарийде көрсетілген драматургиялық шиеленістерді ашу үшін табиғат көріністерін таңдаймыз. Мұнда табиғат көріністері екінші планда рөл атқарғанымен, түсірілетін сюжеттің сол табиғатқа сай болуы маңызды болмақ. Яғни көріністегі әрекеттер қалайда табиғатқа үйлесуі қажет және ол бірнеше қырынан сәйкестенуі тиіс. Бұл фильм түсіріліп жатқан мезгілдің дәуіріне, жылына, маусымына, тәулік мерзіміне, ауа райына қатысты туындайды. Мысалы, XVIII ғасырдың табиғат суреттеріне қазіргі көп қабатты ғимараттар үйлесе бермейді. Ал көк жасыл шүйгін шөптер көктем мезгіліне ғана тән т.б.

3. *Пейзаж-эпитет.* Бұл автордың көзбен көріп, көңілмен сезінген табиғат суреттері. Пейзаж-эпитет кейіпкердің психологиялық жағдайын көрсетуге арналады. Егер кадрдағы табиғат сұрғылт, бозғылт болса, ол кейіпкердің көңіл толқынысының сұрқай бейнесі. Мұндай алабұртқан көңіл жағдайында табиғат суреті көріксіз, ағаш бұтақтары қуаң, айнала жаңбыр, суық, аянышты сезіледі.

Пейзаж-эпитет қаһарманның көңіл-күйіне сәйкес немесе қарама-қарсы болуы да мүмкін. Мысалы, сюжет қаһарманы қайғыға шомып отыр, бірақ табиғат көріністері жайма шуақ, күн нұрына бөленіп тұр делік. Бұл адамның бірде көңілді, бірде жабырқаулы, бірде мәз-мейрам, бірде қайғылы жағдайда отырғандығын көрсетеді. Өйткені адам мәңгілік емес, ол уақытша құбылыс, ал табиғат – мәңгілік, ол адамның жағдайына тәуелді емес, өз заңымен, өз эволюциясымен дами береді. Адам мен табиғаттың экранда осылайша салыстыра қойылуы көрерменнің көңіл-күйі мен сезіміне күшті әсер ететін фактор болып табылады.

4. *Пейзаж-бейне, пейзаж-символ.* Бұл кейіпкердің көзімен ұғындырған табиғат суреті, уақиға болып жатқан сәттегі қаһарман көңіл-күйінің пластикалық бейнелі образы. Өмірдің әр кезеңінде кейіпкердің жағдайын қоршаған орта әртүрлі қабылдайды, ол бірде бақытты, бірде бақытсыз, бірде көңілді, бірде қайғылы т.б.

Кейіпкер өмір сүріп жатқан ауыл көшесін көз алдымызға елестетейік. Кейіпкер үйіне дейінгі көшенің қалтарыс-бұлтарысы бізге жақсы таныс, оны күнде көріп, көңілге жаттап алғанбыз. Тіпті сол кейіпкермен көрші болып кеткендейміз...

... Міне, қаһарманымыз үйіне жаралы болып келе жатыр. Бала кезінен таныс көшемен жүріп келеді, үйлер де, айнала да теңселіп тұрғандай.

... Міне, ол құлады, етпетінен жерде жатыр, көше оған мүлде бейтаныс сияқты, үйлер де үлкейіп кеткен бе, қалай? Жылжуға дәрменсіз.

... Міне, оны көршілері тауып алды, таныды, үйіне әкелді, есін жиды, өзіне таныс зембілде жатыр. Енді ол қабырғаны, үйдің шатырын тани бастады, маңайын қоршаған адамдар да таныс бола бастаған сияқты... [2].

Осы жерде оператор адамның әртүрлі сезімдерін пейзажға үйлестіріп

беруі тиіс, сонда ғана көрермен бұл көріністерді қаһарманның сезімі мен қимыл-әрекеті деп қабылдайды.

Қаһарманның көңіл-күйі бір көріністен екінші көрініске алмасып отырады. Табиғат суреттері экранда бас қаһарманның елес-сезімін, тіпті көрген түсіне дейін көрсетуге мүмкіндік береді.

Осындай нақты жағдайлар мен композиция пейзажға ғана емес, портретке де, интерьер мен натюрмортқа да, фильмдегі барлық жанрларға да қажет.

Кейіпкер көзімен бейнеленген табиғат суреті операторға ракурсты, ырғақты, камера қозғалысын, оптиканы, фильтрді шебер қолдануға мүмкіндік береді.

«Қыз Жібек» фильміндегі Қарқаралының тамаша табиғат суреттері оны қоюшы режиссер Сұлтан Қожықовқа үлкен мүмкіндік берді. Оператор бірде қызғалдағы жайқалған дала көріністерін, бірде айдын шалқар көл мен оның жағасындағы қайың-қарағайлы ну орманды Қыз Жібектің сәнді киімі мен салтанатты көшіне үйлестіре әдемі көрсете алды. Яғни камера автор көзімен «жұмыс істеді».

Пейзаж лаконизмі. Пейзаж бірде фон, бірде эпитет, бірде символ өзегі болғанына қарамастан, көріністің толыққанды композициялық элементін құрай алады, өйткені ол белгілі бір мөлшерде бейненің де образын ашады. Сондықтан да кадрдағы пейзаж көріністің жоғары ауанын бере білуі керек, ол жай ғана уақытша көңіл бөлетін нәрсе болмауы тиіс. Осыдан барып пейзаждың артық көріністерден, ойды бөлетін түрлі элементтерден, композициялық жүктемелерден арылу талабы туындайды.

Табиғатты кадрға алу кезінде бейнені табиғи жолмен түсіруді де ескеруіміз керек: ашық күндегі контраст көбіне қою көлеңкелі болады, ал бұлтты күнгі күнгірт ауа жұмсақ көлеңке бере алады; тұнық ауада көркем бейне түседі де, найзағайлы күні, әсіресе, күн жауғанда су сәулесінде әдемі көріністер ойнақшып, пейзаж лаконизмі пайда болады.

Ауылдағы және қаладағы пейзажды түсіру барысында кешкі және түнгі мезгілдерді таңдап алған тиімді. Үй терезелерінің, көше және автомобиль шамдарының жарығымен сәтті түсірілімдер жасауға болады. Бұл түсірілім өте аз уақытты талап етеді. Мәселен, үй терезесінен түскен жарық 30-40 минутқа ғана созылады, ал көлік шамдарынан құйылған сәуле операторға көркем бояулы түсірілім жасауға көмек береді.

Пейзажды кез-келген мезгілде түсіруге болады. Әсіресе, ауа райының тосын жағдайлары табиғат тамашаларын түсіруге жағдай туғызады. Мысалы, жауын көлеңкелі көріністерді күшейтеді. Ылғалды асфальтта, сулы жапырақтарда, жалтыраған тастарда түсірілім сапасы артады.

Кейде операторлар табиғаттың осындай «тосын сыйын» күтпей-ақ көркем көрініс тудыратын қосымша техникалық мүмкіндіктерді де пайдаланады. Мысалы, жасанды найзағай жасау үшін операторлар төмендегідей техникалық арсеналдарды қолданады: сұр фильтрдің көмегімен аспан белгілі бір көлемде бұлыңғырланады. Күшті желүрлегіштердің

көмегімен жел тұрғызылады. Арнайы жасанды су бүркетін құралдар арқылы жаңбыр іске асырылады. Жарық бергіш құралдар арқылы найзағай оттары жарқылдайды.

Дегенмен, мұндай жасанды табиғат құбылыстарынан гөрі табиғаттың өзі сыйға тартқан табиғи көріністер оператор үшін пейзаж жасаудың тиімді құралы болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Тимашев Е.* Пейзаж в кадре. – М., 2010. – С. 122.
2. *Уэйд Дж.* Техника пейзажной фотографии. –М.: Мир, 1989. – С. 85.

РЕЗЮМЕ

И фотография, и кино, и телевидение постоянно обращаются к пейзажу, используя его в видовых фильмах и передачах. Пейзаж – совершенно самостоятельный жанр изобразительного искусства. ТВ наследовало этот жанр от литературы, живописи, фотографии, кино. Данная статья излагает о съемке пейзажа телеоператором, как самостоятельного жанра телевизионного искусства.

(Сердали Б. Телесъемка пейзажа)

SUMMARY

And photography, cinema, and television constantly turning to the landscape, using it in eye films and programs. Landscape - completely separate genre of art. TV inherited this genre of literature, painting, photography, film. This article sets out on a cameraman filming the landscape as an independent genre of television art.

(Serdali B. Telephoto landscape)

ӘОЖ 741.011.8

А.СӘДІБЕК

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

ТІГІН ӨНДІРІСІНДЕГІ КИІМ ФОРМАСЫ МЕН КОНСТРУКЦИЯСЫ

Бұл мақалада киімді өнеркәсіптік жобалаудың, тігін өнеркәсібінде алатын орны жайында айтылады. Заман талабы – халықты сапалы да сәнді және адам бітіміне қонымды киіммен қамтамасыз ету. Киімнің адам денесіне қонымды болуы, дене құрылымы, морфологиялық белгілеріне байланысты екені айтылады.

Кілт сөздер: долихоморфты тип, брохиморфты тип, мезоморфты тип, функциялар, бүкпелер, қымтырмалар, конструкциясын, эскизбен, прогресіне, техника, антропометр.

Тігін өнеркәсібінің алдына қойған мақсаттарының орындалуы киім дайындау прогресіне ғана байланысты емес, сонымен қатар киімді өнеркәсіптік жобалау нәтижесіне байланысты болады.

Жобалау (проекциялау) – бұл бұйымның жаңа үлгілерін жасау бойынша оған қоса зерттеу техникасы экономикалық есептеулер мен дәлелдеме эскизбен модельді жасау, бұйымның және оның бөліктерінің сызбасын есептеу және тұрғызу, тәжірибе үлгісін дайындау және байқау жұмыстарының жинағы.

Өндірістің көп жылдық тәжірибесі өнімнің сапасын жақсарту, еңбек өнімділігін көтеру, материалдық және еңбек шығындарын азайту жолдарын жобалау кезінде қарастыру керек екендігін көрсетеді. Өндірістің келесі сатысындағы жұмыстарының табысты болуы модельге және оның конструкциясына байланысты болады [1].

Мынадай көрсеткіштер бұйымды дайындауының еңбек қиындылығы, еңбек өнімділігі, бұйымның өзіндік құны және өңделу құны, сонымен қатар пайдалылық сияқты маңызды экономикалық көрсеткіштер. Тігін бұйымдары өндірісінің тиімділігін жоғарылату үшін киімнің техникасының конструкциясын өңдеудің және енгізудің үлкен маңыздылығы бар. Техникалық конструкция бұйымға кететін матаның шығынын төмендетуін қарастырады.

Тігін өнеркәсібінің алдына қойған мақсаттарының шешілуі киімді конструкциялау тәжірибесі мен ғылымына байланысты.

Конструкциялау – киімді жобалаудың негізгі бөлігі, ол принципиалдық және творчестволық этаптардың қосындысынан тұрады. Бұл этаптарға конструкциялау әдісін таңдау, техникалық жобалаудағы және эскиздік көлемдегі бұйымдардың сызбасын өңдеу, қосымша пішу бөліктерінің

сызбасын өңдеу сонымен қатар жұмыстың құжаттары жатады.

Киімді конструкциялау – іс жүзінде қолданылатын ғылым, ол жалпылама дайындау өндірісі үшін, киім конструкциясын тиімді жобалау сұрақтарымен шұғылданады [2].

Тігін өнеркәсібіндегі ғылыми–техникалық прогрестің дамуына ғылыми-техникалық зерттеу институттарының жоғарғы оқу орындарындағы технология және киімді конструкциялау кафедраларының атқаратын ролі мол.

Киім адам өміріндегі бірінші қажеттіліктің бірі болып табылады. Киім дегеніміз оның өзі адам денесін мүшелеп және тұтастай бүркеп тұратын жабындылар жиынтығы.

Пішу бөліктерінің алғашқы киімді дайындау Европада дамыды. XII ғасырдың басында көйлекте үш тігіс пайда болды, екі бүйір тігіс және орта тігістері. Жанынан тігілген тігістер киімге әдемі форма бермеді. Сол себептен киімдерді бөліктерге жіктеу түрі пайда болды. Киім формаларын конструкциялау XIII-XVI ғасырларда дамыды. Орта ғасыр дәуірінде киімде адамның дене пішімінің жеке бөліктеріне тура келетін формалардың пішу бөліктері (артқы, алдыңғы бой, жең) практикалық жолмен табылды. Бүкпелер, қымтырмалар жеңнің қолтық ойындылары овалды болып келуі пайда болды. Жең көп уақыттар бойы жеке зат болып есептеліп, бұйымға баудың, тесманың көмегімен біріктірілді. Шалбардың балағы да біріне бірі бірікпей, әр аяққа жеке киіліп, белге бау арқылы байланды.

Орта ғасыр дәуірі пішім бөліктерінің құрылу уақыты болып табылады. XIX ғасырдың басында пішім сызбасының жасалуы басталды. XVIII ғасырда киімде қалта пайда болды. Бұл уақытқа дейін қалтаның қызметін белбеу атқарып келді. Оған сағат, айна, т.с.с. заттар байланатын.

Адам қоғамының ертедегі даму сатысында, киім негізінен қорғаныш функцияларын орындады. Ал көп уақыттан кейін эстетикалық функциялар пайда болды. Киімге көптеген талаптар қойылды. Олар бірнеше функцияларды орындады. «Функция» - мақсаты, міндеті деген мағына береді.

- қорғаныш функциясы – адам организмін қолайсыз ықпал жасайтын климаттық ортадан, механикалық мертідуден және қолайсыз ықпал жасайтын өндірістік ортадан қорғауға сәйкес келеді (суықтан, желден, жаңбырдан, зақымданудан);

- физиолого-гигиеналық функция – адам және киімнің ыңғайлылығын (ішкіімнің адамға лайықтылық деңгейін) қимылсыз күйді және қозғалысты анықтайды;

- хабарламалы функция – адам және киім жайында хабарлайды;

- эстетикалық функция – киімнің адам денесіне сәйкес келуін, бұйымның композициясын, сонымен қатар оны дайындау және өңдеу сапасының деңгейін көтеріп, жетілдіруін анықтайды.

Тігін өндірісінде бұйымның сызбасын тұрғызу үшін адамның дене құрылымын білуі қажет.

Адамның дене құрылымын – анатомия ғылымы зерттейді. Бұл ғылым

адам денесінің формасы мен өзара байланысын, сонымен қатар денені өлшеу участігі мен антропометрлік нүктелерді анықтайды.

Адам денесі мен өлшемінің формаларын біріншіден сүйек қаңқасы анықтайды. Адамның сүйек қаңқасы бас сүйегінен омыртқа жотасынан кеуде клеткасынан, қол және аяқ сүйектерінен тұрады. Ал, омыртқа жотасы бес бөлімнен тұрады:

- мойын – жеті омыртқадан;
- кеуде – он екі омыртқадан;
- бел – бес омыртқадан;
- сегізкөз – бес омыртқадан;
- құйымшақ – төрт-бес омыртқадан тұрады.

Омыртқа жотасының неғұрлым шығыңқы тұратын мойын тұсы, ең соңғысы былайша айтқанда жетінші омыртқа. Ол адам тұлғасының бір қатар өлшемін алуға қызмет етеді. Омыртқа жотасының иілген түрі бар. Кеуде мен құйымшақ бөлімінің омыртқасы кері бағытталған. Мойын мен бел омыртқасы ілгері бағытталған жіктері болады. Омыртқа жіктері адамның бүкіл өмірі бойына өзгеріп отырады [3].

Жаңа туылған нәрестенің омыртқасы тұзу. Баланың буыны бекіп, басын ұстай білген кезде мойын омыртқасы жетіледі. Ал, бала отырған кезде кеуде омыртқасы жетіледі. Бала жүре бастағаннан бел омыртқасы қалыптасады. Қартайған кезде кеуде омыртқасы қалыптасады. Кеуде клеткасы омыртқасының кеуде тұсынан қос он екі қабырғадан және төс сүйектен тұрады. Кеуде клеткасы сүйектерінің барлығы қозғалып тұрады. Сондықтан, демалған кезде кеуде клеткасының түрі мен аумағын адамның жасы мен жынысына байланысты болады. Ерлерге қарағанда әйелдердің кеуде клеткасы жіңішке және қысқалау келеді. Төс сүйектерінің жоғарылау және ортасында шұғанақ болады. Оны мойынтырық деп атайды. Ол дененің бірқатар өлшемін орындау кезінде бағдарлау қызметін атқарады. Дененің қаңқасы жота, иық, белдеумен, қолдан тұрады.

Әйелдердің май бөлетін негізгі жерлері кеуде бездері, емшектері мен белден жоғары бөлімі болып табылады. Жас өскен сайын май мөлшері әдептен арта түседі. Семіз адамның дене бітімі елеулі түрде өзгереді. Белі байқалмай кетеді, кеудесі мен қарны қампып тұрады. Тері асты май қабаты дененің қалыптасып, оның сыртқы сымбатының жарасымдылығына үлкен әсер етеді.

Адам тұлғасының сыртқы формасы негізгі морфологиялық белгілермен анықталады:

- тотальды белгілер – күрделі өлшем белгілері (бойының ұзындығы, көкірек шеңбері, салмағы) болып саналады;

- дене пропорциясы;

Дене пропорциясының үш типі бар:

- долихоморфты тип – аяқ-қолы ұзын, кеудесі қысқа болып келеді;

- брахиморфты тип – аяқ-қолы қысқа, ал кеудесі кең болып сипатталады;

- мезоморфты тип – орташа шаманы сақтап, долихоморфты мен брохиморфты типтерінің ортасында.

Дене бітімі немесе дене құрылысына қарай ерлерді үш типке бөлеміз:

- көкіректі тип – жазық көкірек клеткалы, еңкіш жауырынды, бұлшық еттерінен тері астындағы майы нашар жетілген, іші кіріңкі болып сипатталады;

- бұлшық етті тип – бұлшық еті күшті және орташа жетілген, көкірек клеткасы цилиндрге ұқсас, мойны орташа, жауырыны тік және дөңестеу болады;

- қарынды тип – көкірек клеткасы конуска ұқсас, майы көп, әсіресе қарын бөлігінде, бұлшық еті бос, қарны дөңгелек формалы, жауырыны тік және еңкіш.

Тігін өндірісінде бұйымның сызбасын тұрғызу үшін адамның дене өлшемдері қажет, дене өлшемін алу үшін антропометрлік нүктелерді анықтап, сонымен қатар адамның дене құрылымының морфологиялық белгілерін жетік меңгеруіміз қажет. Біз сонда ғана адам денесіне қонымды киім дайындай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саламатова С.М. Конструирование одежды. –М.: Легкая и пищевая промышленность, 1984. – 272 с.

2. Шершнева Л.П. Конструирование женской одежды на типовые и нетиповые фигуры. – М.: Легкая индустрия, 1980. –224 с.

3. Матузова Е.М., Соколова Р.И., Гончарук Н.С. Разработка конструкций женских швейных изделий по моделям. –М.: Легкая и пищевая промышленность, 1983. –216 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются характеристики внешней формы тела человека. Основные элементы анатомии и морфологии человека.

(Садібек А. Формы и конструкции одежды швейного производства)

SUMMARY

The article discusses characteristics of the external form of the human body. The main elements of anatomy and morphology of the person.

(Sadibek A. Form and Design Clothes of Sewing Production)

ӘОЖ 34. 7. 6. (076)

Қ.Р.БАЛАБИЕВ

заң ғылымдарының докторы
Халықтар Достығы Университеті

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

Мақалада құқықтық мәртебе заңнамасымен орнықтырылған әкімшілік құқықтық субъектілерін жүзеге асырушы кейбір мәселелер қарастырылған. «Басқарушылық құқық» пәнін құрайтын: мемлекеттік құқықтық қызметті, оның құрылымы мен мазмұнын, атқару өкілетінің органдарын, мемлекеттік қызметшілерді және қызметтік тұлғаларды қалыптастыру мәселелеріне жан-жақты талдау жасалған.

Кілт сөздер: әкімшілік құқық, құқықтық тәртіп, нормативтік құқық, мемлекеттік мониторинг, атқарушы билік.

«Құқықтық тәртіп» түсінігінің нормативтік құқықтық актілерде, құқық әдебиеті мен ғылыми зерттеулерде жиі қолданылуы бұл құбылыстың кең таралғандығын көрсетеді. Әкімшілік құқық саласының ғалымдары А.В. Малько мен О.С.Родионов әкімшілік-құқықтық тәртіптің келесі анықтамасын береді: «құқықтық құралдардың белгілі үйлесуімен, қалаулы әлеуметтік жағдай жасап, қолайлы немесе қолайсыз деңгейді құру негізінде құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандырудың айрықша құқықтық реттеу тәртібі» [1].

Құқық салаларына, әсіресе қоғамдық қатынастарды реттейтін жоғары деңгейлі реттемелік көпшілік салаларына, соның ішінде әкімшілік құқығына құқықтық тәртіпті тұрақты пайдалану, әкімшілік-құқық тәртіптеріне тыйым салу мен оң байланыстыру тән. Әкімшілік құқық ғылымында әкімшілік-құқық тәртіптерінің бірқатар тұжырымдамалары қалыптасқан. Атқару билігі тәртіпті құқық қатынасы топтарын регламенттеудің ерекше құқықтық (ғалымдардың ұстанымы) және әкімшілік-құқықтық реттеу түрлерінде қарастырады.

И.С.Розановтың пікірінше, әкімшілік-құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету – мемлекеттік, қоғамдық, жеке тұлғалық деңгейде саралануға тиіс [2].

Құқықтық тәртіп қауіпсіздік саласында пайдаланылатын құқықтық және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар жиынтығын, құқықтық-ұйымдастырушылық институтын құрады. Тәртіп түсінігінде іс-шаралар мен іс-әрекеттердің түрлерін (мысалы, экономика тәртібі, демалыс тәртібі) анықтау қажет. Сонымен, құқықтық тәртіп дегеніміз - түрлі объектілерге байланысты тұлғалық ара қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі.

Тәртіпті құқықтық (ережелер жүйесі) мен ақиқат түрлеріне (тәртіптік нормаларды іс жүзінде орындау) бөлуге болады. Әкімшілік-құқықтық тәртіпті қарастыру келесі түрлерін анықтайды: тұрақты және уақытша, локальді және мемлекет аумағына тарайтын, шектеулі, т.б. Құқықтық тәртіп - өте кең, ауқымды түсінік. Ол қатынастар мен әрекеттердің құқықпен реттелетінін білдіреді. Тұлғалар арасындағы байланыс, олардың біріккен іс-әрекеттері билік, келісім-шарт немесе осы әдістердің үйлесу негізінде құрылуы мүмкін. Реттеуші құқықтық қатынастары әкімшілік-құқық тәртібіне ықпал жасаудың басты бағыттары бойынша келісілген, құқықтық-нормативтік материалдар жиынтығынан құрылған құқықтық құрылым. Бұл құрылым құқықтық әдістер арқылы тәртіп функцияларының тәртіптік ережелер, құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық кепілдерін біріктіріп, құқық қатынасы субъектілерінің әкімшілік-құқықтық мәртебелерін белгілейді.

Құқықтық актілерде объект немесе процестің, құқық учаскелерінен ерекшеленетін әлеуметтік нысандармен тұрақты қатынастары, құқықтық жағдайы бекітіледі. Арнайы ережелер құқық тәртібін таратушы тұлғаның мәртебесін бұзуға бөгет жасап, оған тапсырылған көрсеткіштер функциясын орындауға көмек береді және қолдайды. Тәртіптік ережелерді жүзеге асырушы субъектілердің қызметі біртұтас құқықтық принциптерге негізделіп, алдын ала бекітілген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру механизмдеріне сәйкес орындалады. Мысалы, Ю.А.Тихомиров келесі тәртіп түрлерін анықтайды: белгілі мемлекеттік жағдайды реттеу; басқару мен іс-әрекет функциясын қамтамасыз ету; шаруашылық субъектілерінің іс-әрекеттерін заңдастыру (тіркеу және лицензиялау). Автор, субъектілердің құқықтық жағдайына байланысты әкімшілік-құқықтық тәртіп формалары мен құқық субъектілеріне тоқталады. Негізгі мәселе құқықтық реттеу саласындағы іс-әрекет атқару мәртебесіне ие тұлғалар мен заңды тұлғалардың өзара қатыстығы екенін айта келе, Ю.А.Тихомиров әкімшілік құқығына және процеске қатысушылар қатарына төмендегі субъектілерді енгізеді:

- а) барлық деңгейдегі атқару билік органдары;
- б) ұйымдарды басқару органдары;
- в) лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік орган қызметкерлері;
- г) азаматтар;
- д) әкімшілік құқық нормаларын жүзеге асырушы және «алғашқы» әкімшілік құқық субъектілерімен өзара қатынас жасаушы мемлекеттік билік органдары;
- е) азаматтардың қоғамдық бірлестіктері [3].

Құқықтық тәртіп субъектілері тәртіптік құжаттарымен жұмыс атқаруына байланысты, бекітілген ережелерді орындауға міндеттелген тұлға мен заңды тұлғалар. Тәртіптік талаптарды орындауға қатысатын субъектілердің

құқықтық мәртебелері - әлеуметтік құқық тәртібінің негізгі элементі болып табылады. Оның көлемінен, егеменділік деңгейінен, қосымша ережелер мен міндеттемелік сипаттарынан тәртіптің салалық қатыстығы жөнінде қорытынды жасауға болады.

Құқық қатынасы субъектілерінің әкімшілік-құқықтық мәртебелері құқықтық құрылым тәртібінің ажырамас бөлігі болғандықтан, құқықтық нормалар әкімшілік-құқықтық тәртібімен қатар қалыптасуы қажет. Оларға өкілеттік беріліп, құқық қатынасы субъектілерінің мәртебелерін жүзеге асыру механизмдері де құрылады. Әкімшілік-құқық тәртіп құрылымы қызметі үшін біртұтас құқықтық мақсатпен біріккен құқық қатынасы субъектілерінің құқықтық мәртебесін бекітетін өзара логикалық байланысты нормативтік-құқықтық актілер, тәртіптік ережелер, құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, ақпараттық функциялардың маңызы зор.

Әкімшілік-құқық тәртібін заңды жүзеге асыру, яғни тәртіптің ережелері мен кепілдері, нормативтік-құқықтық актілері, оны орындайтын субъектілердің құқықтық мәртебелері құқықтық мақсаттарға сәйкестендірілуі қажет. Қолданыстағы заңнама іс жүзінде орындалғанда ғана мақсаттарына жетеді. Сондықтан аталған процестің екі кезеңіне де көңіл аудару қажет: бірінші кезеңде қоғамдық қатынастардың немесе басқа құқықтық шаралардың құқықтық реттелу сипаттарын анықтауды жоспарлау қажет болса; екінші кезеңде қойылған мақсаттарға жетуге арналған дәйекті де белсенді іс-әрекеттерге бағыт беріледі. Мұнан құқықтық болжаудың екі міндеті туындайды: құқықтық шығармашылық саласы мен құқықтық жүзеге асыру саласы [4].

Құқық нормаларын жүзеге асыруды бекіткен өкімдерді шарттар жиынтығы ретінде де қарастыруға да болады. Құқық нормаларын жүзеге асырудың төрт түрін ажырату керек: нормаларды бұзбау, орындау, пайдалану және құқық қолдану. Бұзбау – тыйым салып, шектейтін нормаларды жүзеге асыру, ал форманың мәні тыйым салынған іс-әрекеттерге барудан бас тартудан тұрады. Пайдалану өкімдерді атқаруға байланысты өмірде белсенді іс-әрекеттерді талап етсе, құқық қолдану тұлғаның құқықтық өкілеттігін жүзеге асыруға бағытталып, өз қалауынша әрекеттерді белсенді (шапшаң) және бәсең түрде орындауына мүмкіндік береді. Құқық қолданудың құқықтық нормаларды жүзеге асырып, түрлі мінез-құлық, әрекет актілерін үйлестіруші кешенді билігінің де маңызы зор.

Нормативтік талаптарды шынайы әрекетке алмастыру:

- жеңіске жетуге қажетті материалдық базаны жабдықтау;
- ғылыми-техникалық және ресурстық қамсыздандыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- саяси-материалдық жағдай жасау;
- ұйымдастырушылық іс-шараларын орындауды қарастырады [5].

Әкімшілік-құқық тәртібін қалыптастыру үшін біртұтас құқықтық құрылымға біріктірілген нормативтік құқықтық актілер негізінде оның болашақта жетуге міндетті құқықтық ықпалын, әлеуметтік нәтижесінің

мақсатын анықтап алу керек. Әкімшілік-құқықтық тәртібінің құқықтық құрылымында қоғамдық қатынастарға ықпал жасауға мүмкіндік беретін толықтырылған құқықтық нормалар топтамасын құру қажет. Топтамаға ендіруге жататындар: заң шығарушылық органдардың құқықтық нормалары; құқық қатынасы субъектілерінің құқығын жүзеге асыру; әлеуметтік нәтижеге жету. Құқықтық нормаларды әкімшілік-құқықтық жүзеге асыру процесінде маңызды да күрделі екі міндет шешіледі: құқық қатынасы субъектілерінің іс-әрекетін ұйымдастыру және әлеуметтік қатынастарға ықпал жасау.

Әкімшілік-құқықтық қатынастар саласында құқықты жүзеге асырудың барлық формаларын біріктірген, құқықты жүзеге асырушы субъект - атқарушы билік органдары екені белгілі. Құқық органдарының қызметін реттейтін атқарушы билік органдары мен әкімшілік құқық құқықтық тәртіптің міндеттеген мақсаттарын әлеуметтік өмірде кепілді жүзеге асыру үшін басты көрсеткіштер бойынша келісіп алуы қажет.

Құқық шығарушылық орган қоғамдық қатынастарды жетілдіруге арналған нормаларды қабылдаумен қатар оны жүзеге асыратын механизм мәселелерін зерттеумен айналысып, ондай механизм болмаған жағдайда нормативтік құқықтық актілерді қабылдап, құқықты жүзеге асыру процесін орындау, қолдану, сақтау формалары арқылы жандандыруға міндетті.

Бұл процесті қамтамасыз ету үшін құқық қатынасы субъектілерінің құқықтық мәртебелері бекітіліп, құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, ақпараттық кепілдері беріліп, мемлекеттік органдар, жеке тұлға және лауазымды тұлға тараптарынан нормативтік құқықтық актілерді қадағалау, бақылау және тексеру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Әкімшілік-құқықтық тәртібін құратын нормативтік-құқықтық актілерді құқықтық реттеу, құқық тәртібінің қалыпты қызмет жасауы мәселесі өзара үйлестіруді талап етеді. Нормативтік актілерді жүзеге асыру құқықтық мәртебе, құзырет, өкілет пен атқару билік органдарының функцияларын ескеру арқылы атқарылып отыруы тиіс. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарын, қаулыларын, нормативтік құқықтық актілерін жүзеге асыруға құқықтық мәртебелері құқық актілермен сәйкестендірілген субъектілер қатысуы шарт.

Қазақстан Республикасының заңдары мен мемлекеттік билік органдары актілерінде қалыптасқан нормалар мен тәртіп ережелері үзіліссіз даму процесінде болғандықтан, қоғам өмірінің барлық жақтарын жан-жақты қамтуға мүмкіндігі болмайды. Сондықтан да аталған құжаттарға заңмен анықталған, мемлекеттік қызмет салаларында нақтылануды, жетілдірілуді талап ететін, атқару органдарының құзыретіне жататын жалпы ережелер енгізіліп, мемлекеттік билік органдарының құзыреттері заңнамаға сәйкес егжей-тегжейлі бөлшектенуі қажет.

Әкімшілік-құқықтық тәртібін жүзеге асыру механизмі субъектілердің құқықтық мәртебелерін жүзеге асыру процесінің ерекшеліктерін ескеру арқылы құрылады. Сондықтан әкімшілік-құқықтық тәртібін жүзеге асырудың тиімділігі тәртіпті қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық

актілердің орындалу деңгейіне байланысты. Әкімшілік-құқықтық тәртібін құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, қаржылық, ақпараттық құралдары арқылы жүзеге асыру мақсатында нормативтік-құқықтық актілердің орындалуын бақылап, қадағалауды атқаратын жүйе құру қажет. Әкімшілік-құқықтық тәртіптің құқықтық реттеу формалары заңнамалардың орындалуын талап ететін қоғамның әлеуметтік салаларында барынша кең жүргізілуі тиіс. Атқарушы билік органдарын әкімшілік-құқықтық тәртібінің қызметі жөнінде тұрақты ақпаратпен қамсыздандыруды жақсартып, белгіленген көрсеткіштерден ауытқу болған жағдайда, оларды жоюға бағытталған шараларды орындау қажет.

Әкімшілік-құқықтық тәртібінің жүзеге асырылу деңгейі туралы ақпарат анық, өзекті, жеткілікті, қажетті болып, құқықтық мақсаттың жетістік деңгейлерін көруге, реттеу саласындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беруі керек. Әкімшілік-құқықтық тәртіп нормативтік құқықтық актілер кешені негізінде пайда болуына байланысты оның орындалуын нормативтік құқықтық актілер логикасына сәйкестендіріп, басымдық бір жүйеге келтіру қажет. Әкімшілік-құқықтық тәртібінің кешендік құқық нормалары ерекшеліктерін ескермей, оқшауландырып пайдалану, құқықтық мақсаттардың бұрмалануына, тәртіптік реттеу тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Әкімшілік-құқықтық тәртіп жағдайы үзіліссіз бағаланып, әкімшілік-құқықтық тәртібін құрайтын құқықтық нормалар мен бекітілген құқықтық үлгіні үнемі қоғамдық қатынастар жағдайымен салыстырып отыру қажет. Әкімшілік-құқықтық тәртібінің жүзеге асырылу тиімділігіне кейбір құқықтық нормалардың бұзылуы кері ықпал жасайды, мысалы, әкімшілік-құқықтық тәртіппен бекітілген нормаларды қолданбау, өкілеттерді пайдаланбау, құқықтық нормаларды орындауға тиісті құрылымдардың іс-әрекетін ұйымдастыруды төмен деңгейде жүргізу, т.б. Атқарушы билік органдары әкімшілік-құқықтық тәртібінің тұрақты қызметіне қол жеткізу үшін нақты жағдайды нормативтік мақсаттармен салыстырып, нормативтік құқықтық актілер бұзылған жағдайда, құқық бұзушыларға қатаң жаза қолдануға міндетті.

Әкімшілік-құқықтық тәртібін жүзеге асыру құқық қатынасы субъектілерінің үзіліссіз және бұлтартпас орындауымен қамсыздандырылып, бақылау органдарына белгілі функциялар жүктейді. Әкімшілік-құқықтық тәртіп құрылымына құқықтық мәртебені, іс-әрекет ережелерін, құзырлықты, бақылау органдарының өкілеттігін бекітетін құқықтық нормаларды енгізу қажет. Бақылау – объект процесін тексеріп, қадағалайтын, сонымен бірге объектілердің белгіленген көрсеткіштерден ауытқуларын жою шараларын атқаратын жүйе.

Бақылау өкілетті органның әдіс пен құралдарды пайдалана отырып, атқарушы билік органы немесе лауазымды тұлға қызметінде заңнан ауытқу орын алғанын анықтауға көмек береді. Заңнан ауытқу болған жағдайда

оларды дер кезінде жоюға бағытталған іс-әрекеттер орындалады. Бұл шаралар бұзылған құқықтарды қалпына келтіріп, кінәлілерді жауапкершілікке тартып, заңдылықты сақтап, тәртіп бұзудың алдын алады.

Әкімшілік-құқықтық тәртібін тиімді бақылауды қамтамасыз ету үшін атқарушы билік орган қызметін келесі әдістермен жетілдіру мүмкін:

- құрылымдық бөлімшелерді өзгерту;
- функцияларды заңнамалық бекітілген құқықтық мәртебе және құзырет шегінде дамыту;
- мемлекеттік органдардың өзара байланысын ұйымдастыру;
- материалдық-техникалық, қаржылық және ресурстық құралдарды оңтайлы пайдалану.

Құқықтық құралдардың әр алуан түрлері осы мақсаттарға қызмет жасайды: құқықтық-нормативтік актілерді шығару, оның ішінде әкімшілік – құқықтық тәртібі орнатқан нормаларды орындауға бағытталған локальді нормаларды (актілер заң құзыреті шектеуінде, форма бойынша шығарылып, заңмен анықталған нақты салаға, нақты мақсатқа арналуы тиіс) шығару; бұрын шыққан актілерді тәртіптік нормаларға сәйкестендіру; әкімшілік-құқықтық тәртібін жүзеге асыру жолдарын айқындайтын нұсқауларды шығару; әкімшілік-құқықтық тәртіпті жүзеге асыруды қамтамасыз етуші құқық қатынасы субъектілерінің құзыретін, өкілеттері мен функцияларын қалыптастыратын актілерді дайындау; әкімшілік-құқықтық тәртіп ережелерін бұзған жағдайда жаза қолдану, т.б.

Әкімшілік-құқықтық тәртіптің жұмыс атқаруын қамтамасыз ету үшін атқару билігінің субъектілеріне арнайы өкілеттер беріледі немесе арнайы құзыретті атқару билігінің органдары құрылады. Әкімшілік-құқықтық тәртіп әкімшілік мәжбүрлеу шаралары жүйесімен қамтамасыз етіліп, ол өз кезегінде басқарылушы субъектілерді ынталандыру мақсатында марапаттау, жеңілдіктер беру мен басқа әдістерді қолдануды да қарастырады.

Сонымен, субъектілерге құқық саласында әкімшілік-құқықтық тәртіпті жүзеге асыруға басқарушылық, құқықтық-ұйымдастырушылық құзыреттері, өкілеттері мен функциялары қажет екені айқын.

Құқық қатынасы субъектілердің құқықтық жағдайына, әкімшілік мәртебелік өкілеттеріне үнемі көңіл аударады. Құқық тәртібінің толыққанды функция атқаруына кепілдеме беретін тәртіптік ережелер, құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, ақпараттық және басқа да әкімшілік-құқықтық көрсеткіштері бойынша құқықтық құрылым бөлімдерінің өзара келісіп алуларын талап етеді.

«Құқықтары, міндеттері айқындалған құқықтық қатынас субъектілері, құқық қатынасы нысандарының құқықтық белгілеріне сәйкес болуы қажет. Әкімшілдердің әкімшілік-құқықтық тәртіптің құқықтық реттеудің қажетті кешендік құралы, әкімшілік қатынастардың мақсаттық бағытты, ерекше іс жүргізу реттемесіне ие екені, құқық қатынасы субъектілерінің ерекше құқықтық мәртебесін, олардың құқық субъектілігін жүзеге асырудың ерекше

механизмі мен құқықтарын қорғауда кешендік шараларды және ерекше ресурстарды талап етеді» деген тұжырымдарына қосылуға болады [6].

Сонымен, әкімшілік-құқықтық тәртіп мемлекеттік басқаруға құқықтық реттеу құралдарына: тіркеу, лицензиялау, техникалық реттеудің кешендік шараларын құру, үлес бөлу, мемлекеттік сараптама жасау, мемлекеттік мониторинг жүргізу, тәртіптік талаптардың орындалуын қадағалау мен бақылау жүйесін ұйымдастыру кіреді. Оларды функционалдық жүзеге асыру мақсатында материалдық, қаржылық, ақпараттық және кадр ресурстарымен қамсыздандыру аталған саладағы өзекті мәселелерді шешуге көмек береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Малько А.В., Родионов О.С.* Правовые режимы российского законодательства //Журнал российского права. –М., 2000. №9. –19 с.
2. *Розанов И.С.* Административно-правовые режимы// «Государство и право». –1996. –№9. –86 с.
3. *Тихомиров Ю.А.* Административное право и процесс. –М., 2005. –175 с.
4. *Керимов Д.А.* Методология права. –М., 2001. –305 с.
5. *Клинов А.С.* Теория государства и права. –Краснодар, 2004. –87 с.
6. *Долгополов А.А.* Понятие и виды нормативных актов, образующих административно-правовые режимы. –М.: Законодательство, 2007. –№8. –С.44-47.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрывается понятие административно-правовых режимов, образованный совокупностью нормативно-правового материала.

(Балабиева К.Р. Дисциплина исполнения статуса административных правовых субъектов)

SUMMARY

The article deals with the concept of legal and administrative regimes formed by a set of regulatory material.

(Balabiyev K.R. Discipline of the performance of the status administrative legal subjects)

МАЗМҰНЫ

ФИЛОЛОГИЯ

| | |
|--|-------|
| МОЛДАБЕК Қ. ДУЙСЕНОВА М. Сөз тіркестерін математикалық лингвистика әдісімен зерттеу | 3-11 |
| БАЙНИЯЗОВ А.Ж. БАЙНИЯЗОВА Ж.Т. Сөздік жасаудың дереккөздері туралы | 12-15 |
| МОЛДАБЕК Қ. ДУЙСЕНОВА М. Сөз тіркестерінің модельдері | 16-20 |
| ÖZDEMİR E-D. Yaratıcılığı Etkileyen Faktörler | 21-25 |
| ТАЛДЫБАЕВА М.Д. Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің артикуляциялық сипатының ерекшеліктері | 26-29 |
| ТАШКИН Е. Yabancılarla türkçe öğretiminde oyunun önemi | 30-33 |
| ОМАРХАНОВА М. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау және насихаттауда кітаби ақындардың еңбегі | 34-39 |
| НАҚЫПБАЕВА Б. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері | 40-44 |
| УРАЗБЕКОВА Р.А. ТАСАНБАЕВА З.Р. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасуы | 45-50 |
| HİSARCIKLILAR E. SEVİM O. Kültügin yaziti'ndaki bazı ifadelerin görüntü düzeyleri | 51-57 |
| ҚҰРБАНОВ А.Г. МЕЙІРБЕКОВА Ж.А. Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы | 58-64 |
| КАРПЫКБАЕВА А.С. ЖОЛДАСБАЕВА М.К. Пути формирования орфоэпических навыков у школьников | 65-69 |
| НҰРМЫШЕВА Ш. Қазан және оның түрлеріне байланысты лексикалық бірліктер | 70-74 |
| ТАШИМОВА С. Ошақ және оған қатысты бұйым атауларына байланысты лексика | 75-80 |
| DORUK U. Kazakistan'da türkçe ders kitaplarında zaman öğretiminin sıralanması üzerine | 81-85 |
| BOZTAŞ O. Türkçe'nin yabancı dil olarak öğretiminde seçilecek metinlerin incelenmesi | 86-90 |
| ALTAN Ö. Yabancı dil eğitiminde akıllı tahta kullanımı | 91-95 |

| | |
|---|---------|
| ÖZKAY T. Çağrışım ve resim çizerek kelime öğretimi yöntemi | 96-100 |
| KADİROVA M. Türk ata türklerinin gelenek ve görenekleri | 101-104 |
| ПЕДАГОГИКА | |
| СМАНОВ І.С. ЛЕСБЕКОВА П. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеттері | 105-109 |
| МЕЛДЕБЕКОВА Ү.И. ТАЙМУРАТОВА С. «Қара жорға» биі және бүгінгі салауатты өмір салтындағы орны | 110-113 |
| СМАНОВ І.С. АБЕНОВА А.Қ. Жоғарысыныптықтардың кәсіби жарамдылығының ғылыми педагогикалық негіздері туралы | 114-118 |
| ДҮЙСЕНОВ О.Қ. РАХЫМЖАНОВ А.О. Әскери білім беру технологиясы | 119-122 |
| ИСМАХАНБЕТОВА Б.А. Анорексия: оның адам психикасына әсері | 123-126 |
| ТЕМИРБЕКОВ А.Н. РУСТАМОВ Е.Н. КОЖАНОВА А.С. Алгоритм проектирования фрагментальных знаний | 127-132 |
| СМАНОВ І.С. АБЕНОВА А.Қ. Болашақ мамандықты таңдау мүмкіндіктерін анықтау негіздері | 133-136 |
| МЕЛДЕБЕКОВА Ү.И. ТҰРДИЕВА А. Тәрбие шығармашылығының бала дамуындағы өзіндік ерекшелігі | 137-140 |
| ҚАСЕНОВ Т.Б. Қазақ батырларының бес қару туралы түсініктерінің тарихи деректерде көрініс табуы | 141-145 |
| АДЫРБЕКОВА Ұ. Тұлғаның дамуында дене шынықтыру және спорттың рөлі | 146-150 |
| ҚҰРМАНБАЕВА Ұ.Н. Топтардағы студенттерге шет тілін оқытудың теориясы мен әдісі | 151-154 |
| ИСМАХАНБЕТОВА Б.А. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың кейбір мәселелері | 155-158 |
| ТАРИХ | |
| MUALLA UYDU YUCEL An Unknown Turkic Tribe in the North of the Black Sea: the Berendeis | 159-175 |
| ТАСТАНБЕКОВ М.М. Фрэнсис Бэконның өмірі мен шығармашылығының зерттелу тарихы | 176-182 |
| ЗУЛПЫХАРОВА Э. БАТЫРБЕККЫЗЫ Г. Литературные связи Республики Казахстан и Российской Федерации | 183-186 |

| | |
|---|---------|
| ДИНАШЕВА Л.С. БАБАКУЛОВ Н. ШЫҰ және Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелері | 187-193 |
| КАТТАБЕКОВА Н. ПІРІМҚҰЛОВА Г. Қазақстандағы діни ахуал және оның қоғамға әсері | 194-198 |
| TULEGENOV E. TAUBAEV B. Avrasya düşüncesinin ortaya çıkması ve gelişmesi | 199-202 |
| ӘБДІКЕРІМ Қ. Америка Құрама Штаттарының тарихи дамуында орын алған кейбір оқиғалардың мәні мен мазмұны | 203-207 |
| ФИЛОСОФИЯ | |
| МӘМБЕТОВ Қ. XXI ғасыр: түркі халықтарының даналық әлемі | 208-211 |
| СОЦИОЛОГИЯ | |
| АБИЕВ Б. Социолінгвистиканың кейбір мәселелері туралы | 212-215 |
| ЖУРНАЛИСТИКА | |
| СЕРДӘЛІ Б. Интерьер телетүсірілімі | 216-220 |
| СӘДІБЕКОВ А. Реалити шоу – телевизияның жаңа сипаттағы жанры | 221-225 |
| ТӘШІМОВА Ә. Академик Рахманқұл Бердібайдың өмірі мен шығармашылығы | 226-232 |
| СЕРДӘЛІ Б. Табиғат телетүсірілімі | 233-236 |
| ӨНЕРТАНУ | |
| СӘДІБЕК А. Тігін өндірісіндегі киім формасы мен конструкциясы | 237-240 |
| ҚҰҚЫҚТАНУ | |
| БАЛАБИЕВ Қ.Р. Әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесін жүзеге асырудың тәртібі | 241-247 |
| МАЗМҰНЫ | 248-250 |